

Н.В. БИРЮКОВА

ИСТОРИЯ АРХИТЕКТУРЫ

УЧЕБНОЕ ПОСОБИЕ

ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ

Н.В. БИРЮКОВА

СӘУЛЕТ ТАРИХЫ

Оқулық

Алматы, 2014

ӘОЖ
КБЖ
Р

*Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрлігінің «Оқулық»
республикалық ғылыми-практикалық орталығы бекіткен*

Қазақ тіліне аударған: Жакупова Алия Омиржановна

Н.В. Бирюкова.

Р **Сәулет тарихы:** Оқу құралы / ауд. Жакупова А.О. – Алматы, 2014. –
372 бет.

ISBN

Оқу құралында әлемдік және отандық сәулет тарихы қысқаша баяндалған. Әлемдік сәулетте сырт пішіннің пайда болуының негізгі көркемдік-конструктивтік бағыттары келтіріледі. Бұл оқу құралының айрықша ерекшелігі құрылымдалған дәрістік бөлім, қазіргі сәулет бойынша тараулардың бастан-аяқ баяндап жазылуы болып табылады.

Сондай-ақ ұсынылған материалға суреттер, өзін-өзі тексеруге арналған емтихан және бақылау сұрақтары қоса берілген. Тараулар бойынша тест үлгілері және пәннің жеке тақырыптарынан экспресс-бақылау карточкалары келтірілген. «Дөңгелек үстел» өткізу және бақылау карточкаларын құрастыру бойынша ұсыныстар берілген.

ӘОЖ
КБЖ

ISBN

© Бирюкова Н.В., 2005
© ҚР Жоғары оқу орындарының
қауымдастығы, 2014

КУРСТЫҢ МӘНІ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕРІ

«Сәулет тарихы» оқу құралын сәулет мамандығына арналған орта арнайы оқу орындарының студенттері, сондай-ақ дәрісханалық сабақтар мен дөңгелек үстелдер өткізуде арнайы пән оқытушылары пайдалануына болады.

Курстың мәні жергілікті мәдени-тарихи ортамен, қоғамның әлеуметтік құрылымымен, құрылыс техникасының дамуымен өзара байланыста қарастырылатын сәулетшіліктің пайда болуы және дамуын зерттеу болып табылады.

«Сәулет тарихы» курсы оқу үдерісінде студенттер ғимараттар, имараттар архитектурасының (конструктивтік жүйенің көркемдік түсіндірілуі), сондай-ақ белгілі тарихи дәуірде олардың түрлерінің қисынды дамуы туралы түсінік алады.

Курстың міндеті студенттердің сәулет дамуының сабақтастығы, ұлттық халық сәулетшілігінің ықпалы туралы түсінігін қалыптастыру болып табылады. Студенттер ұлттық және әлемдік сәулеттің негізгі ескерткіштерін, олардың пайда болу тарихын, авторларын білулері, олардың сәулет-көркемдік және конструктивтік шешімін кәсіби тұрғыда сипаттай алуы тиіс.

Оқу құралы жеті негізгі тараудан тұрады, соның ішінде бастысы тарихи дәуірлердегі отандық және шетелдік сәулеттің дамуына тән негізгісін ғана баяндау мақсаты қойылғандықтан көлемі шектелген «Дәрістік курс».

Белгілі тарихи сәулеттік мұраның қалыптасу кезеңдеріне сәйкес курс мазмұны 12 тарауды қарастырады.

Тараулардың материалдарын әдістемелік зерттеу:

- қарастырылып отырған аймақтың жалпы сипаты, оның табиғи-климаттық ерекшеліктері, формасы, конструктивтік шешімі, типтік құрылыстардың әшекей соғу өнері;
- сәулет-көркемдік және конструктивтік шешім, автордың шығармашылық әдісін нақты талдай отырып аймақтың тарихи кезеңінің сәулет үлгісі ретінде жеке ғимараттар, кешендерді қарастыру;
- өнердің дамуына қысқаша шолу;

- тарау бойынша жалпы қорытынды сияқты тәртіпте жүргізіледі.

Әр тақырыпты оқып аяқтаған соң студенттерге атауы құралда келтірілген графикалық жұмыстар қатарын орындау ұсынылады.

Материалды тереңірек меңгеру мақсатында кейбір тақырыптарды өз бетімен оқу ұсынылады, осы оқу құралындағы «**Студенттердің өздік жұмысы**» тарауында рефераттардың тақырыптары, сондай-ақ өзін-өзі тексеруге арналған бақылау сұрақтары берілген.

«**Студенттердің білімін бақылау**» тарауында емтиханға дайындалу үшін тест тапсырмалары мен сұрақтары келтірілген.

Курсты оқу нәтижесінде алынған білім көлемі оқушыларға тарихи қалалар мен кенттер құрылысын, қазіргі сәулет мәселелерін кәсіби тұрғыда жақсы білуіне мүмкіндік береді.

Оқу үдерісі барысында оқытушылар тақырыптық экскурсиялар ұйымдастырып, дөңгелек үстелдер өткізеді. «**Дөңгелек үстелдер**» тарауында оларды өткізу бойынша ұсыныстар беріліп, әңгіме тақырыптары келтіріледі.

Терминдерге түсінік пен әдебиет анықтамалық материал болып табылады.

Курсты оқу слайдтар, диафильмдер мен бейнефильмдер, фото-материалдар мен графикалық кестелерді кеңінен пайдаланумен суретті материалға негізделген.

Пәнді оқу нәтижесінде студент:

- тарихи сәулеттік мұраға қарым-қатынас қағидалары туралы;
- кәсіби қызмет үшін сәулет және өнер тарихына байланысты ғимараттың рөлі туралы;
- отандық және әлемдік сәулет пен өнер тарихының негізгі ескерткіштерін білуі тиіс.

1-ТАРАУ

ДӘРІСТІК КУРС

КІРІСПЕ

«Сәулет те – әлем жылнамасы, ол құрып біткен халық туралы ләм демей, әндер мен аңыздар дәнеңе айтпаған кезде ғана сөйлейді».

Н.В.Гоголь

Сәулет – тағайындалуына, қазіргі техникалық мүмкіндіктер мен қоғамның эстетикалық көзқарасына сәйкес имараттарды жобалау және салу өнері.

Сәулеттің міндеті – құрылыс конструкциялары арқылы жүзеге асырылатын адам өмірі мен қызметі үшін кеңістіктік ортаны ұйымдастыру. Конструкция мен сәулет-көркемдік бейненің өзара байланысы – сәулеттің маңызды даму шарты. Үздік сәулет имараттарында осы уақыт кезеңіне арналған қазіргі функционалдық және көркем-идеялық талаптар үйлесім табуы тиіс. Ежелгі римдік инженер және сәулет өнерінің теоретигі Витрувий бүгінгі күнге дейін бүкіл сәулетші басшылыққа алып отырған: «беріктік, пайда және әдемілік» сияқты үш тағанды қалыптастырды. Барлық сәулет имараттарының сапаға тән: функционалдық (қолайлылық, пайда), конструктивтік (беріктік, саналы үнемділік), эстетикалық (әдемілік, идеялық мазмұнды көрсететін көркемдік бейне) сияқты үш тобы болады.

«Архитектор» сөзі «архитектон» деген ежелгі грек сөзінен шыққан, бас құрылысшы деген мағынаны білдіреді. Бұл сөзде сәулетшінің ежелгі уақыттан бастап бүгінгі күнге дейінгі айналысқан қызмет мазмұны өте дәл анықталған.

Сәулет адамзат қызметінің ежелгі түрлерінің біріне жатады. Қарапайым баспаналар мен жабайы пұт тұрғыздан басталған құрылыс өнері біртіндеп дамып келе жатқан қоғамның түрлі қажеттіліктерін қанағаттандыратын тәжірибеге ие болды және өз кезегінде осы қоғам мәдениетіне эстетикалық ықпал көрсетті.

Сәулет тарихы – бұл барлық кезең мен халықтардың сәулет өнерін және олардың өзара ықпалын зерттеу. Сәулет тарихын зерттеу эволюцияның бірнеше жүздеген жылдары ішінде, мамандықтың бастан кешкен елеулі өзгерістеріне қарамастан сақталған сәулет мамандығының мазмұнындағы ең бастысын түсінуге көмектеседі. Сәулет тарихын зерттеу ең зор сәулет ескерткіштерін мысалға ала отырып, сәулеттің негізгі композициялық, конструктивтік және әсем тәсілдерінің пайда болуы мен дамуын талдауға мүмкіндік береді.

1.1. АДАМНЫҢ СӘУЛЕТТІК ҚЫЗМЕТІНІҢ ПАЙДА БОЛУЫ

1.1.1-тақырып. Б.з.д. 2 мыңжылдықтарға дейінгі кезеңде алғашқы тектоникалық ұғымдар мен эстетикалық қатынастардың қалыптасуы

Алғашқы қауымдық құрылыс адамзат қоғамының алғашқы даму сатысы, сонымен қатар сәулет пен өнердің пайда болған кезеңі болып табылады.

Алғашқы қауымдық қоғам мәдениетін шартты түрде бірнеше кезеңге бөледі:

Палеолит:

- төменгі – б.з.д. 150 мыңжылдықтарға дейін;
- ортаңғы – б.з.д. 150-40 мыңжылдықтар;
- кейінгі (жоғарғы) – б.д.д. 40-10 мыңжылдықтар;

Мезолит - б.з.д. 10-6 мыңжылдықтар;

Неолит - б.з.д. 6-2 мыңжылдықтар;

Қола дәуірі - б.з.д. 2-1 мыңжылдықтардың басы;

Темір дәуірі б.з.д. IX-VII ғасырлар деп бірнеше кезеңге бөледі.

Палеолит

«Палеолит» сөзі гректің «палео» – «ежелгі» және «лит» – «тас» деген сөзінен шыққан, яғни палеолит – ежелгі тас дәуірі дегенді білдіреді. Ең қызықты әрі зерттелген кезең палеолиттің соңғы кезеңі, мұз дәуірінің соңғы кезеңін, жылынудың бастапқы кезеңін қамтитын кейінгі немесе жоғарғы кезең болып табылады. Бұл –

шағын қоныстану ошақтарын құрған 50-100 адамнан тұратын руға топтасқан адамдар тобының жабайы қоғамға айналған шағы.

Жоғарғы палеолит дәуірі шартты түрде:

Ориньяк-Солютре – б.з.д. 40-20 мыңжылдықтар;

Мадлен - б.з.д. 20-10 мыңжылдықтар болып екі кезеңге бөлінеді.

Мәдениеттер атауы Батыс Еуропада (Францияда) ежелгі адамның ең ірі және жақсы сақталған тұрақтарын тапқан жерлерге байланысты берілген.

Ориньяк-Солютре кезеңі

Бұл уақытқа адамның өнерге қатысты ең алғашқы әрекеттері жатады: үңгір қабырғаларында алғашқы қауым адамдарының саусақтарымен жүргізілген ирек жолақтар пайда болды. Ал адамның ең алғашқы «өнер туындысы» саусақтарын кең жайып, оны бояумен айналдыра жүргізіп, шеңбермен қоршаған қолдардың таңбалары, бұл қолдың кездейсоқ қозғалысы емес, саналы әрекеті сияқты. Кейін жануарлардың, аң бетперделерін киген аңшылардың, дөңгелек мүсіндердің алғашқы бейнелері пайда болды. Бұл кезеңнің мәдениет ескерткіштері Испанияда табылды (Санта Изабель үңгірі).

Дөңгелек мүсіннің классикалық үлгісі матриархат өнерінің үлгісі Виллендорфтық Венера мүсіні болып табылады. Ұқсас «Венералар» Австрия, Чехославакия, Францияда табылды. Алғашқы қауым мүсіншісі бет әлпетті ишарамен ғана бейнелеген, оның есесіне әйел денесінің жекелеген мүшелері нақты, әрі шамадан тыс үлкейтіліп көрсетілген. Соған қарағанда алғашқы қауым суретшілері әйел денесінің сұлулығы мен сымбаты, нәзіктігі мен табиғилығынан гөрі ұрпақты көбейтер қасиеті – әйелдің салмақты күшін, алар орнын басымырақ көрсеткісі келген сияқты. Ориньяк мәдениетінің соңында жануарларды бейнелеуде қаріп түсіру пайда болады (Испаниядағы Кастильо үңгірінен шығып тұрған бұғының басы).

Алғашқы қауымдық өнердің кемеліне келген кезі Мадлен мәдениетіне жатады.

Мадлен мәдениеті

Б.з.д. 15-20 мыңжылдықтарда қоғамдық құрылыс формасы *матриархат* болды. Әйел мүсіндерінің едәуір көп мөлшерде пайда болуы да дәл осыған байланысты. Мадлен мәдениетінің әйел бейнелері

портреттік белгіде болды – бұл Виллендорфтық Венера сияқты руды жалғастырушы символ ғана емес, сонымен қатар жеке тұлға ретінде жеке адамды бейнелеу. Бұрынғыша сүйек пен тастан ойып салынады.

Мадлен дәуірінде аңдар бейнесін жай ғана емес, қозғалыс үстінде көрсету байқалды. Суреттер сыр, күйе, бор және жануар майымен араласқан басқа бояулармен салынды. Ұңгір суреттері Батыс Еуропа аумағынан ғана емес, сонымен қатар Украина аумағынан, Уралда Каповая үңгірінен де табылды.

Бірегей суреттер Испаниядан табылды. Әйгілі Альтамира бизондары алуан түрлі еркін қалыпта бейнеленген. Осындай «затты еркін иеленуді» Мадлен дәуірінің соңын *алғашқы қауымдық реализм* деп атауға түрткі болды.

Елдімекендер ошақ басына бірнеше отбасы жайғасқан *қауымдық үйлер* сипатында болды. Көлемі 15x35 м дейінгі үйлерде орталық тіреу қатары жерге қазып орнатылған итарқа тірелген сырғауылды ұстап тұр. Шағын үйлердің де (7x8 м) конструкциясы осындай болды және кейде ортасына ошақ орнатылып, мамонт сүйегінен жасалды. Осындай үйлер Брянск түбінен (Тимоновка ауылы), Гагаринодан, Дон бастауынан, Воронеж түбінен (Костенко қалашығы) табылды. Палеолит дәуіріне бекітілген қабырғалы және түтіндік ретінде қолданылған төбе арқылы өтетін тесігі бар жер кепелер мен жартылай жер кепелер тән. Құрылыс материалдарын өңдеуге арналған тиімді құрал-саймандардың жоқтығынан имарат конструкциялары анайы және сүйкімсіз болып қалды.

Өлген адамдарды үй едендерінің астына және ор-камераларға жерледі. Біртіндеп жерлеу салттары күрделене түсті, қабірге от, қан, өмірді білдіретін қызыл бояу немесе киноварь шашылды. Жерлегенде әшекей, қару-жарақ, еңбек құралдары, ыдыс қоса салынды.

Мезолит

Орта тас дәуірінің басында Еуропа, Испания, Кавказ, Орта Азияда тайпалар мен рулар қалыптаса бастады және мезолит дәуіріне жататын алғашқы қауымдық мәдениеттің олжалары табылды.

Тұрақ жай құрылысы кезінде адамдар қабырға қаңқаларын дайындады, оларды күйдірілмеген кірпішпен қоршап, балшықпен сылады. Рулардың ұзын үйлері жеке отбасылары үшін арақабырғалармен

бөлмелерге бөлінді. Отбасылық жер кепе-үйлер, балшық үйлер және жерасты көп камералы тұрақ жайлар пайда бола бастады.

Алдыңғы Азияда б.з.д. IX-VII мыңжылдықтарда отырықшы кешенді шаруашылық елдімекендер (егін шаруашылығы және мал шаруашылығы) салынды.

Алғаш рет жеке орналастырылған жерлеу орындары мен модалар пайда бола бастады, қоса жерленетін заттар құнды бола түсті.

Мезолит өнерінде адамдардың бейнесі шартты түрде ғана болып, ең бастысы *сюжетке* көңіл бөлінді.

Неолит

Неолит дәуірінде үлкен отырықшылыққа әкелетін климаттың тұрақты жылынуы басталды. Неолит дәуірінде рулар көбейіп, жеке отбасыларға ыдырады, бұл тұрақ жайлар мен елдімекендердің жоспарлануынан да байқалады.

Украина, Жерорта теңізінде шарбақтан және сабанды балшықтан сыланған саз балшық үйлер тұрғызылды. Жерорта теңізінде көбінесе үлкен көлемді күйдірілмеген кірпіш пайда болады, тас іргетастар мен күмбездер, түрлі түсті сылақ қолданылды. Тұрақ жайлар 2 қабатты болып келген, едендері тоқымамен жабылды және табиғи бояумен боялды. Украинадағы Триполь тұрақ жайлары тартымды болып келеді. Үйлердің қабырғалары балшық қаңқалы, төбелері шиыршық итарқалы. Тұрақ жай іші пеші бар бөліктерге және қоймаға бөлінеді.

Елдімекендерде үйлер қоғамдық меншікке – астық қоймаларына немесе мал қораларына топтастырылады. Елдімекендер жыншайтаннан сақтану үшін және қырын қабақты көршілерді қорқыту үшін тұмар тағылған шарбақпен қоршалады («қалашық» атауы осыдан шыққан). Тұрақ жайларды бір-біріне тигізіп салған, сондықтан ғимараттардың сыртқы қабырғалары ойығы жоқ бекініс қабырғаға тұтасқан. Тұрақ жайға түнде алып қоюға болатын жиылмалы басқыш арқылы кіруге болады.

Бұл кезең жерлеуінің маңызды әлеуметтік айырмашылықтары бар. Солтүстік Қара теңіз жағалауында атақты адамдардың модалары басына алғашқы *қорғандар* – дөңгелек және трапеция тәрізді пішіндегі жер төбешіктер тұрғызылған.

Неолит өнерінде *тотемизм* – белгілі бір хайуанат түріне мінәжат ету пайда болды. Бейнелеу өнерінде жаңа белгілер: символдар, абстракциялар, стильдеу пайда бола бастады. Кеңінен тараған

петроглифтер – жартастағы кескіндер, тастағы ойма суреттер, жартастағы кескіндеме суреттер. Осындай кескіндер Украинада, Түрікменстанда (Қарақұм ауданы), Уралда (Вишера өзені), Байкал жағалауында, Камчаткада, Чукоткада, Кола түбегінде сақталған.

Барлық жерде қыш, ұсақ пластика, ағаш аспап пайдаланылады.

Қола дәуірі

Қола дәуірі патриархатқа көшумен сипатталады. Көсемге бас ию оның өлімінен кейін де жалғасады: тек әшекей мен мүліктен ғана емес, сонымен қатар аттар, құлдар, күндер жерленетін орасан зор «патша» қорғандары тұрғызылды. Оңтүстік Сібірде Аржан қорғанының диаметрі 120 метрге дейін жетеді. Бас орталық қабірден тарамдалып тұрған жерлеу камералары жуан бөренелерден салынған көтермелерден жасалған және 3-4 м. бут таспен көмілген.

Сәулетте қола құралдарды пайдаланудың арқасында құрылыс мәдениеті дамиды. Құрылыс үшін ағашты өңдеу, тасты ою мүмкіндіктері пайда болады. Қамалдар мен ғибадатханалар, тұрақ жайлар едәуір жетіледі.

Көшпенді тайпаларда *құрастырмалы-жисмалы* тұрақ жайдың әмбебап конструктивтік түрлері мен тұрақтарды жоспарлаудың *орталықтандырылған* жүйесі пайда болады.

Егін шаруашылық аудандарында алғашқы *мемлекеттер*: Үндістан, Мысыр, Қытай, Алдыңғы Азия аумақтарында құрылады. Бұл жерлерде жоспарлаудың айқын жүйелі жүйесі және *ішкібекіністер* - жеке тұрған бекіністері бар алғашқы *қалалар* пайда болады.

Кейінірек Еуропа, Африка және Орталық Азияда қола дәуірінің мәдениеті қалыптасады. Ағаш қадалы құрылыстар Швейцарияда сақталған.

Қола дәуіріне алғашқы *мегалиттік имараттар* да жатады (грек. «мегас» – «үлкен», «литос» – «тас» деген мағынаны білдіреді). Бұл көп тонналы тас дінгектер алғашында тайпа аумағын белгілеген. Кейін олардың атқаратын қызмет саласы кеңі түсті.

Мегалиттік имараттардың түрлері

Менгирлер – тігінен орнатылған өңделген немесе өңделмеген тастар. Олардың биіктігі 20,5 м және салмағы 300 т-ға. барады. Бре-

тань өлкесінде (Франция) менгирлер айрықша көзге түседі. Менгирлер Испания, Армения, Кавказ, Сібірде кездеседі. Менгирлердің бірнеше:

а) есте қаларлық оқиғаларға, шайқастарға арналған;

ә) мола басына ескерткіш ретінде немесе атақты адамдарды еске алуға арналған;


б) бас ию немесе рәсім ету орны болған нұсқалары бар.

Менгирлер адамның тіршілік ететін жеріне байланысты: бұғы, балық пішініндегі тастар сияқты түрлі пішінде болған.

Дольмендер – қатар қойылған екі тастың үсті үшінші таспен жабылып, біріне-бірі жалғасып келетін дәліз іспеттес. Олар да менгирлер орнатылған жерлерде тараған. Негізінде тауларда, Солтүстік Кавказда кездеседі. Кейде дольмендер мазар ретінде, кейбіреулері уақытша тұрақ жай ретінде пайдаланылған. Ертеректегі дольмендер тігінен орнатылып, үсті бір тақтамен жабылған, биіктігі – 1,5 м. шағын, кейінгілері едәуір үлкен болып келеді.

Кромлехтер – шеңбер жасап, төбелері жабылған тас құрылыстар. Негізінде діни тәжім ету орны болып табылады. Театр немесе цирктің болашақ үлгісі болса керек. Кромлехтер астрономиялық обсерватория ретінде пайдаланылды деген болжамдар бар. Әдетте, сопақ немесе шеңбер пішінді, жеке менгирлермен, кейде дольмендермен біріктіріліп орнатылады. Олардың кейбіреулерінің композициялық орталығы белгіленген.

Ең күрделісі және ірісі Англиядағы Стоунхендж кромлехі (*1-сурет*).



1-сурет

Ол геометриялық пішінде, тастары жақсы өңделген және құрбандық шалатын орын – алтарь түріндегі айқын көрсетілген композициялық орталығы бар. Стоунхендж биіктігі 15 м-ге дейін және салмағы 40 т-ға дейін жететін 2813 тастан тұрады.

Темір дәуірі

Темір қолдану еңбектің техникалық мүмкіндіктерін арттырып, түрлі құрылыс материалдарын өңдеуге арналған аспаптар санын өсірді. Металл егін шаруашылығында кесу құралдары үшін, кеме жасауда, тұрғын үй құрылысында (ағаш өңдеу үшін), көлікте (доңғалақ және күпшек пен жегу әбзелдерінің тоғындарын дайындау үшін), түрлі қолөнерде қолданылды.

IX-VII ғасырларда көшпенді тұрақ жайлардың алуан түрлі түрлері – құрастырмалы киіз үйлер, мата және былғары палаткалар пайда болды.

Ежелгі Грекия құрылысында металл алғаш рет қалау бөлшектері ретінде қолданылды.

Темір дәуіріне Еуропада, Азияда белгілі мәдениеттің қалыптаса бастауы тән.

Әртүрлі мәдениеттер өзара байып, бір-біріне ықпал ете бастайды, нәтижесінде құрылыс және сәулет тәсілдері пайдаланылады.

1.2. ЕЖЕЛГІ ДҮНИЕ МЕМЛЕКЕТТЕРІНІҢ СӘУЛЕТІ

1.2.1-тақырып. б.з.д. XXVIII - I ғасырлардағы Ежелгі Мысыр сәулеті

Мысыр мәдениеті Ливия және Арабия шөлдерінің арасындағы Ніл алқабының құнарлы жерінің (ені 15-20 км) тар жолағында пайда болды. Қолайлы су қатынасы елдің экономикалық және саяси бірлігін көтерді. Б.з.д. IV мыңжылдықтардың соңында Жоғарғы және Төменгі Мысырды біріктіріп тұрған мемлекет басында патша-перғауын бас болып, пұрсатты басшы топ ерекшеленді.

Перғауындарға құдай есебінде табыну көне Египеттің діни наным-сенімдерінде басты орын алды. Египетте құдайлар өте көп болған. Осирис пен Исида, Күн құдайы Амон.

Ежелгі Мысырдың сәулет тарихының кезеңдері оның әлеуметтік-шаруашылықтық даму кезеңдеріне сәйкес келетіндігі жазба ескерткіштерден белгілі:

<i>Династияға дейінгі және архаикалық кезең -</i>	<i>б.з.д. 4 мыңжылдық. соңы;</i>
<i>Ежелгі (ерте) патшалық -</i>	<i>б.з.д. 3000-2400 жылдар;</i>
<i>Орта патшалық -</i>	<i>б.з.д. 2100-1700 жылдар;</i>
<i>Жаңа патшалық -</i>	<i>б.з.д. 1584-1071 жылдар;</i>
<i>Кейінгі Мысыр -</i>	<i>б.з.д. 1071-332 жылдар;</i>
<i>Эллинистік кезең -</i>	<i>б.з.д. 332-30 жылдар.</i>

Б.з.д. 30-жылдары Мысыр римдік провинциялардың бірі болып қалыптасады және біртіндеп мәдени дербестікті жояды.

Династиялыққа дейінгі және архаикалық кезеңдер

Династиялыққа дейінгі және архаикалық кезеңдерде Ніл алқабында өзгеше мысырлық мәдениет негізі қаланды. Осы уақыттың бізге жеткен мәдениет ескерткіштері өте аз.

Тарихқа дейінгі кезеңде елдімекендер балшықпен сыланған, пішіні дұрыс емес, ұзақ сақталмайтын материалдан тұрғызылған тұрғын үйлер - қамысты лашықтардан тұрған деген болжам бар. Кейінірек балшықтан, әк пен құм ерітіндісімен немесе ерітіндісіңсіз, көлемі 14 x 38 x 11 күйдірілмеген кірпіштен салынған ғимараттар пайда болады. Нәтижесінде бірнеше бөлмеден тұратын тік бұрышты дұрыс пішінді құрылыстар қалыптасады. Кейде ағаш қаңқа пайдаланылды. Ағаш төсем түріндегі аражабындарды орнату үшін де қолданылды. Дің ұзындығы 4-5 метрден аспайтын жергілікті пальмалар қолданылды, сондықтан да бөлмелер тар және ұзын болып келді. Тірек немесе жалған тоғыспалар сирек қолданылды (бірінің үстіне бірі төніп тұрған тоғыспалар, тірекке күш түсірмейді).

Тас басқа жерден әкелінетін болғандықтан, іргетастар, сарайлар мен ғибадатханалар құрылысы, сондай-ақ қаптайтын тақталар ретінде ғана қолданылды.

Б.з.д. III мыңжылдықтардың бастапқы кезеңінде өлілерге табынушылық қалыптасып, күйдірілген кірпіш пен қаптайтын тас тақталардан салынған алғашқы *молалар* пайда болады. Көбінесе, олардың пішіні кемерлі болып келеді (Нагадтағы Менес перғауынның мазары).

Ежелгі патшалық

Бұл кезеңдегі біріккен Мысыр астанасы Мемфис қаласы болатын. Мемлекеттің орталықтандырылуының арқасында Мысыр экономикасы нығаяды, ірі гидротехникалық жұмыстар бір орталықтан басқарылып жүргізіледі, суарылатын жерлер ауданы кеңейеді. Ежелгі патшалық кезеңінде тұрақ жайдың негізгі түрлері қалыптасып, құрылыс техникасы дамиды, бұл пирамидалар салу мен ескерткіштер орнатудың бастапқы кезеңі болатын.

Пирамидалар – мемлекеттің мәңгіліктігі мен беріктігінің белгісі. Мумияның мәңгі сақталуы жерленген адамның мәңгі өмір сүруін білдіреді. Ықшам пішінді мысырлық молалар өзінің қарапайымдылығымен және маңыздылығымен таңғалдырады. Өз дамуында олар қарапайым бейіттерден Ғизадағы классикалық пирамидаларға дейін бірнеше кезеңнен өтті.

Пирамидалардың даму кезеңдері

1. Алғашқыда бейіттердің жерасты бөлігі үстінде топырақ үйіндісі бар жерлеу камералары түрінде жасалды. Перғауындардың еңкіш қабырғалы және жазық төбелі *мастаба* деп аталатын (тас орындық-араб.) алғашқы мейіттері егіншілердің лашықтарына ұқсас болып келді. Біртіндеп жерасты бөлік кеңейтіліп, жерүсті бөлік таспен қапталды. Бірнеше *кенотаф* – жалған молалы камералар жасалып, үй аспаптары, әшекейлерді салуға арналған бөлмелер орнатылып, нағыз молалар жасалды. Кіреберісте аласа алаңда бұқалардың бас мүсіні орнатылды (тотемдік наным).

Ішкі өңдеуге ағаш пен тас пайдаланылды. Кейінірек мастаба алдында сыйыну алаңдары пайда болды. Жерүстіндегі бөлікте құдайлар мен перғауындардың мүсіні мен өлген адамдарға ғибадатханалар тұрғызылды. Тотемизм жойылған кезде кіреберістегі бұқа бастары да жойылады.

2. *Сатылы* пирамидалар бірінің үстіне бірі қойылып, жоғарылаған сайын кішірейе түсетін бірқатар мастаба пішіндерінен тұрады. Саккарадағы Джосер пирамидасы мысал бола алады (б.з.д. 2650 ж., сәулетшісі – Имхотеп). Пирамида III әулеттің негізін қалаушы Санахта пирамидасының орнына ұсақ тас блоктардан салынады. Жоспарда пирамида тік бұрышты (107 x 116 м). Кешеннің сәнді етіп безендірілуінің маңызы зор. Сыйыну орны уреялы ернеу-

мен аяқталған. Моланың тас қалауы ағаш конструкцияларға ұқсайды. Әшекейбедер өрнегінде және бағаналардың әсембағандарында лотос, папирус гүлдері түйнектерінің стильденген бейнесі пайдаланылған.

Пирамиданың әшекейі жоқ, ол қарапайым, ықшамды, әсерлі. Алғаш рет қабырғамен қатар тұрған және күшті көтермейтін жартылай бағаналар мен бағаналар қолданылады. Пирамиданың 6 қабаты және 1 жерасты қабаты бар. Пирамиданың биіктігі 60 м. Кейбір бөлмелердің ішінде жасыл фаянс тақталардан панно сақталған.

Тас ғимараттың алғашқы құрылысшысы, астроном және дәрігер Имхотептің данышпандығы – ежелгі мысырлық сәулет тарихында алғаш рет 1500 шаршы метрлік алаңда сәулет кешенін құруы. Басты құрылыс айналасына Имхотеп аулалар, соның ішінде перғауындардың жүгіру рәсіміне, сыйынуға, марқұмдардың ғибадатханаларына арналған аулалар, жартылай бағаналармен безендірілген дәліз тәрізді жол орнатты.


3. Медумдағы үш сатылы пирамида (*2а-сурет*) пирамидалар құрылысының келесі сатысы болып табылады. Ол III әулет перғауыны пирамидасының орнына салынды. Алғашында пирамида қалау қатарын тұрғызғанда біртіндеп қапталған 7 сатыдан тұрды, ал олардың арасындағы аралықтар құрылыс материалының сынықтарымен толтырылып, олар да қапталды. Қазір пирамиданың 2 сатысы қалған және үстіңгі бөлігі қатты бүлінген.

4. Дашурадағы Снофру пирамидасының қырлары түзу емес қисық, (*2б-сурет*) жоғарғы бөлігі еңкіш болып келген. Оның ішіне алғаш рет тіреудің конструктивтік рөлін атқаратын еркін тұрған бағандар қолданылған. Жанында марқұмдардың 2 ғибадатханасы бар.


5. Гизадағы классикалық пирамидалар, б.з.д. 27 ғ. (*3-сурет*).

Грекер Хеопс, Хефрен және Миккерин деп атаған IV әулетті басқарған, Хуфу, Хафра және Менкаура перғауындардың Гизадағы әйгілі пирамидаларының құрылысы талайларды тамсандырып келеді. Ондағы айбындылық пен қуаттылық идеясы толық іске асырылды. Пирамида дұрыс бағытталған, кенотафтары, қазына қоймасы, көптеген жалған жолдар мен камералар, әртүрлі дыбыстық және басқа «қорғау» әсерлері бар.

Хеопс пирамидасының биіктігі 146,6 м. (қазір – 137 м.) және негіз ұзындығы 234 м. Сәулетшісі Хеопстың жиені Хемиун.



2-сурет



3-сурет

Пирамида кірпіш қалауды қайталайтын ұсақ блоктардан емес, ерітіндісіз бір-біріне тығыз қиюластырылған ірі әктас блоктардан тұрғызылған. Олардың салмағы 2 тоннадан 40 тоннаға дейін жетеді.

Жерлеу орнының үстінде қысымды таратуға арналған отырғызу үдерісін реттеп тұратын жеңілдету камераларының жүйесі және бір-

біріне қысыла иілген қос тас блоктан жасалған тоғыспа орнатылған. Гранит саркофаг ұзындығы 50 м галерея арқылы баратын шағын камерада орнатылған. Пирамидада желдету және су әкету арналарының жүйесі бар.

10 жыл бойы блоктарды жеткізуге арналған жол төселген. Геродоттың жазбасында 100 мың адам пирамиданы 20 жыл бойы салғандығы айтылады. Пирамидаға 2,3 млн. тас блок жұмсалған. Пирамида жылтыратып өңделген әктас тақталармен, ал пирамиданың жоғарғы бөлігі алебастр тақталармен қапталған. Төменгі бөлігі қызыл гранит тақталармен жабылса керек.

Тас Нілдің оң жақ жағалауындағы тас қашау орынынан жеткізілген. Блоктарды судан ісінген ағаш қазықтардың көмегімен бөліп алып, май немесе балшықпен майланған салмалармен, сондай-ақ жұмыр бөренелермен жеткізген. Тасты Ніл арқылы салмен ағызған.

Хефрен пирамидасы көлемі жағынан екінші орында. Оның жанында марқұмдар ғибадатханаларының бірі сақталған. Оның гранит архитравтарының көлемді блоктары бос тұрған салмақты гранит тік бұрышты бағандарды ұстап тұрады. Қабырғалар қызғылт граниттен, ал еден ақ әктастан орындалған. Қабырғаны бойлай тұрған Хефреннің мүсіндері кара-жасыл диориттен орындалған. Пирамиданың биіктігі 139 м. Пирамиданың жанындағы басы адам, арыстан бейнесіндегі мүсіннің ұзындығы 60 м. Көлемі шағын сфинкстер төменгі марқұмдар ғибадатханасының тік бұрышты есігінің 2 жағынан орнатылған. Бұл Мысырдың ең ірі пирамидалары. Ғидадағы пирамиданың әрқайсысы патша әйелдердің кіші пирамидалары мен сарай маңындағылардың мастабаларынан тұратын сәулет ансамблімен қоршалған.

6. Пирамида құрылысының соңғы даму сатысы орта патшалық пирамидалары болды. Олар едәуір аласа, құнды тас құрылыстың орнына тірек қабырғалар арасына құрылыс қоқысы мен сынған тас құйылған пирамиданың тас қаңқасы жиі орындалатын. Пирамиданың үсті тас тақталармен қапталған.

Ежелгі мысырлықтардың *үйі* туралы бізге қазбалар мен археологиялық зерттеулерде сақталған балшық үлгілердің арқасында белгілі болды.

Кедейдің үйі әдетте, балшық қабырғамен қоршалған шағын бақшасы бар және балшықпен сыланған қамыстан тұрғызылған 1-2 бөлмелі қисық лашық.

Ауқатты мысырлықтардың тұрғын үйлері ұзын дәлізді, пішіні тік бұрышты болып келеді, бағаналары бар кішкене бөлмелер мен залдардан тұрған. Үйлер негізінде төбесінде шағын террасасы бар бір немесе екі қабатты болып келген.

Орта патшалық

Халық көтерілістері, өзара соғыстар мен билік үшін күрестер Ежелгі және Орта патшалықты бөліп тұрады.

Елдің жаңа бірлестігі XI-XIII әулеттерге жатады. Суландыратын арналарды көбейту мен кеңейту, Ніл атырауының үлкен аумағын құрғату, бөгеттер мен су қоймаларын салу сияқты (Меридов көлі және б.з.д. 1934 жылы Сезострис перғауынның Суэцк арнасын жүргізуінің 1-әрекеті) қарқынды гидротехникалық жұмыстардың арқасында сауда айналымы көбейіп, Мысыр мемлекеті гүлдену шегіне жетті – Орта патшалық келді. Астанасы Фива қаласы болды.

Қаланы сыртқы шабуылдар мен су тасқынынан қорғау үшін дуалмен қоршайды. Қабырғасының қалыңдығы 8 метрге дейін баратын және арматураның рөлін атқаратын бөренелермен камалдар тұрғызылады. Қорғаныс қасиетін күшейту үшін қабырға сызығын қисық етіп жасайды, контрфорсты (шала өңделген) соғыс мұнараларын алға шығарып қояды.

Қала құрылысы дұрыс жолға қойылмаған, тек астрономиялық бағыт есебімен діни орталықтарда ғана дұрыс ұйымдастырылған. Ғибадатхана жолдарына пальмалар отырғызылады. Ақсүйектер тұратын қала бөліктері – мекендер ғана көркейтілген. Құлдар мен кедейлер тұратын қала бөліктері казармалық сипатта және олардың тікбұрышты жайғастыру жоспары бар.


Ақсүйектер үйлерін ішкі баспалдақпен 2-3 қабатты етіп тұрғызады. Тұрғын бөлмелер солтүстікке бағытталып, хауызды баққа шығады.

Сарай құрылыстар күйдірілмеген кірпіштен салынған, сондықтан ескерткіштер сақталмаған, тек Аменемхет I перғауынның сарайы туралы жазбаларында айтылады.

Әр перғауын әдетте, өзіне жаңа резиденция салғызған. Онымен бірге жақындарының мекендері орналастырылған. Ескі мекендер босап отырған.

Ежелгі Мысырда бірнеше қала түрлері: патша резиденциялары (Фива, Мемфис), шекара жанындағы аумақтардағы қамал-қалалар, ғибадатхана орталықтары (Луксор, Элефантина), сауда қалалары мен өлілер қаласы (Гиза) қалыптасады.

Орта патшалық кезеңінде *мысырлық бағаналардың* негізгі түрлері пайда болады. Бағана түптабан, окпан және әсембағаннан тұрады. Тұрғын үй сәулетінде ағаш бағаналар – бағандар жиі қолданылды. Монументті имараттарда бағаналар тастан орындалды. Олардың типологиясы алуан түрлі, әсембаған пішініне байланысты. Бағаналардың ерекше түрлерін бөліп қарауға болады (*4-сурет*):



4-сурет


- бағаналар – бағандар, соның ішінде ойық тікжолақты, протодорикалық;
- пальма тәрізді;
- папирус тәрізді (ашық және жабық сібірткімен);
- лотос тәрізді (түйнектерімен және ашылған гүдерімен);
- композитті;
- гаторикалық (Гатор немесе Хатор әдемілік құдайы);
- сириялық бағандар.

Тұрғын үй аражабындарының ағаш арқалықтары тікелей бағанаға жиі орнатылады. Монументті имараттардың тас бағаналарында, әсембағандардың жоғарғы бөлігінде бағананы бөлшектердің

уатылуынан сақтандыратын төрт бұрышты қималы қабақтас-тақта болды. Қабақтасқа аражабындардың тас арқалықтары мен жабындардың тақталары орнатылды. Ежелгі Мысырда алғаш рет *ордерлік жүйе* қолданылды.

Ордер – (тәртіп, қатар, лат.) – тірек-арқалық конструкциялардың белгілі көркемдік жүйесі. Мысырлық ордер бағаналар қатарынан және көркемдік безендірілген аражабын – антаблементтен, мысырлық антаблемент архиграв, білікше және биік өрнекернеуден тұрады.

Орта патшалық кезеңінде *тасты* және *жартылай тасты* марқұмдар ғибадатханасы дамыды, яғни молалар (пирамидалармен) марқұм ғибадатханаларымен және дұға оқу орындарымен қатар келгенде канондардан ауытқиды (*5-сурет*).



5-сурет

Фива қаласына жақын жерде орналасқан Дейр-эл-Бахридегі кешен мысал бола алады. Оның құрамына бірнеше ғибадатханалық ансамбльдер кіреді. Жақсы сақталғаны Ментухотеп I, Аменемхет III марқұмдар ғибадатханасы және Хатшепсут әйел-перғауын ғибадатханасы болып табылады. Салтанатты залдар пандустар арқылы баруға болатын террасаларда орналасқан. Діңмандайша

бағаналары төрт қырлы бағандар пішінінде орындалған. Бағаналардың бірінші қатарындағы иероглифтер сары түске, ал екіншісі көгілдір түске боялған. Діңмаңдайша қабырғалары түрлі түсті бедерлі болып келген. Перғауын моласы тізбекбағанды залдың астында, ал ашық аула еденінің астында перғауын әйелдерінің, жақындардың қабірлері болған.

Жарды жарып кірген ансамбльдердің жалпы ұзындығы 300 м-ге дейін жетеді.

Әйел-перғауын Хатшепсут ғибадатханасында (б.з.д. 1525-1503 ж.) сәулетші Сененмут Хатшепсутпен портреттік ұқсастығы бар құдай ана Хатордың басы орнатылған гаторикалық бағаналар, әдемі бедерлі бейнелер қолданылған.

Орта патшалықтың маңызды ансамбльдерінің бірі – ауданы Аменемхет III тұсындағы 74 мың шаршы метр (305 x 244 м) аңыз болған Лабиринт құрылысы. 1,5 мың жерүсті және соншалықты жерасты бөлмелер қазына қоймасының күрделі құрылымын құрады, олар таңдаулы абыз касталары үшін ғана ашық болды.

Орта патшалық өнері аксүйектік сипатта болды. Бұл уақытта бедер өнері жетіле түсті, қабырғалар ойылған пішінді сурет-мәтіндермен боялып әшекейленді.


Орта патшалық мәдениетінің көтерілуі азиялық тайпалар гиксостардың басып енуімен аяқталды.

Жаңа патшалық

Гиксостарды қуған соң таққа XVIII әулет (Тутмос III) келді. Жаңа патшалық кезеңінде *ежелгі мысырлық ғибадатхана* жоспары толық қалыптасты. Ғибадатхана есігінің алдына ескерткіштер – күн сәулесінің символы, басы үшкірленіп келген тас тұтасқұйма бағандар орнатылды.

Кіреберіс жоғары жағы сүйірленіп келген екі саңылаусыз мұнара түріндегі *мұнара - қақпабағаналармен* безендірілген. Оның артында *бағанды ғимаратты аула* – бағаналармен қоршалған ашық ішкі аула, оның артында – *тізбекбағаналы зал – базилик* кесіліммен көп бағаналы зал орналасқан. Ішінде *ғибадатхана* және қызмет үйі орналасқан.

Мысырлық ғибадатхананың классикалық үлгісі Хонсу ғибадатханасы болып табылады (*6-сурет*).




6-сурет

Ғибадатханалардың жанында қасиетті тоғай отырғызылған. Алыптас ескерткіштер құрылысында пайда болған діни имараттың осьтік композициясының идеясы Карнак пен Луксордың ғибадатханалық ансамбльдерінде өзінің ең жоғарғы сатысына жетеді.

Карнактағы Амон ғибадатханасы

Ғибадатхана мыңдаған жылдар бойы б.з.д. 2 мыңжылдықтың басынан бастап 1 мыңжылдыққа дейін салынды, сәулетшілері Инени, Аменхотеп, ұлы Хану, Кіші Аменхотеп және басқалар болды.



7-сурет

Ғибадатханада орталық бағаналар бүйір жақ бағаналарға қарағанда едәуір биік болғанда көлденең базилик кесілім тәсілі қолданылды. Бұл ғимараттың орталық бөлігін жақсы меңгеруге мүмкіндік берді (7-сурет). Сети I және Рамзес II салған тізбекбағаналы залдың ені 103 м және тереңдігі 52 м болды. Жабын 16 қатар бағанамен ұсталып тұрды. Диаметрі 3,57 м ортаңғы бағаналардың биіктігі 24,4 м., лотостың ашық гүлі тәрізді. Бүйір жақ бағаналар әсембағандары лотостың түйнектері тәріздес болып кел-

ген. Құмтастан тұрғызылған бағаналар жарым-жартылай түрлі түсті ойылған, жарым-жыртылай бедерлі бейнелермен жабылған.

Инени залында өнер синтезі – бағаналарда, төбелерде (аспан) сәулет, мүсін өнері мен кескіндеменің үйлесімі, қабырғаларда – иероглифтік мәтіндер ерекше айқын көрінеді. Ғибадатхана Нілден 300 м ландшафта орналастырылған. Қой басты сфинкстер аллеясы (ұзындығы 120 м) ғибадатхана кешеніне апарады. Қабырғаларда 35 жыл бойы дайындалған 33 метрлік ескерткіштер мен 43,3 метрлік қақпабағаналар бар.

Ғибадатхананың бірнеше рет қайталанатын тізбекбағаналары және ашық бағанды ғимарат аулалары бар. Кешеннің жалпы габариті 320 x 110 м. Ақырында Инени залы бүтіндей қирады.

Луксордағы Амон ғибадатханасы (б.з.д. 1455-1251 ж.)

Ғибадатхана көлемі жағынан біршама кіші. Жабық гүлдер будасы түрінде диаметрі 3,5 м 140 папирус тәрізді бағанамен ромб пішінді залы бар. Жоспар пішіні Нілге қатысты ғибадатхананың орналасуына себепші болды.

Ғибадатхана тіректері иілу беріктігі төмен тас архитрав арқалықтармен жабылды, сондықтан бағаналар арасындағы аралықтар шағын. Төсем жұқа тас тақталардан орындалды. Аспан әсерін күшейту үшін әсембағандардың жоғарғы жағына төменнен білінбейтін қабақтастар орнатылды.


Жаңа патшалық кезеңінде Ніл жағалауындағы Нуби жартасында жартылай тасты және тасты сағаналар құрылысы жалғасты. Пішіні жағынан бірегейі Абу-Симбелдегі Рамзес II және оның әйелі Нефертаридің тасты сағанасы болып табылады.

Рамзес II марқұмға арналған тасты (үңгірлі) ғибадатхана (б.з.д. XVI-XIII ғ.)

Рамзес II перғауын мен Амон, Ра-Хорахте және Пта сияқты үш құдайға арналған Үлкен ғибадатхана және Рамзес II әйелі Нефертари бейнесінде құдай ана Хатордың құрметіне тұрғызылған Кіші ғибадатхана бірыңғай ансамбль болып табылады.

Ғибадатхана Ніл жағалауындағы Нуби жартасына ойылып салынған, жартас тұтасқұймасына жонып жасалған 20 метрлік 4 мүсін бар, қақпабағана тәрізді еңістің пәрменді бетімен ашы-

лады (8-сурет). Қақпабағана ортасында классикалық сұлбадағы ғибадатханаға апаратын есік орнатылған. Ауланы алмастыратын екі қатар бағандар орнатылған зал; одан жартасты жарып бірнеше тоннель тәрізді жерлеу камералары және кіреберістен 53 м қашықтықта тұрған ғибадатханасы бар тізбекбағаналы зал. Шығыста күн сәулесі тек жылына екі рет қана перғауын мен құдай бейнесі бар алыс қабырғаға түседі.



8-сурет

Ғибадатхананы Асуан теңізінің суы басып қалады және ЮНЕСКО шешімі бойынша 1965 жылдың 21 мамырында блоктарға кесіліп, басқа орынға ауыстырылады.

Мысырдың Жаңа патшалық өнері мен сәулетінде Аменхотеп IV патшалық құрған шағы ерекшеленеді (б.з.д. 1424-1388 ж.). Сансыз құдайларға табынудың орнына көкжиек пен аспан аясын бейнелейтін және сансыз сәуле-қолдармен табақ түрінде бейнеленген күн құдайы Атонға табыну енгізіледі.

Аменхотеп астананы *Ахетатон* қаласына көшіреді.

Ахетатон сәулеті қала орталығының, қала ансамбльдерінің жоспарлы шешімімен және көркейту дәрежесімен сипатталады. Ғибадатхана ғимараттарында алғаш рет ғибадатхана бөлмелерін жарыққа шығару әрекеті жасалады, алтарь ашық бағанды ғимаратты аулаға шығарылады. Қалаға қарай тас жол төселген, ауқатты қала бөліктерінде су құбыры тартылған, ғибадатханалар мен бай үй-

жайлардың айналасына бірқатар тоғайлар отырғызылған. Кедейлер тұратын қала бөліктері өз кейпін өзгертпеді, бұл қала бөліктерінде де ең қолайлы жел бағыты мен тұрғын үйлер үшін ортақ норма ескерілді (қала белгілі жоспар бойынша бос орынға салынған).

17 жылдан кейін Амон қайтадан мемлекет құдайы болды, бірақ енді ғибадатхананың саңылаусыз қабырғалары бағаналы діңмаңдайшалармен алмастырылады және жарық діни жоралар кезінде қосымша ықпал ету құралы ретінде пайдаланылады. Мұндай ғибадатхананың алғашқы үлгісі ретінде терезе ойықтары, баспалдақты биік шығыңқы іргесі мен ашық діңмаңдайшалары бар Элефантин аралындағы ғибадатхананы атауға болады.

Тонаушылардан аман қалған жерасты молалары аз, солардың қатарына XVIII әулеттің перғауыны Тутанхамон мазары жатады. Мазардың төрт камерасы: 90 шаршы метрді құрайтын қосымша бөлмелері бар вестибюль, жерлеу камерасы мен қазына қоймасы әсемдігімен және шағын пішінімен таңғалдыратын діни бұйымдарға және көркем қолөнер заттарына толтырылды.

Кейінгі патшалық және эллинистік Мысыр сәулеті

Гректердің Ніл атырауын отарлауы, парсылардың және кейіннен Александр Македонский әскерлерінің басып кіруі Жерорта теңізі елдерінің қарқынды мәдени қарым-қатынасына себепші болып, Мысыр сәулеті мен өнерінде із қалдырды.

Эдфудағы Гор ғибадатханасында классикалық сұлбаға қарамастан жарық көп, қабырғалардың орнына бағанатізбектер қолданылған.

Ежелгі мысырлық сәулет пен өнердің негізгі жетістіктері:

1. Жерорта теңізінің мәдениетіне үлкен ықпал еткен монументті сәулетті жасау;
2. Сәулет пен монументті сәнді өнер синтезі;
3. Құрылыс конструкцияларының жаңа пішіндерінің пайда болуы: мысырлық ордерлік жүйе;
4. Діни имараттарда ішкі кеңістікті ұйымдастыру.

Ғибадатхана және сарай кешендерін жасауда сәулеттің адам психикасына ықпалы ескеріледі – адам санасын пішіндердің көлемділігімен және кеңістіктік элементтердің мөлшері басып тастайды;

5. Өнер догматизмі (бейнелерді қағидаға айналдыру).

1.2.2-тақырып. б.з.д. XXIV-VII ғасырлардағы Қосөзен және б.з.д. VIII-VII ғасырлардағы Ежелгі Иран сәулеті

IV мыңжылдықтың басында-ақ алғашқы қалалар атамекені саналатын бұл жерлерде ортақ материалдық және рухани мәдениеті бар 20 мемлекет-қала құрылды. Қосөзен мәдениетін кезеңге бөлу кезек-кезек мәдени орталық рөлін атқарған мемлекеттерге байланысты шартты түрде келтірілген:

Шуммер-Аккад кезеңі - б.з.д. IV мың. – 2300 жылдар;

Вавилон кезеңі - б.з.д. 2150 – 1000 жылдар;

Ассирия кезеңі - б.з.д. 1000 – 605 жылдар;

Жаңа Вавилон империясы - б.з.д. 625 – 539 жылдар.

Қосөзеннің негізгі құрылыс материалдары ретінде балшық, қамыс, шыбық қолданылды.

Балшықтан күйдірілмеген кірпіш, ал имаратты қаптау үшін күйдірілген немесе глазурлі кірпіш дайындады. Балшықпен сыланып, қамыс пен шыбықтан жасалған өрме мен шарбақ қоршау конструкциялары ретінде пайдаланылды. Қамыстан тығыз етіп буылған байламдарды қамал және ғибадатхана құрылысында қаңқа-арматура ретінде қолданған.

Тас пен ағаш жетіспегендіктен жергілікті пальмалардан жасалған арқалық аражабындармен қатар кірпіштен салынған тоғыспа аражабындар орнатылды. Сондықтан баған конструктивтік элемент ретінде сирек қолданылды.

Су тасқынынан сақтандыру үшін ғимараттар битуммен сыланған және желдету мен суды ағызуға арналған арналары бар ерекше террасаларға салынды.

Шумер-Аккад кезеңі

Мәдениет негізі Тигр мен Евфраттың төменгі ағысында орналасқан Шумерде қаланады. Шумерлік қала-мемлекеттер мен аккадтық тайпалар арасындағы тұрақты күндестік Аккад жеңісімен аяқталды, мемлекет басына Саргон I патша келіп, ал Ур қаласы мәдениет орталығы болып жарияланды. Қалада көшелерден қалың қабырғасымен бөлектеніп тұрған екі қабатты құрылыс басым болды.


Қосөзенде солтүстік және оңтүстік деп аталатын, тұрғын үйдің 2 түрі қалыптасты. Оңтүстік ғимараттың барлық бөлмелері ашық галереямен қоршалған ашық ішкі аула айналасында топтастырыл-

ды. Оның конструкциясы негізінде тым жеңіл толтырма салынып дайындалған ағаш арқалықтан жасалған қаңқа. Үйдің солтүстік түрінің ортасында ошағы бар зал бөлмесі орналастырылды. Ауқатты үйлер жоғары дәрежеде жабдықталған, тіпті, еденіне асфальт төселген ванна бөлмелері мен әжетханалары болды.


Тұрғын үй сәулеті сарай сәулетіне үлкен ықпал етті.

Осы кезеңде діни имараттардың негізгі түрлері қалыптасады.

Ғибадатхана қала-мемлекеттің орталығы болды. Оның өзінің үй жанындағы шаруашылығы, құлдары болды. Ғибадатханалар биік жерлерге салынды және қосымша платформалармен көтерілді. Ғибадатханаға екі жақтан баспалдақтар немесе көлбеуше арқылы көтерілді. Әдетте, ғибадатханалардың *зиккуратқа* – ғибадатхана пирамидаларына айналатын көп сатылы негізі болған. Жоғарғы террасада ғибадатхана орналасқан. Ғибадатхана әдетте, тік бұрышты немесе сопақ пішінді болып келеді. Платформа ғибадатхана шетіне жақын орналастырылған және ішкі ауласы болған. Ғибадатхана қабырғалары қуыспен тарамдалған, сыртында суреттері болса керек. Ғибадатханалар қайта салынғанымен ешқашан басқа жерге көшірілмеген. Зиккуратпен қатар «төменгі» ғибадатхана орналасқан.



9-сурет



10-сурет

Урдагы зиккурат (б.з.д. 3 мыңжылдықтың соңы)

Бұл аз сақталған зиккураттардың бірі (9-сурет). Қазір зиккураттың биіктігі шамамен 20 м., алғашында 62,5 х 43 м және биіктігі 15 м негізгі платформасы болған. Оның күйдірілген кірпішпен

қапталған қырлары орнықтылық үшін ішке қисайтылған және қара битуммен сыланған. Тас террасада қосылатын 3 баспалдақ жоғарыға апарады. Жоғарғы қабаттар төменгі қабат ауқымына қарағанда болмашы. Келесі платформа қызыл, күйдірілген кірпішпен қапталған, жоғарғы терраса майланған. Ғибадахана көгілдір глазурлі тақтамен қапталған. Террасалар көгалдандырылса керек.

Кейінгі уақытта зиккураттарға тағы 4 қабат қосылды. Негізінде барлық зиккураттар 7 қабатты болды (ғаламшар санына қарай).

Қалаларда зиккураттардың айналасында тоғай отырғызылған *қасиетті телім* құраған сарай құрылымдары орналасқан. Қала құрылысы тығыз, ретсіз орналасқан қала бөліктерінен тұратын. Қаланың сырт пішіні қисық қабырғамен қоршалған.

Жерлеу имараттарының ішінде жерлеу камералары және саркофагтары бар қорған түріндегілері ғана белгілі.

Б.з.д. 2300 ж. шамасында көтерілістердің салдарынан империя күйрейді.

Вавилон кезеңі

Қосөзен мәдениетінің келесі даму сатысы Вавилон кезеңі болды. 3-мыңжылдықтан бері аты әйгілі Вавилонды салып бітіріп, астана етіп жариялаған Хаммурапи патшаның кезінде гүлдену шегіне жетті. Хаммурапи қала бекіністері, жер өңдеу және жер суландыру имараттарының құрылысына ерекше көңіл бөлді.

Патша және оның жақындарының сарайларын орналастыру өте шиеленісіп кетті. Қала қамалдарының қабырғалары суретпен және глазурлі тақтамен әшекейленді. Сарайларда айналасына сарайдың барлық бөлмелері топтастырылған ішкі аула ерекшеленді. Бұл кезеңде басты құдай Мардук Хаммурапидың құрметіне Вавилон мұнарасы деген атпен белгілі Этеманакі зиккуратын тұрғызуды бастады.

Құлдар көтерілісі, өзара тартыстар империяны әлсіретті, хеттердің басқыншылығы салдарынан Вавилон құлады.

Ассирия кезеңі

Төменгі Қосөзенге қарағанда Ассирия тас, орман және кен орнына бай болды. Сонымен қатар мұнда Ассирияның құрылыс сипатына әсер еткен әскери монархия қалыптасты, қамалдар, тас

көпірлер мен жолдар тұрғызуға үлкен мән берілді. Патшалар мен оның жақындары үшін сарайлар тұрғызылды.

Ассирия Шумер мен Вавилон өнері мен сәулетінің негізгі тәсілдерін үлгі етеді. Мысалы, биік тас шығыңқы іргелер, платформадағы құрылыстар, діни имарат ретінде зиккураттар.

Сарай құрылысының үлгісі ретінде Саргон II сарайын атауға болады.

Дур-Шаррукиндегі Саргон II сарайы (б.з.д. 711-707 ж.)

Сарай қайта негізі қаланған астана-қамал – Дур-Шаррукинде Саргон II нұсқауымен салынды (*10-сурет*). Қаланың қатаң «әскери» жоспары болды. Оның ауданы 18 га (1780 x 1685 м). Сарай телімі қала қабырғасының сызығына орнатылған, қосымша өз қабырғалары болды және 14 м биіктіктегі платформаға тұрғызылды.

Екі жақтан орнатылған көлбеушелер сарайға апарады. Биіктігі 6,5 м және ені 4,3 м әшекейленген арка түріндегі монументті бас есік жанында сақалды жауынгер, қанатты бұқалар бейнесіндегі мүсін *шеду* орнатылған. Сарай қабырғалары күйдірілмеген кірпіштен қаланып, таспен қапталған, олардың биіктігі 18 м. Саргон II сарайы қаланың солтүстік-батыс шекарасында, оның Ассириядағыдай 30 ашық аула айналасына топтастырылған шамамен, 200 салтанатты залы, тұрғын және қосымша бөлмелері бар. Ең үлкені ауданы 1 га жерді алып жатқан кіреберіс аула, әскери жорықтар алдында салтанатты байқау және жиындар өткізетін орын болған.

Салтанатты аула орталығы шиыршық көлбеушелермен қоршалған 42 метрлік зиккурат болған патша үйін, ресми залдарды, қызмет үйін және діни имараттарды біріктірді. Оның қалауы бүкіл сарай платформасының қалауы сияқты ағын және желдету арналарының жүйесімен өткізілген, жан-жағынан салмағы 2-4 тонна тас үйіндісімен бекітілген.

Сарай бөлмелері, ұзын және тар, балқарағай арқалықтармен жабылған, кіші аражабындар – күмбез тәрізді. Қабырғалар 1-2 x 3-4 м және қалыңдығы 20 см тас тақталармен қапталған. Ішкі бөлмелерде түрлі түсті глазури кірпіш панельдер мен қабырға суретінің іздері табылған. Сарайдың су құбыры, еденіне асфальт төселген ванна бөлмесі мен канализациясы болған. Сарайдың шығыңқы іргесі күйдірілмеген кірпіштен орындалған және ірі тас блоктармен қапталған.

Ассирияны арамей-халдейлер қиратты, бірақ VII ғасырда Вавилон Ассирияны қайта жөндейді. Набопаласар патша астананы Вавилонға көшірді.

Жаңа Вавилон империясы

Б.з.д. III мыңжылдықтан бері әйгілі Вавилон б.з.д. VI ғ. ортасында ерекше айбындылыққа қол жеткізеді. Навуходоносор II басқарғанда қала халқының саны 1 млн адамды құрайтын әлемдік сауда орталығына айналады, ол қатаң жоспар бойынша дамыды. Қала орталығында «ішкі қала» деп аталатын ғибадатханалар мен сарайлардан тұратын қасиетті телім орналасқан. Оның ауданы 10 шаршы км, халқының саны 200 мың адамды құраған. Ол биіктігі 20 м және қалыңдығы 7; 7,8 және 3,3 м болатын үш қабатты битуммен байланыстырылған күйдірілмеген кірпіш қабырғамен қоршалған. Қаланың шығыс және батыс бөліктері көпірлермен қосылған, қабырғалар мен мұнаралар тісті жиекқабырғамен аяқталған.

Ішкі қала шұңқырмен қоршалған. Бас солтүстік есік – Иштар қақпасы ою-өрнек және арыстан, бұқа және құбыжықтардың бейнесі салынған глазурлі қыш кірпішпен қапталған 4 мұнаралы ішкібекініспен қорғалған.

Негізгі қала құрылысы жұпыны сипатта болды, үстінде террасасы бар бір, кейде екі қабатты болып келген. Ішкі қалада құрылыс 3-4 қабатты үйлермен жүйелі болып келген, көшелерінің ені 4 м. Бүкіл қала арқылы өтетін негізгі жол «шеру жолы» бас ғибадатханамен және Иштардың солтүстік қақпаларымен қосылады.

Қасиетті телімде 533 ғибадатхана болды және аудан 30 га жерді алып жатты. Оның солтүстік бөлігінде биіктігі 91 м төртбұрышты зиккурат тұрды (91 x 91 м). Ол күйдірілмеген кірпіштен қаланған және күйдірілген кірпішпен қапталған. 7 террасада жарқыраған көгілдір глазурлі ғибадатхана-обсерватория орналасқан. Зиккурат түстері: кара, ақ, қарақошқыл, көгілдір, қызыл, күміс, алтын. Қасиетті телімнің оңтүстік ауласын құдайдың алтын мүсіні орнатылған Мардук ғибадатханасы алып жатты.

Навуходоносор II сарайы

Ассирия сарайлары мен ертедегі Вавилондық сарайларға қарағанда Вавилондағы сарай ұзындығы 300 м-ге дейін жететін аула

анфиладасымен, өз композициясымен ерекшеленеді. Орталық аулаға патшаның үлкен тақтық залы жалғасты (18 x 60 м). Онда глазурлі кірпіштен орындалған ұзындығы 20 м панно сақталған. Қабырғалар қалыңдығы 7 м-ге дейін жетеді, аражабындары – тоғыспалардан тұрады.

Биіктігі 20 м сарай саябағы оңтүстік бекініспен жалғасып жатыр. Ол «*Семирамида бақтары*» деп аталады.

Семирамиданың аспалы бақтары

Бақтарды Навуходоносор тозаңды Вавилонда Мидияның көк шалғын желектерін аңсаған сүйікті әйелі, мидиялық ханша Амитиске арнап салғызады.

Имарат тоғыспалармен жабылған тас бағандарға орнатылады. Тоғыспа үстіне қорғасын тақталар қойылып, сатылы террасалар орнатылады да құнарлы май топырақ төгіліп әдемі жасыл желек отырғызылады. Су жоғарыға арнайы көтергіштермен жеткізіледі. Бақтар едәуір биік жерде орналасқандықтан алыстан көз тартады. Сондықтан да оларды аспалы бақтар деп атаған екен.

Ежелгі Иран сәулеті (б.з.д. VIII ғ.-б.з. VII ғ.)

(Тақырып өз бетімен оқу үшін ұсынылады)

Ежелгі парсылардың дәстүрлі құрылыс тәсілдері (тас платформалардағы сарайлар құрылысы). Сарай сәулетінде композициялық тәсілдердің сабақтастығы, Мысыр мен Месопотамия сәулетін түсіндіру (тасты мазарлар, жасанды платформалардағы сарайлар, қорғаныс имараттары). Көп бағаналы салтанатты зал – кең діңмаңдайшалы *ападана* жасау. Персеполя кешені, орналастыру, құрылыс конструкцияларын (әсембаған, бедерлі қаптамалар) көркемдік түсіндіру ерекшеліктері.

Парфян патшалығының сәулеті, Фирузабад пен Ктесифондағы сарай кешендерінің композициясы. Кірпішті тоғыспалы және күмбезді конструкциялардың дамуы. Сарай сәулетшілігіндегі жаңа элемент – *айван*.

Қорғаныс имараттарының, қала құрылысының жалпы сипаттамасы. Қалаларды көркейтудегі жетістіктер.

**1.2.3-тақырып. Ежелгі Үнді (б.з.д. XXIII-V ғ.)
Ежелгі Қытай (б.з.д. XI ғ.-III ғ.) Орталық және
Оңтүстік Америка (б.з.д. VIII ғ.-XV ғ.) сәулеті**
(Тақырыптар өз бетімен оқу үшін ұсынылады)

Ежелгі Үнді сәулеті (б.з.д. XXIII-V ғ.)

Алғашқы өркениет дәуірінде қалыптасқан құрылыс тәсілдері. Халық тұрғын үйінің түрі, оның солтүстік және оңтүстік аудандардағы ерекшеліктері; құрылыс конструкциялары.

Брахманизм, буддизм, индуизм діндерінің ежелгі үнділік ғибадатхананың қалыптасуына ықпалы. Буддизмнің діни имараттары – *ступтар* мен *чайттар*. Гупт дәуіріндегі брахмандық ғибадатханалар сәулеті – *шикхара* (солтүстікте) және *вимана* (оңтүстікте). Эллинизмнің Кушан патшалығы кезеңінің сәулетіне ықпалы. Құрылыс тәсілдерін, құрылыс түрлерін заңдастыру тенденциялары. Құрылыстың жүйелі құрылымындағы мүсіншілік.

Ежелгі Қытай сәулеті (б.з.д. XI ғ.-III ғ.)

«Чжоу», «Цинь» және «Хань» әулеті дәуірінде қалыптасқан құрылыс мәдениеті; ағаш конструкциялардың дәстүрлі түрлері («*доу-гун*» кронштейндер жүйесімен орындалған қаңқа), қорғаныс имараттары (Ұлы Қытай қорғанының құрылысы). Ғимараттың негізгі түрлері – *дянь*, *тай*, *лоу*, *тин*. Діни-философиялық ілімдердің (конфуцийшілдік, даосизм, буддизм) қытай сәулетінің қалыптасуына ықпалы. Пагода діни имараттың ерекше түрі ретінде, оның пішінінің үнді діни құрылыстарымен өзара байланысы.

**Орталық және Оңтүстік Америка
(б.з.д. VIII ғ.-XV ғ.) сәулеті**

Майя халықтарының монументті имараттары және діни-әкімшіліктік орталықтары: Тикаль, Ушмаль, Паленке қалаларының сатылы пирамидалары, ғибадатханалары және сарайлары.

Құрылыс материалдары мен конструкциялары (қиыршықтас, әктас ерітіндісі, тас, ағаш; жазық маңдайшалар, жалған тоғыспалар). Қоғамдық және шаруашылық имараттары (стадиондар, резервуарлар).

Оңтүстік Американың батыс жағалауындағы инктер мемлекетінің сәулет ескерткіштері: Куско және Мачу-Пикчу қалаларының монументті діни және қорғаныс имараттары.

1.2.4-тақырып. Эгей (Крит-Микен) әлемінің сәулеті (б.з.д. XXX-XXII ғ.)

Антикалық сәулет негіздері барлық көршілес халықтардың жетістіктерін біріктіретін, мәдениеттің шапшаң дамуына мүмкіндік берген жүзім шаруашылығы, мал шаруашылығы және теңіз саудасы дамыған Жерорта теңізінің Шығыс жағалауы мен Эгей теңізінің аралын мекендеген халықтардың ежелгі өркениетінде жатыр. Эгей әлемінің сәулетін шартты түрде:

Троя кезеңі - б.з.д. IV-III мыңжылдық;

Крит (Миной) мәдениеті - б.з.д. XVIII-XIV ғасырлар;

Микен кезеңі - б.з.д. XIV-II ғасырлар деп үш кезеңге бөледі.

Троя кезеңі

Эгей әлемін зерттеу XIX ғ. соңында Троя (Илиона) қаласы Гиссарлық төбесіндегі Генрих Шлиманның зерттеулері мен қазбаларынан басталды. Троя бірнеше ғасырлар бойы тұрғызылды. Салыстырмалы түрде мәдени ескерткіштерді жақсы күйде сақтаған 8 мәдени қабат есепке алынды, олардың астынан табылған 2-3 қабатты көнелігінен зерттеу мүмкін емес.

Ең көне қабаттардың арасында сақталғаны ішінен тұрғын және діни имараттар табылған, берік қақпалар мен қабырғалары бар қамал – Троя 2.

Тұрғын имараттардың негізгі түрі – бөлме үлкен болған жағдайда қабырғаға немесе бағандарға тірелген, айқасқан арқалықтардан пайда болған төбесінде саңылауы, кіреберісінде лоджиясы бар, терезесіз, бойлық осімен ұзартылған, тік бұрышты немесе сопақ болып келген бөлме *мегарон* болып табылады. Ортасында шеңбер ошақ немесе мұржасыз темір пеш орналасқан. Мегарон түрі ежелгі грек сәулетінің дамуына үлкен ықпал етті: оның сұлбасы грек ғибадатханаларының негізіне айналды.

Троя кезеңіне тән белгілер

1. Бір жерге ұзақ уақыт бойы салынған қамал-қалалардың шағын көлемі;
2. Тұрғын үйдің негізгі түрі мегарон;
3. Негізгі құрылыс материалдары тас (қамал, сарай, іргетас қабырғалары), ағаш қаңқа және байланыстырғыштармен күйдірілмеген кірпіш немесе сазбалшық толтырмамен ағаш қаңқа конструкция болып табылады.

Крит (Миной) мәдениеті

Б.з.д. XVIII ғасырда (қола дәуірі) Крит аралында және іргелес аралдарда Кіші Азиядан шыққан келімсектер жаңа мәдениеттің негізін қалады. Аңыз бойынша жаңа мемлекеттің негізін қалаушы Зевс пен Еуропа ұлы Минос патша болса керек.


Аралдарда барлығы халқының саны 2-4 мың адам болатын 90-100 қала есепке алынған. Тау баурайында орналасқан бұл қалалардың үйлері жүйесіз орналасқан. Мұндай қалалардың орталығында басқарушы сарайы орналасқан. Осындай орталық-сарайлардың бірі археолог Эванс ашқан Кносс сарайы болып табылады.

Кносс сарайы


Аңыз бойынша Минос патшаның әйелі жартылай бұқа-жартылай адам Минотаврды дүниеге әкеледі. Бұл масқараны жасыру үшін патша лабиринт түрінде сарай салдырады.

Кносс сарайы ежелгі құрылыс орнына салынған, 120 x 120 м. аумақты алып жатыр. Сансыз көп жер сілкіністерінің салдарынан қираған сарай қайта тұрғызылып жатты. Оның жеке алғашқы ғимараттары біртіндеп үлкен тік бұрышты ішкі сарайдың айналасына ортақ кешенге тұтасып кетті (*II-сурет*).

2-3 қабатты террасалы ғимараттар баураймен төмендей түседі және көптеген ұзын залдары, тұйық дәліздері бар. Бірінші қабатта сансыз көп қойма бөлмелері, 2-3 қабаттарда діни және салтанатты бөлмелер орналасқан. Тұрғын бөлмелер діңмандайша-баспалдақ арқылы баруға болатын жеке шығыс блокқа бөлінген. Шетінде шеберханалар, малайлар мен құлдардың үйлері, құс қоралар орналасқан.



11-сурет



12-сурет

Сарай жоғары дәрежеде жабдықталған: су құбыры, канализация, суағарымен әжетханалар. Көптеген бөлмелер мен патша бөлмелерінде құпия орындар табылды. Тақ залында әктастан салынған тақ сақталған.

Ортастаттар – арасында толтырмасы бар ірі тас блоктар қойылған төменгі бөлігі жақсы сақталған. Жоғары жағында жеңіл толтырма, күйдірілмеген қалау немесе балшықты кесектастан орындалған ағаш қаңқасы бар. Бұл – сейсмотөзімді жүйе. Сейсмотөзімділік мақсатында жиекқабырғаларға қойылған еркін орналасқан бағаналардан крит ордерлік жүйесінің ерекше түрі туды. Бағаналар аласа, кең әсембағанмен және қосымша тұрақтылықты қамтамасыз етіп тұру үшін жоғарғы жағы үлкейтіліп орындалды. Аражабындар дөңгелек блоктардан тұрғызылды. Сарай ғимаратының қабырғалары қашап және соғып жасалған бедермен, өсімдіктер, жануарлар, акробат ойындары, егін жинау мерекесі бейнеленген сылақнақышпен әшекейленді.

Крит кезеңінің сәулетіне тән белгілер

1. Сарайлардың ішкі кеңістігін жоспарлаудың өзгешелігі.
2. Көркейтудің жоғары дәрежесі.
3. Жаңа сейсмотөзімді конструкциялары:

- жиеккабырғаға қойылып жоғарғы жағы кең әсембағанмен және үлкен төртбұрыш қабақтаспен үлкейтілген бағаналар;
 - жұмыр арқалықтардан төселген аражабындар;
 - күйдірілмеген және тас блоктардан орындалған, байланыстырғыштармен және толтырмалармен ағаш қаңқа.
4. «Сәнжақтаумен» екі бағаналы діңмандайша түрлері жасалды.
 5. Бөлмелер егін жинау, ойындар бейнеленген сылақнақыштармен және қашалған бедермен әшекейленді, бұл – палеолиттен кейінгі алғашқы реалистік кескіндеме.
 6. Ландшафтық сәулет негіздері туды.

Микен мәдениеті

Крит аралының мәдениеті материктік Микен мәдениетінің қалыптасуына үлкен ықпал етті. Шлиман және Эванс сияқты археологтар мекендеушілердің киімі, діни және тұрмыстық заттарындағы байланысты анықтады. Микен молаларынан крит шеберлерінің ыдыстары табылды.

Микенге солтүстіктен Критті жаулап алған және Мысырға сәтсіз шабуыл жасаған грек-ахейліктердің ежелгі арғы аталары келді. Ахейліктер әкелген жергілікті дәстүр мен мәдениеттің бірігуі кезінде жаңа мәдениет пайда болды.

Микен елдімекендерінде ғибадатхана құрылыстары мен сарайлар қабырғалары дәутасты қалаудың (байланыстырғыш ерітіндісіз жонылған тас үйіндіден қалау, ежелгі гректер оны дәутасты деп есептеді) ірі тастарынан тұрғызылған акропольдің қасиетті телімін құрады.

Акрополь – биікте орналасқан қала қамалы, қаланың діни-саяси орталығы.

Сарай құрылыстары бедер және әсем көрініс есебімен ортақ кешен құрайтын ғимараттың жеке осьтік композициясымен еркін орналастырылды. Ең жақсы сақталған акропольдердің бірі – Тиринф акрополи болып табылады.

Тиринф акрополи (б.з.д. XIII ғ.)

Ансамбльдің ортасында бас осінде төрт тірегімен ірі 9,75 x 11,75 м екі астаукеңістікпен тікбұрышты басбөлме орналасқан. Бұл – жеке

тұрған эгей мәдениетінің жалғыз ғана ғибадатханасы. Ғибадатхана алдындағы бағанды аула бағаналары мен сарай бағаналары криттердікіне қарағанда дұрысырақ және мұқият өңделген.

Акрополь – негізінде геометриялық ұйымдастырылған ассиметриялық композиция. Оның етегінде кіреберісі күрделі жүйемен жабдықталған төменгі қала жатыр.

XII ғ. басында Микендік Грекия көсемдері бірігеді және Трояға қарсы жорық үшін өзгеше одақ құрады (VII).

Бұл кезеңнің ірі акропольдарының бірі – Микен акрополи болып табылады.

Микен акрополи (б.з.д. XI ғасырдың 2-жартысы)

Акропольдің сарай, көптеген тұрғын, қойма және қабір басындағы имараттары бар. Дәутасты қалау тастарының үлкен салмағының арқасында акрополь қабырғалары төмен қарай кеңейтілмейді. Микеннің әйгілі ескерткіші акропольге кіреберіс қақпа болып табылады. Арыстан қақпалардың аралығы 3,5 м және биіктігі 6 м жалған тоғыспасы бар. Оларды 1876 жылы Шлиман тапқан (*12-сурет*). Қақпа Эгей әлемінде әйгілі екі арыстан бейнеленген тас бедермен безендірілген, олар дорикалық ордер бағананы қорғап тұрғандай. Барлық бедер 168 т.


Қақпалар ортасында, жиналыс алаңының алдында батырлар моласы бар. Алаң ортасында тас тақталардан шеңбер, ортасында тостаған ұстаған алтарь орналасқан. Жақын жерде үш жауынгер жерленген, тереңдігі 5,5 м 4 бұрышты шахта, әрірек тағы да 5 мола (9 ер, 8 әйел және 2 бала) бар.

Крит-микен мәдениетінің жерлеу имараттары пішіні жағынан ежелгі мегалит имараттарына ұқсас. Осындай имараттардың бірі Микендегі Атрей мазары болып табылады.

Микендегі Атрей мазары (б.з.д. XVI ғ.)

Үсті топырақпен үйілген Атрей (қазына орны) дулыға тәрізді негізгі камерадан (диаметрі 14,5 м., биіктігі 13,2 м) және шағын қосымша бөлмеден тұрады, оған биіктігі 36 м., ені 6 м ашық галерея – *дромос* арқылы баруға болады. Негізгі камераның жалған тоғыспасы дромос жіктерінің арасына қола гүлөрнек қондырылған ірі, жақсы жонып тегістелген тас блоктардан қаланған.

Биіктігі 5,4 м камераға кіреберіс ауыр таспен жабылған, ал оның үстіне үшкіл орнатылған, қазір бос. Кіреберіс бетше босаға жұқа мәрмәр бағаналармен безендірілген (13-сурет).



13-сурет

Крит-микен мәдениеті кезінде және кейіннен де *тұрақ* жайдың негізгі түрі *мегарон* болды. Кіреберісте екі бағанада *діңмаңдайша*, оның артында *продомос*, бұдан әрі бір немесе бірнеше тұрғын бөлмелер орналасқан. Ортасында ошақ. Қабырғалар суретпен әшекейленген. Жарық есік арқылы, түгін төбедегі саңылау арқылы шығады. Діңмаңдайша *сәнжақтауда* орналасқан.

Сәнжақтау – грек және дорикалық ғибадатхана немесе үйдің бойлық қабырғаларының шығыңқы шетжағы.

Микен кезеңі сәулетінің ерекшеліктері

1. Монументті мазарлардың жаңа түрі қалыптасты.
2. Қорғаныс имараттарының жаңа түрлері – *акрополь* пайда болды.
3. Болашақ үлгісі *мегарон* ғибадатханалар пайда болады (екі астаукеңістікті).
4. Конструкцияның жаңа түрлері – жалған тоғыспалар мен күмбездер пайда болады.

Эгей мәдениетінің барлық кезеңдеріндегі негізгі ұқсас белгілер

1. Орналастыруда жердің табиғи және ландшафтық ерекшеліктері ескеріледі.

2. Бірдей құрылыс материалдары – күйдірілмеген кірпіш, тас, аражабын мен қаңқа ағашы қолданылады.
3. Ортақ ордерлік жүйе қалыптасады. Бағаналар шиыршық, ирек, металл сақина өрнектерімен және т.б. әшекейленеді.

1.3. АНТИКАЛЫҚ СӘУЛЕТ

1.3.1-тақырып. б.з.д. XII – б.з. I ғасырлардағы Ежелгі Грекия сәулеті

Антикалық грек мәдениеті өз мәдениетін, тіршілік ету және темірді қолдану тәсілдерін әкелген эгей, дорикалық, ионикалық және басқа тайпалардың («эллиндер» деген ортақ атауға ие болған) басып енуі мен ауысуы нәтижесінде Балқан түбегінде қалыптасты.

Ежелгі грек сәулетінің даму кезеңдері:

Гомер кезеңі - б.з.д. XIII-XII ғасырлар;

Архаикалық кезең - б.з.д. VII-VI ғасырлар;

Классикалық кезең - б.з.д. V-IV ғасырлар;

Эллинистік кезең - б.з.д. IV-I ғасырлар.

Гомер кезеңінің сәулеті

Мәдениет пен өнер туралы Гомер поэмаларынан білуге болады, сондай-ақ Микенге қарағанда бұл кезеңнің мәдениет ескерткіштері анағұрлым дөрөкі болып келген. Дорикалық тайпалар Микен аумағын басып алған соң крит-микен мәдениетінің жетістіктеріне еліктей бастады.

Тау бедері, жоғары сейсмикалық, оңай өңделетін тастар (әктас, мәрмәр) мен құрылыс ағаштарының болуы грек сәулетінің «техникалық» алғышарттарын анықтады.

Тұрақ жайдың негізгі түрі Микендегідей бастапқыда күйдірілмеген кірпіш немесе саз балшықтан салынған артқы қабырғасы дөңгелектеніп келген мегарондар болып табылады. Кейіннен қаңқа, пішінді кірпіш және сүргіленген тас блоктарды қолданғаннан кейінгі ғимараттар тік бұрышты болып келген.

Ғибадатханалар әдетте қала алаңы – қоғамдық алаңға немесе бекініс қорған – акропольге жатады және ішінде ошақ орнында құрбандық шалатын орны бар мегарон типтес (сәнжақтаулы

ғибадатхана түрі) болып келген. Алғаш рет құрбандық шалатын орын аулаға шығарылады және Артемиданың екі астаукеңістікті ғибадатханасында Спартадағы ғибадатхана алдына қойылады (б.з.д. IX- VIII ғасырлар). Ақырында алтарьды ғибадатхана алдына шығарып көрсету салты сақталып қалды, бұдан Грекия мәдениетінің демократиялық сипатын көруге болады.

Архаикалық кезең сәулеті

Қалалардың өсуі және полистің қалыптасуымен қоғамдық үстемдік ететін құрылыс ретінде құлиеленуші құрылыс қалыптасады. Ірі жериеленушілер бос азаматтарға – қолөнерші қала тұрғындары мен ұсақ жериеленушілерге сүйенеді.

Әлемдік сәулет тарихында алғаш рет қоғамдық ғимараттар: классика кезеңіндегі типологиялық алуан түрлі *булеветерилер, лесхалар, театрлар* пайда болды.

Грек дінінің өзгешелігі: антропоморфизм (адамға ұқсастық) және қол жетімділік айтарлықтай дәрежеде діни сәулеттің дамуына ықпал етті. Дәстүрлі қала ғибадатханаларымен және қасиетті телімдермен қатар алдында құрбандық шалатын орны бар жалпы эллинистік ғибадатханалар құрылысы басталады. Діни рәсімдер кез-келген адам қатыса алатын салтанатты шерумен жарқын мереке түрінде өткізілді. Сондықтан ғибадатханалар шерулер көрінетіндей етіп орналастырылды, бұған Грекияның жер бедері де лайық болды.

Құрылыста құрылыс ағашын, мәрмәрді, оңай өңделетін әктасты пайдалану және күйдірілмеген кірпішті тас блоктармен алмастыру құрылыс элементтерін стандарттауға әкеледі, грек ғибадатханаларының белгілі түрлері қалыптасады (*14-сурет*).

Жалған кәсізбе бағанды ғибадатханада және жалған айнала бағаналы жайда бағаналарды шығару көп кездеспейді және бағаналардың орнына жартылай бағаналар пайдаланылады.


Ғибадатханалар көлемі үнемі ұлғайып, ал *целлалар (наос)* азып отырады.

Тас өңдеуді жеңілдеткен темір құралдарды қолданудың арқасында алдымен ғибадатхана қабырғалары, кейін бағаналар мен аражабындар тастан тұрғызылды. Сонымен ағаш конструкциялардың қалыптасқан пішіндері тас пішіндермен алмастырылды.

Архаика дәуірінде ғибадатханалар салу үшін оңай өңделетін әктас қолданылды. Бір-біріне қиюластырылған блоктар құрғақ күйінде

қаланып, саңылау жерлеріне қорғасын құйылып, темір істікпен және қапсырмамен бекітілді. Құрастыру қағидасы бөлшектерді өндеуде үлкен дәлдікті және жұмыстардың ойластырылған жүйелілігін талап етеді, сондықтан құрылыста белгілі стандарттар қалыптасады.

Грек ғибадатханаларының түрлері



- | | |
|----------------------------|--|
| 1. сәнжақтаулы ғибадатхана | 5. қостізбе бағанды ғибадатхана |
| 2. бағанамандайша | 6. жалған қостізбе бағанды ғибадатхана |
| 3. амфибағанамандайша | 7. толос |
| 4. айнала бағаналы жай | |

14-сурет

Тас блоктар тас қашалған орыннан дайын күйінде жеткізіліп, бағана барабандары құрастырылғаннан кейін өңделді. Блоктарды тасу үшін ағаш сырғауылдар қолданылды.

Ғибадатханалар мифологиялық тақырыптарда күрделі композициямен сыланды және әшекейленді. Бағаналар боялмаған күйінде қалдырылды.

Діңмаңдайшалардың ордерлік тіреу-арқалықты жүйесінің жүйелік құрылымы ғимараттың көркемдік мәнерлілігіне қол жеткізу үшін негізгі құрал болды.

Ордер бүкіл имаратқа белгілі стильдік сипат беретін сәулеттік пішіндердің жиынтығы болып саналады.


Архаикалық кезеңде дорика және ионика ордерлері қалыптасады.

Дорика ордері


Дорика ордері (негізі жоқ, діңіне ойық тікжолақ жүргізілген, әсембаған шеңберше мен қабақтастан тұрады) қаһарлы және жауынгер дорика тайпаларының көркемдік үлгілерін іске асырды

және архаикалық Грекияда кеңінен тарайды. Оның пішіндері ағаш тіреу-аркалық конструкциялардың көркемдік мәнін түсіну нәтижесінде жасалды (16-сурет).

Гректер ғимаратты алыстан көріп түйсіну есебіне оптикалық түзетулер енгізе отырып, ғимараттардың жеке бөліктерінің сәйкестемелік қатынасына және кеңістіктегі олардың қалпына көркемдік түзетулер енгізуге үлкен мән берді. Сонымен, бағана діңі жоғары қарай жіңішкеріп кетеді және ойық тікжолақпен бірге қызу жұмыс істеп тұрған конструкция мен сымбаттылық әсерін қалдыратын, сәл дөңес болып келген әсеміндемесі болды. Шеткі бағаналар арасында бағанааралық ортасындағыға қарағанда кішірек шеткі бағаналар шамалы жуанырақ және ішке қарай иілген етіп жасалды.



15-сурет



16-сурет

Антикалық дорика ордері (17-сурет) сәйкестемелік қатынаспен (1:6) ерекшеленеді, мысалы, Посейдониядағы Посейдон ғибадатханасы. Кейіннен ол пішінді сәйкестемелік қатынасқа ие болды (1:7,5) – Парфенон, Пропилен, Олимпиядағы Зевс ғибадатханасы.

Ионика ордері

Ионика ордері (діңіне ойық тікжолақ жүргізілген, әсембаған екі ірі бұрамадан тұрады) құдай аналарға арналған ғибадатханаларда

қолданылды. Ионика ғибадатханаларының сәйкестемелік қатынасы пішінді – 1:10. Ежелгі ионикалық ғибадатханалардың бірі – әлем кереметтерінің біріне жататын Эфестегі Артемида ғибадатханасы.

Эфестегі Артемида ғибадатханасы (б.з.д. 550-356 ж.)

Б.з.д. VI ғасырда Эфес қаласы гүлденуінің шырқау шегіне жетті. Аңыздар желісі бойынша қала қамқоршысы Зевс пен Летоның қызы, Аполлонның қарындасы Артемида болды. Ол Ай және аңшылық құдайы, тазалық пен жас босанған әйелдердің қамқоршысы ретінде танылған.

Кносс қаласының тұрғыны сәулетші Херсифрон алғаш рет ғибадатхананы әктастан емес, мәрмәрдан тұрғызуды ұсынды.

Ғибадатхана Кайстра өзенінің бойындағы батпақты алаңға салынды, бұл жер сілкінісінен сақтаудың қамы еді. Ғимарат батпаққа батып кетпес үшін, оның негізінің астына ағаш көмірі мен жүн толтырылған терең азаншұңқыр қазылды.

Харсифроннан кейін құрылысты оның ұлы Метаген жалғастырды. Әсем валюталарды бүлдіріп алмау үшін бағаналарға қойылатын архитрав құм толтырылған қаптарға жатқызылды. Кейін құрылысты Пеонит пен Деметра жалғастырды. Б.з.д. 550 жылы ғибадатхананың «ашылуы» болды. Ғибадатхананың ұзындығы – 110, ені – 55 метр, құрылысты қоршап тұрған 2 қатар бағаналардың биіктігі 18 метр болған. Барлығы 127 бағана. Ғибадатхана төбесі алғаш рет жабынқышпен емес, мәрмәрмен жабылған.

Б.з.д. 356 жылы Эфес тұрғыны, атакқа шөлдеген есер Герострат деген біреу ғибадатхананы өртеп жіберді (бұл оқиға Александр Македонский дүниеге келген түні болды, кейін ол ғибадатхананың қайта қалпына келтірілуіне қол ұшын береді).


Қала тұрғындары таңғаларлық ғибадатхананы қайта салуды жөн көрді. Сәулетші Хейрократ айналасында соңғы 100 жыл ішінде тұрғызылған құрылыстардан биік көрсету үшін ғибадатхананың саатылы негізін көтерді.

Ғибадатхана іші мәрмәр тақталармен қапталды. Бас залда алтын әшекейлермен және асыл тастармен көмкерілген биіктігі 15 м Артемида мүсіні тұрды. Алтарьды безендіруді Пракситель орындаса, ал бағаналарды безендіру жұмысымен Скопас айналысты.

263 жылы Артемида ғибадатханасын готтар қиратты. Бағаналар, қаптаманың біршамасы Византияға тасылды.

Ғибадатхананың ионика ордерінің әшекейбедері болмағанмен, бағаналардың төменгі барабандары мүсіндермен безендірілді.

Ионика және коринф ордерлері (кейіннен пайда болған және Грекияда кеңінен қолданылмаған. Оның анфар жапырақтарының қатары мен шағын волюттерден орындалған негізі, ойық тікжолақтары, сәнді әсембағандары бар биік бағаналары болды) көбінесе, ғибадатхана және тұрғын үйлердің интерьерлерін безендірді (17-сурет).



17-сурет

18-сурет

Классика кезеңінің сәулеті

Б.з.д. V ғасырдың басында грек-парсы соғысы Грекияның жеңісімен аяқталды. Әскери-саяси және экономикалық табыстар Спарта, Сиракуз және Афинаның өркендеуіне мүмкіндік туғызды.

Грекияда мемлекеттік құрылыстың жаңа формасы – *құлдық демократия* дамиды. Өнер, ғылым, философия және сәулет жаңа сатыға көтеріле бастайды. Сәулет өнерінде модульдік жүйе және гимарат элементтерін стандарттау қалыптасып, өркендей бастайды.

Грек сәулеті Афин демократиясының көсемі - «Периклдің алтын ғасырында» гүлдену шегіне жетті. Афина грек мәдениетінің

орталығы атанады. Теңізге жақын орналасқан Афина қала айлағы Пиреймен жол арқылы байланысты. Жол да, қаланың өзі де қамал қабырғалармен қоршалған. Афинада жүргізілген арна мен су құбыры болды.

Грек сәулетінің ең тыңғылықты және үйлесімді туындысы Афина Акрополи болып табылады.

Афина Акрополи

Акрополь биік Пиргос шыңының шағын 300 x 150 м үстіртінде орналасқан. Акрополь архаикалық кезеңде-ақ салынған және қоныстандырылған «жоғарғы қала» атанған. Тіпті, Гомер кезеңіне жататын мәдениет ескерткіштері табылған. Архаикалық кезең соңында акрополь 4 жылда бір рет тойланатын Ұлы Панафиндер салтанаты ұлан-асыр той думанмен өтетін діни орталыққа айналады (кезекті олимпиада ойындарынан кейін үшінші жылы).

VI ғасырда Акропольде Афинаның аса ежелгі храмы – Гекатомпедон (Жүз футтық) ерекше көзге түсетін. Ол Пропилей – салтанатты кіреберіс қақпаға қарама-қарсы орналасқан.

Пропилей мен Гекатомпедонды орналастырғанда архаика ансамбльдеріне тән симметрия басым болды. Сәулетшілер ғибадатхананы кіреберіске қарама-қарсы қойған, әшекейленген қасбет кірген адамның бірден назарын аудартады. Бұл ғибадатханадан және басқа ежелгі құрылыстардан бізге жеткені тек іргетастар, кейін «парсы» үйінділері мен Акрополь қабырғаларынан бедерлі тақталар, ғибадатхана мүсіндерінің сынықтары табылды. Ежелгі Акрополь ғимараттарының басым бөлігі грек-парсы соғыстары кезінде қираған.

447 жылы досы Фидийдің кеңесімен Перикл Афинаға жаңа ғибадатханалар тұрғызу үшін және Акрополь қабырғаларын қалпына келтіру үшін сәулетшілерді шақыртады. Сол кезде сақталып қалған ғибадатхана сынықтары реттеліп, батыс бөлік салынды. Фидий сәулет жұмыстарын басқарумен және мүсін композициясын жасаумен айналысты. Акрополь ансамбльдеріне Парфенон, Пропилей, Нике Аптерос ғибадатханасы, Афина Промахос мүсіні, Эрехтейон, қызметтік және қойма имараттары жатады (*18-сурет*).

Парфенон
(сәулетшілері Иктин және Калликрат
(б.з.д. 447-432 ж.))

Гибадатхана құрамында темірі бар ақ мәрмәрдан тұрғызылған, сондықтан уақыт өте келе ол алтын түсті патиноға айналды. Гибадатхана дорика ордерінің үлгісінде салынған, көлемі 30,89 x 69,54 (қасбетіндегі бағана саны 8 x 17).

Гибадатхананың шығыс бөлігінде піл сүйегі мен алтыннан апталып сомдалған 11 метрлік Афина мүсіні бой көтерген. Афина қаласының қамқоршы-жебеушісі, әрі ақыл мен парасат құдайы, қыз бейнесінде, әйелге тән нәзіктікпен қоса терең ойлы, зерделі жауынгер, басшының кейпі жинақталып сомдалған. Афина қолына Ника мүсіні мен алтын қалқан ұстап тұр, аңыз желісі бойынша жас жауынгер бейнесінде Перикл, қасында қасқа бас қарт жауынгер – Фидий бейнеленген. Мүсіннің айналасындағы бағаналар П-тәрізді орнатылған, кейін монументті интерьер дамуында үлкен рөл атқарды.

Батыс бөлігінде қыздар қасиетті пеплос тоқып отырған және қалалардың теңіз одағының қазынасы сақталған ионика ордерінің бағаналы бөлмесі орналасқан.

Парфенонның аса қымбат мүсіні оған ерекше салтанаттылық беріп тұр. Гибадатхана метоптары мифологиялық сюжеттерге толы болды: батысы – гректердің амазонкалармен шайқасы, оңтүстігі – гректердің кентаврлармен шайқасы, солтүстігі – Троя соғысынан көріністер, шығысы – құдайлар мен алыптардың айқасы.

Ұзындығы 160 м және биіктігі 1 метр *әшекейбедер* (мәнержолақ) гимнастикалық және музыкалық жарыстардан кейін Ұлы Панафиндер мерекесі күні афиндықтардың шеруін бейнелейді. Бедерлердегі қозғалыс ғимараттың оңтүстік-батыс бұрышынан басталып, екі ағыммен: оңтүстік жақпен шығысқа және батыс жақпен солтүстікке жүреді.

Шығыс жақ маңдайша қабырғада салтанатты отырған құдайлар (әдеттегі адамдардан жоғары) және оларға қарай бара жатқан қолдарында сый ұстаған адамдар мен тостаған ұстаған қыздар бейнеленген. Батыс жақ маңдайша қабырғада Посейдон мен Афинаның дауы. Маңдайша қабырғадан сақталғаны 3 тағдыр құдайының бейнесі. Маңдайша қабырғалардағы мүсіндер қорғасынмен бекітілген, мүсіндер жоғары қарай ұлғайтылып, жақсы көріну үшін алға қарай шамалы иілген.

Афина Промахос (жауынгер әйел) мүсіні
(465-455 ж.)

Афина маңындағы парсылармен шайқаста жеңіс құрметіне Фидий қоладан тоғыз метрлік мүсін жасады. Ежелгі ақшалардағы бейнелерде Афина оң қолымен найзаға сүйеніп, сол қолына қалқан ұстап тұр. Ол агора орналасқан қаланың солтүстік бөлігіне қарап тұр. Эктастан тұрғызылған тұғыр ізі Пропилейден шығысқа қарай 40 метрдей жерде және шамамен, Парфенонға дейін жарты жолда сақталған. 50 жылдан соң ескерткіш аяқталған соң мүсінші Мис Афина қалқанына гректердің кентаврлармен шайқасын бейнеледі. Орта ғасырларда мүсін балқытылса керек.

Пропилеи Сәулетшісі Мнесикл
(б.з.д. 437-432 ж.)

Парфенонды жасағаннан кейін афиндықтар Акропольді симметриялы жаңа салтанатты қақпалар – *Пропилеимен* безендіруді шешті. Дегенмен, б.з.д. 425 жылдар шамасында қақпаның оң жағынан жеңіс құдайы Ника ғибадатханасы бой көтерді, Пропилейдің бұл бөлігін сол жағына қарағанда кішірек етіп жасады.

Пропилеи бағаналармен бөлінген 5 жол, сурет галереясы (мұнарашылдық), кітапхана және оң жағында шағын күзетші бөлмесі бар жабық терең қақпалардан тұрады. Пропилеиге төменнен шеруге арналған сатысыз кең жол апарады. Пропилейдің ортаңғы кең бөлігі еңіс болып келген, ал бүйір жағына сатылар орнатылған. Пропилейді сәндеуде екі түрлі ордердің батыл үйлесуі ерекше көрік берген. Пропилейден Афина мүсіні мен Парфенонның бір бөлігі жақсы көрінеді.

Ника Антерос ғибадатханасы
(б.з.д. 449-420 ж.)

Пропилеиге бұрыштап қойылған ол келе жатқан адамды қақпаға шақырып тұрғандай. Шетжағы ионика ордерінің бағаналарынан (бір шетжаққа 4 бағанадан) және бүйіржағы тұйық қабырғалардан тұрады. Пропилейдің дорика ордерімен біріктіру үшін ғибадатхана сәулетіне дорика белгілері енгізілген. Қабырғалар боялған немесе суреттер салынған. Ғибадатхана сыртынан парсылармен шайқас көріністері және құдайлардың бейнесі келтірілген аласа әшекейбедермен

безендірілген. Ғибадатхана жиекқабырғасында шешіліп қалған, сандалын жөндеп байлап жатқан, жүріп бара жатқан, соғыс олжасын әкеле жатқан қыз Ника бейнесімен оймабедерлер бар.

Түріктер үстемдік етіп тұрған шақта ғибадатхана қиратылып, кейін қайта қалпына келтірілді. Тізбек қоршау тақталары 1835 жылы табылды. Ғибадатхана алдында (5,4 x 8,14 м, биіктігі 4 м) алтарь (амфипростиль) бар. Төбешік жоғары жағында Ника бейнесімен тақталары бар *тіреуқұрылғылармен және тұғырбетпен* бекітілген.

Эрехтейон болжам бойынша сәулетшісі Мнесикл (б.з.д. 421-406 ж.)

Эрехтейон грек сәулетіне еш ұқсамайтын бірегей ескерткіш болып табылады. Бірнеше құрамдас бөліктен тұратын ассиметриялы ғимарат көне грек ғибадатханаларының негізгі айқындауышына айналды. Оның үлкен бөлігі Эрехтейон салынбас бұрын тұрғызылған, оның авторлары осыған көнуге мәжбүр болған. Сондықтан да ғибадатхана бөліктері 3 метрге құлағанда жасанды үйінді тұрғызылып немесе төбешік қазып тегістелген жоқ. Эрехтейон құрылысының орнын таңдау кездейсоқ жағдай емес. Дәл осы жерде Посейдон Афинамен қаланы қорғау құқығы үшін айтысады. Посейдон үш ашалымен ұрып қалғанда бұлақ көзі ашылады. Оның суы ащы болып шығады. Афина найзасымен ұрған жерден зәйтүн ағашы өсіп шығады.

Ғибадатхана Афина Палладаға (қала қамқоршысы), теңіз құдайы Посейдонға және Афинаның алғашқы патшасы Эрехтеяға арналған.

Ғибадатхана Акрополь ансамбліне лайық орналасқан. Негізгі көлемі 11,63 м., 2 бөлікке бөлінеді. Кіші бөлігі Афинаға арналған. Үлкен бөлігі қасиетті зәйтүн ағашына шығатын солтүстік ионийлік діңмаңдайшамен жалғасады. Эрехтейонның оңтүстік қабырғасының тегіс бетіндегі арудіңгек діңмаңдайшасы айқын ерекшеленеді. Бағана – *арудіңгектерді* алмастырып тұрған қыздардың мүсіні (биіктігі 2,3 м) діңмаңдайша аражабындарын ұстап, биік шығыңқы іргеде (2,6 м) тұр. Қазір мүсіндер найзалармен алмастырылып, Акрополь мұражайына көшірілген.

Эрехтейон бірнеше рет салынған, онда сарай, ал түріктердің кезінде гарем болған. Ғибадатхана интерьерлерінде қаптама ретінде түрлі түсті мәрмәрдің алуан түрлері: ақ, қызғылт, күлгін пайдаланылған. Әшекейбедерлер өсімдіктер бейнесімен өрнектелген.

Қайталанбас үшін, оларды дайындауға әртүрлі суретшілерге тапсырыстар беріліп отырған. Әдемі өңдеудің арқасында ірі ғибадатхана кіші және әсем болып көрінеді.

Акропольдің оңтүстік-шығыс бұрышында бүгінгі күні жалпы композицияны бұзбас үшін шағын етіп, жерге тереңдетілген Акрополь мұражайы салынған. Бұл жерде Акропольден табылған мүсін ескерткіштері сақталған.

Грекияның өркендеуімен оның отарындағы қалалар да өсіп-өркендеді. Қалаларды жоспарлы салудың шапшаң қарқындылығы жүйелі жоспарлау қағидасын әзірлеуге деген қызығушылықты оятты. *Жүйелі жоспарлау* элементтері б.з.д. VIII-VII ғасырларда қалыптаса бастағанымен, қаланы жүйелі жоспарлауды ойлап тапқан Милеттен шыққан сәулетші Гипподам (б.з.д. V ғ.) болатын.

Гипподамдық жүйенің ертедегі үлгілерінің бірі б.з.д. V-IV ғасырларда Македониядағы қала Олинфаны жоспарлау болып табылады. Қала тұрғын құрылыстармен қоса, қоғамдық имараттардан тұратын жеке қала бөліктерінен құрылды. Олинфа (100 м) қаласының көлемі жағынан стандартты, тұрғын қала бөліктері жүргізілген арна орының тақталарымен, аражабындар орнатылған жолмен екіге бөлінді. Екі бөліктің әрқайсысы периметрі бойынша салынған 5 аулаға бөлінді.

Ежелгі Грекиядағы *тұрғын үйлер* тас іргетасқа күйдірілмеген кірпіштен тұрғызылды. Террасалар мен кіреберіс діңмаңдайшалардың аражабындары, баспалдақтары, тіреулеріне ағаш, шатырына - жабынқыш, еденіне – топырақ пайдаланылды. Аса бай үйлердің едендері тас тақталардан, қабырғалары сыланып, таскестемен жабылып, сылақнақыштар орындалды.

Тұрғын ғимараттар сәулетінің дамуында жоспардың композициялық құрылысының бірнеше:

1. Мегарон;
2. Бірнеше мегарондарды біріктіру;
3. Үйдің алдында 3 жағынан діңмаңдайшасы бар тұйық ауланың пайда болуы;
4. Пастадты үй;
5. Бағанды үй (үш ашалы үй, 35 м);
6. Помпей түріндегі үй кезеңі болды.

Қоғамдық сипаттағы имараттар

Агора – алғашында сауда орталығы болған қала алаңы. Қоғамдық өмірдің дамуымен қаланың саяси орталығына айналады. Агораның бір немесе бірнеше жағынан қасиетті *бағанды қасбеті* – алуан түрлі діңмаңдайшасы, күннен қорғайтын ұзын қалқасы болған. Алаңда ғибадатханалар және басқа қоғамдық имараттар орналасқан.

Телестерион – мистераль ғибадатхана.

Булевтерий – ақсақалдар кеңесі мәжілісіне арналған ғимарат – *буле*.

Пританеи – полистің өшпес ошағы жанған орын, қоғамдық тамақтану және елшілерді қабылдау орны.

Жамағатхана – халық жиналыстарына арналған ғимарат.

Мұнарашылдық – өнер туындыларын жинайтын орын.

Театрлар.

Одейон – музыканттар мен декламаторларға арналған жабық дөңгелек қоғамдық ғимараттар.

Эргастерий – құлдар қызмет көрсететін колөнер шеберханасы.

Спорттық имараттар – *ипподромдар, стадии, гимнасии*.

Оқу орындары – *лесха* – мектеп, *палестра* – спорттық сабақтар мен жаттығуларға арналған бөлме, *гимнасии* – оқу және спорт сабақтарына арналған бөлме.

Грек театрлары

Театр көріністері Дионис құдайға арналған мерекелік ойындар ретінде пайда болған. Алғашында көріністер көрермендер жайғасқан төбешік баурайында берілген.

Біртіндеп театрды орналастыру едәуір күрделеніп, бірнеше элементтерден тұрды:

Орхестра – хорға арналған дөңгелек алаң;

Сахнамаңдайша – ойын көрсететін орын;

Сахна қалтасы – киім ауыстыратын бөлмелер;

Көрерменжай – көрермендерге арналған орын (диаметрі 140 м-ге жетті).

Ірі грек театрлары:

- Афинадағы Дионис 17 мың көрерменге арналған (78 қатар, биіктігінің құламасы 22,5 м);
- Эпидаврда 44 көрерменге арналған;

- Мегалолисте 10 мың көрерменге арналған (онда театр және булевтерий орналасқан).

Классикалық кезеңге «*әлем кереметтері*» деп аталатын бірнеше имараттарды жатқызады.

Родос алыбы (б.з.д. 292-280 ж.)

Родос алыбы – арал қамқоршысы, аңыз желісі бойынша аралды өз қолымен теңіз түбінен алып шыққан Гелиостың мүсіні.

36 метрлік алып мүсін теңіз бен қала қақпасы арасындағы сауда алаңында ақ мәрмәрмен өрілген 7 метрлік жасанды төбемен бірге көтеріледі. Оның мүсіншісі Лисипп шәкірті, Родос мектебінің өкілі – Харес.

Зор мүсінге үлкен үш тас бағана негіз болады. Бағандар мен дінгектердің сырты темір қаңқамен қоршалып, оның сыртына қалыңдығы 1,6 мм. қапталған қола жапырақ кигізілді, басында нұр шашқан тәжі бар.

Мүсін құрылысы 12 жылға созылған.

Мүсін 60 жыл да сақталмады, б.з.д. 224 жылы аралда болған қатты жер сілкінісі кезінде қирады. Әлсіз жері тізесі болып шығады. Мүсін бүтіндей қираған жоқ, аяқтары бүгіліп, жер құшып қалады.

Олимпиядағы Зевс мүсіні

Мүсінді (б.з.д. 500-430 ж.) белгілі ежелгі грек мүсінші Фидий сомдаған. Ол атақты сәулетші, кескіндемеші, мүсінші және ойшыл болған.

Мүсін зәулім ғибадатхана соңында орналасқан (64 x 28 м және биіктігі 20 м). 14 метрлік Зевс отырған тақ түгелдей алтын және піл сүйегінен, қара ағаш пен асыл тастардан жасалған. Таққа Фидий грек мифологиясының сюжеттері мен шынайы адамдардың бейнесін сомдаған. Негізгі ағаштан істелген құдай мүсінінің беті, қолы, аяғы және ашық төсі өте нәзік зергерлікпен өңделген піл сүйегімен түгелдей қапталған. Ал Зевстің басына таза алтыннан өрілген, бейбітшіліктің белгісі – зәйтүн ағашынан тәж кигізілген болатын. Мүсінші Зевстің бір қолына ұстатқан жеңімпаздық құдайы Ника бейнесі де, екінші қолындағы қыран қонған тұғыр да алтын мен піл сүйегінен жасалған еді. Зевстің шашы мен сақалы да таза алтын болған.

Константинопольге көшірілген Зевс мүсіні өртте қалып, құрыған.

Фарос шамшырағы

Б.з.д. 332-331 жылдары А.Македонский эллинистік Мысыр астанасы – Александрияның негізін құрды. Бұл жерде атақты *Муссейон* – антикалық дүниенің бас ғылыми орталығы және 700 мың томдық грек және шығыс кітаптары есепке алынған Александрия кітапханасы орналасқан.

Птоломей патшаның бұйрығымен сәулетші Книдтік Сострат бар жоғы 5 жылдың ішінде (б.з.д. 283-288 ж.) әктас, гранит және мәрмәрдан тұрғызған атақты Фарос шамшырағы да осы жерде. Биіктігі шамамен, 120 м. Үш қабатты мұнараның бірінші қабаты орасан зор шаршы көлемде - 30,5 м және биіктігі 60 м. Бұл төменгі мұнара тас тақталардан қаланып, мүсіндермен безендірілген. Ортаңғы сегіз қырлы 40 метрлік мұнара ақ мәрмәр тақталармен безендірілген. Мәрмәрмен қапталған мұнара зәулім шамшырақпен аяқталады. Осы үшінші қабат гранит бағаналар тіреп тұрған күмбезбен жабылған. Күмбез басына өте алыстан анық көрініп тұрған теңіз құдайы Посейдонның 8 метрлік қола мүсіні қойылған.

Ішінде бұрама баспалдақтар, жоғарыда темір айналар жүйесі, желбағар, сағат, астрономиялық аспаптар орналасқан.

Шамшырақ шамамен, 1500 жыл тұрып, жер сілкінісінен қираған.

1980 жылы археологтардың халықаралық тобы Фарос шамшырағының қалдықтарын тапты. Сол кезде 8 метр тереңдіктен аты аңызға айналған Клеопатра сарайының қираған орны табылды.

Галикарнас кесенесі Сәулетшілері Пифей және Сатир

Гректің кейінгі классика сәулетінің ең орасан зор ескерткіштерінің бірі болып табылады. Мазар құрылысын патша бастап, б.з.д. 353 жылы Карий Мавсолдың әйелі және туған қарындасы Артемиса аяқтады. Кесене сәулетіне алғаш рет 3 ордер де қолданылады. Төменгі қабат 15 дорика бағанасымен, жоғарғы қабаттың сыртқы бағаналары ионика ордерімен, ал ішкісі – коринф жүйесінде салынған.

Бұл 3 қабатты имарат. 1-қабатта ақ мәрмәрдан «Гректердің амазонкалармен шайқасы» безендірілген. Осы жерде негізі 66 x 77,5 м және биіктігі 20 м жерлеу ғибадатханасы орналасқан.

2-қабат монументті ионика кескінді бағаналардан тұрады (бұл жерде алтарь сақталған), 3-қабат 24 мәрмәр сатыдан тұратын пирамида тәрізді шатыр. Мавсол және Артемиса билік еткен төртжекпе ғимараты аяқталды. Мазардың айналасына арыстандардың, салт аттылардың мүсіндері орнатылған. Ол тек биіктігімен емес, грек еліне белгілі Скопас, Леохар, Бриансид, Тимофей секілді әйгілі мүсіншілердің қолынан шыққан әр алуан мүсіндер арқылы көркемделуімен де ерекшеленеді.

Орта ғасырда кесене жер сілкінісінен қирады және крестшілер бұзып әкетті.

Кесенеден шыққан мүсіндер мен басқа дүниелер қазір Лондондағы Британ мұражайында сақтаулы.

Классикалық кезеңге тән ерекшеліктер

1. Реализм және Ежелгі Грекия сәулеті мен өнерінің дамуы.
2. Имараттың жаңа түрлерін жасау: қоғамдық, спорттық, ойын-сауық, жалпы білім беру және діни.
3. Сәулеттік форма және белгілі бір тұрпаттағы адамзат қауымына, халықтың әдет-ғұрыптары мен салт-дәстүрлеріне, табиғи жағдайларға арналған функционалдық имараттардың арақатынасы.
4. Көркемдік пішін саласындағы жетістіктер. Пішіндердің қарапайымдылығы және конструкциялардың жүйелі құрылымы.
5. Басты жетістік – көтергіш (бағаналар) және көтеріп әкелетін (архитрав арқалықтары) элементтерге айқын бөле отырып, ордерлік жүйе жасау. Оның негізінде әмбебап сәулет тілі құрылды.

Эллинистік кезең сәулеті

Б.з.д. IV ғасырда Грекияның жеке-жеке қала-мемлекеттерін македондық патша Филипп басып алады, ал 332 жылы оның ұлы Александр алыс жорықтарға қамданып, орасан зор держава құрады. Александр көз жұмған соң оның державасы Балқаннан Үндістанға

дейін және Қара теңізден Мысырға дейінгі кең байтақ аумақты алып жатқан бірнеше эллинистік мемлекеттерге бөлінеді.

Македондықтардың алға басып, жаңа жерлерді отарлап алуы нәтижесінде жаңа қалалар тұрғызылып, ескілері кеңейтіліп, қайта қалпына келтірілді. Стихиялы құрылыстың орнын жүйелі құрылыс басты, эллинистік мәдениет жергілікті дәстүрлер ықпалымен өзгере отырып, кеңінен тарайды.

Гипподам жүйесі қалаларды қайта құруда дами түсті, мысалы, қоғамдық және діни орталықтар айқын ерекшеленетін Милет және Приен қалалары. Кейбір қалалар жер бедеріне сай орналастырылған. Пергамда акрополь имараттары орталық қолайлы ашық алаңдарда композиция орталығы 14 мың көрерменге арналған театр болатындай теңізге қарай төмен етіп көркем өрістелген.

Сәулет пен өнерде классика қарапайымдылығы мен монументтілігі сәулет айқындығына жетудің қосымша тәсілдері ретінде динамизммен, бөлшектердің уақталуымен, молдығымен, жарық және көлеңкенің құбылуымен, биіктік құлаамасын белсенді пайдаланумен алмасады.

Діни құрылыстарда ғибадатханалар шағын көлемді етіп тұрғызылады және неғұрлым іскери сипатта болады. Қоғамдық және діни сипаттағы алаңдарды жинақтау идеясы бағанды ғимараттар құрылысының көмегімен жүзеге асырылады. Төмендегілер осыған мысал бола алады.

Пергамдағы Афина ғибадатханасы

Ол үш жағынан екі қабатты бағанды қасбетпен қоршалған кең алаң болып саналады. Оңтүстік ғибадатханада ионика ордерінің бағанды ғимараты түріндегі Зевс алтары орналасқан. Алтарьдың шығыңқы іргесі құдайлардың алыптармен күресін бейнелейтін жалпы ұзындығы 120 м мүсіндік әшекейбедермен өңделген. Алтарь мүсіндерінің динамикалық, эмоционалды қызу композициясы эллинистік өнердің жалпы бағытын, кейіпкерлердің психологиялық сипатына, орасан зор және драмалық оқиғаларды бейнелеуге оның бейімділігін сипаттайды.

Ордерлерді пайдалануда канондық сұлбалар қолданылмайды, ордер тым көркем сәнді пішіндерге ие болады. *Коринф ордері* кеңінен қолданылады.

Бағанды қасбеттерде ордерлер үйлесімінде жүйелі құрылымның жүйелік қағидасы негізге алынады: монументті дорика ордері – төменнен, жеңіл ионика ордері – жоғарыдан, интерьерге әсем коринф ордерінің бағаналары енгізіледі. Мемориалдық монументті имараттардың жаңа түрлері пайда болады. Афинадағы Лисикрат ескерткіші мысал бола алады.

Афинадағы Лисикрат ескерткіші (б.з.д. II ғ.)

Бұл – ән салу жарысында жеңіске жеткен қарапайым қала тұрғынына арналған ескерткіш. Ол сыйлықты сақтауға арналған болатын. Негізі төртбұрышты, ал ескерткіштің көлемі – цилиндр тәрізді болып келген. Қасбетте коринф ордерінің 6 бағанасы қолданылған. Жабыны – шатырлы.

Эллинистік кезеңге тән ерекшеліктер

1. Сәулет стиль бірлігін жоғалтады.
2. Экономикалық түсініктер бойынша имарат өлшемдері азаяды.
3. Мемориалдық және монументтік имараттардың жаңа түрлері пайда болады.
4. Интерьерлерде сәнді коринфтік ордер қолданылды.
5. Жоспарлаудың гипподам жүйесі кеңінен таралады.
6. Өнерде – бөлшектердің молдығы, декоративизм, элементтердің уақталуы, жарық пен көлеңкенің құбылуы жолға қойылады.

1.3.2-тақырып. Ежелгі Рим сәулеті б.з.д. VIII-V ғ.

Ежелгі Италия мәдениеті ежелгі италиктер мен этрустар мәдениетінің бірігуі кезінде және грек мәдениетінің ықпалымен Аппенин түбегінде қалыптасты.

Италия таулары орман мен тасқа бай: таутезек, базальт, әктас. Сондықтан ежелгі Италиядағы негізгі құрылыс материалы тас және күйдірілген кірпіш болып табылады. Вулкан күлін (*пуццолана*) жергілікті халық бекіткіш ерітіндіге беріктік пен суөткізбеушілік қасиет беретін байланыстырғыш материал ретінде бұрыннан пайдаланған. Ерітіндіні пайдалану қалауға дөрекі өңделген тас-

ты қолдануға мүмкіндік берді, ал ерітіндіге қиыршықтасты қосу *бетонның* пайда болуына әкелді.

Ерітіндіде тас және кірпіш қалауын қолдануға байланысты Ежелгі Италия құрылысының тағы бір ерекшелігі үлкен аралықтарды жабуға мүмкіндік беретін *аркалық және дұрыс тоғыспалы конструкцияларды* пайдалану болып табылады. Мұндай конструкциялар тек азаматтық құрылыста ғана емес, сонымен қатар толып жатқан *инженерлік имараттарды* тұрғызуда да пайдаланылды: *арна көпірлер, виадуктер.*

Антикалық Италия сәулетінің тарихы:

Этрус-архаикалық кезең - б.з.д. VII-V ғасырлар;

Рим республикасының сәулеті - б.з.д. IV-30 жылдар;

Рим империясының сәулеті - б.з.д. 30-476 жылдар;

Рим империясы ыдыраған кезеңдегі сәулет - V ғ. соңына дейін болып төрт кезеңге бөлінеді.

Этрус-архаикалық кезең

Этрустардың мәдениеті ежелгі италиктердің мәдениеті негізінде пайда болды.

Ежелгі италяндықтар имарат пайдасын оның үнемділігімен, инженерлік ойды конструкция қарапайымдылығы және әдемілігі ұғымдарымен қатар қолданды. Олар топырақ үйінділерімен мен шұңқырлармен қоршалған шағын қалаларда қоныстанды. Олардың тұрақ жайларының қаңқасы – сырғауыл, шатыры – сабан, дөңгелек лашық түрінде күйдірілмеген кірпіштен салынды.

Кейін ағаш аражабындармен күйдірілген кірпіштен дұрыс тік бұрышты пішіндегі имараттар пайда болады. Этрустардың үйлерінде (*домус*) барлық тұрғын бөлмелер ішкі аула – түндікті аула немесе астында шағын хауызы – *инплюви* орнатылған төбенің орталық бөлігіндегі саңылау – *комплюви* бар үлкен орталық бөлме айналасына топтастырылған. Қорғаныс имараттарының, соның ішінде қаланың қалыпты тіршілігін қамтамасыз ететін көпірлер, бөгеттер, жолдар, су қорына арналған цистерналар құрылысына үлкен мән берілді.

Архаика кезеңінде-ақ дүниенің төрт жағына бағытталған жүйелі жоспары және көшелері бар қалалар салына бастады. Орталықта ғибадатханасы бар алаң орналасқан.

Ғибадатхана құрылысында этрустардың іскерлігі байқалды. Олар бір төбенің астына үш целланы (ғибадатхана) біріктірді, сондықтан ғибадатхана бір уақытта үш құдайға бірдей қызмет көрсетті. Ғибадатхана бір жағында баспалдағы бар биік *нарға* қойылды. Мысалы, Орьвьетто ғибадатханасы (б.з.д. IV ғ.).

Діни имараттар қала сыртына шығарылған, жарықтандырылған телімдерге орналастырылды. Жерлеу рәсімі жерлеу қорғандары – тумулуларда өткізілді. Олардың диаметрі 20-30 м-ге жетті. Табыт салынған сауыттар – *канопалар* тұрғын үй пішінін, кейін өлген адамның мүсінін елестетті. Жүздеген тумулулар жойылғанымен, Вульчи жанында, Вейде, Тарквинийге жақын Картонда кездеседі.

Этрустар мәдениеті Римде біраз уақыт Этрус патшаларының әулеті үстемдік еткен шақта гүлдену шегіне жетті, кейін ол римдік мәдениетпен бірігеді.

Рим республикасының сәулеті

Соңғысы қуылған соң б.з.д. 510/509 жылы Римде республика орнатылды.


Сауданың дамуы, табысты соғыстар мен құлдардың ағылып келуі экономиканың дамуына мүмкіндік туғызды. Жеңістердің құрмет мерекесінде гладиаторлар шайқасы, шерулер өткізілді, нан үлестіріліп берілді. Өмір салтына сәйкес Рим сәулеті қалыптасады: көп халық сыятындай құрылыстар тұрғызды.

Римдік құрылыс өнері этруск және грек өнерінен бастау алады.


Аркаларды архитравты жүйемен біріктіру қоғамдық имараттар құрылысы діни имараттардан басым жана, бір үлгідегі римдік сәулетті құрады. Құрылыста кірпіш қабатымен кезектесіп келетін тас артық көрінді. Алдымен қалау «құрғақтай» жүргізілді, бірақ бұл тәсіл арзан тәсілмен, яғни, жоғары сапалы ерітіндіге дөрекі қашалған тасты пайдаланумен алмастырылды. Тас тақталармен қапталған бетон қабырғалар кеңінен қолданылды.

Грекердің шеттен алынған сәулет пішіндері қайта талқыланды. Мысалы, римдік ордерлер жүйесі қалыптасады. Римдік сәулетте грек үлгілерінің негізінде дамыған ордер көркем бейнеліктің басты құралдарының бірі болып қала берді. Дегенмен, Грекияға қарағанда бұл жерде ордердің 5 түрі қолданылды. Римдіктердің ордері конструктивті бөлік ретінде емес, сәндік элемент ретінде қарастырылады. Тіпті бағаналардың өзі мүсін сияқты бір ғана ке-

сектен қашалды. Бағаналары бір тұғырға орнатылған толық римдік ордер кеңінен тарайды. *Римдік ордерлер жүйесі:*



19-сурет



20-сурет

1. Тоскандық ордер – ең қарапайым жүйе. Өте көлемді бағаналарымен және ағаш сәнмаңдайшасымен ерекшеленеді. Егер тастан орнатылса, онда оның пішіні дорика сәнмаңдайшасының жеңілдетілген нұсқасы болар еді.

2. Римдік-дорика ордері, гректердің дорика ордеріне қарағанда бағаналары үйлесімді және сәнмаңдайшасы аласа болып келген.

3. Римдік-ионика ордері – грек ордерлерінің пішіндері мен сәйкестігін мұра еткен. Рим халқының баюға деген беталысының

дамуына байланысты ордер элементтері біршама күрделене түсті. Әсіресе ернеуді ұстап тұрған бөлік жоғары көтерілді.

4. Коринф ордері Грекияда кеңінен тарамғанымен, Римде, әсіресе Императорлық кезеңде басым ордерлердің біріне айналды. Ол үйлесімділігімен және сәнділігімен ерекшеленеді.

5. Композитті ордер – коринф ордерінің пішіндерін қайталайды, бірақ оның әсембағаны коринф және ионика ордері әсембағандарының белгілерін бойға сыйғызады.

Республика құрылған шақтағы қызу әскери жағдай қорғаныс және инженерлік имараттарды тұрғызуға мәжбүр етті. Рим қабырғаларын онан әрі бекіту жол төсемдерін, жерасты су құбырларын, канализациялық коллекторларды және басқа инженерлік имараттарды салумен қатар жүргізілді.

Римдіктердің этрустардан алған қабырға және арка конструкциялары Рим республикасы кезеңінде одан әрі дами түседі. Аркалар аралығы көбейеді. Ірі имараттар су құбырлары мен арна көпірлер болып табылады. Б.з.д. II ғасырда тек Римде ғана 1350 қайнар көзді қамтамасыз етіп тұрған 9 үлкен су құбыры, 15 субұрқак, қоғамдық және жеке меншік моншалар болған. Арна көпірлер бірнеше қатар етіп бірінің үстіне бірі тұрғызылған биік тас қақпабағана мен аркалар жүйесі болып саналады (*20-сурет*).

Олардың ішіндегі ең ірілері:

- Римдегі Марция арна көпірі (б.з.д. 144 ж.) – бұл ұзындығы 10 шақырым алғашқы аркалық арна көпір (Марций – мердігер, әдетте мердігер атына байланысты аталған). Аркаларда қорған тас қолданылған. Су құбырларының құбырлары күйдірілген балшықтан төртбұрышты қималы.
- Нимдегі арна көпір – 41 шақырым.
- Клавдия арна көпірі – 46,5 миль, олардың 36-сы – жерастында, аралықтағы аркалар 5,5 м.

Рим республикасы кезеңінде биіктігі 49 м және 275 м арна көпірмен Град көпірі, ұзындығы 24,5 м Фабриция көпірі (б.з.д. 62 ж.) тұрғызылып, тас Аппий жолы төселеді.

Рим республикасының ғибадатхана құрылысында тұйық целламен және бас қасбет діңмаңдайшасы ерекшеленген архаикалық римдік ғибадатхананың жоспарланған қағидалары грек бағанамандайшасымен немесе айнала ұстынды жаймен бірікті.

Дөңгелек ғибадатханалар – толостар кеңінен тарады (коринф ордері қолданылған, қабырғасы – бетон және төбесі – конус тәрізді Тибурдағы ғибадатхана).

Көп халықты жинап сыйғызу қажеттігіне байланысты Римде ерте христиандық ғибадатханалар негізі атанған орасан зор базилик салынады. Рим республикасы кезеңінде базилик ғимараттарын діни имараттар ретінде ғана пайдаланған жоқ. Олар сот ісін қарау, сондай-ақ сауда-саттық мақсатында пайдаланды.

Рим республикасының мемориалдық имараттары орасан зор айырмашылығымен ерекшеленеді. Егер бұрын жерлеу рәсімдері қорған-тумулуларда өткізілсе, енді жерлеу камералары едәуір аза-йып, ескерткіштер көбейеді. Табыт өлген адамның мүсіні бейнеленген каноптарда сақталады.

Римде Апий жолындағы Цецилия Метелла мазары (б.з.д. I ғасырдың соңы) жарлауықпен қапталған, бетоннан тұрғызылған мұнара болып табылады. Үстінде күмбез болған, бірақ кейіннен мазарды бекініс мұнара ретінде пайдаланғанда күмбезді талап әкетіп, үстін қайта салған. Римдегі Цестия пирамидасы (б.з.д. 20 ж.) үшкір пирамида түрінде салынған. Орасан зор мемориалдық имараттардың бірі Римдегі Август кесенесі болып табылады (б.з.д. 28 ж.).


Тұрақ жай сәулеті едәуір өзгерістерге ұшырайды. Интерьерлерді безендіруде жасанды мәрмәр мен сылақ қолданылады. Қабырғалары суреттермен және таскестелермен әшекейленеді.

Әдемі үй-жайды жоспарлағанда рим-этрустардың түндікті ауласы мен гректердің бағанды ғимараты да қамтылды.



Үйдің ең қарапайым түрі *домус* (түндікті ауласы бар үй) вестибюль – кіреберіс тамбурдан, лавка-табернадан, хауызы бар түндікті аула айналасына топтастырылған тұрғын бөлмелерден, түкпіржай – бас салтанатты бөлмеден, шағын үй-жайға шығатын бақтан тұрады.

Рим ақсүйектері – нобилдер шағын бақтың орнына бағаналармен қоршалған ашық аулаға жалғастыра салынған тым күрделі үйлер – түндікті аулалы-бағанды ғимараттар салды (*21-сурет*). Италия тауларының баурайына террасалы үйлер салынды (*22-сурет*).

Этрус үйлерінен түндікті аула, ал гректерден бағанды ғимарат пен көшеден оңашаланғандықты мұра етіп қабылдаған патрициялардың жеке меншік тұрғын үйлерінен басқа Рим республикасы кезеңінде жеті қабатқа дейін биік, пайдалы үйлер – инсулдар құрылысы басталады.



21-сурет



22-сурет

Рим республикасы сәулетінің ерекшеліктері

1. Имараттың айрықша қоғамдық сипаты.
2. Көп адам сыйғызуға болатын қоғамдық имараттар, ғибадатханалар, алаңдардың күрделі жүйесін қалыптастыру.

3. Қалалардың әскери сипаты.
4. Кеңістіктік және конструктивтік шешімі бойынша күрделі инженерлік және азаматтық имараттарды тұрғызу.
5. Құрылыс техникасы мен бетон қалаудың одан әрі дамуы: инцерт ретсіз қалаумен қатар 4 қырлы тастан ретикулат қалауын қолдану.
6. Шағын жерлеу камерасы және үстінде негізгі ескерткіші бар қабір үстіндегі имараттың жаңа түрлерінің пайда болуы.
7. Ордерлік пішін мен тоғыспалы және аркалық аражабындары үйлестірілген жаңа конструктивтік жүйелерді пайдалану. Ордерлердің римдік жүйесінің қалыптасуы.
8. Ғибадатханалар мен тұрақ жайлардың негізгі түрлерінің қалыптасуы.

Рим империясының сәулеті

Октавиан Августың император етіп жариялануы және республиканың империяға айналуы римдік құлиеленуші демократияның заңдылыққа сай даму кезеңі болды. Август Рим империясының айбынын ғаламат қоғамдық ғимараттар салумен арттыра түсті. Жаңа ғимараттар тұрғызылып, ескілері қайта салынды.

Негізгі құрылыс материалы кірпіш болды, бірақ қаптау үшін қымбат қаптау материалдары пайдаланылды. Рим империясының сәулетіне ғимараттардың ерекше түрлері тән.

Рим империясы имараттарының негізгі түрлері

1. Сарайлар (ауданы 50 га саябағы, жасанды тоғаны, биіктігі 35 м алтын жалатылған қоладан жасалған император мүсіні бар Нерон императордың «Алтын үйі»; Палатиндегі Флавий сарайы (б.з. 96 ж.); Домициан сарайы (80-90 ж.);
2. Виллалар (Тиволидегі Адриана вилласы (126 ж.), Помпейдегі Марк Руфус вилласы);
3. Инсулдар – пайдалы үйлер (биіктігі - 7 қабат Остиидегі Джулио Романо көшесіндегі үй);
4. Салтанат аркасы (Римдегі Тита);
5. Моншажайлар – моншалар (Геркуланумда, Помпейде);
6. Театрлар, амфитеатрлар, ат жарыстарына арналған цирктер (Римде Колизей, Веронда);

7. Мемориалдық имараттар – кесенелер, колумбарийлер;
8. Ғибадатханалар (орасан зор көлемді базиликтер) және ғибадатхана кешендері (Ливанда, Баальбекте, I-II ғ.);
9. Базарлар;
10. Курия – соттар;
11. Сенат ғимараты және т.б.;
12. Форумдар (Римдегі Император форумы).


Римдегі императорлық форумдар (б.з.д. 30 жылдың басы-II ғ.)

Империя дәуірінде форумдар кеңейтіліп, ерекше айбындылыққа ие болды. Ең орасан зоры Римдегі Императорлық форумдар болып табылады. Оның ансамблі орналастырылуы жағынан Ежелгі Мысырдың ғибадатхана кешендеріне жақын, кеңістіктің бойлық осімен біршама симметриялы болып саналады.

Троян форумы орталық форум болып табылады. Ортасында атта отырған императордың мүсіні бар кең бағанды аула солтүстік-батыстан орасан зор Ульпия базилигімен тұйықталады. Оған латын және грек кітапханалары жанасқан. Олардың арасында биіктігі 5,5 м мәрмәр текше негізде тұрған атақты Троян бағанасы орналасқан. Бұл биіктігі 33 м дорийлік әсембаған, бағананы бұрала оралған түрлі түсті бедерлі 17 мәрмәр барабаннан тұрады. Онда Дакия соғысының жеңімпаз-жауынгерлері бейнеленген (2500 мүсін, оның ішінде 90 мүсін императордікі). Бағана ішінде – 185 сатыдан тұратын бұрамалы баспалдақ, қабырға қалыңдығы – 1,80 м. Троян форумы бірнеше ондаған жылдар бойы салынып, 112-117 жылдары аяқталды (23-сурет).

Императорлық форумдар кешеніне:

1. Атта отырған Троян мүсіні, Троян бағанасы, Троян ғибадатханасы және Ульпия (112 ж) базилигі бар Троян форумы (126 x 126 ж);
2. Юлий Цезарь форумы – Август тұсында іскери мәмілелерге арналған таберна-биржалар салынған сауда орындары (б.з.д. 46 ж.);
3. Марс Ультор ғибадатханасы және демалуға арналған аркалары бар Август форумы (б.з.д. 2 ж.);



23-сурет

4. Роман форумы – бұл қалқалы базар алаңы (өте нашар сақталған);
5. Нерв форумы;
6. Мир ғибадатханасы бар Мирдің өтетін форумы (70 ж.) жатады.

Форумдарға империяның негізгі жолдары апарады, онда жеңіс жорықтарынан кейін салтанатты шерулер өткізілді. Қолбасшылардың құрметіне жолдарға және алаңға кіреберіс жерлерге салтанатты аркалар қойылды.

Салтанатты аркалардың сәулеттік түрі ғимараттың салтанатты есігінен – бетше босағалардан басталады. Римде салтанатты аркалардың бірнеше түрлері жасалды – бір аркалы аралықты қарапайым көлемдегі қабырғадан (Тит аркасы (81 ж.)) сән-салтанатты үш аралықтыға дейін (Римдегі Константин аркасы). Аркаларда басқа елдердің ұрланған сәулет ескерткіштерінің бөлшектері пайдаланылды. Аркалар қолбасшылардың ескерткіштері болып табылады, жеңістің құрметіне тұрғызылып, форумның салтанатты есігінің рөлін атқарды. Рим сәулетінде театрлар мен амфитеатрлар құрылысы ерекше орын алды. Рим театрларының грек театрлары-

нан басты айырмашылығы Римде таулардың табиғи баурайы болған жоқ. Амфитеатрлар жасанды түрде көтеріліп, қоршалды. Адамдарды көшіру сақиналы фойе көмегімен жүзеге асырылды.

Марцелла театры (б.з.д. 11-14 ж.) римдіктердің ең ірі театры болып табылады. Бұл театрда алғаш рет дөңгелек емес, жарты шеңберлі орхестра қолданылды. Ойын алаңы ретінде Грекиядағы сахнамандайша сияқты емес, артында әжетханасы мен қоймасы бар, қосымша бөлме орналастырылған ұстынгізбекті сахна қалтасы қолданылды.


Римдік ерекше имараттар сопақ амфитеатрлар болып табылады, олардың ішіндегі ірісі Флавий театры, көбінесе, Колизей деп аталады.

Колизей (75-80 ж.)


Колизей (24-сурет) 80 жылы тұрғызылғанымен, I ғасырдың соңына дейін салынды. Ол ауқымды жер қазу жұмыстарын жүргізбей, тек түбін ғана тазарту үшін суалып қалған көлдің орнына салынған. Имараттың ірі көлеміне байланысты «Колизей» деп аталды. Амфитеатр өлшемі – 186 x 156 м., биіктігі 48,5 м., эллипс шеңберінің ұзындығы – 520 м. Колизейге 50-ден 80 мың адамға дейін сыйған. Төрт қабатты бұл имарат негізін тас тіреулер мен бетон тоғыспалардан қаланған қаңқа құрайды.

Колизей қасбетінде 76 аркалық аралық есепке алынды. 2 және 3-қабат жиекқабырғаларында мүсіндер сақталмаған, 4-қабат қабырғаларында терезе ойықтары арасында ашық сәнді қалқандар орнатылған. Қасбетті бөліп тұрған белдігі имаратқа өзгеше бір сән беріп тұрғандай. Әр қабат имарат тектоникасына сәйкес ордерлік пішіндермен әшекейленген: төменнен жоғарыға қарай – дорика, ионика, коринф ордерінің жартылай бағаналары және коринф ордерінің жауырындық қабырғасы бөліп тұрады. Қабырғалар ақ мәрмәр ұнтақ қосылып сыланған.

Орындардың орналастырылуы көрермендердің әлеуметтік тегіне байланысты ерекшеленді. Көлемі 45 x 78 м терең аренада гладиаторлар шайқасы, ойындар, теңіз шайқастары мен жарыстар өткізілген.



24-сурет



25-сурет

XIII ғасырда өрттен кейін Колизей тастары тоналып, XIX ғасырға дейін жарлауық блоктары ұрланды. Тас блоктардан 23 тұрғын үй, 6 шіркеу, айлақ, папа кеңсесі салынды. Рим папасының жарлығынан кейін Колизей қабырғаларын сүйемелдеу үшін қарсыкермелер тұрғызылды.

Жаңа конструктивтік аркалық жүйелердің пайда болуы барлық құдайлар ғибадатханасы – Пантеон сияқты монументті кеңістік жасауға мүмкіндік берді.

Пантеон

Сәулетшісі – Апполодор Дамасский (27-125 ж.)

27 жылы салынған Пантеон ғимараты 120-125 жылдардағы өрттен кейін қалпына келтірілді (25-сурет). Бұл ғибадатхана құрылыстарының жаңа түрі дөңгелек целла – ротондалы ғибадатхана.

Ғимарат ортасында диаметрі 9 м тесігі бар, 43,2 м тіктөбеойықты (бес қатар) бетон күмбезбен жабылған. Күмбездің биіктігі 42,7 м, сыртының өзі алтынмен қапталған, қола сырмен жылтыратылған (5 қатар тіктөбеойық).

Пантеон қабырғалары мәмәрмен қапталған күйдірілмеген кірпіштен орындалған. Негіз қабырғасының қалыңдығы 6,2 м. Сфералық күмбез бетонның көлденең қабаттары және күйдірілген кірпіш қатарларынан орындалған. Күмбез салмағын жеңілдету үшін бетон мен кірпіш қабаттары жоғарылаған сайын жұқартыла түскен, ал бетон құрамына кеуек қиыршықтас қосылған. Алып ғимаратты


ұстап тұрған қалыңдығы алты метр шомбал қабырғаларға 8 текше орнатылған. Олардың бірі діңмаңдайшаға кіреберісте ашылады, ал қалған текшелерге құдайлардың мүсіндері орнатылған.

Ғибадатханаға кіреберісте биіктігі 14 м коринф ордерінің сегіз бағаналы діңмаңдайшасы тұр. Кейіннен ғибадатхананы ұлы адамдарды жерлеу үшін пайдаланған. Ертеректе кіреберіс есіктің алдында салтанат аркалы тікбұрышты аула болған.

XVIII ғасырда Пантеон ішіндегі ордер жиектемемен алмастырылған. Кейіннен «пантеон» деп ұлы адамдардың сағанасын айтқан.

Ыдырау кезеңіндегі Рим империясының сәулеті

Бұл кезең сәулеті әшекейдің бұрын-соңды болмаған сән-салтанаты және байлығымен, сонымен қатар стильдік тұтастықты жойып алумен, сәйкестемелік қатынастың ажарсыздығымен сипатталады.



26-сурет

Төрттаған тоғыспа конструкциялар дами бастайды. Олар азаматтық ғимараттарда алғаш рет термдерде қолданылады.

Рим императорлары амфитеатр тұрғызғандағыдай халық алдында әйгілілікті жеңіп алу мақсатында термдер құрылысын қолға

алды. Моншаларды пайдалану тегін болды және кез келген азамат тек күндіз ғана емес, сонымен қатар түнде де моншаға кіре алды. Бастапқыда термдер тек шомылатын ғана емес, сондай-ақ жаттығу жасайтын, жүзетін, демалатын және көңіл көтеретін орындар міндетін атқарды. Римде 11 ірі императорлық және 800 жеке монша болды. Ең ірілері 3200 адамға дейін сыятын Диоклетиан термы (302-306 ж.) еді. Осындай ғаламат құрылыстардың бірі Каракалла термдері болатын (26-сурет).

Каракалла термдері (206-216 ж.)

Термге 3000-ға дейін адам сыятын және 12 га – 337 x 328 м алаңда орналасқан. Термдер кешені жан-жағынан нөмірлі монша, кітапхана, стадион және т.б. екі қабатты корпустармен шектелген саябақта орналастырылған 220 x 114 м орасан зор тік бұрышты ғимараттан тұрады.


Термдердің бас ғимаратында дәл кіндік тұсын бойлай 58 x 24 м суық сулы ашық бассейн, алаңы 2700 шаршы метр сәулетті кең зал – суық монша (*фригидарий*), ыстық монша (*тепидарий*) мен дөңгелекотау диаметрі 34 м тамаша күмбезді ыстық монша дөңгелекотауы, бас есікке қарама-қарсы қасбетті бойлай пішіні 8 түрлі демалыс орындары орналасқан. Сонымен қатар термдерде 2 палестра, шешінетін, массаж жасайтын залдар орналасқан.

Термдерге кіру жүйесі бөлмелерді жылдам және қолайлы пайдалану есебімен салынған, термдер мүсіндермен және басқа өнер ескерткіштерімен жабдықталған. Сыртқы қасбеті қарапайым сылақ, сурет салынып әшекейленсе керек. Бас корпус залдарының астында қосымша бөлмелер, жылу жүйесі, су құбыры, жүргізілген арналар. Аула ішіндегі үлкен бөлмеде үлкен тұндырғы-цистерна тұр.

Римде үлкен құрылыстың соңғы кезеңі III ғасырға жатады. Күшті саяси жағдай, қорғаныс талаптары бекініс түріндегі имараттардың пайда болуына әкелді. Император Аврелиан (270-275 ж.) кірпіш пен бетоннан, қарсыкермелері және мұнаралары бар, ұзындығы 19 км Римнің қорғаныс қабырғасын салғызды. Императордың өз үйі бекініс қорғанға ұқсас.

Сплиттегі Диоклетиан сарайы (305 ж.)

Адриат теңізінің жағалауындағы Далмацияда Диоклетиан императорына арналған сарай тұрғызылды (27-сурет). Бұл камал-сарай. Оның жайғастыру планының негізінде римдік әскери лагерь қағидасы жатыр. Сарайдың сыртқы қабырғалары мұнаралары және қақпалары бар камал қабырға болып табылады. Кешеннің екі бөлігін гвардияға арналған және азық-түлік қоймасының корпустары алып жатты. Басқа екеуі іші дөңгелек және сырты сегіз қырлы Диоклетианның төрт бағаналы ғибадатханасы және кесенесі бар сарай және діни корпуста бөлінді.



27-сурет

Теңізге шығатын көше діңмандайшалармен безендірілген, кейіннен Италияда және басқа елдерде кеңінен пайдаланылған жаңа енгізілім – бағана сәнмандайшасының орнына аркалар қолданылған. Күмбезбен жабылған сарай вестибюлі алаңды салтанатты залмен және теңізге шығатын галереямен байланыстырады. Сарай сәулетінде шығыс сәулетшілігінің ықпалы байқалады – бұл өңдеудің доғалдығы, пішіндердің ауыр салмақтығы.

Діни құрылыста ғимараттардың жаңа түрлері пайда болады: орталық дөңгелекотаулар және базилик ғибадатханалар. Базилик – христиан ғибадатханаларының бір түрі болып табылады.

Ғибадатханалардың міндетті жабдығы алтарь орналасқан апсида болып саналады. Апсидалар жоспарлау элементі ретінде ертеде сарайларда кездесетін, онда император тағы орналастырылады.

Антикалық ғибадатхана апсидаларында құдайлардың мүсіндері орнатылатын. Рим сәулетінің ірі базилигі және соңғы монументті туындысы Максенция-Константина болып табылады.

Максенция-Константина базилигі (306-315 ж.)

Оның көлемі 101 x 76 м, ортаңғы астаукеңістігінің биіктігі 35 м. Базилик 3 астаукеңістікке бөлінеді, орталық (ені 25 м) және бүйір жақтары 17,5 м. Ортаңғы астаукеңістік 3 төрттаған тоғыспамен жабылған. Интерьерді жарықтандыру аражабын биіктіктерінің құламасы есебінен жүзеге асырылады. Кейіннен базилик қайта тұрғызылды: бас есік көлденең қабырғадан бойлық қабырғаға ауыстырылды, ал оған қарама-қарсы қабырғаны тағы бір апсидаға көтеріп шығарды.

Империяның экономикалық және саяси дағдарысы басталысымен құрылыс қысқарып, сәулет әсерсіз, мадақты салтанатқа айналады, имарат бөлшектері ажарсызданады. Ең маңызды туындылар Францияның отар елдері Африка мен Сирияда жасалады. Рим сәулетінің тәсілдерімен қатар провинцияларда жергілікті құрылыс тәсілдері де қолданылады.

Діни ансамбльдің тамаша үлгісі Баальбектегі (Ливан, III ғ.) ғибадатхана болып табылады. Рим сәулетіне тән Үлкен және Кіші ғибадатхана кешендерінің симметриялы композициясы шығыс сәулетшілігінің пішіндеріне: дәрет алуға арналған хауыздар, алты бұрышты әрлі-берлі өтетін аула, зиккуратты еске түсіретін мұнара-алтарь сай келеді.

Рим өнеріне тән белгілер кескін нақтылығы, портреттің жоғары шеберлігі, соғыс сюжетті көркем суреттердің дәлдігі болып табылады. Ертедегі грек үлгілерін жиі көшіретін мүсін өнері жоғары деңгейге жетті. Кейінгі римдік өнерде кескіндердің уақталуынан артық бөлшектер пайда болады. Провинцияларда Рим өнері әртүрлі таратылады. Шығыста ол жергілікті дәстүрлермен жалғасады. Грек облыстарында шеберлер классикалық дәстүрлерді сақтауға тырысады.

Рим сәулетіне тән белгілер

1. Рим сәулеті гүлденуінің шарықтау шегіне жетуі – I ғасырдың соңы – II ғасырдың басы Рим империясының гүлдену кезеңі.
2. Имараттардың ерекше типологиялық әртүрлілігі (грек сәулетіне қарағанда ғимарат түрлерінің аз мөлшерін жетілдіру бойынша көп ғасырлық жұмыстар жүргізілген).
3. Орасан зор имараттар.
4. Жаңа құрылыс материалдары мен тәсілдері (бетонның пайда болуы, қалаудың әртүрлі түрлерін қолдану (инцерт және ретикулат және т.б.).
5. Грек ордерімен үйлесте аркалық конструкцияларды кеңінен қолдану, нәтижесінде римдердің аркалық ұяшығы пайда болады.
6. Ғибадатхана имараттарының жаңа түрлерін жасау – базиликтер және орталық дөңгелекотаулар.
7. Идеологиялық тұрғыда Рим сәулетінің ең монументті туындылары тікелей императорлық тапсырыстарға байланысты болды.
8. Алғаш рет теориялық еңбектер пайда болады: қала құрылыстық, инженерлік-техникалық және көркемдік мәселелер қарастырылған Витрувийдің «Сәулет туралы он кітабы» (Витрувий – б.з.д. I ғасырдың 2-жартысындағы римдік сәулетші және инженер).

Рим сәулетіне тән қайшылықтарға:

- сәулеттің қоршаған ортадан оғаштығы, имаратты табиғатқа қарсы қоюды;
- нағыз жұмысты атқарушы конструкция мен декордың сыртқы пластикасы арасындағы бірліктің жоқтығын.
- қасбет бөлшектерін өңдеу ажарсыздығы мен ішкі интерьердің артық сәнділігі арасындағы қарама-қарсылықты жатқызуға болады.

395 жылы әлсіреген Ұлы Рим империясы: Батыс (Рим империясы – астанасы Рим қаласы) және Шығыс (Византия – астанасы Константинополь қаласы) сияқты екі бөлікке бөлініп кетті.

1.4. ОРТАҒАСЫРЛЫҚ ЕУРОПА СӘУЛЕТІ МЕН ӨНЕРІ

1.4.1-тақырып. V-XV ғасырлардағы Византия, VII-XV ғасырлардағы Балқан және Дунай жағалауындағы елдер сәулеті

Византия сәулеті

Рим империясы ыдырағаннан кейін византиялық императорлар бұрынғы астанадан асып түсуге тырысып, жаңа патша резиденциясы – Неа Рома (Жаңа Рим) – Константинополь құрылысына көп қаржы жұмсады.

Византия мәдениетіне христиан діні үлкен ықпал етті.

313 жылы Византия императоры христиан дінін қабылдады, 382 жылы ол негізгі мемлекеттік дінге айналды.

Византия сәулетінде римдік және шығыс мектептері тәжірибелерінің қолданылғандығы жақсы байқалады. Өз дамуында византиялық сәулет:

Ерте византиялық - V - VIII ғасырлардың басы;

Орта византиялық - VIII-XIII ғасырлар;

Кейінгі византиялық - XIII-XV ғасырлар болып үш кезеңді басынан өткізді.

1453 жылы Константинопольді түріктер басып алып, қалаға Стамбул деген жаңа атау берді.

Византиялық сәулетшілер өз шығармашылықтарында жергілікті құрылыс материалдарын пайдаланды: ұсақ тас пен күйдірілген кірпіш – жалпақкірпіш (қалыңдығы 4-5 см төртбұрышты немесе тікбұрышты пішіндегі кірпіш). Қалау қышұнда – үгітілген кірпіш қоспасымен әктасты ерітіндіде орындалды. 4-5 қатар кірпіш қалауы бірнеше қатар тас қалауымен кезектестірілді. Мұндай қалау «византиялық» деген атауға ие болды. Бетон техникасы қолданылмады.

Византиялық сәулет әр даму кезеңі белгілі конструктивтік немесе жоспарлы жүйелердің жасалуымен сипатталады. Со-

нымен, ерте византиялық кезеңде күмбезді конструкциялар мен орталықтандырылған ғимараттардың композициялық тәсілдері қалыптасты; орта византиялық кезеңде төрттаған күмбезді ғибадатхана түрлері қалыптасты; кейінгі византиялық кезең – монастырлық құрылыс және шағын әсем шіркеулердің пайдасына монументті ғибадатханалардан бас тартқан шақ болды.

Римдік сәулетшілермен салыстырғанда византиялық сәулетшілер тоғыспалы конструкциялардың тиімді жүйелерін жасады. Олардың қатарына кірпіштен төрттаған тоғыспалар және сфералық үшбұрыш пішініндегі желкен күмбез жатады.

Византиялық сәулетке тән элементтердің бірі бағаналарға доғатізбектердің әртүрлі нұсқаларын қолдану болып табылады. Доғатізбектердің сыртқы сызығы (доға ернеу) кірпіш таспамен ұсталды. Бағана әсембағандары типологиясы жағынан әртүрлі және римдік ордерлік жүйесіне қарағанда жеңіл және ажарсыз болып келген.

Ғимарат қасбеттерінде қабырға жиегінде қызыл кірпіштен түрлі тәсілдер, тісті кірпіш ернеулер жиі қолданылған. Діни және сарай ғимараттарының интерьерлеріне сылаққа салынған кескіндемелер, жиынтық таскестелер сән беріп тұрды, қабырғалары мәрмәр тақтамен жабылды.

Византия құрылысында қорғаныс құрылыс басты орын алды (қамал қабырғалар, көпірлер, жолдар, шамшырақтар, берік айлақтар, мұнаралар).

Константинополь әрқашан сәулет қызметінің орталығы болды. Бұл жерде монументті ғибадатханалар мен сарайлар тұрғызылды. Мемлекеттік құрылыс (ипподромдар, моншажайлар және т.б.) қосымша рөл атқарды. Қала көшелері император сарайларын алаңға апарып қосатын күн сәулесі пішінінде орналастырылған. Константинопольдің әр бөлігіне қолөнершілер қоныстанды, ірі шеберханалар, театрлар, қонақ үйлер салынды. Қалада ағын су болмады, сондықтан оны сумен жабдықтау үшін арна көпірлер және суға арналған үлкен жерасты цистерналар құрылды. Византия сәулетінің негізгі жетістіктерінің бірі діни ғимараттардың:

орталық-күмбезді (Константинопольдегі Әулие София соборы);

орталықтандырылған (Равенндегі Сан-Витале шіркеуі);


төрттаған күмбез (Венециядағы Сан-Марко шіркеуі);

базиликтер

(Турманиндегі Базилик) сияқты негізгі төрт түрін қалыптастыру болып табылады.

Константинопольдегі Әулие София соборы
Сәулетшілері: Траллдан Анфимий,
Милеттен Исидор (532-537 ж.)

Орталық күмбез собор үлгісі Константинопольдегі Әулие София соборы болып табылады (28-сурет). Оның жобасын әзірлеу және жүзеге асыруда 100-ден аса сәулетшілер мен 100 мыңнан аса құлдар қатысты. Соборды тұрғызудағы негізгі идея басты христиан ғибадатханасын жасап шығару. Собор көлемі 74,8 x 69,7 м.



28-сурет

Собор Патша қаласының ең жоғарғы нүктесін алып жатыр және қала төбешіктерінің бірінде орналасқан. Собор сарай маңындағы шіркеу болып саналады. Алдында дінмаңдайшалы түндікті аула және мәрмәр субұрқақ орналасқан мәрмәрмен қапталған нартекстен 9 салтанатты есік ғибадатхана ішіне апарады.

Орталық есік арқылы тек император мен патриарх қана кіре алды. Қарапайым адамдар сәулеттік бөлшектер масштабы адамға лайық

бүйір жақ есіктерден ғана кіре алатын болған. Ғибадатхана әртүрлі жарықтандырылған. Ең жарық жері орталық күмбез астындағы – амвон (литургиялық қызмет өткізілетін алтын мен күмістен жасалған имарат). Залдың орталық бөлігінің жарықтандырылуы төменнен жоғарыға қарай, демалысжай мен бүйір жақ астаукеңістіктің доғатізбегі арқылы қабылданатын төменгі қабаттың көмескі жарығынан апсиданың жарқыраған терезелеріне қарай, жартылай күмбездердің (олардың негізіндегі) сан алуан терезелері арқылы түсетін күн сәулелерінің тұтасуына қарай үдей түседі.

Орталық күмбез 40 терезеден тұрады, акустика мен конструкцияны жеңілдету үшін оның қалыңдығына родос құмыралары орнатылды (осындай 12 құмыраның салмағы әдеттегі 1 құмыра салмағына тең). Ортасында алтын төрттағаны бар, іші көгілдір таскестеме қапталған бас күмбез аспанда қалқып тұрғандай. Жарық беріп тұрған 40 терезе жарық сақина сияқты, ал күмбез аспанға алтын шынжырмен ілініп тұрғандай әсер қалдырады. Собор қабырғалары қызғылт порфирмен және сәнділік беріп тұратын алтын смальталы түрлі түсті мәрмәрмен қапталған. Бүйір жақ астаукеңістіктерде сылақнақышты суреттер пайдаланылған.


Ішкі өңдеуге қарағанда сыртқы қаптама өте жұпыны және қарапайым. Ғибадатхана қабырғаларының қалыңдығы – 1,1-1,5 м. Күмбез қорғасын жапырақтармен жабылған. Күмбез желкен конструкция көмегімен биіктігі 23 м және көлемі 5,3 x 7,5 м 4 қақпабағанаға тіреліп тұр. Күмбез диаметрі 31,4 м. Илемділік үшін цементке май қосқан, су орнына арпа тұнбасын қолданған. Қабырғалар өте қалың қабат ерітіндіде күйдірілген кірпіштен орындалған.

Константинопольді түріктер басып алған соң 1453 жылы собор мешітке айналдырылды. София сыртқы кескінін жоғалтпағанымен, 4 сымбатты минаретке ие болды. Кейіннен сыртқы қарсыкермелері салынды.

Равенндегі Сан-Витале шіркеуі (Италия 526-548 жс.)

Сан-Витале (Әулие Виталия) шіркеуі (29-сурет) орталықтандырылған ғимарат үлгісі болып табылады. Оның жоспарының негізінде қабырғалардың сегіз қырымен қоршалған тіреу бағандардың сегізбұрышы орналасқан. Аралықтар арқылы асырылған аркалар-

мен байланысқан тіреу бағандарда және ғимарат қабырғаларында тоғыспалар бекітілген.



29-сурет

Тоғыспа астындағы аркалық конструкциялар пұрсатты тұлғаларға арналған орындар орналастырылған галереяны ұстап тұрды. Негізгі бағандар арасында қосымша аркадалар көмегімен ішкі кеңістіктің негізгі сегізбұрышының айналасында «шір» құраған жартылай күмбезбен жабылған шағын жартылай шеңбер жасалды. Орталық бөлік биік емес күмбезбен жабылған.


Шіркеу таскестеге бай, мысалы императрица Феодордың бейнесімен әулие Виталия апсидасының оңтүстік қабырғасының таскестесі. Кейіннен шіркеу мешітке айналдырылады.

1054 жылы христиан шіркеулерін католик (батыс) және православ (шығыс) шіркеулеріне бөлген соң және шіркеу рәсімдеріндегі келіспеушіліктердің тереңдеуімен Батыс Еуропада базилик, шығыста, сонымен қатар Ресейде төрттаған күмбезді ғибадатхана кеңінен тарайды.


Венециядағы Сан-Марко соборы (XI ғ.)

Сан-Марко (Әулие Марка) соборы (30-сурет) бір ғимаратта 5 төрттаған күмбезді жүйені біріктіріп тұрған төрттаған күмбезді ғибадатхана үлгісі болып табылады.

Көлемінің үлкендігі мен жақсы жарықтандырылғандықтан орталық күмбез жалпы композицияда зәулім болып тұр. Күмбездер алғашқыда жайпақ болған, кейіннен жоғарыға созылған күрделі баданалы көлемдерімен биіктетілген.



30-сурет



31-сурет

Турманиндегі Базилик (Сирия, 520-547 ж.)

Турманиндегі Базилик (31-сурет) күйдірілген кірпіштен салынған, тас мандайшамен кезектестірілген ағаш итарқа фермалар қолданылған. Төбесі – жабынқыш, ішінде – сылақ және сылақнақыш. Бұл базилик екі биік емес мұнара арасына бас есіктің орналастырылуымен тартымды. Кейіннен бұл тәсіл Еуропа елдерінің роман және готикалық сәулетінде кеңінен қолданылған.

Крест жорықтары, Венеция бақталастығы және түріктердің шапқыншылығы Византия күдіреттілігіне едәуір зиян келтіреді. Біртіндеп құрылыс масштабтары қысқарады, жергілікті сәулет мектептерінің ықпалы байқала басталады. Кейінгі византиялық сәулетте ірі масштабты құрылыстан бас тартып, оны шағын діни және монастырлық құрылыс имараттарымен алмастыруға көшті.

Шіркеу интерьерлері қолайлы, әрі әсем етіп жасалады. Қасбет бөлшектері мен интерьерлерді жасауға үлкен көңіл бөлінеді. Тар интерьерлер вертикализмге көшеді.

Византия кең байтақ аймағынан айырылуына байланысты көптеген христиан шіркеулері түріктер басып алған жерлерде қалып

қояды. Сондықтан олардың көбі қайта салынып, таскесте және сылақнақыш жойылады. Түрік сәулеті византиялық дәстүрді алып пайдаланып, оларды ұлттық стильде жасайды.

Византия сәулетінің ерекшеліктері және басты жетістіктері

1. Сәулет гүлденуінің шарықтау шегі – VI ғасырдың соңы - XI ғасырдағы ерте византиялық және орта византиялық кезеңдердің соңы.

2. Негізгі құрылыс материалдары: тас және күйдірілген кірпіш – жалпақкірпіш. Римге қарағанда бетон қолданылған жоқ. Қалау қарапайым және қышқынның қалың қабатына аралас (византиялық) болып келді.

3. Тоғыспа кірпіш пен тастан орындалды. Салмақты жеңілдету үшін тоғыспа қалауына кеуекті тас жыныстары қосылды (кеуек-тас) және үсті жабынқыш немесе қорғасын табақпен жабылды. Аражабындардың көп бөлігі тоғыспалы, кейде ағаш аражабындармен қосылды. Күмбездер, цилиндр тоғыспалар, төрттаған тоғыспалар қолданылды. Күмбезді төртбұрышты негізге сүйеп қойғанда конус бөлігі немесе $\frac{1}{2}$ - $\frac{1}{4}$ сфералық күмбез бөлігі пішініндегі қуыс тәрізді үшбұрышты тоғыспалы конструкциялар – өтпетөғыстар жиі қолданылған. Кейіннен күмбез және тіреу конструкция арасында күмбез астындағы кеңістікті жарықтандыру үшін қабырғасына ойықтар қалдырып, цилиндр көлем – барабан орнатылатын болған.

4. Рим сәулетінің сәулеттік тәсілдері мен конструкцияларын шығармашылық жасап шығару (аркалы-тоғыспалы конструкцияларды қолдану және т.б.).

5. Діни ғимараттардың төрт негізгі түрін қалыптастыру (*орталықтандырылған, базилик, орталық-күмбезді және төрттаған-күмбезді*).

6. Қаттылығымен және орнықтылығымен геометриялық құрылыс күшіне икемделген кеңістіктік көлемдерді пайдалану тіреу конструкцияларының көлемін азайтуға, құрылыс материалдарын тиімді бөлуге, еңбек және материалдық шығынды едәуір үнемдеуге мүмкіндік берді.

7. Византиялық сәулетте әзірленген күмбезді конструкциялар және діни ғимараттардың ішкі кеңістігін ұйымдастырудың жо-

спарлы тәсілдері келешекте Италия және Батыс Еуропаның басқа елдерінде Қайта өрлеу сәулетінің қалыптасуына едәуір ықпал етті.

VII-XV ғасырлардағы Балқан және Дунай жағалауындағы елдер сәулеті *(Тақырыптар өз бетімен оқу үшін ұсынылады)*

Балқан түбегінде жеке мемлекеттердің пайда болуы, Болгарияда христиандықтың орнатылуы. Плискедегі үлкен базилика. Провинциядағы төрттаған-тоғыспалы бір астаукеңістікті ғибадатханалар. Бекініс монастырлар құрылысы.

Сербия сәулетінде бекініс қорған-монастырлардың басымдылығы, сатылы күмбез асты арқалар жүйесін пайдалану. Дінгексіз ғибадатханалар. Кіреберіс жақтан нартекс тұрғызу. Молдова сәулетшілігіндегі өзгеше ерекшеліктер, биік барабанға жазық күмбез орнату, шатырлы жабындар, қабырғалардың сыртқы суреті. Валахия және Добруджия сәулетінің ерекшеліктері. Батыс Еуропаның ортағасырлық, итальяндық Қайта өрлеу, шығыс славян және күнгей Кавказ сәулетінің қалыптасуына византиялық сәулеттің ықпалы.

1.4.2-тақырып. V-XII ғасырлардағы Романдық кезеңге дейінгі және Романдық кезең сәулеті

Еуропалық мемлекеттердің феодалдық бытыраңқылығы сәулетке де едәуір ықпал етті. Ең көп тараған құрылыс нысандары шығуы қиын биік қыраттарда, аралдарда, ну орман ішінде салынған қорғандар мен монастырлар болып табылады.

Көптеген қорғандар келешекте қала негізі ретінде пайдаланылды. Қорған қабырғаларына феодал бағыныштылары мен бос қолөнершілер «төменгі қала» елдімекендерін жасады. Қорғанды «қорғаныш» ретінде пайдалану үшін қала тұрғындары заттай немесе ақшалай алым-салық төледі. Ортағасырлық қалалардың өсуі қала қабырғаларымен шектелгендіктен және халқының саны 1-5 мың болғандықтан шағын болып келді.

Біртіндеп феодал қорғандары мен өзінің табиғи шаруашылығы бар монастырлар «жайылған» қала шекараларымен қосылып, тұрғын қала бөліктерімен қоршалды. Бірнеше қала түзетін ошақтардың жоспарлы қосылуынан Лютеция Паризиорум балықшылар ауылының Париж қаласына айналғандығын мысалға алуға болады.

Ертедегі ортағасырлық қалалардың таңғаларлық орналас-тырылуы және көркем бейнесі олардың бей-берекет өсуіне байла-нысты. Қаланың ұйымдастырушы орталығы базар алаңы болды. Ортағасырлық қоғамда ірі феодалдар мен шіркеу сияқты екі биліктің орын алуы елдімекендерде: қорған (кейіннен сарай) және бас қала соборы сияқты қала құрылыстық доминанттың өркендеуін тудырды. Кейіннен қаланың өзін-өзі басқару ғимараты бой көтерді.

Ортағасыр сәулетін:

Роман кезеңіне дейінгі кезең - VII-X ғасырлар;

Роман кезеңі - X ғ. соңы-XII ғасыр;

Готикалық кезеңі - XIII-XV ғасырлар деп үш негізгі кезеңге бөліп қарауға болады.

Роман кезеңіне дейінгі және Роман кезеңдері

Бұл кезеңдегі негізгі сәулет имараттары:

1. Қорған-қарауылмұнаралар;
2. Монастырлар;
3. Ғибадатханалар (базиликтер, залды ғибадатханалар) және баптистерийлер (крещальниктар);
4. Қатардағы тұрақ жайлар болып табылады.

Қорған қожаларына үнемі ұсақ жергілікті көршілер қауіп төндіретіндіктен, олар қуатты қабырғалармен және мұнаралармен қоршалды. Екі қабатты немесе үш қабатты берік қақпалар алдында суы бар терең шұңқыр арқылы көтерме көпір салынды. Қабырға артында мұз дәуірінен қалған тастың ажарсыз өңделген шойтас-тарынан феодалдарға, оның қызметшілері мен дружинасына арналған үй, шаруашылық құрылыстар, үй шіркеуінің ғимараттары тұрғызылды. Қабырғалардың біріне қарауылмұнара – жиі қамал қорғаушыларының соңғы тірегі болған биік қамал мұнара жалғасқан. Онда қорған сыртында жерасты жолдар, құдықтар орнатылған.

Кейіннен қамалдарды қамал-сарайлар етіп, әскер және қорған қорғаушылары жиналатын ашық аула орнына рыцарь залдары жалғасқан сарайларда ашық салтанатты аулалар – курдонерлер сала-тын болды. Бірінші қабатта ат қора, күзет және қосымша бөлмелер, екінші қабатта тұрғын бөлмелер, сай маңындағы капелла және қызметтік бөлмелер, үшінші қабатта қызметшілер бөлмесі орналас-ты.

Бұл кезеңнің монастырлары мен монастыр соборлары қамал кейпінде салынды. Монастырлардың жеке шаруашылығы болды және ірі феодалдар сияқты жерлерге, шабындықтарға, ормандарға қожалық етті. Қуатты тегіс қабырғасы, биік орналасқан тар терезесі – оқатары және бұрыштарында қорғаныс мұнаралары бар соборлардан басқа монастыр аймағында монастырда тұратын адамдар мен жиһанкездердің кельялары, монастыр бастығының үйі, шаруашылық құрылыстар, мал қоралар, аурухана, монастырда тұратын адамдарға арналған мектеп, тіпті, зираттар да орналасқан.

Осындай монастырдың үлгісі ретінде Францияның оңтүстігіндегі (X-XI ғ.) Клюниде орналасқан монастырды атауға болады (*36-сурет*). Бұл монастырдың құрылысы кейінгі уақытқа дейін созылғандықтан және қайта салынғандықтан оның бас соборы антикалық дәстүрге жақын. Бұл – ұзындығы 180 м бес астаукеңістікті базилик. Оның барлық мұнаралары екі көлденең кеңістік пен алтарь бөліктің астына топтастырылды. Орталық астаукеңістік цилиндр тоғыспамен жабылған. Ғибадатханалар. Бүкіл Батыс Еуропа папа басқарған рим-католик шіркеуінің ықпалында болды. Сондықтан да Еуропада базилик ғибадатханалар мен орталықтандырылған дөңгелек крещальни-баптистерийлер кеңінен тарады. Римде ерте христиан дәуіріндегі діни ғимараттары сәулетінің жетекші түріне айналды, романдық деген стиль атауы да осыдан шыққан. Дегемен, стиль атауына қарамастан оның негізінде жергілікті құрылыс дәстүрлерімен байыған Византия құрылысының тәжірибесі жатыр. Мысалы, Испанияда араб сәулетінің, ал Италия мен Францияның Оңтүстік облыстарында антикалық сәулеттің ықпалы байқалады.

Бұған нартексі бар үш астаукеңістікті базилигі, алтарь бөлігінде шығыңқы көлденең кеңістігі мен капеллалар тәжі бар (*32-сурет*) Пуатьедегі собор мысал бола алады (XII ғ. соңы, Франция).

Қатардағы тұрақ жайлар. Оған Клюнидегі Қолөнерші үйі тән. Оның ірі қаланған ажарсыз өңделген тастан тұрғызылған бірінші қабатында қоймалар, шеберханалар немесе дүкендер, екінші және үшінші қабаттарда үйлер орналасқан. Мұнда қабырға ұсақ етіп немесе кірпіштен, төбесі жабынқыштан қаланған.

Қатардағы тұрақ жайлар кез келген қала мен елдімекеннің негізгі қала құрылыстық элементі болып саналды.



32-сурет

Қала құрылысы

X-XII ғасырлардағы Батыс Еуропаның ірі елдімекендерін шартты түрде үш түрге бөліп қарауға болады: антикалық қалалар мен римдік әскери лагерьлердің орнына салынғандар; қорғандар, монастырлар мен ауыл кенттерінің негізінде пайда болғандар; қоныстанған қалалар.

Ертедегі ортағасыр қалалары салыстырмалы түрде көлемі жағынан өте үлкен емес, халқының саны 5 мың адамға дейін барады. Олар тығыз орналастырылған. Тек жүйелі жоспар бойынша құрылған қоныстанған қалалар ғана айқын орналастырылған. Қабырғалар қалаларды шектеп тұрады, сондықтан құрылыс тығыздығы жоғары болды. Үйлердің тар қасбеттері ағынды жыралар қисық көшелерді бойлай қысылып салынған.


Су құбырының, жүргізілген арналардың болмауы (тек XVI ғасырда ғана пайда болған жабайы нұсқалар) және құрылыстың жиілігі жиі эпидемияға себеп болды. Өрт кезінде тұтас қала бөліктері жанып кетті. Олардың орнына биіктігі 5-6 қабатқа дейін баратын тас және керегетірек үйлер салынды, қабырғалар жылжытылып, қала кеңейтілді. Сәулет табиғатқа сай келмеді, керісінше, оған қарсы қойылды.

Қала орталығы соборы, басқарушы сарайы және қала ратушасы бар сауда алаңы болып табылды. Алаңдар әдетте, биік жерлерге орналастырылды. Қаланың жер бедері тегістелмеді.

Ортағасыр алаңдарының 4 негізгі: созылған (көше-алаң), *ұршық тәрізді*, *жүйесіз*, *үшбұрышты* түрлері ерекшеленді.

Антикалық қалалардың орнына салынған қалалар қала халқының едәуір бөлігі саудагерлер мен колөнершілерден тұратындықтан экономиканы дамыту үшін қолайлы жағдайда болды. Сонымен, Венецияда XIV ғасырда 200 мың адам, Парижде – 100 мың адам тұрды, ал сол кезде Лондонда 35 мың адам өмір сүрді.

Роман сәулетіне барлық бөліктері едәуір көлемділігімен ерекшеленген ғимараттардың ауыр тас элементтерінің толық аяқталмаған үлгісі тән (*33-сурет*).



33-сурет

Ғибадатханалар мен қамалдардың қалың қабырғалары әдетте, сыртынан қарсыкермемен, ал ішінен тоғыспаларды көтеріп тұрған қуатты бағандармен бекітілген. Есік ойықтары, сирек орнатылған шағын терезелер де жарты шеңберлі аркалармен аяқталған. Терезелер әйнектелмеген.

«Романдық» деген атауға ие болған мүсіндермен және аркалы перспективалы (кеңістіктік) бетше босағамен жиі әшекейленген баытас қасбетке ерекше көңіл бөлінеді.

Негізгі құрылыс тәсілдері мен конструкциялары

Ортағасырдың негізгі құрылыс материалы – блок түріндегі жергілікті тас, ерітіндіге салынатын әктас. Құрылыста әдеттегі қалаумен қатар таспен толтырылған үш қабатты қабырғалар қолданылды. Пуццолан қоспа, жұмыртқаның сарысы, ашыған сүт

және қалауға беріктік беретін басқа да материалдар қосылған әктас ерітінді пайдаланылды.

Ертедегі Роман ғибадатханалары ағаш фермалармен жабылды және жазық аспалы төбелері болды. Бұл конструкцияларды кейде доғалы маңдайшалармен бекітті. Бас астаукеңістіктердің кейіннен пайда болған цилиндр тоғыспалары жарықты нашарлатты, сондықтан солтүстік аудандарда оларды төрттаған тоғыспалармен алмастырды. Сонымен қатар желкенді және иілген тоғыспалар да қолданылды. Конструкциялардың толық бітпегендігінен және тәжірибенің жоқтығынан тоғыспалар жиі құлап жатты. Бас астаукеңістік пен көлденең кеңістік қиылысына тұрғызылған күмбездер желкендер мен өтпетөғыс көмегімен төрт қырлы негізге сүйеп қойылды.

Роман ғибадатханасының конструктивтік-жоспарлы ұяшығы астаукеңістіктің төртбұрышты кесіндісінен тұратын тоғыскеңістік төрттаған немесе цилиндр тоғыспамен жабылды.

Беріктік пен орнықтылықты көтеруге тоғыспалардың қаңқалы конструкциясы да мүмкіндік туғызды. Тоғыспалар әшекейқабырғалармен бекітілді. Қабырғаларды жіңішке етіп жасады және орнықтылықты сақтап, түскен салмақты бөліп тұру үшін қарсыкермемен бекітеді.

Құрылыс техникасын дамытуға және құрылыс сапасының өсуіне қалаушылардың кәсіби цехтары ықпал етті.

Еуропа елдерінде роман сәулетінің ерекшеліктері

Франция

Францияның солтүстігінде қарапайым және жарасымды пішінде роман сәулеті қалыптасты. Ғибадатхана қасбеттері жазық, тақуалы болды. Батыс жақ бас кіреберістің аспан тірескен бүйір жақ мұнаралары соборларға жарасымдылық пен сәнділік беріп тұрды.

Ортағасырдың діни сәулетінде ғибадатхана интерьерлеріне ерекше көңіл бөлінді. Ішінде пішіні жағынан бағанаға ұқсас бағандар қолданылды. Бағаналардың сәнмаңдайшалары – гүл, өсімдік, жануар түрінде жеке болып келген. Францияда роман сәулетінің үлгісі Канндағы ерлер аббаты Сент-Этьен соборы болып табылады.

Францияның оңтүстігінде антикалық үлгілеріне еліктеу басым болды. Ғибадатхана қасбеттері әдемі әшекейленеді, кіреберістің жаңа түрі енгізіледі – жарты шеңберлі кескінді кеңістіктік бетше

босаға, кейде қабырғаның жүйелі құрылымын айқындауға зиянын тигізетін бедер мен мүсін белсенді пайдаланылды. Қасбеттер мен интерьерлерге қатардоға белдемелері қолданады.

Англия

Англияда Роман стилі материктік Еуропаға қарағанда біршама кейінірек қалыптасты. Собор жоспарында көлденең кеңістік басқаша орналастырылып, созылыңқы болып келген. Қасбет пен интерьерлерде ағаш ою қолданылған ұлттық ағаш сәулетінен келе жатқан әшекей пайдаланылған. Шатырұш түріндегі ортаңғы төрттаған үстіндегі жабынды безендіруге ерекше көңіл бөлінген.

Испания және Португалия

Испания мен Португалия өз шекараларында арабтардың тегеурінін тежеп тұрды, сондықтан бұл елдердің сәулеті басқа елдердің сәулетіне қарағанда қамалдық сипатта болды.

Германия

Роман кезеңіндегі Германия сәулетіне пішіндердің көлемділігі мен қарапайымдылығы, монументтілік, қалауды мұқият орындау тән. Әшекейде арка мотиві: сан алуан қатардоға белдемелері, романбетше босағасы, терезе ойықтарының аркалық аяқталуы басым.

Германияда роман стилінің ірі имараттары Вормс пен Майнцағы соборлар болып табылады. Олардың қабырғалары қалың, төменгі жағында ойығы жоқ және бүйір жағында баспалдақты әдемі мұнаралары бар шағын қорған-қамал типтес болып келген.

Ұзындығы 120 м ғибадатханалардың орталық мұнараларының биіктігі де арта түседі. Силуэт динамизмі және вертикализмге ұмтылу пайда болады.

Италия

Итальяндық сәулет роман сәулетінде ерекше орын алады. Ол Византия билігінен Генуя, Венеция, Флоренция, Пиза және басқа да қала-республикалар босаған кезде дами бастады.

Италияда роман сәулетінің гүлденуі XII ғасырға жатады. Басқа елдердің роман сәулетіне карағанда оның дәстүрлері византиялыққа жақын.


Италияның роман сәулетіне:

1. Пішіндердің илімділігі мен жарасымды жеңілділігі;
2. Доғатізбектер, ұстынтізбектерді өңдеуде тасты ойып безендіру;
3. Орталықтандырылған баптистерийлерді кеңінен тарату;
4. Собордан жеке тұрған қоңыраумұнара тұрғызу тән.

Пизадағы собор алаңы (34-сурет)

Пизадағы собор алаңы (керемет алаң) ең тамаша және роман сәулетінің бүкіл әлемге әйгілі ескерткіші болып табылады.

Собор алаңының құрамына собор, баптистерий мен қоңыраумұнара – әйгілі «құламалы мұнара» жатады.



34-сурет

Собор (1063-1118 ж.)
Сәулетшілері: Бускетус, Райнальдус

Собор маңдайшалық кеңістігі мен 3 астаукеңістікті көлденең кеңістігі бар үлкен (ұзындығы 95 м) бес астаукеңістікті базилик-тен тұрады. Жазық жабылған орталық астаукеңістік антикалық композитті әсембағанға жақын мәрмәр әсембағанды бүйір жақ сымбатты гранит ұстынтізбектен бөлініп тұр. Ортаңғы төрттаған үстінде эллипстік күмбез тұрғызылған, бұл да антикалық дәстүр.

Собор қабырғалары ішінен және сыртынан кезектестіріліп ақ және қара қоңыр жасыл мәрмәр тақтамен қапталған. Собордың батыс жақ қасбетінің доғатізбекті галереялары ғимараттың айналасындағы доғатізбек мотивінің қайталануы Италиядағы роман сәулетшілігіне тән үлгі болып табылады.

Баптистерий (1153 ж.-XIV ғ.)
Сәулетшісі Диотисальви

Баптистерий конус тәрізді аражабыны бар ұзындығы 54 метр мәрмәрмен қапталған дөңгелекотау болып саналады. Оның екінші қабаты галереялар ұстынтізбегімен қоршалған. Баптистерий қабырғалары алаңның барлық қалған элементтері сияқты аркалы мотивте.

«Құламалы мұнара» қоңыраумұнарасы (1174-1350 ж.)
Сәулетшісі Вильгелм Бонаннус

Диаметрі 18 м қоңыраумұнараның биіктігі 55,2 м. Ол ансамбльдің оңтүстік-шығыс бөлігінде орналасқан. Мұнара барлық үш имараттың негізгі ырғақты мотивін қайталайтын 8 қабатты галерея болып есептеледі. Мұнара құрылысшылары оның сәулетін алаңның қоршаған ғимараттарымен үлкен көрегендікпен үйлестіре білген.

Топырақ шөгуінің салдарынан мұнара салынып жатқан кезде-ақ бірінші қабаты еңкейе бастаған, құрылыс аяқталған кезде бұл еңкіш 4,2 м-ге дейін жеткен.

1.4.3-тақырып. XV ғасырдағы Батыс Еуропа елдерінің сәулеті мен өнері. Готикалық кезең

Қайта өрлеу дәуірінің теоретиктері варварлық, «готикалық» (Германиядағы гот тайпалары атауынан шыққан) ретінде бағалаған Солтүстік Еуропаның ортағасырлық сәулетін готикалық деп атаған. Шын мәнісінде, готиканың Отаны – Солтүстік Франция, бұл стиль онда «ogivat», яғни жебе тәріздес арка стилі деп аталған.

Готика стилі XII ғасырдың ортасында пайда болды. Бұл кезеңде құрылысшылардың бақталас цехтарымен дамыған құрылыс шеберлігі едәуір табысқа қол жеткізеді. Жаңа конструкциялар, құрылыс тәсілдері мен техникасы әзірленеді.

Негізгі құрылыс конструкциялары мен материалдары

Готикада әртүрлі құрылыс материалдары қолданылды. Тұрғын және шаруашылық құрылыстары үшін қаңқа конструкциялар түріндегі (керегетірек) ағаш жиі пайдаланылды. Ағашты дәстүрлі қолданған елдерде (Англия) одан көптеген діни және азаматтық ғимараттар салынды.


Готикаға тән материал - кесек және жонылған тас. Одан тас тіреулер мен жұқа берік әшекейқабырға ғана емес, сонымен қатар қасбеттердің әдемі мүсін әшекейлерін, «раушан» терезенің жұқа жақтауларын ойып жасаған.

Тас қабырғалар әдетте, ішінен, кейде сыртынан сыланған.


Тас жетіспеген облыстарда (Польша, Солтүстік Германия) құрылыстар кірпіштен салынды. Бұл елдерде пішінделген қақпабағана, «раушан» (дөңгелек терезелер) және терезелерді қалау үшін пішінді кірпіш шығарылған.

Солтүстікте кірпіш пайдаланылды. Конструкцияларды жеңілдету және материалды үнемдеу үшін күрес тіректі айқындауға және оларды басқара білуге бағытталды.

Әшекейқабырға тоғыспалардың қаңқалы жүйесі (35-сурет) көлемді қабырғалардан бас тартуға және тік күштерді теңестіру үшін тоғыспа табанының астындағы тек берік тіреулерді сақтауға, ал көлденең тіректерді жою үшін ғимарат сыртына шығарылған «қарсыкермелер-кермедоғалар» жүйесін пайдалануға мүмкіндік берді (36-сурет).



35-сурет



36-сурет

Готикада көбінесе, тіреуіш пен әшекей қабырғаларға орнатылған жебе тәріздес тоғыспалар қолданылды. Әшекейқабырғалар кейінгі роман кезеңінде пайда болды. Оларды тастан орындады және оларға тоғыспа қалпын жасады. Әшекейқабырға будалары бағаналарға немесе бағандарға сүйелді.

Интерьер және қасбет бөлшектері (терезе ойықтары, есік жиектері) жебе тәріздес тоғыспадан орындалды. Терезе ойықтарына түрлі түсті әшекей әйнек орнатылды. «Раушандар» алғашқыда қарапайым тас жақтаулы болды, кейіннен күрделі қорғасын жақтау жасалды. Дегенмен, басты әшекей әшекейбедерлердің күрделі таңғаларлық суреті болып табылады.

Қаланың өзін-өзі басқару органдары мен католик шіркеуіне сүйене отырып, король Францияның бүкіл аймағын біріктіріп, шексіз билікке ие болады. Сондықтан көптеген имараттар король тапсырысымен тұрғызылады.

Өзін-өзі басқаруды басып алған соң қалалық кеңес ғимараттары – ратуштар салынады, олардың жанынан қоғамдық орталық ансамбльдері құрылады, собор оның құрамына енбейді. Қала діни және қоғамдық орталыққа бөлінді.

Діни құрылыстан бұрын ақсүйектер сәулетіне баса көңіл бөлінеді. Қала соборлары қызмет ету үшін ғана емес, сонымен қатар

кала ақсақалдарының жиналыстары өткізілетін орынға айналады, сауда келісімдері жасалады. Собор алаңдарында инквизиция соттары ғана емес, маскарадтар, театр көріністері де қойылады.

Готика кезеңінде интерьерлер композициясында тас пішіндері биіктей түскен орталық астаукеңістікке ерекше көңіл бөлінді. Мүсінге ерекше мән берілді. Ол ғимарат ішінде де, сыртында да пайдаланылды. Орталық астаукеңістік биіктігі арта түседі, аралықтар ені 30 метрге дейін, бүйір жақ мұнара биіктігі 150 метрге дейін жетті. Көтергіш қабырғалар еркін тұрған бағандармен және тоғыспа қабырғаларымен алмастырылады.

Готикалық стильдің дамуы:

Ерте готикалық - XII-XIII ғасырлар;

Кемеліне келген готикалық - XIII XIV ғасырлар;

Кейінгі готикалық - XIV-XVI ғасырлар бірнеше кезеңнен өтеді.

Готикаға тән белгілер:

- шіркеу идеологиясын көрсету – бүкіл сәулет және мүсін тәсілдерімен айқындалатын жанды аспан сферасына көтеруге ұмтылу;
- композиция тіктігі;
- қасбеттер мен интерьерлердегі жебе тәріздес аркалардың мотивтері;
- тіреулердің күрделі қаңқа жүйесі;
- қабырғалы тоғыспа.

Готика кезеңінде азаматтық құрылыс ерекше мәнге ие болады. Ортағасырлық қалаларда әртүрлі құрылыстар пайда болады:

- ратуштер – қаланың өзін-өзі басқару органдарының мәжілісіне арналған ғимараттар;
- қаланың қорғаныс имараттары;
- сауда және қойма имараттары;
- монастырлық және діни имараттар;
- сарайлар.

Азаматтық құрылыс негізінен қаланың және бай қала тұрғындарының қаражатымен салынды. Қалаларды жоспарлау роман кезеңіндегі сияқты негізінен былыққан, жүйесіз, жер бедеріне байланысты болып қалды. Дегенмен жүйелі орналастырылған, тікбұрыш торлы көшелер, сондай-ақ тарамдалған сұлбадағы қалалар

да болды. Қалалар бұрынғыдай алдында суы бар ор орнатылған қамал қабырғалармен қоршалды. Әсіресе, көтерілмелі көпірлер қойылған қосымша мұнаралары бар қала қақпалары бекітілді.

Қала орталығы қала соборы мен ратуштары және сауда алаңы орналасқан қала алаңы болып табылады. Кейде мұндай алаңдар бір аймақта қосылып жатты. Бұл жерде тек сауда қатарлары ғана емес, сонымен қатар шолғыншы (дабыл) мұнарасы, қала бұрқағы орналасқан.

Цех үйлер, ақсүйектердің сарайлары салынды. Құрылыс тас пен кірпіштен салынды. Қатардағы тұрғын құрылыс 3-4 қабатты болды. Бірінші қабаттарда дүкендер мен шеберханалар, жоғарыда тұрғын үйлер орналасқан. Жоғарғы қабаттар ағаш қаңқада және төменгі қабаттан шығыңқы бүйірлік етіп салынды.

Ратуштар қаланың билік иелеріне және өзін-өзі басқару органдарына арнап тұрғызылды. Бірінші қабатта ашық аркалы галереялары және аралықтары бар бірінші қабатта қоймалар мен қосымша бөлмелер, екінші қабатта мәжіліс залдары мен фойе, үшінші қабатта кеңселер орналасқан. Ратуштардың қасында конусты төбемен жабылған қоңырауы және сағаты бар мұнаралар жиі кездеседі. Мысалы, флорентий ратушасы.

Ерте готикалық кезеңіндегі көптеген имараттардың готикалық стиліне де, сондай-ақ роман стиліне тән белгілері болды. Мысалы, Париждегі Құдай ана соборын айтуға болады.

Париждегі Құдай ана соборы (1163-1250 ж.)
Сәулетшілері: Шеллден шыққан Жан, Монтрейлден шыққан Пьер, Шеллден шыққан Пьер, Жан Реви


Собор Сена өзенінің Сита аралында салынды. Оны бұрынғы Әулие Стефан мен Мария шіркеулерінің орнына сарай маңындағы шіркеу және Париждің бас ғибадатханасы ретінде Людовик VII және папа Александр III салдырды.

Ғибадатхананың басты идеясы – орталықтандырылған монархияны жарықтандыру. Құрылыстың ұзаққа созылуына қарамастан собор стилі бірыңғай, бұл дегеніміз, дін, оның ықпалы және әлеуметтік құрылыс бүкіл құрылыс кезеңі бойы өзгеріссіз қала берген.

Собор бес астаукеңістікті базилик болып табылады. Орталық астаукеңістік ұзындығы – 129 м, батыс жақ қасбет ені – 42 м, орталық

астаукеңістік биіктігі – 32 м, мұнаралардың биіктігі – 69 м (37-сурет). Мұнаралар көптеген басқа готика соборларындағыдай аяқталмаған. Ол туралы бірнеше болжамдар бар: қаражаттың жетіспеушілігінен; жоспар бойынша мұнараны аяқтау қарастырылмаған; құрылыс ба-рысында жобаның өзгеруі.

Батыс жақ қасбетте 3 бетше босаға (ортаңғысы сәл үлкендеу) бар. Бетше босағалар жебе тәрізді, перспективалы. Сарай маңындағы шіркеу ретінде собор корольдардың 28 мүсінінен тұратын галерея-мен ерекшеленеді. Жоғарыда үшдоғалмұнара галереясы – бағаналы аркалы галерея. Бұл галерея мен корольдар Галерееясының арасында, орталық бетше босаға үстінде – «раушан»-терезе, ал бүйір жақ бетше босаға үстінде үшдоғалмұнараның үлкен терезелері орнатылған. Собордың оңтүстік және солтүстік қасбеттерінде кішкене көлемді «раушандар» бар. Ортакеңістікте шағын мұнарашық орналасқан.



37-сурет

Собордың орталық астау кеңістігінің тіреулері – роман стилі бойынша үлкен әсембағанмен (1:5) аяқталған қарапайым цилиндр бағандар. Бұл ертедегі готика имараты болғандықтан, онда готика белгілерімен қатар романдық сәулет белгілері де кездеседі:

- аркаларды емес, дөңгелек тіреулерді пайдалану.
- қасбеттер тігінен айқын бөлінбеген.
- көлденеңінен бөлінуі айқын көрінеді.
- аркалар жебе тәрізді болғанымен, нашар көрінген.

Соборға тән белгілер

1. Көтергіш және салмақты элементтер бір-біріне еркін және жеңіл ауысатын барлық динамикалық бейнелер мен көлемдерді бағыттау үшін жаңа конструктивтік жүйелердің мүмкіндіктерін пайдалану.
2. Көлденең кеңістік нартекске жақын жылжытылып, өзіне 3 көлденең астаукеңістікті қосып алады.
3. Маңдайшалық кеңістік кеңейеді.
4. Алтарь бөлігін екі рет қос айналып шығу.
5. Бүйір жақ астаукеңістік үстінде – үшдоғалмұнара галереясы түріндегі маңдайшалық кеңістік.
6. Алтарь бөлігіндегі капеллалар тәжі дамымаған.
7. «Раушан» жақтауы әлі де өте қарапайым.
8. Оймабедер мен мүсінді, тас ойма мен әшекей әйнекті кеңінен пайдалану.

XIV ғ. собор қарсыкермелері арасында капеллалар орнатылады.

XIII ғ. басында көптеген Батыс Еуропа елдерінде готиканың стильдік ерекшеліктері қалыптасады. Кемеліне жеткен готикалық туындыларға Реймстегі соборды жатқызуға болады.

Реймстегі собор (1210-1311 ж.)


Сәулетшілері: Реймстен Жан д Орбэ, Жак ле Лу, Гоше, Суассоннан Бернар, Робер де Куси

Собор барлық корольдардың тәж кигізу жорасы үшін сарай маңындағы корольдік шіркеу ретінде пайдаланылды (*38-сурет*).

Собордың ұзындығы 124 м, ені 30 м, көлденең кеңістік ені 50 м, ортаңғы астаукеңістік биіктігі 38 м, «раушан» диаметрі 11,5 м. Батыс жақ қасбет қала алаңына шығады. Собор композициясы жағынан өте динамикалық. Батыс жақ қасбет жоғары қарай тарылып, ішке шегінген.

Собор композициясында вертикаль басым: жебе тәріздес аркалар, ширатылған капеллалар тәжі, «раушанның» күрделі суреті өте көп. Собор мүсінге, ойма бедерге, тас оймасына бай. Ол өзінің сәйкестемелік қатынасы жағынан өте үйлесімді және орасан зор көлеміне қарамастан алыстан өте әсем көрінеді. Мүсін реализммен ерекшеленеді және портреттік сипатта. Қасбеттерді өңдеу тек XV ғасырдың басында ғана толығымен аяқталды.

Собор 1914-1918 жылдары 1940 жылдары немістердің бомбалауы кезінде қатты зақымданды. Қазір қалпына келтірілді.



38-сурет

*Амьен соборы Нотр-Дам (1220-1269 ж.)
Сәулетшілері: Люзарштан Робер, Тома
де Кормон және оның ұлы Рене*

Бұл ең биік собор (ортаңғы астау кеңістігінің биіктігі 42 м). Собордың сәйкестемелік қатынасы өте дұрыс және готика соборларының эталоны болып табылады, сондықтан оның стилі біршама әсерсіз. Собор сәулеті барлық готика соборлары үшін жалпы қорытынды секілді.

Собор мұнаралары аяқталмаған және симметриялы емес: біреуі сәл биіктеу. Собор интерьерлері мен қасбеттері өте нәзік тас ойма-сымен ерекшеленеді. Қасбеттер XV ғасырда аяқталды.

XIV ғасырда кейінгі готикалық кезеңде стиль құлдырауы басталады: сәулетшілер сәнділікке ұмтылады, тіреуге аса мән берілмейді, тік сызық жалын сияқты иіледі, «жалындаған» готика атауы осыдан пайда болған. Бұл стиль негізі Францияда құрылған. «Жалындаған» готика имараттарының бірі – Руан соборы.

Руан соборы (XIV-XV ғ.)

Руан – Нидерландтың солтүстік провинциясының астанасы. Собор стилінің таңдамашылығымен ерекшеленеді. Батыс жақ қасбет шығыс жақ қасбетке қарағанда кеңірек. Соғыс кезінде собор қатты қираған. Клод Моне күннің әр уақытында собордың 24 этюдін жазады.

Еуропа елдерінде готика сәулетінің ерекшеліктері

Германия

Готика XIII ғасырда қалыптасқан Францияға қарағанда Германияда кейіннен пайда болды. Готика стилі мұнда қатаң және «батыл» кескінде көрінді. Германияның батыс облыстарындағы ескерткіштер (Рейн мен Эльзастың) француздық готикаға бір табан жақын. Оңтүстік Германияда жалғыз астаукеңістікті ғибадатханаларды жиі тұрғызады. Солтүстік-шығыс Германияға тән кірпіш сәулеті едәуір салмақты, қасбеттерді бөлу оңтүстіктегідей күшті емес, ал көркемдікке биік маңдайша қабырғалар тұрғызу арқылы қол жеткізді. Қабырғалардың тас қалауы әрқашан мұқият және тиянақты орындалды.

Неміс готикасын лезде ажырататын сыртқы кескін – биік жұқа шатырмен аяқталған батыс жақ қасбеттің орталық бөлігінің үстіндегі қалың мұнаралар. Неміс готикасының үлгілері - Фрейбургтегі собор, Кельн соборы.

Фрейбургтегі собор (1260-1350 ж.)

Бұл – қасбеттері екі қабатқа бөлінген үш астаукеңістікті базилик. Ортаңғы астаукеңістік биіктігі – 25 м, астаукеңістік ендері – 9-11-9 м. Ортаңғы астаукеңістік бүйір жақтағылармен тең, бұл француздық готикада болмаған. Мұнаралар XIV ғ. аяқталды. Олар шатырмен аяқталған – бұл неміс готикасына тән. Собор сұр тастан орындалған, сондықтан біршама жабыңқы әсер қалдырады.

Кельн соборы (XIII ғ.-1882 ж.)

Собор Амьен типінде салынған және көлденең үш астаукеңістігі және капеллалы галереясы бар бес астаукеңістікті ғимарат болып табылады. Бас астаукеңістік ені – 43,5 м. Үшдоғалмұнаралардың екінші

жоғарғы қабаты тесіп өтеді. Мұнаралардың жоғарғы бөлігі 1882 жылы аяқталды, олардың биіктігі 150 м – бұл ең биік мұнаралар, дегенмен, олар готика стилінде орындалмаған. Қатарланған мұнаралар орталық бөлікті «қысып» тұрғандығы соншалық, ол өзінің композициялық орталығынан айырылған. Басқа ортағасырлық имараттар сияқты собор 1882 жылы толық аяқталды, сондықтан имараттың кейбір элементтерінен талғамның өзгергендігі байқалады.

Англия

Готика стилі кейіннен пайда болып, XV ғасырға дейін пайдаланылған Англияда едәуір дәрежеде жергілікті сәулет мектебінің ықпалы байқалады. Ағылшын готикасының төмендегі стильдерін ерекше атап өтуге болады:

Ерте ағылшындық стиль - *1270 жылдарға дейін;*

«Әшекейленген стиль» - *1370 жылдарға дейін;*

«Перпендикуляр стиль» - *XV-XVI ғасырлар.*

Ағылшын соборларының өзіндік жоспарлы шешімі бар. Алтарь бөлігі апсида орнына үшбұрышты етіп аяқталған, көлденең астаукеңістіктері екеу болды, ал ортакеңістік үстіне әдетте қалың мұнара тұрғызылды, батыс жақ қасбет бұрыштарындағы мұнаралар болған жоқ. «Раушан»-терезе тігінен бөлінген немесе тұтас әшекей әйнекті ойықтармен алмастырылады.

XIV ғасырдың соңында ағылшын соборларының ішкі жиһаздары анағұрлым әдеміленіп, күрделене түседі, сарай маңындағы кейінгі готикалық белгісі, интерьер сәнділігін көтеретін «әшекейленген» стиль пайда болады. Осы уақытта желпуіш тоғыспалар – күрделі өрілген әшейқабырғалар пайда болады, сондықтан қаңқаға аса мән берілмейді. Тоғыспаларда жұлдыз тәрізді өрнек жиі кездеседі. Жоспарлар түрлі құрылыстармен – аулалармен, капеллалармен күрделене түседі. Қасбеттерге бөлшектердің ұсақталуы тән.

Ерте ағылшындық готика үлгілеріне Уэльстегі соборды (1180-1239 ж.) жатқызуға болады. Оның ғимарат ортасын қиып өтетін үш астаукеңістікті көлденең кеңістігі және кең қасбеттің жандарында мүсінмен безендірілген екі қалың мұнарасы бар. Собор тамаша желпуіш тоғыспаларымен белгілі.

Вестминистрлік аббаттық алуан түрлі діни имараттардың тұтас кешенінен тұрады. Оның ансамбліне көлемі 156 x 22 м со-

бор ғимараты биік болып тұр. Маңдайшалық кеңістіктер 1245-1269 жылдары салынған. Сәулетшісі – Глостерден шыққан Джон.

Италия

Итальяндық готика ғибадатханаларының ішкі кеңістіктік ені биіктігінен артық болып келген базилик түрін сақтаған. Тоғыспалар негізінен төрттағанды, дегенмен жазық аражабындар да жиі қолданылған. Итальяндық готиканың ең маңызды үлгілерінің бірі 1386 жылы салынған Милан соборы болып табылады. Оның жоспарлы шешімі француздар мен немістердің ықпалына тап болған итальяндық дәстүр рухында.

Готика өзіндік ерекше пішінде солтүстік және орталық Италияның Венеция, Флоренция, Болонь, Сиена қалаларында пайда болды. XIII-XV ғасырларда готикалық кезеңнің сәулеті «проторенессандық» деп аталған, яғни XV ғасырда Ренессанстан бұрын болған.

Итальяндық готиканың өзгешелігі Сиена және Орьвьетто соборлары сәулетінен анық көрінеді. Бұл ғимараттарда қасбеттер мен интерьерлерді көлденеңінен бөлу олардың сәулетіне жайшылық пен көлемділік беріп тұрады. Бағаналар мен қабырғаларды өңдеуіне қара қоңыр және ашық түсті тастарды кезектестіру тән – византиялық қалаудың өңделген мотиві.

Негізінен Италияда готиканың тек жеке белгілері ғана: аркалардың, мұнаралардың «сәнді» мотивтері, терезе ойықтарының аркамен безендірілуі байқалады.

Италияда ақсүйектердің готика стиліндегі ескерткіштері: ратуштар, сарайлар, лоджиялар, субұрқақтар сақталған. Ең ірі үлгілері Флоренциядағы Веккио палацосы, Сиенадағы Публико палацосы, дождар сарайы.

Адамға ерекше эмоционалды әсер қалдыратындай етіп мүсінмен, түрлі түсті әшекей әйнекпен сәулеттік кеңістік жасалып, ортағасырлық еуропалық өнерді аяқтайтын дәуірде стилистикалық ерекшеліктер қалыптасады. Готика кезеңінде мүсін мен кескіндеме өнердің жеке тармағы болып бөлінбегенмен, сол кездің өзінде кескіндемелік жұмыстар мен ірі пластика жоғары шеберлікпен және бейнелердің мәнерлілігімен ерекшеленді.

Мүсін, арка, жақтаулардың пішіндері, жұқа етіп тігінен бөлудің молдығы ортағасырлық эстетикамен ғана, сонымен қатар

практикалық түсініктермен қабылданды: мұндай пішіндерде тас конструкциялардың басты жауы - жауын суы бөгелмейді. Собор төбелері аркалы және тоғыспалы соборларға қарағанда ерте тұрғызылды.

Итальяндық сәулеттің гуманистік сипаты готиканың негізгі қайшылықтарын: тиімділікті және көркемдік шындыққа ұмтылуды, ал бір жағынан, сәнділік пен мистицизмнің артықтығын жеңуге мүмкіндік туғызды. Италияндық готиканың реалистік тенденциясының дамуы Ренессанс сәулетінің гүлденуіне жол ашты.

Готиканың негізгі жетістіктері

- Үлкен еркін ішкі кеңістік жасауға мүмкіндік беретін тіреуіштер мен әшекейқабырғаларда жеңілдетілген тоғыспалары бар, қаңқа жүйесі өте күрделі ғибадатханалардың жаңа конструктивтік сұлбасының пайда болуы.
- Готика роман сәулетінің даму үдерісінде пайда болғанымен, ол пішіндердің өзгеше жүйесін жасаған және кеңістік пен көлемді композицияны ұйымдастыруды жаңаша түсінген жалғыз ғана стиль.
- Өнер мен сәулеттің әртүрлі түрлерінің синтезі.

1.5. АЗИЯ ЖӘНЕ СОЛТҮСТІК АФРИКА ЕЛДЕРІНІҢ ОРТАҒАСЫРЛЫҚ СӘУЛЕТІ

1.5.1-тақырып. VII-XVIII ғасырлардағы Араб халифаты, Иран және Түркия сәулеті

Араб халифатының сәулеті

Арабия алқабында сауда жолдарының қиылысында қалалардың біртіндеп қалыптасуы сауда мен қолөнердің дамуына әкелді. Ірі қалалар Мекке мен Медина Шығыстың мәдени орталықтарына айналды.

VII ғасырда бірдей климат пен шаруашылық құрылысына байланысты тұрмыстық, мәдени және исламның діни дәстүрлерінің бірігуі себебінен Арабия біріктіріледі.

VII ғасырда басталған арабтардың етек алуы шығыста Ауғаныстан мен Солтүстік Үндіден бастап батыста Испанияға дейінгі орасан зор аймақты басып алды. Едәуір дамыған елдерді бағындырған халифат олардың дәстүрлері мен мәдениетіне еліктеп, қайта ыңғайлап, жаңа мәдениет құрды.

Интерьерлерде үйлесімді сәйкестемелік қатынаспен ұстын-тізбектер қолданылды. Бағаналарға әртүрлі пішіндегі аркалар: таға тәріздес, үшкір, «парсылық» және т.б. тірелді.

Классикалық дәстүрді сақтай отырып, құрылысшылар алдымен аркалардың жарты шеңберлі пішіндерін, кейіннен арканың басқа түрлерін де пайдалана бастады. Аркалардың жебе тәрізді пішіні тірек күшін азайта отырып, конструкцияны жер сілкінісі кезінде орнықтырақ болатындай етіп жасады. Таға тәрізді пішін эстетикалық түсінік негізінде дамыды. Сәнділікке деген тенденция 3-жаппалы аркаларда да көрініс тапты. Көп қабатты өрілген аркалардың тартымды жүйелері жасалды. Үлкен биіктікке қол жеткізу қажетігінен 2 қабатты доғатізбектер пайда болды. Ондағы өзі көтергіш аркалар тек тіреулерді байланыстыратын және тұрақтылықты қамтамасыз ететін элементтің ғана міндетін атқарады (Кордовада).

Едәуір жетістіктер аражабындардың конструктивтік шешімдерінде де кездеседі. Магриб елдерінде күмбезді-тоғыспалы конструкциялар жақсы дамыды деп айта алмаймыз (тек Тунисте ғана). Тіреу-аркалы конструкция жетекші мәнге ие болды.

Кірпіштен тоғыспа тұрғызғанда құрылысшылар тапшы ағаштан қалыпты талап ететін қалауды қолданбауға тырысты, сондықтан кірпіштің көлденең қатарларынан құрылыстың доғасыз әдісін пайдаланды. Құрылыс қатарының тоғыспа қалыңдығына қамыспен арматураланған, алебастр аркаларға кірпіштен әшекейқабырға қосты.

Иранда алдын ала тұрғызылған қаңқа көмегімен салынған монастыр тоғыспа көп тараған. Кірпіштен әшекейқабырға төселген алебастрдан екі параллель арматураланған арка қолданылды.

Орта Азия мен Иранда төртбұрышты немесе төртбұрышқа жақын бөлмелерді жауып тұратын тоғыспалар пайдаланылды. Бұл тоғыспада аркалар бөлме бұрыштарынан бастап кірпіш қатарлары «шыршаға» біріктірілген қабырға ортасына қарай 45 градустан қаланды.

Күмбез жабындары қабырғаның төртбұрышты негізінде жүзеге асырылды. 4 және сегіз қырлы негізден ауысу кезінде желкендер, өтпетоғыстар және түрлі пішіндегі «ілменақыштар» қолданылады (сәнді іліп қоятын элементтер). Күмбездер көбінесе, биік етіп, кейде қос қабықшамен жасалады. Оның пішіні қабырғалы немесе бадана тәрізді болып келген.

Интерьерлерде, қабырға сыртына стильге келтірілген өсімдік немесе геометриялық өрнектермен әшекейленіп, жазбалармен безендірілді.

Сәулеттің жалпы белгілері

1. Бірдей құрылыс материалы: күйдірілмеген және күйдірілген кірпіш, тас (күрделі құрылыс пен іргетаста), ағаш, құйма қыш (фаянс және көркемқыш), сондай-ақ ғаныш пен қамыс.
2. Жер сілкінісімен күресу тәсілдері (ағаш қаңқалы үйлер салу).
3. Сәулет имараттарының бірдей түрлері.
4. Имараттың тұйық сипаты.
5. Монументтік және сәндік өнерде адамдар, жануарлар бейнесінің болмауы.

Азаматтық имараттардың түрлері

- Исламға дейінгі Арабияда тұрғын үйлер – күйдірілмеген кірпіштен салынып, қажеттілік кезінде аяқталған бірнеше қабатты балауыз тәрізді мұнара үйлер. Аула ішіндегі кеңістікте көгал мен ашық су қоймасы кеңінен пайдаланылды (батыс еуропалық ортағасырлық қалаларына қарағанда).
- Керуен-сарайлар – жол бойындағы қонақ үйлер.
- Ханакалар – мешіті мен хужрасы бар қажыларға арналған қонақ үйлер.
- Аурухана-госпитальдар.
- Кітапханалар.
- Қала орталықтарын алып жатқан, қамал ретінде салынатын халиф сарайлары.

Діни имарат түрлері

- Минарет – намаз оқуға шақыратын биік мұнара. Шөл далада бағдар ретінде де, сонымен қатар күзет мұнарасы ретінде де пайдаланылды.
- Мазар – кесене, сағана.
- Хужрасы бар медресе – тұтас бір қала бөлігін құрайтын жоғары және орта рухани мектеп, ислам академиялары.
- Мешіт – мұсылмандардың ғибадатхана ғимараты.

Мешіт өзінің кеңістіктік ұйымдастырылуымен христиан ғибадатханаларынан едәуір

ерекшеленеді. Ол екі бөліктен тұрады: дәрет алуға және намаз оқуға арналған су қоймасы бар кең аула (39-сурет). Мешіттер солтүстіктен оңтүстікке, Мекке бағытына бағытталып салынады. Ғибадатханада бұл бағыт (*құбыла*) михрабпен – Құран сақталатын, қабырғаның арнайы текшесімен белгіленген. Құран оқу үшін арнайы кафедра – мимбар жабдықталған. Мұсылмандарды намаз оқуға биік минареттен шақырады.


Ислам сәулетінде мешіттің төрт түрі:

Сарай (Қайырдағы Ибн-Тулун мешіті);


Бағаналы (Кордовадағы мешіт);

Айванды (Қайырдағы Гассан сұлтан мешіті);

Константинопольде Әулие София соборына ұқсатып салынатын орталық-күмбезді мешіттер (Константинопольдегі Сүлеймен мешіті) қарастырылған.



39-сурет



40-сурет

Кордовадағы бағаналы мешіт

711 жылы Пиреней түбегінде Кордова халифаты құрылды. Оның сәулеті едәуір дәрежеде Византияның құрылыс тәжірибесін бойына сіңірді. Халифаттың ең маңызды діни имараты Үлкен Кордова мешіті болып табылады, оның көлемі шамамен 22 000 шаршы м.

Мешіт интерьерінде қара қоңыр және ашық түсті тастар кезектестіріліп безендірілген, дөңгелек тіреу-бағаналарда қос доғатізбектер қолданылған. Бұл күрделі көп бағаналы имарат алғашқыда біршама кішірек болған. Мешіт XV ғасырға дейін салынған, кейіннен намаз оқуға арналған үш шағын ішкі аула пайда болды (*40-сурет*).

Каирдағы Ибн-Тулунның сарай мешіті (786-789 ж.)


969 жылы халифат астанасы Каир қаласы болды. Қала 71 қақпасы бар қамал қабырғамен қоршалып, су құбырымен қамтамасыз етілді. Мұнда сан алуан мешіттер, медреселер, қонақ үйлер, сауда және қойма бөлмелері бар базарлар салынады. Күрделі діни ансамбльдер пайда болады. Ибн-Тулун мешітінің шешімі тартымды. Мешіт арнайы текше көмегімен Меккеге бағытталып, доғатізбектермен қоршалған үлкен аула болып саналады (*41-сурет*). Кіреберіс зиккуратты еске салатын мұнара түрінде безендірілген. Мешіт көне құрылыс орнына салынған.

Каирдағы Гассан сұлтанның айванды мешіті (1356-1362 ж.)

Мешіт өз текшелерімен намаз оқуға арналған ішкі аулаға қарай ашылатын үш айван мен аркадан тұрады. Ішкі аула отасында кесене және ғибадатхана. Бастапқыда үшеу емес төрт айван болса керек, кейіннен біреуінің орнына күмбезді зал жасады.

Мешіттің қабырғалары өте қалың. Ішкі аула айналасында доғатізбек. Қасында Каирдағы Каит-Бейдің қабыр үстіндегі мешіті орналасқан. Бұл таңдаулы өрнекпен шебер безендірілген, аппақ сағана кейіннен 1483 жылы салынды.

Басқа мешіттер сияқты оның жанында минарет орналасқан. Бұл дәстүрлі күмбезді мешіт.



41-сурет.

Айван – тоғыспалы текшесі бар бетше босаға, ішкі аулаға қарай ашылған жартылай сфералы күмбез.

Константинопольдегі Сүлеймен мешіті

XI ғасырдың ортасынан бастап Византия Осман сұлтанаты саяси билікке үміттенген Кіші Азиядағы өз аймағын жоғалтады. Осман сәулетшілігінің ірі үлгілері Константинопольдегі Сүлеймен (1556 ж.) мешіті мен Адрианонопольдегі Селим (1574 ж.) болып табылады, сәулетшісі – грек Ходжа Синан. Екі мешіт те Константинопольдегі Әулие София ғибадатханасының үлгісімен тұрғызылған.

Түрік қалаларының тұрғын бөліктері өзгеше. Шығыңқы екінші қабат пен терезелердің ағаш керегеторлары, жабынқыш шатырлар мен ернеулердің шығыңқы тұсы түрік үйлеріне ерекше кескін береді.

Арабтар Константинопольді жаулап алған соң Сүлеймен оны Стамбул деп өзгертті. Әулие София соборының ішкі ауласының айналасында төрт үйлесімді минарет, ал ішкі аула аркаларының үстінен 3 қатар күмбез пайда болды. Қабырғаның ішкі беті әдемі геометриялық және өсімдіктер бейнесіндегі өрнекпен, сондай-ақ өрме жазумен (арабша) жазылған Құранның нақыл сөздерімен безендірілген.

Иран сәулеті

(Тақырып өз бетімен оқу үшін ұсынылады)

Ислам дінінің ықпалымен қалыптасқан Иран сәулетінің ерекшеліктері. Азаматтық ғимараттың жаңа түрлерінің пайда болуы

(сауда, қоғамдық, коммуналды). Құрылыс материалдары, конструкциялар, ғимарат тұрғызу тәсілдері. Қорғаныс имараттары. Қала алаңының ансамблі (майдана) – базар, собор мешіті, хан сарайы. Ортағасыр дәуірінде Ирак сәулетінің көркемдік ерекшеліктері.

Түркия сәулеті

(Тақырып өз бетімен оқу үшін ұсынылады)

Түркия сәулетінің ерекшеліктері. Тұрғын құрылыстар, діни имараттар, қоғамдық ғимараттар сәулеті. Сәулетші Синан салған Константинополь (Сүлеймен мешіті) мен Адрианопольдің (Селим мешіті) ірі күмбезді мешіттері: византиялық, грек және мысырлық сәулетшілігінің элементтері. Стамбулдағы «Сұлтан Ахмед» (Көгілдір мешіт) мешіті.

Араб халифаты елдері сәулетінің ерекшеліктері

1. Жаулап алу кезеңінде арабтардың құрылысы басқа жаулап алынған елдерге қарағанда төменгі деңгейде болды. Бұл негізінен жергілікті сәулет мектептерінің тәжірибесінен алынған халифаттың әртүрлі елдеріндегі алуан түрлі құрылыс тәсілдеріне байланысты.

2. Жаулап алынған елдердің құрылыс техникасын жетілдіре отырып, арабтар жергілікті жағдайға сәйкес тас, кірпіш, бетон, қаңқалы конструкция пайдаланды.

3. Арабтар бағаналар және тіреулермен үйлесімді аркалы пішіндерді кеңінен қолданды.

4. Күмбездер мен күмбезді конструктивтік жүйелерді қолдану.

1.5.2-тақырып. б.з.д. III ғ.-XIX ғасырдың басындағы

Үнді және Оңтүстік-Шығыс Азия сәулеті

(Тақырып өз бетімен оқу үшін ұсынылады)

Ортағасыр сәулетінің дамуын анықтайтын қоғамдық-саяси, экономикалық жағдайлардың жалпы сипаты. Үнді сәулетінің даму тарихының кезеңдері.

Діни-философиялық жүйелер – брахманизм, буддизм, индуизмнің діни ғимараттар мен имараттардың қалыптасуына ықпалы. Солтүстік және оңтүстік аудандар сәулеті, оның айрықша ерекшеліктері. Мұсылман сәулетінің ерекшеліктері: Аградағы Тадж-Махал кесенесі, ансамбль композициясы. Үндінің оңтүстік

облыстарының діни сәулетшілігі, индуизмнің ықпалы. Каджурахо, Танджавур, Чидамбарамдағы ғибадатхана кешендері. Буддизмнің негізгі құрылыстары – «чайтья», «вихара», брахман ғибадатханалары («мантапам», «дравида-шикхара», «нагара-шикхара» түріндегі). Жартас және құйматас ғибадатханалар. «Вимана» және «гопурам» түріндегі мұнаралы қондырмалар. Ислам ықпалынан тараған Үнді сәулетіндегі аркалы-тоғыспалы, күмбезді конструктивтік жүйелер.

Тас сәулетшілігінің ежелгі үнді ағаш сәулетімен байланысы, оның бейнелеу-мүсіндік сипаты. Үнді сәулетінің византиялық және араб сәулетшілігінің мұрасымен байланысы.

Үнді сәулетінің Индонезия, Малайя, Үндіқытай түбегінің құрылыс мәдениетіне тигізген ықпалы. Боробудур ғибадатханасы.

Бирма, Таиланд, Камбоджидің монументті сәулеті. Жергілікті діни және сарай құрылыстарының ерекшеліктері.

1.5.3-тақырып. III-XIX ғасырлардағы Қытай және Жапония сәулеті

(Тақырып өз бетімен оқу үшін ұсынылады)

Қытай сәулетінің даму кезеңдері, құрылыс түрлері («дянь», «лоу», «тай», «лан», «тин»). Қытай ғибадатханалары. Еңісті төбе конструкцияларын жетілдіру, олардың пішінін күрделендіру (иілімнің пайда болуы); материалына байланысты ғибадатхананың сан алуан түрлері (ағаш, кірпіш, шойын, қола). Пекиндегі император сарайларының кешендері, композиция ерекшеліктері. Буддизм мен конфуцийшілдіктің ғибадатхана ансамбльдерінің сәулетіне ықпалы. Өткен дәуірлер сәулетінің үлгілерін жаңарту және заңдастыру.

Биік имараттардың сейсмикалық төзімді конструкцияларын жасауда ағаш сәулетшілігінің жетістіктері. Хорюдзи монастыры және Парадағы Ұлы Будда ғибадатханасы. Тұрғын және діни құрылыстардың түрлері. «Кондо» залдары; «синдэн» түріндегі үй-жайлық кешендер. «Сеин» түріндегі тұрақ жай – дәстүрлі жапон тасымалы үйлері сәулетінің қалыптасуы. Кейінгі феодализмнің тас құрылыстары; сарай ансамбльдері, сарай кешендері мен пейзаждық саябақтар композициясының бірлігі. Киотода Кацураның қала сыртындағы сарайы. Ортағасырдағы жапон сәулетінің әлемдік сәулетшіліктің дамуына ықпалы, Шығыс сәулетінің жалпы сипаты, жергілікті құрылыс мәдениетімен байланысы.

1.6. ҚАЙТА ӨРЛЕУ ДӘУІРІНІҢ СӘУЛЕТІ

1.6.1-тақырып. XV-XVI ғасырлардағы Италияда Қайта өрлеу дәуірінің сәулеті

Капиталдың жиналуы мен капиталистік өндірістің дамуы буржуазиялық қатынастардың жылдам қалыптасуына және жаңа буржуазиялық мәдениеттің пайда болуына мүмкіндік туғызады.

XV ғасырдың басына дейін Италия сәулетінде готикалық стиль басым болғанымен, жаңа, тиімді және ортағасырлық жабыңқылықтан айырылған сәулет имараттары өзгеріске ұшыраған қоғамдық қатынастармен үйлесім тапты.

«Қайта өрлеу» термині итальяндық кескіндемеші, мүсінші, сәулетші Джордж Вазариге тән. Ол дәуірдің басты жетістігі – антикалық мұраның жаңаруы деп есептеді. Италияда антикалық сәулет үлгілері өте көп сақталғандықтан, бұл кезеңде римдік дәстүрге бейімделу өрбиді.

Италияда Ренессанс сәулетінің даму үдерісі:

Ерте Қайта өрлеу - *420 жыл – XV ғасырдың соңына дейін;*

Жоғары Қайта өрлеу - *XV ғасырдың соңы, XVI ғасырдың 1-жартысы;*

Кейінгі Қайта өрлеу, классицизмнің пайда болуы - XVI ғасырдың 2-жартысы;

Барокко - XVII ғасыр болып шартты түрде төрт кезеңге бөлінеді.

Италияда Ерте Қайта өрлеу дәуірі

Жаңа тенденциялар готикаға төзіп және оны шығармашылықпен қайта өзгертіп белсенді бірлесіп әрекет қылады. XV ғасырдың басында сауда, сонымен қатар ғылым мен мәдениеттің жылдам дамуына мүмкіндік беретін, сауда жолдарының қиылысында орналасқан Флоренция қала-республикасы жетекші мәдени орталыққа айналды.

Ерте Қайта өрлеу дәуірі сәулетінің ерекшеліктері

1. Реалистік өмір орнықтырушы сипат (антикалық ордерлік жүйені қолдану, имараттарда жер бетіндегі сезімдерді көрсету);
2. Ақсүйектерге арналған имараттар (Құрылыста азаматтық имараттар басты рөл атқарды: палаццо – ақсүйектердің қаладағы оңаша үйлері, қала сыртындағы виллалар, баспаналар, кітапханалар және басқа мәдени имараттар);
3. Антикалық үлгілерді зерттеу негізінде сәулет теориясы өркендей бастайды;
4. Жаңа құрылыс техникасының пайда болуы; техника және механикаландыру дамиды (блокты жүйемен көтергіш кран ойлап табылады);
5. Жебе тәрізді конструкциялардың орнын цилиндр тәрізді және төрттаған-күмбезді тоғыспалар, желкенді конструкциялар басады;
6. Композициясында готикалық стильдегі жоғары бағытталған тік емес, орталықтандырылған және перспективалы-ұйымдастырылған көлденең басым болып келетін жаңа сәулет ансамбльдерін жасау.

Филиппо Брунеллески шығармашылығы (1377-1446 ж.)

Ф. Брунеллески – флоренциялық сәулетші және суретші, ерте Қайта өрлеу дәуірінің өкілі. Алғашқыда ол зергерлік іспен, кейін мүсінмен және перспектива туралы жаңа ғылыммен айналысқан. 1430 жылдан бастап Римнің антикалық ескерткіштерін зерттейді.

Брунеллескидің алғашқы туындысы 1420 жылы тұрғызылған Флоренциядағы Санта-Мария дель Фьоре шіркеуінің күмбезі болып табылады.

Флоренциядағы Санта-Мария дель Фьоре (Кемеліне жеткен шағындағы Әулие Мария)


Күмбезді тұрғызу XIV ғасырда қарастырылған, 42 м өте үлкен аралықтың салдарынан бір ғасыр бойы жүзеге асырылмай қалып қойған. Конкурс жарияланып, Брунеллески күмбезді ағашсыз, тік

қылып көтеріп, ішкі бетін негіздің $\frac{3}{4}$ диаметріне тең радиуспен сызып тұрғызуды ұсынды.

Қырлы етіп тұтасқан тоғыспа түріндегі күмбез күнтартарды көтеріп тұрған жоғарғы, сондай-ақ сегіз қырлы сақинаға 8 қырмен бекітілген. Қырлардың арасында құмтастан екі қабықша қойылған (сыртқы қабықша сыртқы қабықшаға қарағанда тік). Кермені теңестіру үшін қалайы құйылып, қысқашыбықпен бекітілген ұзын құмтастан 6 көлденең тәж енгізілген. Төменгі бөлікке темір табақтармен құрсауланған, емен бөренелерден сақиналы байланыс қосылған. Биіктігі 13,5 м-ге дейін жететін күмбез қалауы ағашсыз орындалған, кейіннен аспалы төсеніштер орнатылған.

Күнтартар 1467 жылы Брунеллески қайтыс болған соң, оның сызбасы бойынша тұрғызылды. Күмбез ұзақ жылдар бойы қала доминанты болды.

1421 жылы Брунеллески Сан-Лоренцо шіркеуін қайта құруға және оның жанындағы шағын төртбұрышты капелла – Ескі шіркеулік қызмет жайын салуға кірісті. Капелла (шіркеу қоймасы) Қайта өрлеу дәуірінің сәулетіндегі орталықтандырылған ғимараттармен жұмыс істеудің алғашқы тәжірибесіне айналды.



42-сурет

*Аннуциаты көшесіндегі Оспedale дельи
Инноченти (1419-1445 ж.)*

Брунеллески тұрғызған тәрбиелік үй-баспана ғимараты (42-сурет) Аннуциаты шіркеуі алдындағы алаңның оң жақ бетінде тұр. Ғимарат ортасында бас қасбет доғатізбегі алаңның үлкен кеңістігін

алып жатқанымен көлемі жағынан кішірек, доғатізбек орнатылған бағаналармен қоршалған төртбұрышты аула орналасқан.


Жоспардың барлық құрылыстары ортақ модуль негізінде орындалған. Бас қасбеттің алғашқыда алаң деңгейінен 9 сатыға көтерілген 9 кең аркалы аралығы болған.

Бұл имарат алғаш рет бағаналарының, көтергіш аркалардың және бағаналарды көмкерген үлкен ордердің үйлесімділігімен тартымды. Діңмаңдайшалардың жарты шеңберлі аркалары тікелей бағана әсембағандарына сүйеп қойылған, галерея жабынын екіге бөліп тұрған көлденең аркалар да осы әсембағандарға және діңмаңдайшаның артқы қабырғасындағы әсембаған түріндегі аспаларға сүйеп қойылған – бұл ортағасырлық тәсіл. Әр текше желкенді тоғыспамен жабылған. Бағана үстінде түрлі түсті қыш медальондар.

Ионика ордерінің бағаналары қойылған тікбұрышты ішкі ауланы ашық галерея орнына сәулетшінің ойын бұрмалап, оның шәкірттері тұрғызған болатын, сондықтан 1819 жылы композицияны теңестіру үшін сол жақтан діңмаңдайша салынды.

Пацци капелласы (1430-1443 ж.)

Капелла (*43-сурет*) атақты Брунеллески орындаған, ерте Қайта өрлеу дәуірінің ең әсем туындысы. Флоренциядағы Әулие Крест шіркеуі жанындағы шағын кішкентай шіркеу қарапайым доғатізбектермен қоршалған Санта-Кроче шіркеуінің ауласына шығады.



43-сурет

Капелла қасбеті цилиндр тоғыспамен жабылған коринфтік ордердің алты бағаналы діңмаңдайшасымен белгіленген. Кіреберістегі арқаға қарама-қарсы кішкене күмбез орнатылған. Тоғыспа мен діңмаңдайшаның кішкене күмбезі тас жатаған қабырғамен жабылған.

Төбе үстіндегі жеңіл бағандарға тіреледі. Капелланың орталық бөлігі бас оське перпендикуляр етіп кеңейтілген, сондықтан ішкі кеңістік тек ішке қарай ғана емес, сонымен қатар еніне қарай жайылып кетеді.

Капелланың барлық қабырғаларында тігінен жауырындық қабырға мен аспаларға сүйеп қойылған көлденең сәнмаңдайша орнатылған. Барлық пішіндердің жоғарыға жалпы ұмтылушылығын аяқтаған желкендердегі шатыр күмбездер үлкен әсер қалдырады. Капелла мол әшекейімен ерекшеленеді: аркаларда таспалы өрнек, цилиндр тоғыспаларда тіктөбеойық торлары, желкендер мен бүйір жақ аралықтарда медальондар, елтаңбалар, ал діңмаңдайша күмбезінде шеңбер тіктөбеойықтар қолданылған. Түрлі түсті көркемқыштарды Брунеллески қайтыс болғаннан кейін Луко делла Роббиа орындаған.

Ф. Брунеллескидің тағы бір туындысы Питти палаццосы болып табылады.

Палаццо – ақсүйектердің қаладағы сарайлары. Ол ата-баба камалының рөлін атқарды. Палаццо құрылысы XV ғасырдан бастап, Қайта өрлеу дәуірінің соңына дейін жүргізілді.

Палаццо қабырғалары кірпіштен қаланды, кейде бетон толтырылып, таспен қапталды; қабат аралық аражабындар үшін тоғыспалардан басқа арқалықты ағаш конструкциялар қолданылды. Қасбеттердің ерекшелігі бағаналармен бөлінген орасан зор терезе ойықтары болды. Терезелердің аркалармен аяқталуы кейіннен көлденең маңдайшамен алмастырылды.

Палаццоға тән белгілер

- үш қабат санына қарай қасбеттерді көлденеңінен дәл бөлу.
- ернеуді кең етіп шығару .
- аркалы галереямен қоршалған ішкі аула айналасына жоспар композициясын қалыптастыру.



- қасбеттерді қашаутаспен өңдеу (қашаутас – ажарсыз уатылған немесе сыртқы беті бұдыр тас). Қашаутас бедері қабат саны артқан сайын азайып отырды.

Медици-Рикарди палаццосы (1444-1452 ж.)

М. Ди Бартоломео орындаған палаццо жоспары алғашқыда текшеге жақын болды (44-сурет). XVII ғасырда сарай Риккарди отбасына көшкеннен кейін оның кескіні едәуір өзгерді: қасбет 7 терезе осіне ұзартылды.

Өзгеріске ұшырағанға дейін барлық бөлмелер ашық зал ретінде қолданылған 12,2 x 12,2 м ішкі аула айналасына топтастырылды. Бірінші қабаттың кіреберісінде ат қора және күзетшілер бөлмесі орналасқан. Бұрыштағы зал көше жаққа қарады, онда қонақасылар берілетін лоджия орналасқан. Кейіннен лоджия бітеліп, төменгі қабат аркаларында Микелеанджело суреті салынған жақтаулары мен керегеторлары бар терезелер орнатылды. Жоғарғы екі қабатта залдар, қонақ бөлмелер, капеллалар, тұрғын бөлмелер, үшінші қабатта қызметтік бөлмелер орналастырылды.



Интерьерлер мен ішкі аула қасбеттерінде ортағасырлық айбарлықтан ештеңе қалмаған: композициялар мен пішіндер ашық жарқын көзқарасты куәландырады. Қабаттардың дәрекі қашалған тас қабырғаларының тартымды бедері төменгі қабаттардың қалың текшелерінен жоғарғы қабаттың тегіс сыртқы бетіне қарай кеми түскен. Ғимарат шығынқы ернеумен аяқталған.



Жоғары Қайта өрлеу дәуірі

XV ғасырдың соңында Италия жаңа әлемдік жолдардан тыс қалды. Құрылыстың

44-сурет



45-сурет

дамуы үшін қажетті жағдайлар католик шіркеуінің астанасы Римде ғана болды.

Папалық аула өз маңызын көрнекті сәнділікпен көтеруге тырысты. Діни имараттар құрылысы жетекші рөлде болады, сонымен саябақтар, бақтар мен қала сыртындағы виллалар сәулеті дамиды. Құрылысқа Италияның әртүрлі қалаларынан сәулетшілер шақырылады.

XV ғасырдың соңында Римде шамамен 70 мың тұрғын ғана қалады. Қаланың қоныстанған бөліктері арасында антикалық құрылыстардың орнымен иен қалған жерлер созылып жатады. 1499 жылы Миланнан шақырылған Донато Браманте Римге келгендегі көрініс осындай болды.

***Донатто Браманте
шығармашылығы
(1444-1514 ж.)***

Д. Брамантенің Римдегі алғашқы құрылысы Санта-Мария делла Паче шіркеуінің ішкі ауласы болды. Брамантенің тамаша римдік туындыларының бірі Сан-Пьетро ин Монторио сарайында орналасқан шағын шіркеу Темпьетто (45-сурет).

Темпьетто гибадатханасы (1502 ж.)


Жоспарда бұл дөңгелене орналасқан сатылардағы рим-дорикалық 16 бағанасы бар дөңгелекотау. Айналма сәнмандайша үстінде, жұқа етіп салынған тізбек қоршау артында күмбезбен аяқталған барабан көтеріледі. Сыртында да, ішінде де ғимараттың жүйелі құрылымымен байланыспаған әшекей жоқ. Айналма қабырға мен барабан жауырындық қабырғамен және олардың арасында орналасқан қуыстармен және терезелермен бөлінген. Гибадатхана бөлшектері өте дәлме-дәл сызылған. Бағаналардың төменгі тәжі және жоғарғы цилиндр қасбетте осындай пішіндерді құрайды. Айналма галереялы аула салынбаған. Бұл гибадатхананың құрылысы

Брамантең Римдегі Әулие Петр соборының жоспарымен жұмысының дайындық кезеңі болып табылды.

1503 жылы Юлий II папаның тапсырысымен Браманте сол уақыттағы көптеген басқа атақты сәулетшілер, кескіндемешілер және мүсіншілер сияқты Ватикан Сарайларының құрылысына қатысты.

Ватикан сарайлары

XV ғасырдың басында сарай аймағында көлемі мен көркемдік құндылығы әртүрлі ғимараттар бей-берекет салынды. 1503 жылы Юлий II папаның тапсырысымен Браманте оны қайта жоспарлады бастайды. Ретке келтірудегі оның алғашқы қадамы жоспарда тікбұрышты Лоджий сарайын салу болды (кейіннен оны әшекейлеген Рафаэль болды). Кейін Бельведер ауласы (ойын-сауықтар мен жарыстарға арналған) және одан тек баспалдақпен ғана дараланып тұрған Пиньи бағы салынды. 1585-1590 жылдары Ватикан кітапханасының корпусы, ал кейіннен Браманте ойын өзгерткен екінші көлденең корпус тұрғызылды (46-сурет).




46-сурет

Римдегі Әулие Петр соборы

Әулие Петр соборы Петрдің аңызға айналған жерленген жерінің орнына тұрғызылды. Алғашқыда бұл жерде қалпына келтірмек болған шағын шіркеу салынған болатын. Альбертидің досы Николай V папа Бернардо Росселиноға жаңа собор жобасына тапсырыс берді. Соборды жобалау және салу 6 кезеңнен өтті (47-сурет):

1. 1452-1454 ж. – Бернардо Росселино жобасы;
2. 1505 ж. – Браманте жобасы (а);
3. 1514 ж. – Рафаэль Санти жобасы (ә);
4. 1536 ж. – Антонино да Сангалло жобасы (б);
5. 1547 ж. – Микеланджело жобасы (в);
6. 1604 ж. – Д.Фонтано, К.Модерн.



47-сурет

1. 1452-1454 жылдары Б. Росселино собор құрылысын бастады. Ол маңдайшалық кеңістік пен көлденең астаукеңістіктің іргетасын салды, бірақ Николай V папа қайтыс болған кезде құрылыс тоқтап қалды.

2. 1505 жылы Юлий II папа Брамантеге собордың жаңа жобасын құруды тапсырды. Браманте жобасы бойынша собор жоспары жарты шеңберлі апсидасы бар ұштары тең (гректердің) төрттаған тәрізді болды. Браманте ортакеңістік үстіне барабаны ұстынтізбекпен қоршалған орасан зор жартылай сфералық күмбез тұрғызуды ұсынды. Брамантенің қайтыс болуына байланысты 1514 жылы құрылыс тоқтап қалды.


3. Собор құрылысына Брамантенің ізбасары Рафаэль Санти қатысады. Әулие Петр соборының жаңа жобасы жоспарда латын төрттағанының пішінінде болды. Сонымен күмбез кейінге

қалдырылып, бас қасбет композицияда жетекші орынға иеленді. Собордың шығыс жақ бөлігінде шамалы ауытқулармен Браманте жоспарының композициясы сақталған.

4. Жаңа жобаны 1536 жылы А.да Сангалло құрастырды. Собор құрылысы жаңартылып, 1546 жылы жалғастырылды.

5. Барокко белгілері пайда болғанда сәулетшіліктің жаңа даму желісі 1547 жылы Әулие Петр соборының құрылысын басқарған Микеланджело Буанаротти қызметінде айқын көрініс табады. Микеланджело Браманте жоспарының сұлбасына оралады, бірақ орталық күмбез астындағы кеңістікке баса мән береді. Осы мақсатпен барлық бүйір жақ бөлмелер қысылып, бұрыштағы мұнаралар алынып тасталады. Бағандардың ауыр салмағы биіктігі 46,2 м., 27,5 м орасан зор астаукеңістіктің шынайы көлемін қабылдауды қиындатады. Күмбез астындағы кеңістіктің жарық күнтартарына дейінгі биіктігі 123,4 м.

6. 1604 жылы Павел V папаның талабымен сәулетшілер Карло Модерна мен Доменико Фонтана собор жоспарындағы грек төрттағанының алдыңғы тармағын ұзартып, оны латын төрттағанына айналдырған ғибадатхананың бойлық астау кеңістігін жасауға кірісті. Сонымен ғимаратты бас қасбеттен қабылдау едәуір бұрмаланып кетті: имарат өзінің ірі масштабын жоғалтты. Сонымен қатар Д. Фонтана қасбеттерді Италияда басым барокко стилінде өңдеді, барабанға қосарланған бағаналар енгізді.



48-сурет

1667 жылы сәулетші Бернини собор алдына ұстынтізбекті трапедия тәрізді алаң жасайды (48-сурет). Қарағанда соборға дейінгі аралық оның бас қасбеті кіші сияқты көрінеді. Ұстынтізбек биіктігі собор бағытына қарай азаяды, сондықтан әуелгісінің әсерін түзететін кері әсер қалдырады.

Трапедия тәрізді ұстынтізбекке қарапайым классикалық пішіндегі жарты шеңберлі ұстындар жалғасады. Оның ортасында биік ескерткіш орнатылған, ал көлденең осіне екі субұрқак қойылған.

Кейінгі Қайта өрлеу дәуірі

Жоғары Қайта өрлеу дәуірінің жайлы үйлесім қалдықтары байқалады, готикалық мотивтері жанданып, пішіндердің мәнерлілігі күшейе түседі.

Діни құрылыс күшейе түседі. Осы уақытта жалғасып жатқан Римдегі Әулие Петр соборының құрылысынан басқа өз кескінін тұп-тамырымен өзгерткен жаңа шіркеулер тұрғызылады. Сәулетшілер діни ғимараттардың орталықтандырылған түрлерінен бас тартып, базиликке қайта оралады, сыртқы кескінде вертикализмге деген ұмтылыс пайда болады.

Білім, ғылымның күдіреттілігі алдында адамның өз қабілеттілігінен түңіледі. Жаңаның маңызды белгісі сәулеттің жоғары мәнерлілігі мен «мүсінділікті» іздеу болып табылады. Әсіресе, бұл ұлы сәулетші және мүсінші Микеланджело Буанаротти шығармашылығында байқалады.

Кейінгі Қайта өрлеу сәулетіне екі бағыттың күресі:

- бірі болашақ барокконың шығармашылық негізін орнату;
- екіншісі, Жоғары Қайта өрлеу дәуірінің желісін дамыта отырып, классицизм дәуірінің қалыптасуын дайындау тән.

Сәулетшілер қала билігінің тапсырыстарын ғана емес, көбінесе Римде өздеріне сарайлар мен қала сыртындағы виллалар тұрғызып жатқан шіркеу князьдарының, монастырлардың және ақсүйек феодалдардың тапсырыстарын орындады. Сонымен, қала сарайларынан сәулетшілер көрнекілікті іздесе, тапсырыс берушілер шамалы сымбаттылық пен айбындылықты талап етті, ал виллаларды үйлестіру тәсілінде басқаға, яғни тартымды, табиғатпен жақсы үйлесімде болатын кескінге қол жеткізуге тырысты. Сондықтан да қала сыртындағы сәулетте Жоғары Қайта өрлеу дәстүрлері сақталады, кейіннен стильдің өзгергендігі байқалады.

Барокко белгілері пайда бола бастағанда, XVI ғасырдың екінші жартысында Италияда сәулетшіліктің жаңа даму желісі Микеланжело шығармашылығында айқын көрініс табады.

Қайта өрлеу дәуірінің қала құрылысында «тамаша» қалалардың жобалары және алаңдар, саябақтар, қала ансамбльдері сияқты олардың элементтері жұмыстың негізгі нысандарына айналады. Шынайы қала құрылымында осы кезеңдегі қоғамның жіктелуі кедейлер тұратын қала бөліктері мен жеке сарай, діни ансамбльдерден тұратын құрылыстың ретсіздігі байқалды. Буржуазияны ортағасырдың қисық тар тұйық көшелері қанағаттандырмады. Ортағасыр қалаларының центрлес құрылымы мен римдік әскери лагерьлердің тиімді формаларының синтезін қамтып көрсететін орталықтандырылған түрдегі қала идеясы туады.

Тамаша қалалардың әлеуметтік құрылымының теориялық негізін Томас Мор, Томмазо Кампанелла сияқты философ-утопистер құрады.

Олардың «тамаша» қалалары көгал мен ауаға қанық. Қала демократиялық формация болып саналады, бірақ қала бөліктері орталықта ақсүйектердің сарайлары орналасқан таптық тиістілігіне қарай бөлінеді. Кейбір қалалар құрылысына 1593 жылы Пальма Нуова, сәулетші Скамоцци, Ливорно, сәулетші Сангалло және басқалар қатысты. Бұл қалалар сақталмағанымен, олардың жобалары қала ансамбльдерін негізін құруға себепкер болды.

XVI ғасырдың соңында: Джакомо Бороцци да Виньола, Андреа Палладио, Лион Батиста Альберти сынды бірнеше сәулетші-теоретиктер шықты.

Сәулеттің ғылыммен тығыз одағы ғылыми теорияның дамуында көрініс тапты. XV ғасырда Витрувий трактатының жаңалығы сәулет бойынша теориялық еңбектер қатарын жазуға ынталандырды. Трактатта сәулет эстетикасы (сәйкестемелік қатынас, ордерлер құру және т.б.), құрылыс, құрылыс материалдарының техникалық мәселелері, қала құрылысы және т.б. кеңінен баяндалды. Әртүрлі ғимараттар мен имараттардың түрлерін функционалдық зерттеу мәселелеріне үлкен көңіл бөлінді.

Ең атақтылары Лион Баттисты Альбертидің «сәулетшілік туралы 10 кітабы», Джакомо Барроцци да Виньолиның «Сәулеттің бес ордерінің ережелері», Андреа Палладионың «Сәулет бойынша 4

кітабы», Леонардо да Винчидің еңбектері, Барбаро мен Сериноның трактаттары болып табылады.

Альбертидің трактаты өзінің энциклопедиялығымен ерекшеленеді. Қала құрылысы, әртүрлі ғимараттар мен имараттар құрылысы тәжірибелерін жан-жақты талдаумен қатар автор функционалдық ұйымдастыру, ғимараттарды «безендіру», оларды тұрғызу тәсілдері саласында пайдалы кеңестер, практикалық мәліметтер мен ұсыныстар береді.

Бірнеше кітаптар ғимарат конструкцияларына, құрылыс материалдарына, практикалық жұмыстар өндірісіне және т.б. арналған. Альберти тіреу, арқалық, арка және құрылыс имараттарының басқа элементтерімен жұмыс істеуді жүйелеп баяндайды.

Теориялық мәселелерді әзірлеуде Леонардо да Винчи бәрінен озды (1452-1519 ж). Оны «күш» ұғымының мәні қызықтырды. Ол бойлық және көлденең иіліс қарсылығын шамамен анықтауға мүмкіндік беретін формуланы ойлап тапты.

Оның соңынан механика және статика теориясы мәселесімен Галилео Галилей айналысты (1564-1642 ж.) Ол материалдар қарсылығына бастау қойып, арқалықтың «иілу күшінің» қасиетін зерттеді.

Кейіннен статика және механикамен мамандар айналысты, ал сәулет трактаттарында ғимаратты «безендіру» мен ордерлер теориясы, ғибадатханалар, сарайлар мен ірі қоғамдық ғимараттар композициясы ережелеріне байланысты эстетикалық аспектілерге басым көңіл бөліне бастады.

Андреа Палладио сәулеттің функционалдық, көркемдік және техникалық жақтарын қарастыруда кешенділікті сақтайды, дегенмен, көркемдік-композициялық тәсілдер мен мәселелерге, ордер теориясына және ғимарат түрлеріне басты көңіл бөлінеді.

Андреа Палладио шығармашылығы (1508-1580 ж.)

Сәулет теориясы бойынша еңбектерден басқа Палладио практикалық жобалаумен де табысты айналысты. Ол классицизмге жақын дәстүрлерде сәулетті дамытушы кейінгі Қайта өрлеу дәуірінің шеберлерінің ішіндегі көрнектісі болып табылды. Палладио шығармашылығының басталған тұсы жоғары Қайта өрлеу дәуірінде римдік сәулет, сондай-ақ өз уақытының нақты міндеттерін негізге ала отырып өзінің жеке антикалық зерттеулері болды, Пал-


ладио антикалыққа ұқсамайтын ғимараттың жаңа пішіндерін жасады. Ол Италияның түрлі қалаларында сарайлар мен виллалар салды. Оның имараттары бароккоға тән жұмыс бастылықпен емес, салтанаттылықпен ерекшеленді.

Виченцедегі Вендрамин палатцо ғимаратында Палладио алғаш рет жатаған қабырға - тізбек қоршаулы толық емес қабат, тік босатпалы маңдайша қабырғалар, үш қабаттың орнына екі биік қабат қолданды. Қасбеттерде коринф ордерлерінің жартылай бағаналары қолданылды.

А. Палладионың ең тамаша имараттарының бірі Ротонда вилласы болып табылады.

Дөңгелекотау вилла (1567-1591 ж.)

Вилла Бакильон кіші өзенінің жанындағы төбешікте Виченцеге жақын жерде орналасқан. Ғимарат жан-жағында лоджиялар орналасқан діңмаңдайшалардан тұрды. Ғимараттың ортасында аласа күмбезбен жабылған және жоғарғы жарықпен жарықтандырылған шағын зал бар. Зал мен лоджияның астында шаруашылық бөлмелер орналасқан. 4 кең баспалдақ ғимаратқа апарады. Олардың жиекқабырғалары сәнді пішіндермен безендірілген. Вилланы аласа саябақ қоршаған. Ғимараттың сыртқы кескіні жайлы және үйлесімді (*49-сурет*). Бұл – жылдың барлық жылы мезгілін өткізетін қала сыртындағы үй емес, мереке кезінде аз уақытқа келіп-кетуге арналған ғимарат.



49-сурет

1591 жылы Скамоцци вилла қасбеттерін өңдеді.

Теоретик ретінде Палладио маңызды шығарма қалдырып кетті. Бұл 1570 жылы Венецияда алғаш рет жарық көрген және бүгінгі


күнге дейін бірнеше рет басылып шығарылған «Сәулет туралы 4 кітап». Ол жаңа құрылыс түрлерін жасап шығарды, Франция, Англия, Германия, Голландия және Ресей елдерінің сәулетіне ықпал еткен өзінің сәулет мектебінің негізін құрды. Оның сәулеттік мектебі классицизмнің басын бастады.

Джакомо да Виньола (Бароцци) шығармашылығы (1507-1573 ж.)

Джакомо Виньола шығармашылығында классика элементтері болса да, барокко стиліне әуестенген сәулет теоретигі және практигі. Ол Римдегі Әулие Петр соборының құрылысында Микеланджело ізбасары атанды. Виньола жобасы бойынша екі шағын собор күмбезі салынды.

Виньола бірнеше палаццо мен вилла салды, дегенмен, өз сәулеті жағынан олар болмашы. Діни құрылыста Римдегі Иль Джезу шіркеуі тартымды болып табылады.

Римдегі Иль Джезу шіркеуі (Иисус Христос) (1568-1584 ж.)



Шіркеу қала құрылысы ортасында орналасқан, сондықтан тек оның батыс жақ қасбеті ғана көрінеді (50-сурет). Жоспарда кең орталық қасбетке шағын көлденең астаукеңістік пен бойлық астаукеңістіктің жан-жағынан капеллалар қатары жалғасқан. Бойлық астаукеңістіктің аяқ жағында орналасқан ортакеңістік үстінде – күмбез. Алтарь кең апсидада орналасқан. Қасбетте коринф ордерінің жауырындық қабырғалары қолданылған және алғаш рет Жоғары Қайта өрлеу дәуірінің дәстүрінен қалған екі «жиналған» волюта пайда болады. Кейіннен шіркеу қасбетін Джакомо делла Порта біршама өзгертті. Шіркеудің батыс жақ қасбеті өте сәнді, ол күмбезді толықтай жабады.

50-сурет

Джакомо да Виньоленің Капраролдегі Фарнез сарайы (1558-1573 ж.), Римдегі Юлий III папаның тамаша жүйелі саябағы, сан алуан баспалдағы бар вилласы (1550-1555 ж.) сияқты имараттары бар.

Теоретик ретінде Виньола ордерлік пішіндер канонын құруға тырысты. Оның негізгі шығармасы «5 сәулет ордерінің ережесі» (1562 ж.) құрылыстарына қарағанда автордың атағын шығарған еңбектің бірі болды. Дегенмен, өзінің практикалық жұмыстарында Виньола өзі жасаған бес сәулет ордерінің дерексіз канонынан едәуір бас тартты, сын көзімен қарамай қолданудың соңы құрғақ көркемдік емес құрылыстардың пайда болуына әкеліп соқты.

Қайта өрлеу дәуіріне тән белгілер

1. Виллалар, палаццолар салыну жалғасады; антикалық дүние сәулетіне белгісіз имараттар тұрғызылады;
2. Орталықтандырылған имараттар құрылысының жалғасуына қарамастан діни құрылыстардың жарым-жартылай базиликке оралуы байқалады;
3. Сарайлар өзгертіледі: қорғаннан (қамал-үйлер) – әдемі қаланың жабдықталған үйлеріне;
4. Сәулетшілер тұрғын үй-сарай сәулетіне ордерлік пішіндерді «бейімдейді», терезелерді жиектеудің жана түрлері пайда болады;
5. Бас жоспарлар мақсатты қалыптасып, бақ-саябақ сәулеті дамиды;
6. Сәулет бойынша теориялық еңбектер жазылады;
7. Қайта өрлеу дәуірі барокко және классицизм стильдеріне көшуге дайындады.

1.6.2-тақырып. XV-XVII ғасырлардағы Еуропаның басқа елдерінде Қайта өрлеу дәуірінің сәулеті *(Тақырып өз бетімен оқу үшін ұсынылады)*

Итальяндық Қайта өрлеу дәуірінің Франция сәулетіне ықпалы. Сарайларда ортағасырлық қорғандарды қайта салу; қалалық тұрғын үй, қоғамдық ғимараттар сәулеті. Сәулетші Ф. Делорм жұмыстары (Анэ қорғаны, Париждегі Тюильри сарайы). Вогезов алаңындағы

және Дофина алаңындағы (Париж) құрылыстар француздық Қайта өрлеу сәулетінің өзгеше үлгісі ретінде.

Готикалық және ренессанстық тәсілдер үйлесімі. Имараттың жетекші түрлері – қоғамдық ғимараттар (биржалар, базарлар, ратуштар, қоймалар). Француздық сәулетшіліктің Нидерланд сәулетіне ықпалы. Имараттардың жетекші түрлері. Антверпендегі ратуша, Гарлемдегі ет базары.

Англия қорғандары сәулетінде Қайта өрлеу дәуірінің жаңа сәулеттік пішіндері мен композициялық сұлбалары; дәстүрлі готикалық стилистиканың жолын қушылықты жеңу. Ағылшын сәулетшілігінде готика мен Қайта өрлеу дәуірі элементтерінің үйлесімі.

Германияда Қайта өрлеу дәуірі сәулетінің ерекшеліктері, готикалық және ренессанстық пішіндер үйлесімі, жергілікті сәулеттік шешім нұсқаларының сан алуандығы. Қала сыртындағы сарайлардың жүйелі жоспарлануы. Сәулеттік жоба үлгілерімен альбомдардың және сәулет теориясы бойынша кітаптардың басылып шығуы. Құрылыс мәдениетінің өсуі. Бедерлі пластика, қасбеттердің нәзік өрнектері (Падерборндағы ратуша).

Испанияда Қайта өрлеу дәуірі сәулетінің дамуы; роман-готикалық және мавритандық стилистиканың қосылуы. «Платереско», «Мануэлино» стильдері. Испан сәулетіндегі жаңа бағыттар; сәулетші Эррераның шығармашылық әдісі. Эскориал сарай-монастыры. Португалияның монументті имараттарында антикалық мотивтердің пайда болуы.

1.7. БАРОККО ЖӘНЕ КЛАССИЦИЗМ СӘУЛЕТІ

1.7.1. XVII-XVIII ғасырлардағы Италия сәулеті

XVI ғ. Еуропа елдерінде реформалық қозғалыс ықпалынан католик шіркеуінің құдіреттілігі әлсірейді, сондықтан шіркеу өткен айбындылыққа қайта оралуға едәуір күш жұмсайды. Осы кезде ақсүйектер билігінің үстемдігі нығаяды. Билеушілер тобы сырт көрініс арқылы өзінің қуаттылығы мен байлығына ерекше көңіл аудартуға талаптанады. Бұл талапқа жаңа көркемдік стиль – барокко (итал. «оғаш», «таңғаларлық») жақсы жауап бере алады.

Барокко кейінгі Қайта өрлеу дәуірінде Италияда пайда болды. Оның қағидалары ордерінің конструктивтік логикасы бар Ренессанстың айқын және жайлы үйлесімінің орнына үстемдік етуші буржуазия мен жер аристократиясының талаптарына жауап беретін аз тәсілдермен ең үлкен сәулеттік мәнерлілікке талаптану келген шақта XVI ғасырда гүлденудің шарықтау шегіне жетті.

Барокко стиліне:

- айбындылық пен сәнділікке талпыну;
- жоспарлардың күрделенуі;
- интерьерлердің байлығы мен әдемілігі, кескіндеме, айна мен мүсінді кеңінен пайдалану;
- қисық иілімді сызықтар мен сыртқы беттің молдығы;
- бейнелердің қарама-қарсылығы, шиеленушілігі, бұлдырлығы, динамикалығы тән.

Барокко стилінің дамуында:

Ерте барокко - XVI ғасырдың соңы және XVII ғасырдың бірінші отыз жылында;

Кемеліне жеткен барокко - XVII ғасырдың 30-жылдарынан бастап XVIII ғасырдың соңына дейінгі (кейбір елдерде XVIII ғасырдың ортасына дейін) кезеңдерді ерекше атап көрсетуге болады.

Италиядағы ерте барокко

XVI ғасырдың соңында Италия экономикасы толық құлдырады. Құрылыс тек Римде және айқын көрініс тапқан барокко стилінің дамыған оның төңірегінде ғана өркендейді. Римде: Доменико Фонтана, Карло Модерна сынды ең атақты сәулетшілер еңбек етеді. 1614 жылы Әулие Петр соборының вестибюлін аяқтайды.


Доменико Фонтана өз шығармашылығын кейінгі Қайта өрлеу дәуірінде-ақ бастайды. Әулие Петр соборының құрылысынан басқа, папалар резиденциясы ретінде XII ғасырдың басында-ақ тұрғызылған Латеран сарайын қайта құрады. Ол базилик тұрғызып, маңдайша қабырғасын мүсінмен аяқтады. Сарай өте зәулімділік элементтеріне ұмтылады. Карло Модерна шығармашылығына Римдегі Әулие Сусанна шіркеуі жатады (1596-1603 ж.). Шіркеудің бір ғана қасбеті, тік босапталы маңдайша қабырғасы, кіші волюталары, мүсін орнатылған жалған терезелері бар.

Италиядағы кемеліне жеткен барокко

Кемеліне жеткен барокконың басшысы Лоренцо Бернини (1598-1680 ж.) болып саналады. Л. Бернини мүсінші және сәулетші, 1624 жылдан бастап Римде жұмыс істейді. 1667 жылы Әулие Петр соборының алдындағы алаңға ұстынтізбек салады. Сонымен қатар Әулие Петр соборындағы құлпытас та оның туындысы саналады. Бұл күркенің балдахин мен қоладан тұратын төрт бұралмалы бағанасы бар. Бағдар қондырылған және алтын жалатылған үш метрлік бағаналар Пантеон діңмандайшаларынан алынған.


Ватикандағы Корольдық баспалдақтар жобасында Сикстин капеллаларында (Реджиа жартасы) Бернини белдеу енін жоғарғы алаң бағытына қарай тарылта отырып, оптикалық елес әсерін пайдаланды.

Итальяндық барокконың ірі сәулетшісі - Франческо Борромини (1599-1667 ж.). Ол өзінің еңбек жолын Римдегі Әулие Петр соборынан, кейін монастыр мен *4 субұрқақ жанындағы Сан-Карло* (1638-1667 ж.) және жалаңаяқ монахтар ордені шіркеуінің құрылысынан бастады. Римдегі университет ауласындағы Сант-Иво шіркеуінің (1660 ж.) *51-сурет* жобасы да оның еңбегі. Бұл шіркеулердің жоспарлары пішіндерінің әдейілеп күрделендірілуімен, қасбет беттерінің толқын тәрізділігімен ерекшеленеді. Сан-Карло шіркеуінің қабырға беттері мүсін орнатылған терең қуыстармен толтырылған. Жанында күнделікті өмірге арналған шағын аула мен бақ бар. Монастыр ауласы да әдейі жасандылықпен және сәнділікпен безендірілген.



51-сурет

Римнен басқа барокко туындылары Венецияда жасалды. Бальдассаре Лонгеннің ең жақсы жұмысы барабаны қалың волюталарды ұстап тұрған орталық сегіз қырлы күмбезді құрылыс (52-сурет) – Санта-Мария делла Салюте шіркеуі (1682 ж.).



52-сурет

Барокко дәуірінің қала сыртындағы виллалары сәулет пен табиғаттың байланысын жүзеге асыратын жүйелі саябақтар, күркелер, субұрқақтар, сарқырамалар және көптеген кең баспалдақтары бар композициясының осьтік құрылысымен ерекшеленеді. Ең тартымдылары: Фраскатидегі Альдобрандини вилласы (1598-1603 ж.) (сәулетшісі Джакомо делла Порта) және Тиволидегі Д'Эсте вилласы, 1549 жылы басталған Лигорио.

Италиядағы барокко ерекшеліктері

1. Аз қаражатпен үлкен мәнерлілікке талпыну.
2. Ордердің конструктивтік логикасын жоққа шығару және оны мүсінмен қатар сәнді-пластикалық пішін ретінде қолдану.
3. Пейзажды қала ансамбліні жасау үшін негізгі композициялық тәсіл ретінде қатыстыру.
4. Қатардағы және ресми имараттардың пішіндерінде салқындық пен қатаңдық басым болғанымен, қасбеттер мен интерьерлер өзгеше мәнерлілігі және әдемілігімен ерекшеленеді.

5. Тоғыспа құрылысының ірі жетістігі үш қабықшадан күмбез жасау болып табылады.
6. XVII ғасырдың соңында арқалықты және керегетор конструкциялар үшін металл пайдалана бастайды. Шойыннан, кейіннен соғылған темірден көпірлер салынады. Темірді өнеркәсіптік құрылыс үшін, итарқалар мен арқалықтар дайындау үшін қолданады.

1.7.2-тақырып. XVII ғасырдың ортасы- XIX ғ. басындағы Франция сәулеті

XVII ғасырдағы Франция сәулеті (барокко және классицизм)

Франция құрылысында төңкеріс болады да барокко стилі дами бастайды. Франциядағы капиталистік қатынастардың дамуы рационализм мен практицизмге талпынумен байланысты, қатаң ресми сәулетте қасбеттер классицизм стилінде шешіледі, антикалық мұраға еліктеу белсендіріле түседі. Бұл Франциядағы классицизм стилінің алғашқы даму кезеңі.

Бұл кезеңге саябақтары, жүйелі бақтары бар ірі көлемді симметриялы қала құрылыстық композициялар тән.

XVII ғасырдың екінші жартысында үлкен сәулет-құрылыстық міндет француздық корольдар резиденциясы – Версальды қайта құру болып табылады.


Версаль (XVII-XIX ғ.)

Версаль корольдық аңшы қорғанының орнына салынады. Біршама қолайсыз және ұғымсыз сарай өзінің сенімділігімен және қала сыртындағы табиғатының әдемілігімен Людовик XIII назарын аудартады. XVII ғасырдан бастап XIX ғасырға дейін салынған бүкіл кешен кең саябақ аумағы мен сарайдан тұрады. Версальді Л.Лево мен Ш. Лебрен салған, 1624-1708 жылдары Ж. А. Мансар қайта тұрғызған.

Негізгі салтанатты интерьерлерді барокко стилінде Шарл Лебрен орындаған. Сарай алдында Әскер алаңы, оның артында орасан зор саябақ орналасқан. Сарайдың бас корпусы король және ханымға арналып екі бөлікке бөлінген. Олар ортасында король кабинеті

орналасқан «Айналы галереямен» қосылады. Орталық корпустың тұрғын бөлмелерімен қатар туыстар мен сарай маңындағыларға арналған жапсаржайлардың орасан зор «қанаттары» орналасқан (53-сурет).

Версаль еуропалық корольдік резиденциялардың қалыптасуына үлкен ықпал етті.




53-сурет

Лувр корольдік сарайы (XVI-XIX ғасырдың ортасы)


XVII ғасырда Людовикке XIV министр Кольер Лувр корольдік сарайын аяқтау жобасына конкурс жариялауды ұсынды. Оның ең ескі бөлігі, бір бөлігі Сена өзенінің жағалауына шығатын (сәулетшісі Пьер Леско) және француздық ренессанс пішінінде орындалған төртбұрышты аула болып табылады. Сарайдың ескі бөлігінің бірінші және екінші қабаттары жарты бағаналар арасына биік терезелер орналастырылған коринф ордерімен бөлінген. Бірінші қабатта олар аркалы қуыспен аяқталған. Биік емес үшінші қабатты мүсінші Жан Гужон әдемі әшекейлеген.

XVII ғасырдың басында Луврдың төртбұрышты ауласын П. Леско, Ф. Делорм, Ж. Бюллан, Ж. Декерко (батыс және солтүстік

корпустың бір бөлігі) аяқтайды. Солтүстік және шығыс корпусы Людовик XIV кезінде Л. Лево тұрғызды.



54-сурет



55-сурет

1674 жылы Луврдың шығыс қасбетін аяқтау жобасына жарияланған конкурс жеңімпазы Клод Перро болды. Оның жобасы француздық талғамға жауап берді және қоршаған ортаға сәйкес келді. Ол таза француздық барокко үлгісіне айналды (54-сурет),

Кейіннен Сена өзенінің жағалауы мен Риволи көшесінің бойына корпустар салынды.

XVII ғасырда Парижде көшелер қайта құрылып, ірі алаңдар қалыптасады.

Классицизмге жалпы бағытталуы кезінде шіркеу сәулеті итальяндық барокко белгілерін де сақтайды. Мүгедектер үйінің шіркеуі (*55-сурет*) итальяндық барокко белгілерін готика элементтерімен үйлестіреді. Оның күмбезі қорғасын төбеден, жұқа кірпіш тоғыспа мен ортаңғы қабықшаның әшекейтөбе суретіне көрініс ашатын, диаметрі 28 метр саңылауы бар төменгі тоғыспадан тұрады.

XVIII ғасырдағы Франция сәулеті (рококо және классицизм)


XVII ғасыр соңында абсолюттік құрылыстың басталып келе жатқан құлдырауы реалистік стильдің ыдырауына әкеледі. Интерьерлерді безендіру бөлшектері қитұрқылы, боямалы, айналар, пастораль тақырыптарға кескіндемелік панно кеңінен пайдаланылған. Бөлме жоспарлары қисық сызықты, дәліздер, шлюз бөлмелер пайда болады.

Осындай стиль рококо деген атауға ие болады (қабыршақ пішініндегі сәнді элемент атауынан шыққан).

Дегенмен XVIII ғасырдың ортасында пішіндердің қатандық, қарапайымдылық және айқындығына қарай рококоның елесті пішіндерінің қалдығы байқалады. Бұл монархиялық жүйе мен идеологиялық элементтерге қарсы бағытталған идеологиялық өзгеріске байланысты болды.

Француз төңкерісінен кейін 1789 жылы сәулеттің әлеуметтік және экономикалық негізі едәуір өзгерді. XVIII ғасырдың екінші жартысы және XIX бірінші отыз жылында Францияда классицизмнің жаңа даму кезеңі – неоклассицизм Еуропа елдеріне кеңінен тарайды. XVIII ғасырдың екінші жартысындағы классицизм өткен ғасыр сәулетінің қағидаларын біршама дамытты. Дегенмен, сәулеттегі жаңа буржуазиялық-рационалистік идеялар – пішіндердің қарапайымдылығы мен классикалық айқындылығы өнер демократизациясының символы ретінде түсіндірілді. Француздың жүйелі саябағының орнын ағылшынның пейзаждық саябағы басты. Сәулет «адами» және тиімдірек бола бастайды: ғимарат бөлмелері

функционалдық бөлінеді. Қала құрылысында алғаш рет бүкіл қалаға арналған жоспар құрылады.




56-сурет

Төңкерістен кейін ірі сарай имараттарының құрылысы тоқтатылады және шағын, бірақ қолайлы қала үйінің жаңа түрі, аристократия мен буржуазияға арналған оңаша үй – мейманханалар пайда болады. Осындай құрылыстың айқын үлгісі сәулетші Ж. А. Габриэльдің Версальдағы Кіші Трианон мейманханасы (1762-1768 ж.) болып табылады (56-сурет). Бұл – саябақ ішінде орналасқан шағын екі қабатты үй. Жоспарда қарапайым, қабырғаларының үлкен сыртқы беттері тегіс, сарай бөлшектерінің әдемілігімен жарқырап тұр: биік нары, шығыңқы ірге қабаты (қызметтік бөлмелермен) және үстінде тізбек қоршауы бар.

Неоклассицизмнің тағы да бір өкілі - Ж. Ж. Суффло. Оның 1764-1781 жылдары салынған париждік Пантеоны (бұрынғы Әулие Женевьев шіркеуі) төрттағанды жоспарға негізделген. Бас қасбеттен қарағанда – бұл әдемі кесілген маңдайша қабырғалы және сақиналы ұстынтізбегі бар барабаннан тігінен аяқталған және диаметрі 20 м. биік күмбезді қалың коринф ордерінен тұратын монументті композиция. Күмбездің үш қабықшасы бар (57-сурет).

Неоклассицизмнің дамуы ампир стилінің пайда болуымен аяқталды.



57-сурет

XIX ғасырдың басында Франция сәулеті (Ампир және эклектика)

XIX ғасырдың басында Францияда Наполеон I сарай құрылыстарын аяқтауға және Париждің орталық бөлігіндегі көшелерді түзеу бойынша қала құрылысы жұмыстарына барлық негізгі қаражатты бөлді. XIX ғасырдың бірінші отыз жылында қала орталығында бірнеше алаң ансамбльдері аяқталды. Субұрқақтармен және ескерткіштермен безендірілген бір биіктіктегі жоспарланған және салынған ғимараттар француздық астанаға қайталанбас кескін берді. Осы кезде салтанатты аркалар және басқа салтанатты сәулет нысандары салынады (Жұлдыз аркасы 42,5 м, Кароссель алаңының аркасы, Вандом бағанасы және басқа).

Наполеонның сансыз көп жорықтары XIX ғасырдың басында Мысыр мен оның мәдениетінің «екінші рет» ашылуына, сондай-ақ Рим мен Грецияның антикалық сәулетін ынталы зерттеуге әкелді. Әскер буынының рухын орнатқан Наполеон I римдік әскериленген империя стилін мысымен басты. Рим мәдениетінің элементтері жаңа стильдің басын бастады. Қатаң салмақты монументті пішіндер мен әдемі әшекей (әскери эмблемалар, тулар, қару), ірі кекірейген

пішіндердің барлығы жаңа стиль – ампирдің белгілері болып табылады («империя» деген сөзден шыққан).

XIX ғасырдың ортасында империя құлаған кезеңде капитализмнің жылдам дамуы басталды. Құнды сәулет жобаларын жүзеге асыруға ақша қаражатын жұмсау күрт төмендеді, стильдер мен тәсілдердің жүйесіз қосылуы, эклектиканың пайда болуына әкелді. Бұл уақытта ешқандай сәулеттік жаңалықтар болған жоқ (антикалыққа, готикаға қарағанда) Сәулет имараттарында антикалық, романдық, готикалық және әртүрлі дәуірдің басқа мотивтері басым бола бастады.

Эклектикаға жаңа құрылыс материалдары мен конструкцияларының пайда болуы да мүмкіндік туғызды. Мысалы, 1867 жылы бақташы монье темірбетонды «ойлап тапты». Металлургиялық өнеркәсіптің қарқынды өсуі металдың түрлі салаларда, соның ішінде құрылыс пен көпір құрылысында қолданылуына мүмкіндік туғызды.

Бұл уақытқа алғашқы металл көпірлердің пайда болуы жатады. Көпір құрылысы қала сәулетіне белсенді ықпал ететін бағдарламалық бағыттардың біріне айналды.

1.7.3-тақырып. XVII-XIX ғасырдың басындағы Англия, Голландия, Бельгия, Германия және Австрия сәулеті *(Тақырыптар өз бетімен оқу үшін ұсынылады)*

Англия экономикасының өсуі, сәулеттің гүлденуі. Ұзақ уақыт бойы готика элементтерінің сақталуы, оның Қайта өрлеу дәуірінің сәулетімен, классицизммен «бірге жүзеге асырылуы». Иниго Джонс шығармашылығы, оның Лондондағы Уайтхолл сарайының жобасы, Банкетинг-хауз және Куинс-хауз құрылыстары.

Классицизмнің дамуы және таралуының алғы шарттары. К. Рэн шығармашылығы. Лондондағы Әулие Павел соборы. Лондонды негізгі қайта жоспарлау жобасы.

Палладиандық. У. Чемберс еңбектері, құрылыстар сәулетіндегі шығыс мотивтері. Ратуштар құрылысы (Амстредамда, Лейденде, Маастрихте), Гарлемдегі базар.

Бельгияда барокко сәулетінің даму ерекшеліктері. Антверпендегі Карл Борромей шіркеуі. Француздық мәдениетпен байланыстардың кейінгі дамуы, сәулетте классицизмнің қалыптасуы (Антверпендегі корольдік сарай, қалалық тұрғын үйлер).

Германиядағы барокко стилін таратудың тарихи алғы шарттары, аймақтық ерекшеліктер. Дрезденде, Вюрцбургтегі сарай кешендері. Барокконың гүлденуі: Дрездендегі Цвингер ансамблі (сәулетшісі М. Пеппельман), Вюрцбургтегі он төрт әулие шіркеуі (сәулетшісі Б. Нейман). Дәстүрлі готикалық, ренессандық дәстүрлердің ықпалы. Мүсін мен сәулеттің органикалық қосылуы. Шіркеулердің залдық композициясы. Монументті ресми сәулетте классицизмді бекіту. Берлиндегі театр, Бранденбург қақпасы (сәулетшісі Лангханс), Регенсбургтағы Валлгалла мемориалы (сәулетшісі Л. Фон Кленце). Ірі сәулетші К. Ф. Шинкел шығармашылығы; Берлиндегі ескі мұражай ғимараты, құрылыс академиясының ғимараты. Неміс сәулетінде эклектизмнің пайда болуы.

Барокко стилі – императорлық билік орнаған Австрия сәулетіндегі басым, ресми стиль. Венаның сарай-саябақ ансамбльдері. Шенбурн сарайының жобасы, Жоғарғы Бельведер сарайы – сәулетшілер фон Эрлах, Гильдебранд еңбектері. Венадағы Карл Борромей шіркеуі (сәулетшісі фон Эрлах) – австриялық барокко гүлденуінің үлгісі.

1.7.4-тақырып. XVII-XIX ғасырлардағы Испания, Португалия және Латын Америка елдерінің сәулеті *(Тақырыптар өз бетімен оқу үшін ұсынылады)*

Испанияда барокко сәулетінің дамуы, итальяндық сәулет пен мавритандық сәулетшіліктің ықпалы (Кастилия, Арагон, Андалусия, Галисия құрылыстарының сәулеті). Барокконың аймақтық нұсқаларының ерекшеліктері. Саламанкадағы собор және ратуша. Мадридтегі корольдік сарай ансамблінде классицизм тенденцияларының пайда болуы, Мадридтегі Прадо мұражайы (классицизм белгілері).

Испандық мәдениет пен сәулеттің Португалия сәулетінің қалыптасуына ықпалы. Португалдық барокконың гүлденуі. Қалпына келтірілген Лиссабонды жоспарлауда классицизм қағидалары; тұрғын құрылыс; бақ-саябақ сәулеті. Еуропалық барокко, жапон және мавритандық саябақ өнерінің синтезі.

Латын Америка елдеріндегі барокко сәулетінің өзгешелігі («креол бароккосы»); тұрғын үй, шіркеулердің сәулеттік шешімінің сипаты. Бразилиядағы барокко сәулеті, мысалы Оуру Преттегі Сан-Франсиско шіркеуі. Латын Америкалық сәулетке готикалық және

мавритандық элементтермен Испания, Португалияның сәулетшілік мотивтерінің қосылуы.

Барокко және классицизм сәулеті әдістерінің ортақтығы мен айырмашылығы. Еуропа елдерінде барокко және классицизм стильдерінің пайда болу және таралу көздері. Қайта өрлеу, барокко, классицизм сәулетшілерінің жүйелі құрылым жүйесінің көркемдік бейне трактовкасындағы сабақтастығы (мысалы, Палладио, Бернини, Перроның шығармашылық әдісі). Әлем елдерінде классицизм сәулетінің даму және таралуының әлеуметтік-экономикалық алғышарттары.

1.8. ЭКЛЕКТИЗМ КЕЗЕҢІНДЕГІ СӘУЛЕТ ЖӘНЕ ЖАҢА СТИЛЬДІК БАҒЫТТАРДЫ ІЗДЕУ

1.8.1-тақырып. XIX ғасырдың ортасы -XX ғасырдың басындағы Батыс Еуропа елдерінің сәулеті

XIX ғасырдың ортасында капитализмнің дамыған шағында Батыс Еуропа елдерінде сәулет пен қала құрылысында үлкен өзгерістер орын алды. Сауда қатынастарын дамыту үшін жақсы жолдар мен көлік магистральдары қажет болды. XIX ғасыр темір жолдар мен ірі көпірлер құрылысының ғасыры атанды. Металлургиялық өнеркәсіптің қарқынды өсуі металдың әртүрлі салаларда, соның ішінде құрылыс пен көпір құрылысында қолданылуына мүмкіндік туғызды.


Бұл кезеңге алғашқы металл көпірлердің пайда болуы жатады. XVIII ғасырдың соңында-ақ Англияда шойын мен темірден ірі көпірлер салынды (аралығы 72 м Вермут жанындағы Уир өзені арқылы аркалы көпір (1779 ж.). Дегенмен, шойын нашар созылғыш, сынғыш материал. Тең құрылымды прокат темір ірі инженерлік имараттарды тұрғызуға мүмкіндік берді.

1818-1826 жылдары Т. Телфорд Ирландиядағы Менэй бұғазы арқылы аралығы 176 м орасан зор аспалы тас жол көпірін салды. 1883-1890 жылдары Шотландияда Форт шығанағы арқылы аралығы 525 м орасан зор аспалы-арқалықты көпір салынды (инженерлері Д. Фоулер, В. Бэкер). XIX ғасырда аралығы 165 м ірі аркалы көпір

Франциядағы Гараби виадугін 1883-1884 жылдары Г. Эйфель тұрғызды.

Көпір салу қала сәулетіне белсенді ықпал ететін бағдарламалық бағыттардың біріне айналды.

Еуропа елдерінің қарқынды экономикалық дамуы азаматтық және өнеркәсіптік ғимараттар мен имараттардың жаңа түрлерінің қажеттігіне әкелді. Жаңа құрылыс материалдарының өндірісі (темірбетон, шыны, шойын, болат) құрылыс ғылымының дамуына, конструкцияларды есептеудің жаңа әдістерінің пайда болуына мүмкіндік туғызды. Әсіресе, металл аражабындарда кеңінен қолданылды. Өнеркәсіптік ғимараттардан жеңіл күмбезді және тоғыспалы конструкциялар түріндегі металл конструкциялар: вокзалдар, базарлар, көрме бөлмелері азаматтық сәулеттің жаңа түрлеріне көшті.



58-сурет


Сәулеттің дамуында әлемдік өнеркәсіптік көрмелердің маңызы зор. Лондондағы Әлемдік өнеркәсіптік көрме ғимараты – Кристалл-палас (1851 ж. Д. Пэкстон, *58-сурет*) сәулет практикасында алғаш рет шыны мен металлдан салынды. Ауданы 72 мың шаршы метр (563 x 124 м) көрме залы бірдей сәулет-конструктивтік элементтерден – 3200 металл бағана және 3200 металл арқалықтан салынды. Олар көтергіш қаңқаны құраған. Ғимарат 16 аптаның ішінде тұрғызылды.

Әйнектелген элементтер мен болат жақтау селдір сәулеттің бастауы болды.

Кейінгі көрмелерде металды жасырмайды, қасбетке ашық шығарады. 1889 жылы Париждегі машиналар галереясындағы көлемі 421 x 145 м көрмеде (Контамен және Ф. Дютер, *60-сурет*) орталық астаукеңістік аралығы 110,6 м 20 болат үш топсалы аркамен және арасына шатыр төселген биіктігі 45 м бұдырлы сырғауыл және арқалықпен жабылған.



59-сурет



60-сурет

Өнеркәсіптік заман символы биіктігі 312,5 метр Г. Эйфель мұнарасы (1889 ж., *59-сурет*). Гюстав Эйфель имараттың керегетор сипатында көрініс тапқан көпір құрылысы болды.

Біртіндеп металды сәулетте, қаңқа ретінде өнеркәсіптік ғимараттарда пайдалана бастады. Бұл – Англиядағы тоқыма фабрикалары, 1872 ж. Франциядағы Менье шоколад фабрикасы.

Өнеркәсіптің қарқынды дамуы ауылдардан халықтың ағылып келуін тудырды. Ірі қазып шығарушы және өңдеуші аудандарда жүздеген қалалар салынды. Кенттендіру, қалаларда қалыптасқан құрылыстардың былыққандығы, антисанитария олардың қайта құрылуы бойынша жедел шараларды талап етті. Буржуазиялық үкімет қала орталықтарына орнықты көрініс беріп, халық аз

қоныстанған қала бөліктерін жасырғысы келді. Буржуазиялық қоғам қажетіне ортағасырлық қалаларды бейімдеу бойынша жұмыстар Лондонда, Венада, Парижде және басқа қалаларда жүргізілді. Сәулетші Осман Париж көшелерін қайта құру жобасын, атақты Елисей даласын жасайды. Қозғалысты жеңілдету үшін париждік «диаметрлер» сақиналы бульварлармен қосылады. Бас қиылыстарда саябақ массивтері салынды және алаңдар жасалды.

Жаңа қалаларды қайта құру және жоспарлау бойынша практикалық жұмыстармен қатар қала аймақтарын аймақтандыру және көркейту мәселелерін шешу әрекеттері жасалған жаңа қала құрылыстық концепциялар пайда болады.

Т. Гарнье өзінің «Өнеркәсіптік қала» атты жобасында қаланы санитарлық-қорғаныс аумақтарына бөлінген тұрғын және өнеркәсіптік аудандарға аймақтандыру идеясын ұсынды.

Ағылшын сәулетшісі Э. Говард тарамдалған-сақиналы құрылым және тұрғын, қоғамдық және өнеркәсіптік қала бөліктеріне аймақтандырылған тамаша қала-бақ жобасын дайындады.

Өткен сәулет – классицизмнің стильдік қағидалары сәулетте күрделі функционалдық-технологиялық үдерістердің талаптарына сәйкес келмеді. Көрме павильондарының ғимараттары негізінен инженерлік қызметтің жемісі бола отырып, бірлі-жарым ғана және кейіннен бұл имараттар кейінгі сәулеттің дамуына үлкен ықпал еткенімен эксперименттік сипатта болды.

XIX ғ. 30-жылдарынан бастап ғимарат композициясы және көркемдік әшекейленуіне тән тәсіл стильдеу (өткеннің стильдеріне еліктеу) және эклектизм болып табылды.

Эклектизм

«Эклектика» өнері зерттеуші мағынада – әртүрлі стильдер мен тәсілдердің механикалық араласуы.

Эклектизм кезеңінде ешқандай сәулеттік жаңалықтар болған жоқ. Сәулеттік имараттарда антикалық, романдық, готикалық және әр дәуірдің түрлі мотивтері басым болды. Осылайша пайда болған эклектизм салтанаттылық пен әдемілікке талпынудан тұратын XIX ғасыр соңындағы қоғамның негізгі талаптарының бірін орындады. Эклектикалық өңдеудің шұбарлығымен пайдалы үйлер, банктер, вокзалдардың қасбеттері ерекшеленді. Эклектизмде сәулетшілер композициялық тәсілдер мен пішіндерді еркін таңдауға, жаңа стильді

іздеуге әрекет жасады. Жоғары көркемдік деңгейге жеткен осындай құрылыстар Еуропаның барлық ірі қалаларында XIX ғасырдың соңында пайда болған тұтас сәулеттік кешендер мен қаланың жаңа тұрғын бөліктеріне тән.

Өткен пішіндерден жаңаны іздеу сәулеттің тұйық даму жолына, функция мен сәулеттік кескін арасындағы байланыстың бұзылуына әкелді. Тарихи стильге қатысты жалпы жүйелі құрылым қағидаларымен байланыспайтын тарихи пішіндерді еркін пайдалану XIX ғасырдың стильдік сұлбаларынан босау талпынысының алғаш рет көрінуі және сәулеттің жаңа көркемдік концепцияларына шарасыз ауысу кезеңі болды.

Модерн

XIX ғасырдың 90-жылдарының басында Бельгия, Франция, Голландия, Австрия, Германияда эклектикаға реакция ретінде бір мезгілде әлемдік өнерде тарихи сабақтастықты үзген жаңа стиль – модерн (фр. – заманауи) пайда болды. Модернге:

- бір қалыпты сызықтардың қарапайым мәнерлілігі: қабырғалардың иілісі, бөлшектер, терезелер, есіктердің күрделі сызықтық кескіні;
- симметриялы және классикалық ордерлік пішіндерден босау;
- түс шешімдердің көркемділігі, пішіндердің силуэттілігі, қасбеттерді безендіруде өсімдік пішініндегі өрнектер, қыш панно қолдану, жаңа құрылыс және өңдеу материалдарын пайдалану: бетон, болат және т.б.;
- қисық сызықты пішіндер интерьерінде, бөлме кеңістігі, ашық баспалдақтар, металл керегетор жатты.

Сәулет пен қолданбалы өнерде модерн стилінің пайда болуы ықпалы Еуропаның барлық елдеріне тараған «Өнер және колөнер» (1883 ж.) қоғам негізімен байланысты. Модерн әдісі көбінесе, XIX ғасыр ортасында ағылшын суретшілері мен теоретиктері Д.Рескин мен У. Моррис ұсынған теориялық позицияларға негізделді. Олар өнердің құлдырау себептерінің бірін өнімді машинамен өндіру нәтижесінде талғам мен шеберліктің жойылуынан көрді. Халық шеберлігін жаңартуға талпына отырып, Уильям Морис (1834–1896 ж.) машина өндірісіне шығармашылық қолөнерді қарсы қойып, жиһаз және тұрмыстық заттар дайындайтын шеберхана ұйымдастырды.

Халық шеберлігінің идеялары, ғимараттың функционалдық ерекшеліктері жалпы композицияны қамтамасыз еткен алғашқы үлгілердің бірі Морриске «Ред-хауз» (1859 ж.) жекежай салған сәулетші Ф.Уэббаны да шабыттандырды. Қабырғалардың дәстүрлі әшекейінің орнына ол қарапайым кірпіш қаптаманы қолданды. Бір қалыпты сызықтар, әдейі ассиметрия, жалпы көркемділік сәнді композиция академизміне қарсы қойылды.

«Өнер және қолөнер» қозғалысы ағылшын сәулетінде ХХ ғасыр модерніне жақын жаңа конструктивтік эстетиканы таратқан Ч. Макинтош еңбектерімен сәулет және қолданбалы өнер шыңына жетті. Оның ең әйгілі еңбектері Кенстон шай ғимараты (1907-1911 ж.) және Глазгодағы көркем-өнеркәсіптік мектеп (1897-1899 ж.) болып табылады.


Еуропаның әртүрлі елдерінде модерн стилінің ортақ белгілері болған кезде әртүрлі стилистикалық ерекшеліктер туды. Стиль атауы әртүрлі: Ресейде – модерн немесе Рюсс стилі, Францияда – Ар-нуово (жаңа өнер), Германияда – Югендстиль (жастар стилі), Австрия мен Польшада – Сецессия (раскол) болды. Бұл стильдің пайда болуы баспада оның қолдаушыларының белсенді мақалаларымен қоса жүрді. Бұл бағытты жариялайтын және эклектизмді сынайтын жаңа журналдар жарық көреді. Сәулеттің жаңа концепциясын шығаруда Г. Земпер, Э. Виоле ле Дюк алға шығады.

Бұл стиль Франция, Бельгия және Голландияда кеңінен тарады. Сәулетте жаңа стиль идеологтары Б. Орта және Германияда еңбек еткен бельгиялық Ван де Вельде болды. Вельде интерьерден бастап әшекейге дейін адамды қоршағанның барлығын жобалады. Ол қанық әдемі пішіндерді жасауға, оның элементтерін дөңгелектеуге және бір қалыпты қисыққа әуес болды.


Голландия сәулетінде тарихылықтан модернге дейін алғаш қадам басқан Г. П. Берлаге болды. Оның Амстредамдық биржасында (1898-1903 ж.) роман сәулетінің пішіндері қарапайым және интерьері ашық металл конструкциялардан тұрады. Залдың шыны шатыры ғимаратты жаңашыл етіп көрсетеді.

Испан сәулетшісі А. Гаудидің шығармашылығы испандық готика және бароккомен айқын байланысқа карамастан өте өзгеше сипатта болды. Барселонда бірқатар құрылыстарды жүзеге асырады, оның ең маңызды имараты Саграда Фамилия соборы (1882-1926 ж., *бi-сурет*) болып табылады. Антонио Гауди жаңа құрылыс материа-

лы – темірбетонды пайдалана отырып, одан ең алдымен, жаңа әсем мүмкіндіктерді көреді. Барселондағы Каса Батло және Каса Мила үйлерінде (1905-1910 ж.) (62-сурет) Гауди дәстүрлі-әсем пішіндерді жасау үшін, табиғат пішіндерін боямалау, қабыршақтарға, жартастарға еліктеу үшін көбінесе, бетонды пайдаланады.



61-сурет



62-сурет

Құрылыстың тиімді табиғатына жат модерннің астарлылығы мен жасандылығы сәулетте ұзақ уақыт бойы оның бекітілуіне мүмкіндік туғызбады. XX ғасырдың басында модерннің иррационалдық қағидалары өз маңызын жоя бастады, дегенмен модерн қазіргі заман сәулетінің дамуына үлкен ықпал ете отырып, сәулеттік композиция мен ғимарат кескінін жасауда жаңа мүмкіндіктерді көрсетті.

Функционализм

XX ғасыр басында озық еуропалық сәулетшілердің ізденістері тиімді пішіндерді іздеуге және сәулеттегі декоративизмнен бас тартуға бағытталған.

1920 жылы Веймар қаласында Вальтер Гропиус негізін құрған көркемдік-өнеркәсіптік училище Баухаузда сәулеттегі жаңа ағым функционализм пайда болады. Функционализм техника мен өнер синтезі идеясын қазіргі пішіннің қалыптасу негізімен жариялады. Ол ғимараттың конструктивтік, көлемді-кеңістіктік және көркемдік

шешімінің өндірістік және тұрмыстық үдерістермен (имарат функциялары) қатаң сәйкестігін талап етті.

Функционализмнің жетекші сәулетшілері өз бағытының қағидаларын белсенді насихаттады. Оның саналы көшбасшылары - XX ғасырдың бірінші жартысының ірі сәулетшілері В.Гропиус және Ле Корбюзье. Бұл бағыттың өкілдері: неміс Петер Беренс (1861-1940 ж.), австриялықтар Отто Вагнер (1841-1954 ж.) және Адольф Лоос (1870-1933 ж.), француздар (Огюст Перре (1874-1954 ж.) және Тони Гарнье (1869-1948 ж.) болды.

Функционализм көшбасшыларының бірі – неміс сәулетшісі Людвиг Мис ван дер Роэ кеңістіктің жаңа тұжырымдамасын ұсынды: қабырға – бағынбайтын элемент, ішкі кеңістікті қоршаған ортамен байланыстыра отырып, дербес мәнге ие болады.

Адольф Лоос ірі практик және полемист, ол боямасыз және ықшамды пішінді қолдап, сәулеттегі әшекейді түгелімен жоққа шығарады. Оның Венадағы пуритандық қарапайым және жарасымды Стейнер үйі – 1920-1930 жылдардағы функционалистік композицияның бастамасы.

Ғимарат қасбеттері қарапайым геометриялық пішіндерде шешілді, қаңқа құны бір уақытта айқындалды. Бұл көріністе темірбетон қаңқа қабырғамен үйіп тасталмаған үлкен кеңістіктер жасауға, конструкцияларды бір ізге салуға, құрылыс қарқынын жылдамдатуға мүмкіндік берді. Темірбетон қаңқа металл қаңқамен салыстырғанда арзандау және металдың «қажуы» сияқты жағымсыз факторы жоқ.


Сәулетте рационалистік үрдістің дамуымен қоса темірбетон пішіндер сәулетшілердің назарын көбірек аударады. Алғашқыда ол өнеркәсіптік және қойма құрылысында, сондай-ақ көпір құрылысында пайдаланылды (Инн өзені арқылы көпір, 1901 ж., Рейн өзені арқылы көпір, 1905 ж. Сәулетшісі Р. Майер).

Темірбетоннан алғашқы азаматтық құрылыстардың бірі - Париждегі Сен-Жан де Монмартр, 1984 ж., сәулетшісі Анатоль де Бодо. 1903 жылы ағайынды Перрелер алғаш рет көп қабатты тұрғын үй құрылысына темірбетон пайдаланады.


Огюст Перре өз шығармашылығымен темірбетонның кең эстетикалық мүмкіндіктерін көрсетті. Оның Париждегі Франклин көшесіндегі пайдалы үйінде (1903 ж.) көтергіш темірбетон қаңқа элементтері қасбетте айқындалған. Төменгі әйнектелген қабаттың

«еркін» жоспары бар. Жоғарғы қабаттарда тіреулер түгелімен ашылған. Жазық төбеде шағын бақ орналасқан. Темірбетонды Перре гараждар, шіркеулер, театрлар, ательелер құрылысына қолданды. Оның шеберханасынан сол кезеңде-ақ темірбетонды жаппай құрылысқа пайдалануды ұсынған, қазіргі заманның атақты сәулетшілерінің бірі Ле Корбюзье шықты. «Ино үйі» атты өз жобасында (1914-1915 ж., *63-сурет*) қаңқа мен өзгерткіш аражабындар негізінде ол пәтерлердің икемді орналасу қағидасын қолданды.


Темірбетонды игеру жолында лиондық сәулетші Тони Гарнье келеді. Оның 35 мың тұрғынға есептелген «Өнеркәсіптік қала» жобасында барлық ғимараттар темірбетоннан жобаланған. Темірбетонның кең эстетикалық мүмкіндіктері ірі аралықты тоғыспалы имараттарды салуда көрсетілді. 1941 ж. Вроцлавта диаметрі 65 м. қабырғалы темірбетон күмбезді ғасыр залы салынды (*65-сурет*).



63-сурет



64-сурет



65-сурет

Темірбетон мен металл конструкциялардың ең толық мүмкіндіктері өнеркәсіптік сәулетте ашылды. Берлиндегі АЭГ компаниясы зауытының турбиналық цехының ғимаратына (1909 ж., сәулетшісі П. Беренс) және Альфельдадағы «Фагус» фабрикасына (1911 ж., сәулетшісі В. Гропиус), Орлидегі ұшақжайға

(1916 ж., инженері Фрессине, *65-сурет*) құрама темірбетон мен жұқа қабырғалы қабықша қолданылды. Олардың арасында турбиналық цех, бірге қосылған цилиндр мұнара түріндегі кейіннен салынған су құбыры станциясы және қойма түріндегі монументтік қарапайымдылығымен ерекшеленеді (1909 ж.). Бұл имараттардың көркемдік сапалары түгелімен темірбетонға тән конструкциядан шығады.

Біртіндеп барлық сәнді белгілер жоғалып, ұлттық дәстүрлер ығыстырылып, функционализм интернационалдық стильге, сәулет қарапайым күйге айналды. Сәулетшілер имараттардың жоғары эстетикалық сапасына айқын ойластырылған көлемдердің сәйкестемелік қатынасымен, бөлшектердің ерекше көңіл аударылатын функционалдығымен және конструктивтілігімен жетті.

1.8.2-тақырып. XIX ғасырдың ортасы – XX ғасырдың басындағы АҚШ сәулеті

XIX ғ. соңы – XX ғ. басы өнеркәсіптік өзгеріс, бірінші ғылыми-техникалық төңкеріс кезеңі. Осыған байланысты фабрикалар, зауыттар, вокзалдар сияқты ғимараттар мен имараттардың жаңа түрлерін жасау қажеттілігі туады.

Капитализмнің бастапқыда сәулеттік тәсілдері болмаған. Алғашқы техникалық және әлеуметтік жетістіктерді және өзінің қуаттылығын өткеннің сәулеттік пішіндерінің көмегімен көрсетуге тырысты. Дегенмен, елде сәулеттің қолайлы бабын табуда эклектизм кеңінен тарамды. XIX ғасырдың ортасында-ақ ғимараттардың функционалдық тағайындалуымен қамтамасыз етілген рационалистік тенденциялар байқала бастайды. Құрылыстың жылдам шапшаңдығы және оның масштабтылығы стандарттау және құрамалық қағидаларының жылдам дамуына, металдың қаңқада пайдаланылуына мүмкіндік берді. Металл қаңқамен жұмыс істеу практикасы алғашқы көп қабатты үйлердің құрылысының басталуына негіз болды.

Еуропа қалаларында сияқты АҚШ-та да қала құрылысы кең өріс алды. Нью-Йоркте іскери әлемнің шоғырлануының күрделі идеясы сансыз көп қабатты үйлерден тұратын тікбұрышты қала бөліктеріне бөлінген Манхеттен аралының орталық бөлігінің құрылысынан көрініс табады. Тікбұрышты торға кейіннен диагональ магистальдар қосылды. Биік және көп қабатты үйлер тұрғызу қалалардың іскери

орталықтар қолайлылығының артуына және құрылысқа арналған жер құнының қымбаттауына байланысты өріс алды.

XIX ғасырдың соңында елдің экономикалық өмірінің орталығы Чикаго болады. Осы жерде «Чикаго мектебі» сәулетінің – қазіргі сәулет пайда болғанға дейінгі айқын кезеңдерінің негізі қаланды. Оның бастапқы кезеңін Чикагоны түгелімен жойған 1871 жылғы өртпен байланыстырады. Бұл мектептің көшбасшысы Луис Салливен (1856-1924 ж.) болды. Ол өзінің еңбек жолын биік ғимараттарды жобалаумен айналысатын Адлер сәулеттік студиясында бастады. Ол Адлер – Салливен жобалау фирмасының алдына қойылған идея жаңалығын жете түсінді. Биік құрылыстың функционалдық және конструктивтік мәселелерін зерттеуге, жаңа нысандардың конструктивтік пішін қалыптастыру логикасын табу әрекетіне жобалаудан кем уақыт жұмсалған жоқ.

Чикагоны қалпына келтіруде өрттен кейін қаланы жылдам қалпына келтіруге мүмкіндік беретін металл қаңқа қолданылды. Құрылыс кезінде жер құны қымбаттағандықтан, үйлер көп қабатты етіп салынды. Көп қабатты құрылыстың дамуына лифт, металл қаңқа және ватер-клозет пайдалану мүмкіндігі туды. Көп қабатты үйлерді тұрғызумен ғимараттарды жобалау және салу кезінде есеп-конструкторлық және құрылыс-технологиялық салалар едәуір күрделенеді. Дәстүрлі сәулеттік мамандықтан дербес инженерлік-құрылыс мамандығы ерекшеленеді.

Алғаш рет болат қаңқаны Хоум Иншуаренс Билдинг құрылысына 1883-1885 жылдары сәулетші Уильям ле Барон Дженни қолданады. Дегенмен, бұл ғимараттың сәулеттік түсіндірілуінде тас үлгі тәсілдері өте күшті. Чикагодағы жеті қабатты дүкеннің қасбетінде металл қаңқа тас қаптамамен жасырылды. Бірақ кейінгі құрылыстарда (Релайнес Билдинг) қаңқа ғимарат қасбетіне шығарылады.

Салливеннің жаңа тенденциясы қасбетте қаңқа құрылымын айқындауда, ірі әйнектелген ойықтарды пайдалануда, әшекейді аз пайдалануда көлемді қабырға қаңқасын қаптаудан толық бас тартудан тұрады. Чикагодағы әмбебап дүкен ғимаратында (1889-1904 ж.) Салливен осы қағидаларды толығымен іске асырды. Салливеннің зерттеу және жобалау жұмысының қорытындысы «Пішін функцияға сәйкес келуі тиіс» атты тезисі болды. Бұл тұжырымдама «Чикаго мектебінің» қызметінде ғана емес, сонымен қатар кейіннен функционализмнің негізгі бағытының теориялық базасына айналып,

үлкен рөл атқарды. «Чикаго мектебінің» сәулетіне ғимараттарды салу және жабдықтауда инженерлік ойдың ең озық жетістіктерін пайдалану, кеңістікті терең функционалдық зерттеу, стильдеуден бас тарту тән. «Чикаго мектебінің» бағдарламасы жерасты қабатына гараждарды орналастыру қарастырылды; бірінші қабатта – дүкендер, банктер және қолайлы кіріс жолмен, т.б.; үлкен жарық ойықтары бар үшінші қабат көрме және басқа зал бөлмелеріне арналған. Жоғарыда кеңсеге арналған бөлмелермен қажетті қабат саны орналастырылуы тиіс, ал жоғарғы қабат – техникалық. Салливен өз тұжырымдамасын Сент-Луистегі Уэнрайт Билдинг (1891 ж.) және басқа ғимараттар құрылысында іске асырады.

Сол уақытта сәулеттегі басым эклектика имараттың функционалдық жақтарын аз ойлап, дайын үлгілер бойынша қасбеттерді құрастырды. Эклектика «чикаго мектебінен» күштірек болды. «Сән» өткен соң, көптеген сәулетшілер эклектикаға қайта оралды. 1893 жылы Колумбиялық көрмедегі павильон оған үлгі болады. Көп қабатты үйлер құрылысы жалғасты, бірақ қаңқа конструкциясын күмбезбен қосарландырды, эклектика элементтері басым болды (Зингер Билдинг).

Сәулеттің даму арнасында көбінесе, функционализмге қарсы шығып, рационализмге еліктеген Ф. Л. Райт шығармашылығы (1869-1956 ж.) еді.

Фрэнк Ллойд Райт 1887 жылдан бастап Адлер – Салливен фирмасында еңбек етті. 7 жыл ішінде ол пішін мен функцияның бірлігі туралы идеяны терең түсінді. 1894 жылы Райт тұрғын үй жобаларына тапсырыстармен айналыса бастады. Олар «шалғынды үйлер» деп аталады. Ол кейіннен «органикалық» сәулет тұжырымдамасына енгізген «кеңістік ағысы» қағидасын пайдаланды.

Ф. Л. Райт техниканың қазіргі жетістіктерін алғашқы қоныстанушылар жасаған американдық қала сыртындағы үйлердің дәстүрлі пішіндерімен, шеберлікпен біріктірді. Ол қазіргі сәулеттің маңызды қағидаларының бірінің негізін қалай отырып, функционалдықты ұғынуға бөлменің мақсатты орналастырылуы мен конструкцияны таңдауды ғана емес, сонымен қатар имараттың табиғатпен, климатпен, қалыптасқан дәстүрлермен және жергілікті құрылыс материалдарымен байланысын да енгізді.

1.9 XX ғ.-XXI ғ. БАСЫНДАҒЫ ЕУРОПА ЖӘНЕ СОЛТҮСТІК АМЕРИКА ЕЛДЕРІНІҢ СӘУЛЕТІ МЕН ӨНЕРІ

1.9.1. 1920-1940 жылдардағы Еуропа және Солтүстік Америка елдерінің сәулеті мен өнері

XX ғасыр сәулетшілігін есептеу бірінші дүниежүзілік соғыс Еуропаның әлеуметтік көрінісін өзгертіп, сәулет алдына жаңа міндеттер қойған 1920 жылы басталады.

Еуропа елдерінің алдында қираған қалаларды қалпына келтіру проблемасы тұрады. Қалың бұқара топтарына арналған тұрғын үйлер, қоғамдық ғимараттардың қарқынды құрылысы өрістейді. Тұрғын үйлер құрылысы үлкен кешендермен (Венадағы Карл Маркс Хоф) немесе тұтас кенттермен жүргізілді. Тұрғын үйлерді көше қозғалысынан, өнеркәсіптік аймақтардан оқшаулау, ғимараттарды коммуналдық қызмет көрсету жүйесіне бағыттауға сәулетшілер баса назар аударады. Еуропаның көптеген жетекші сәулетшілері қазіргі заман қаласының теориясын ұсынады. Ле Корбюзье қала орталықтарының құрылысын арасында үлкен көгалдандырылған кеңістіктері және көлік-жаяу жүргінші қозғалысының жүйесі бар көп қабатты үйлер тобымен жүзеге асыруды ұсынады.

Тиімді құрылыс материалдарының, ең бірінші кезекте темірбетонның пайда болуы және озық сәулетшілердің конструкция қарапайымдылығы мен логикасынан әдемілікті табуы сәулетте жаңа бағыт – функционализмнің пайда болуына әкелді.

Әлеуметтік және ғылыми-техникалық даму негізінде қалаларды сауықтандыру, олардың халқының өмірін жақсарту мәселесі көтерілді.

1928 жылы құрылған сәулетшілердің халықаралық ұйым конгрессінде (СИАМ) 1933 жылы Афинада сәулетшілердің тәжірибесін қорытындылайтын және сәулет міндеттерін тұжырымдайтын Афин хартиясы шығарылды. Конгресс Қазіргі заман қозғалысының (функционализм) тұжырымдамасын және қоғамның материалдық, сезінушілік және рухани өмірінің сұраныстарын қанағаттандыру бойынша сәулетшілердің кәсіби міндеттерін бекітті. СИАМ мақсаттары әлеуметтік, экономикалық және техникалық өрісте қазіргі сәулетшілердің идеясын насихаттау, оларды құрылыста іске

асыру болып танылды. СИАМ академизм, сәулетшіліктегі эклектизм мен ескішілікке қарсы күресті. Оның басты ұйымдастырушылары Ле Корбюзье (Франция), В. Гропиус (Германия), Л. Серт (Швеция), З. Гидеон (Швейцария) болды.

Қазіргі қозғалыс сәулетінде композициялық тәсілдерді қалыптастыруға Ле Корбюзьенің «Нұр сәулелі қала» кітабында жарияланған ғимаратты жобалаудың:

- топырақ сызынан ғимаратты ашатын ашық бағандар;
- тұрғындарға қосымша демалуға арналған аумақ беретін қатар қолданылған жазық темірбетон төбе-бақ;
- ішкі қабырғаларды қаңқа бағаналарымен алмастыруды қамтамасыз ететін ішкі кеңістікті еркін жоспарлау;
- бөлменің жарықтығын арттыратын таспалы терезелер;
- қаңқалы конструкциялық жүйеге көшкенде, сыртқы қабырғалардың көтергіш конструкцияларын көтергіш емес конструкцияларға алмастыру арқылы қасбеттердің еркін композициясы сияқты бес қағидасы зор ықпал етті.


Құрылыстың қарқынды жылдамдығы индустрияны әскери тапсырыстардан құрылыс конструкцияларын өндіруге қайта бағыттауға мәжбүр етті. Жаңа «халықаралық» сәулет қағидаларының қалыптасуында темірбетон қаңқа рөлі артады. Сәулетшілер ғимараттардың сыртқы пішіндерімен қаңқа ырғағын, жаппай әйнектелген қасбеттерді, массаның өзіндік үйлесімі мен бөлінуін пайдалана отырып, имараттың ішкі құрамын көрсетуге талпынды. Дессаудағы «Баухауз» ғимараты, Роттердамдағы «Фан Неле» фабрикасы сияқты имараттарда функционалдық ерекшелік көңіл аудартады.

Әдемі қала бөліктерінде және қала сыртында функционализмнің жетекші сәулетшілері жеке тапсырыс бойынша темірбетон конструкцияларды қолданып, үй-жайлар және виллалар: Пуассидегі Савой вилласы, Гарштағы вилла, (1937 ж., сәулетшісі Ле Корбюзье) салады.


Функционализмнің эстетикалық және эмоционалды шектелгендігі ХХ ғасыр сәулетінде бағыттардың бұл кемшіліктерінің орнын толтыратын қатардың дамуын ынталандырды. Олардың бірі – органикалық. Ол негізінен Л. Салливеннің шәкірті атақты американдық сәулетші Ф. Л. Райттың есімімен байланысты. Функционализмнің тиімді қағидаларын бөле отырып (жобаның

ғылыми, гигиеналық және технологиялық дәлелділігі), ол қалыптасушы кеңістіктер мен көлемдердің эстетикасын маңызды деп санады.

Ле Корбюзье мен Райттың жазық төбелі үйдің еркін жоспарының идеялары сәйкес келеді, бірақ олар әртүрлі жолмен іске асырылады және түрлі эстетикалық нәтижеге әкеледі. Жоспарлау еркіндігін қамтамасыз ету үшін Ле Корбюзье бағаналардың жүйелі торымен қаңқа қолданды. Райт қаңқадан бас тартты, бірақ тік көтергіш конструкциялардың орналасуын ғимараттың көлемді-жоспарлау шешімімен байланыстыра отырып құрастыру еркіндігіне қол жеткізді. «Сарқырама үстіндегі үйде» (Коннелсвилдегі Кауфман үйі, 1937 ж.) қолайлы ашық алаң үш деңгейде орнатылған, жан-жаққа қарап тұр және шығыңқы жерлері де әртүрлі (66-сурет).



66-сурет



67-сурет

1920-1930 жылдары темірбетон эстетикалық тұрғыда қайта ойластырылады. Оның пластикалық мүмкіндіктері экспрессионизм сәулетінде кеңінен қолданылады. Экспрессионизмнің сәулеттік туындысына кейде өткірлік, гротескілік, үйреншікті сәулет пішіндерінің әдейі өзгеруі есебінен немесе мүсін қағидалары бойынша композицияның қалыптасуымен қол жеткен композицияның ерекше эмоционалдық мәнерлілігі тән.

1920 жылы экспрессионизм сәулетінің өркен жаю орталығы Германия болады, ал оның жетекші шеберлері – Э. Мендельзон, (1887-1953 ж.), Г. Шарун (1893-1972 ж.), Г. Пельциг (1909-1926 ж.), Г. Херинг (1882-1958 ж.) еді.

Бұл кезеңде 1930 жылдардың басында өзінің ірі жобаларын жүзеге асырған Э. Менделзонның шығармашылығы, сәулетте экспрессионизм символы «Эйнштейн мұнарасы» деген атпен белгілі 1921 жылы Потсдамда салынған астрофизикалық зертхана ғимараты әйгілі болды (*67-сурет*). Ол мұнараның көлемді пішіні ішкі кеңістік шешімінен басым иілімді тұтасқұйма темірбетон пішіндермен өзгеше ғимарат-мүсін ретінде жобаланған.

30-жылдардың ортасында Италияда және билікке фашизм келген Германияда монументтілікке, ұлылық атаулыға ұмтылушылық және өткеннің классикалық үлгілеріне қайта оралу тенденциялары байқалады.

1.9.2. XX ғасырдың ортасы – XX ғасырдың соңындағы әлем елдерінің сәулеті

АҚШ-қа екінші дүниежүзілік соғыстың алдында көптеген еуропалық сәулетшілер: В. Гропиус, Л. Мис ван дер Роэ, Э. Мендельзон, Э. Сааринен және басқалар келеді. Олар тек сәулеттік практикамен ғана емес, сонымен қатар кәсіби сәулет кадрларын дайындауда өздерінің шығармашылық шеберханаларын құрады. XX ғасырдың екінші жартысында қайтадан тұрақты позициялар функционализм мен рационализмге ие болады. Функционалистер жасаған тәртіп белгілеу жүйесінің арқасында жобалау үдерісі тұтынушыға құрылыс нысандарын, сәулеттің функционалдық және техникалық міндеттерін күзиретті шешуге кепілдік бере отырып заңға негізделді.

Функционализм әдістерін қолдану соғыс кезеңінде зардап шеккен барлық елдерде екінші дүниежүзілік соғыстан кейінгі бүліншілікті қалпына келтіруде маңызды фактор болып табылатын құрылыстың қарқынды жылдамдығына мүмкіндік туғызды.

Батыс Еуропа сәулетін Л. Мис ван дер Роэның «халықаралық» стилі анықтады. Оның жеңіл әйнекті немесе құрастырылған қоршау конструкциялары мен тасымалдаушы ішкі аражабындармен қолданған металл қаңқасы әртүрлі ғимараттарды жобалауға мүмкіндік берді. Ғимарат кескінінің пропорционал ара қатынасымен, қаңқаны айқындаумен және конструкцияның жоғары эстетикалық сапасымен композиция мәнерлілігіне қол жетті.

Л. Мис ван дер Роэнің бағдарламалық жұмыстарының бірі Иллинойстағы Технологиялық институт ғимараты болды, 1957 жылы оның көлемдерінің тамаша өңделген айқын сәйкестемелік

катынастары және болат қаңқасы мінсіз кірпіш қалауымен және үлкен тегіс шыны бетпен сай келеді. Л.Мис ван дер Роэ жобалары бойынша Нью-Йорктегі «Сигрем» фирмасының, 1958 ж., Чикагодағы сот, 1964 ж., Нью-Йорктегі БҰҰ Секретариат, 1961 ж. ғимараттары (Ле Корбюзье және О.Нимейермен бірге) және басқалар салынды.

Л. Мис Ван дер Роэның жеке шығармашылық үлгісі және құрылыстың жалпы техникалық сипаты 1950-1960 жылдары әлемнің көптеген елдерінде «халықаралық» стильдің өз тартымдылығын сақтауына мүмкіндік туғызды.

1940 жылдың соңы – 1950 жылдың басында Волгоград, Гавра, Варшава, Гданьск, Севастополь, Дрезден, Киев, Минск сияқты қираған қалалар мен басқа елдімекендерді жобалау және қалпына келтіру жұмыстары атқарылды. 1950 жылдар ортасынан бастап жаппай тұрғын үй құрылысын дамыту міндеті басым болады.

Қалаларды қалпына келтіруде құрылыстың сәулеттік пішіндері әрқилы: Волгоградта (сәулетшісі В. Симбирцев) – неоклассицизм («сталиндік ампиризм»), Гаврада (сәулетшісі О. Перре және басқалар) – модернизм, Гданьскте (сәулетшісі Я. Боровский, З. Жулавский, В. Долинский) – қираған құрылыстың тарихи кескінін мұқият жаңғырту (**солтүстік ренессанс және барокко**).

Гавра құрылысы – әлемдік практикада экономикалық ең тиімді қазіргі құрылыс техникасында ірі сәулет-қала құрылыстық міндетті шешудің алғашқы үлгісі. Гавра оталығының барлық тұрғын және қоғамдық имараттары құрама темірбетон бұйымдардан бірыңғай қаңқалы-панельді құрылыс жүйесінде тұрғызылды.

Модернизм қағидалары соғыстан кейінгі жылдары және Еуропада аз санды ірі қоғамдық ғимараттарды жобалауда қолданылды. 1920 жылмен салыстырғанда модернизм эстетикасы құрылыс техникасы дамуының жаңа композициялық және функционалдық міндеттерінің алуан түрлілігінің ықпалымен дами отырып өзгеріссіз қалмады.

Модернизмнің сәулеттік пішіндерінің аскетизмін бір мезгілде «жеңілдету» кезінде ең көп дәрежедегі баю Римдегі Термини вокзалы және Париждегі ЮНЕСКО имаратының кешені сияқты қоғамдық нысандардың композициясын көрсетеді.

Париждегі ЮНЕСКО (1955-1958 ж.) кешені сәулетшілердің интернационалдық тобымен жобаланды – Б. Зерфюсс, Н. Л. Нерви және М. Брейер. Ол үш ғимараттан тұрады: Секретариат, Толық

мәжіліс және Тұрақты өкілдіктер корпусы. 1950 жылғы ең ірі және модернизмге тән ғимарат - Секретариат болып табылады.

Үй құрылысы өнеркәсібінің ұсынылған шектеулерімен үйлестіруде модернизмге тән суреттеу құралдарын шекті үнемдеу және құрылыста қайталанатын типтік нысандар санының көптігі модернизмнің қарастырылып отырған кезеңінің қала құрылысы мен сәулетіне үлкен зиян келтірді. Сонымен қатар көп қабатты тұрғын үйлердің жаппай салынуы қала ортасы туралы қоныстанушылардың дағдылы түсініктерін бұзды, олар дәстүрлі қала кеңістігін аңсады.

Еуропаның көптеген астаналары мен ірі қалалары 70-жылдардың соңында көп қабатты құрылыстан бас тартып, тығыз-аласа (2-4 қабатты) құрылыстарға көшті. Тұтынушылық құндылықты сақтап қалу мақсатында бұрын тұрғызылған көп қабатты үйлерді қоныстандыру бойынша үздіксіз және көп еңбекті көп қажетсінетін жұмыстар жүргізілді.

Ғасыр ортасындағы американдық модернизмнің ең маңызды туындысына Эро Саариненнің жобасы бойынша 1951-1955 жылдары салынған Детроттағы «Дженерал Моторс» компаниясы имаратының кешені жатады.

Модернизмнің американдық тарамының үлесі қасбеттер мен интерьерлер композициясында ашық металл конструкцияларды белсенді игеру болатын, сол уақытта еуропалық шеберлер темірбетонның пішін қалыптастырушы мүмкіндіктерін игерді.

1960 жылдардың ортасында модернизм сәулетінің жаңалығын сезіну жойылады. Американдық модернизмнің «интернационалдық стильге» деген қызығушылығының басылып қалуы оның табысы сияқты әлемде соншама екпінді болды, Мис Ван дер Роэ, Ф. Джонсон немесе Э. Сааринен нысандарындағы сияқты тамаша материалдарды қатыстырудың мүмкін еместігі элементар көлемді пішіндерден көрінді.

Стильдің шектелуі адамға әдеттегі ағаш, кірпіш сияқты дәстүрлі құрылыс материалдарын енгізуге мүмкіндік бермеді.

Жаңа сәулет тілін іздестіру осы жылдары ұлттық сана-сезімнің өсуі және ұлттық сәулеттік пішіндерді іздестіру аясында болды. Көптеген сәулетшілер органикалық сәулетке және оның әртүрлілігі – регионализмге қарайды.

Органикалық сәулеттің негізін қалаушы Ф. Л. Райттың айқын үлгілерінің бірі Нью-Йорктегі Гуггенхейм мұражайы (1944-1956 ж.) болып табылады.

Осы жобасымен Райт мұражай ғимараттардың анфиладалық жоспарлау құрылымының ғасырлық стереотипін бұзды. Гуггенхейм мұражайында көркемдік экспозиция орталық түндікті аула кеңістігін ораған, шыны күмбез арқылы жоғарғы жарықпен жарықтандырылған бұрама көлбеушені бойлай тұрғызылған.

Органикалық сәулеттің тармағы болып саналатын регионализм ХХ ғасырдың екінші жартысында ерекше имараттар қатарын ұсынды. Регионализмнің пайда болуы авангардтың ерекше қасиетінен айырылған геометризм мен «интернационалдық» стильді эстетикалық тартып алуымен байланысты.

Алдымен регионализм Солтүстік Еуропа елдерінде, кейін Латын Америкасында, Жапонияда және басқа елдерде қалыптаса бастады. Регионализмнің дамуы соғыстан кейінгі жылдары әлеуметтік үдеріс ерекшеліктерімен анықталды.


Сәулеттің аймақтық белгілерін айқындауға көптеген халықаралық және әлемдік көрмелерге арналған ұлттық павильондарды жобалау тәжірибесі мүмкіндік туғызды.

Дәстүрлі сәулет пішіндеріне қайта оралу тас, кірпіш, ағаш сияқты дәстүрлі материалдардың жоғары бағалануын да анықтады. Қоғамдық ғимараттардың көлемі мен интерьеріндегі дәстүрлі материалдан (мысалы, майысқан ағаш желімді және басқа) орындалған қазіргі конструкциялардың эстетикалық белгілерін айқындау скандинавиялық регионализмге тән белгі болды. Әсіресе, атақты фин сәулетшісі Алвара Аалто шығармашылығында айқын көрінді.


Жапонияның қазіргі ірі құрылысында дәстүрлі жеңіл қаңқа К. Маякава (Ле Корбюзьенің шәкірті), К. Танге, К. Курокава және т.б. сияқты жергілікті сәулетшілердің қаңқалы темірбетон монументті имараттарына ауысты. Жапондық модернизмнің классикалық туындысы Хиросима қаласындағы (сәулетшісі Танге, 1949-1956 ж.) әйгілі мемориал кешеніндегі Әлем мұражайының ғимараты болды. Дегенмен, модернизмнің эмоционалды тапшылығы осы күнге дейін жалғасып келе жатқан қосымша айқын құралдарды (алдымен дәстүрлі аймақтық сәулетшілік саласынан) іздестіруді талап етті.

Дәстүрлі сәулетшілік қағидаларды жұмылдырудың органикалық бағытына Токиодағы Фестивальдар залы (сәулетшісі К. Маякава,

1960 ж., *68-сурет*), Такамацу қаласындағы Кагава префектурасы (сәулетшісі К. Танге, 1958 ж.) және Қурасики қаласындағы муниципалитет (сәулетшісі К.Танге, 1960 ж.) ғимараттарының композициясын, жапондық регионализмнің көрінуіне қазіргі көтергіш конструкцияларды таңдап іріктеу мен композицияда олардың жүйелі құрылымдық мүмкіндіктерінің көрінуін жатқызуға болады. Дәстүрлі сәулетшілік ағаш тірек-арқалықты және діңгекті конструкциялар негізінде дамығандықтан, күмбезді және тоғыспалы жүйелер оған жат болып қалды. Қазіргі сәулетте сәулетшілер қабырғалы темірбетон аражабындар мен жабынның аспалы жүйелерін белсенді қолданады.




68-сурет



69-сурет

Токиодағы Йо-йоги саябағындағы Олимпийлік кешен сәулетінде (сәулетшісі К. Танге, 1964 ж.) айқын көрінді. Спорткешені аспалы жабындары бар жабық жүзу бассейні мен баскетбол залы бар екі ғимараттан тұрады.

Ғасыр соңында, 1980-1990 жылдары жапондық регионализм көбінесе неомодернизм, аздап неоэкспрессионизмге және постмодернизм сияқты жалпы әлемдік сәулеттік ағымдарға бет бұрады. Бұл бағыттарда К. Шинохара, К. Кикутаке, А. Исозаки сияқты қарт шеберлер де, Т. Андо, Т. Ито, К. Моцуна сияқты жас шеберлер де еңбек етеді. Айқын құралдар да жойылады – шектеулі көлемде тоғыспалы және күмбезді конструкциялар қолданыла бастайды.




70-сурет

лерінің (шатырлары) үлгілерімен келтірілген. Темірбетон баппен иілген тақта жабын шатыр қалқа үлгісімен үйлестірілген, жарық ойықтарының орналастырылуы және пішіні жағынан кездейсоқ көрінетін сыртқы қабырғаның жүйесіз пішіні ғибадатхананың мистикалық бағдарламасына жауап беретін иррационалды сыртқы кескін мен ішкі кеңістікті жасауға мүмкіндік туғызады (70-сурет).

Неоэкспрессионизмнің айқын үлгілерінің бірі Сиднейдегі Опера театры (сәулетшісі Й. Утзон, 1956-1976 ж., 71-сурет) болып табылады.

Желкенді темірбетон қабықшамен биік платформада орналасқан театр ғимараты желкенді еске түсіреді.



71-сурет

XX ғасырдың 2-жартысындағы сәулеттің шығармашылық ізденістері сәулетшілерден әртүрлі стильдік бағыттарды қолдануын талап етті.

1950-1970 жылдары аға буын сәулетшілердегі (Ле Корбюзье, Г. Шарун) сияқты орта буын сәулетшілерінде де (Э. Сааринен, О. Нимейер, И. Утзон) экспрессионизмге деген қызығушылық пайда болады. 1950 жылдары бағыт неоэкспрессионизм деген атауды иеленеді.


Неоэкспрессионизмнің ең атақты туындысы ретінде Ле Корбюзье жобасы бойынша 1950-1955 жылдары салынған Роншане қаласындағы (Франция) капелланы айтуға болады. Оның композициясы ертедегі христиандардың алғашқы тұтасқұма үй-

Экспрессионизмнің ұзақ жолы қазіргі сәулеттің, әсіресе, жауапты қала құрылыстық рөл атқаратын ірі жеке нысандарды жобалауда мәнерлілікті арттыратын мүмкіндіктерді дәлелдеді. Неоэкспрессионизм көбінесе, функционализм жетістіктеріне сүйене отырып, оған жекелеуші және эмоционалды негіз енгізді. Сонымен неоэкспрессионизм сәулетінде эстетикалық нәтижеге жету едәуір дәрежеде жаңа техниканың айқын ерекшеліктерін шебер пайдалануға мүмкіндік туғызды.

Структурализм – функционализм немесе экспрессионализмге қарағанда азырақ анықталған сәулетте көрінген көркемдік құбылыс. 1950-1960 жылдары қалыптасқан және конструктивтік пішіннің эстетикалануына негізделген структурализм XX ғ. сәулетшілігінде 1920 жылғы конструктивизм мен 1980-1990 жылдары хай-тек арасындағы аралық кезеңді алып жатыр.

Көтергіш конструкциялар шешімі кезінде техникалық және эстетикалық міндеттерді кешенді шешудің классикалық үлгілері болған П.-Л. Нерви жұмыстары Париждегі ЮНЕСКО имаратының кешеніндегі конференцзалдар корпусы және Олимпийлік ойындарға арнап 1957 жылы (*72-сурет*) салынған Римдегі Кіші спорт залы (сәулетшісі А. Вителлоцци) болып табылады.

1960-1970 жылдар аралығында көбінесе, ірі фирмалар мен корпорациялардың биік офистерінің жобаларында іске асырылған үлкен бизнес стилінің атауына ие болған структурализмнің өзгеше тарамы қалыптасты.



72-сурет

Қабықшалы-қаңқалы жүйе эстетикасы Нью-Йорктегі Әлемдік сауда орталығы және Сан-Францискодағы Транс-Америка, қаңқалы-оқпанды-аспалы жүйе эстетикасы, Мюнхенде БМВ фирмасының офисі, оқпанды жүйе эстетикасы, Нью-Йорктегі «Колумб серілері» офисі, қабықшалы-диафрагмалы жүйе эстетикасы, Чикагодағы Серс және Робак офисі ғимараттарында эстетикалық түсінікке ие болды.

Бұл композициялардың айрықша ерекшеліктері жүйелі құрылымдылық, төзімділік пен ықшамдылық, қазіргі және құнды өңдеу және конструктивтік материалдарды пайдалану болып табылады.

Көптеген қала орталықтарының сәулет-көркемдік ортасы «стильдеу», эклектика, модерннің тиісті тарамдарын және өткен ғасырлардың көркемдік мұраларын жұмылдыруда тереңдігімен және жүйелілігімен ерекшеленетін басқа бірнеше бағытты біріктіретін тарихилықтың ықпалымен қалыптасты.

Тарихилықтың кейінгі дамуы екі жолмен жүрді. Біріншісі – отандық дәстүрлерді терең меңгеру және екіншісі – әртүрлі дәуірлер мен халықтардың (эклектика) сәулеттік пішін тілін кәсіби энциклопедиялық меңгеру.

1960 жылдың соңынан бастап сәулеттік практикада, көбінесе, аймақтық, мысалы, бұрынғы КСРО одақтық республикаларының астаналарында ірі қоғамдық ғимараттарды жобалауда тарихи элементтер қайта жаңартылады.

Тарихилықтың дамуын 1960-1970 жылдарға тән жаппай туризм индустриясын дамыту және сансыз көп халықаралық және дәстүрлі дүниежүзілік көрмелер практикасы сияқты қоғамдық құбылыстар қосымша ынталандырды. Туризм және көрме қызметі тарихи мұраға қызығушылық тудырды және сәулет практикасынан реакцияны талап етті. Осыған байланысты сәулетшілікте тарихилықтың жаңа даму кезеңі басталады. Бұл бағыт өте әртүрлі сипатта, дегенмен, постмодерн немесе постмодернизм деген ортақ атауға ие болды.

Сәулетте постмодернизм шығармашылық қағидалары мен ерекшеліктері әртүрлі шеберлерді біріктіріп, 1960 жылдың екінші жартысы - 1970 жылдың соңында АҚШ-та қалыптасты. Постмодернистер қалаларды функционалдық аймақтандыру, сәулеттік пішіндер аскетизмі мен жобалаудың сериялық тәсілін, шығармашылық мұра мен регионализмнен бас тартуды қатты сынға алды.

Қала құрылысында постмодернизм жүйелі, көбінесе, симметриялы жүйелерді, сондай-ақ нақты (тарихи) қала ортасының ерекшеліктерін мұқият есепке алуды жоғары бағалады.

Сәулеттік пішіндер саласында постмодернизмге тарихи сәулеттік жүйелер мен әшекейдің қайта жаңартылуы, бұзып тұратын таспалы терезелерден бас тартып, қабырға сілемінің мәнерлілігіне қарау, жазық төбелерден бас тартып, ғимараттың (қасбетмандайлық ернеумен, маңдайша қабырғамен, мансардамен аяқталған) белсенді кескінінің қайта жаңартылуы, тарихи ескерткіштерге және қолданылған «жеңіл» классикалық пішіндерге «еліктеу» тән.

Оның негізгі жорамалдары постмодернизм теоретиктері мен практиктерінің еңбектерінде қалыптасты (Р. Вентури, М. Кюло, Л. Крие, А. Росси, А. Грюмбако).


Постмодерннің практикалық қалыптасуының негізгі үлгісі осы стильдің ірі имараттарының бірі эксмодернист жобасы бойынша салынған Нью-Йорктегі АТТ фирмасының офісі (1978 ж.), кейін неоклассицистің үлгісі (Нью-Йорктегі Линкольн орталығындағы театр), қазіргі постмодернизм шебері Ф. К. Джонсонның үлгісі болып табылады.

Еуропалық постмодернизм американдыққа қарағанда жарасымды. Бұл заңды: жаңа имараттар «сарайларды безендіру» кезінде тарихи сәулеттік пішіндердің өрескел бұрмалануын болдырмайтын өткен ғасыр үлгілерінің әдемі ортасында тұрғызылады.

Сонымен қатар еуропалық постмодернизм стиль жылылығы пен адамшылығын сақтайды. Еуропалық постмодернизмнің айқын үлгілері Лондонның басты көркемдік мұражайларын кеңейту бойынша атқарылған жұмыстар болып табылады (Лондандағы Тейт-галерея мұражайы, 1890 ж., қайта құрылуы – 1989 ж.).

Еуропада еңбек ете жүріп, постмодернизмнің американдық шеберлері ұстамдылық танытады. Әсіресе Ч. Мурдың берлиндік шеберханасы жұмысынан айқын көрінеді, ол Берлиндегі Тегель айлағы ауданында жағалаудағы көп қабатты үй және Гумбольт кітапханасы сияқты ірі нысандар салды. Кітапхана оқу залы цилиндр тоғыспамен жабылған шығыңқы екі қабатты көлем болып саналады. Бетон, болат және анодты алюминийден орындалған интерьерде адам үшін жарасымды және достық қалыпта орта қалыптасқан.

Постмодерннің ең құнды туындыларына тарихи қала орталықтарын қайта құру кезінде бүгінгі күнге дейін сақталып



73-сурет

келген: Лондондағы Ричмонд-саябақ ауданы, Амстредамдағы Бикерзей-ленд, Ростоктағы Университет алаңы және Креплинерштрассе және басқаларды жатқызуға болады.

Хай-тек – 1970 жылдары қалыптасқан сәулеттегі эстетикалық ағым, техникалық даму ықпалымен сәулет тілін тиімді жаңартуды насихаттайтын техницизмнің қазіргі модификациясы болып саналады. Хай-тек – «жоғары технологиялар» ғасырының, сәулеттегі ракета-техникалық нысандардың, ірі қоғамдық ғимараттардың символдық көрінісі. Хай-

тек 1920 жылы конструктивисттермен басталып, 1960 жылдары структуралистермен жалғастырылған ХХ ғасырдағы соңғы кезең болып табылады.

Хай-тек әйнекпен үйлесімде конструкцияны эстетикалық игеруге бағытталған. Сонымен қатар хай-тек ғимараттың сәулеттік композициясына ауаарна, желдету шахталары, құбырлар сияқты инженерлік жабдықтау элементтерін қамтиды.

Хай-текте көтергіш конструкциялар шешімінің ерекше белгісі ашық қима элементтерінің орнына жабық қиманың шыбықты элементтерін (дөңгелек немесе тікбұрышты қима құбырлары) қолдану болды. Мысалы, оқпанды-тірек-аспалы конструктивтік жүйеде 1982 жылы сәулетшілер В. және Б. Бетц салған Мюнхендегі банк ғимараты композициясында тік көтергіш құбырлардың композициялық рөлі.

Хай-тектің Помпиду атындағы париждік орталық пен берлиндік конгресс-холлдан басталған екі тенденцияның күресі кезінде ғимараттың сыртқы көлемінің қосалқы техникалық және технологиялық аксессуарлармен әдейі күрделендірілуі және имараттың жүйелі құрылым айқындығына әуестенуі дамиды.

90-жылдардың соңында хай-тектің екінші даму бағыты басым болады.

Кейінгі хай-тектің айқын үлгісі 1997 жылы Р. Роджерс тұрғызған Страсбургтегі адам құқығы бойынша Еуропалық сот ғимаратының композициясы. Оны жобалай отырып, автор Еуропалық сот адамның

жеке құқықтарын қорғауға арналғандықтан әлеуметтік маңызды ғимарат (Еуропа Кеңесі 30-дан астам елді біріктіреді) – «монументті емес монумент жасау керек» деген меншікті идеологиялық бағдарламасын басшылыққа алды.


Хай-тектің өзгеше тарамын қасбет беттерінің жылтыр (көбінесе, шыны) жалтырақ стилі – «слик-тек» (мысалы, Париждегі Опера-Бастиль ғимараты, *74-сурет*).

Жаңа қисық сызықты жарық мөлдір конструкциялар сәулетшілердің ғимарат-шар жасаудағы армандарының іске асуына мүмкіндік берді. Оларды әртүрлі елдер мен қалаларда салады. Соның ішінде 80-90 жылдары Парижде Дефанс кешенінде және Ла Виллет саябағында ғимарат-шарлар салынды. Дегенмен, тегіс жалтырақ шыны беттің бейтараптылығы белгілі композициялық шектеулер жасайды. Сондықтан 80-жылдардан бастап сәулетшілер композицияда жарық мөлдір элементтерді мөлдір емес элементтермен үйлестірудің әртүрлі нұсқаларын қолданады. Шыны ғимараттың «оранжерейлық» тақырыбы соңғы жылдары Уником банк пен Жоғары халықаралық мектептің көгілдір кристаллы, Мәскеудегі Газпромның жасыл шыны «газгольдерінен» бастап Нью-Йорктегі Гудзон жағалауындағы қаржы орталығының шыны көк тіреген ғимараттары сияқты көптеген елдердің озық фирмалары мен банктерінің сәулетінде көрініс тапты.


1970 жылдардың соңында модернизмге деген қызығушылық қайта туады, ал сексенінші жылдары неомодернизм деген атаумен әлемдік сәулет аренасына қайта шығады. Неомодернизм туындылары ортаға қарсы тұрмайды, құрылыс контекстіне қарай ойластырылып және табиғи байланыста кіреді. Өткен конструктивизм үлгілерін өзгерту негізінде неомодернизмнің алуан түрлілігі деконструктивизм, декон атауына ие болды.

Деконструктивизмнің дүниетанымдық платформасы ретінде қазіргі еуропалық сананың барлық пішіндерінің бейнелілігін сынаған қазіргі замандағы француз философы Жак Дерриданың қағидалары болып табылады.

Оның халықаралық конкурста жеңіске жеткен сәулетші Бернар Чумидің Париждегі Ла Виллет саябағы (1983 ж., *75-сурет*) бас жоспарының жобасына берген бағасы қызықты. Б.Чуми жобасында саябақ жеңіл көбінесе, «фоли» – бір, екі қабатты павильондарға, композициясы орыс авангардының үлгілері мен тәсіл әрекеттеріне негізделген, ашық түстерге боялған металл имараттарға толы.



74-сурет



75-сурет

Фоли тәсілін Берлиндегі Постдамер-Платцтың құрылыс және қайта құру алаңында «Инфо-бокс» (1996 ж.) ғимаратта неміс сәулетшілері Шнайдер және Шумахер қайталады. Бұл ұзын қызыл «темір жәшік» жер бетіне үш тарамды болат тіреумен көтерілген. Декон заңы бойынша бұрышта темір қабырға қираған және үлкен ашық-көгілдір витражбен алмастырылған.

Шығармашылық бағдарламалардың ресми түрде айтылған түбегейлі айырмашылығы кезінде декон мен постмодернизм шеберлерінің композициялық тәсілдерін жобалауда көбінесе, ортақ болып келеді.

XX ғ. сәулетшілігі эволюциясында әртүрлі бағыттардың дамуына үнемі символизм жалғасады. Символикалық функциясы бар ғимараттар мен имараттар – ғимарат-символдар немесе композициясы символикалық элементтерден тұратын ғимараттар пайда болады. Әдетте, олар тікелей ғимарат немесе имарат функциясынан туындамайтын белгілі идеологиялық, мемлекеттік, діни немесе басқа идеяны символмен көрсетуге арналған.

1920 жылы сәулеттік композиция символизмі ең көп дәрежеде шүбәсіз даму идеяларын таратушы ретінде техниканы поэзиямен суреттеуге байланысты болды. Механизмдер, пароходтар, ұшу аппараттарының пішіндері мен үлгілері поэзиямен суреттелді.

Ғимараттар мен имараттар жобаларының біркатары олардың құрамында үнемі қозғалыстағы көріністерді қарасатырды (сәулетші-суретші В. Татлиннің III интернационалға арналған ескерткішінің жобасы, 1919 ж.). Кейінгі онжылдықта символизм көбінесе ойынсауық, көп функционалдық, экспозициялық сияқты ірі қоғамдық имараттарды жобалауда кездеседі. Брюссельдегі Атомиум жобасы

(сәулетшісі Б. Полак, 1958 ж.) бейнелеу символизмінің бағытына жатады. Бұл бағыт халықаралық және дүниежүзілік көрмелерге арналған ұлттық павильондарды жобалауда басқалардан артық көрінеді. Мысалы, Хеопстың кішірейтілген пирамидасы түріндегі Мысыр павильоны немесе Осакадағы Экспо-70-ке ұсынылған пагода түріндегі Жапония павильоны.

Бүгінгі күнге дейін ғимарат-символдардың ішіндегі ең айқыны Нью-Йорктегі Кеннеди атындағы әуежай ғимараты болып қала береді (сәулетшісі Э. Сааринен, 1958 ж.).

Ғимарат символы – самғап ұшып бара жатқан құс – Э. Саариненнен кейін 20 жыл өткен соң Фудзиуномия қаласында тау бөктерінде орналасқан Сидзуок префектурасының орасан зор Ши-Хондо ғибадатхана кешенін жобалауда жапондық сәулетші Кимио Йокояманы шабыттандырды. Бір бейнелік тақырыптан бастап, Э. Сааринен және К. Йокояма озық заманауи конструкциялардың (қатты қабықша және аспалы жүйелер) пішін қалыптастырушы әлеуетін толық пайдалана отырып, терең эмоционалды композициялар тудырды.

1.9.3. XX ғасыр соңы – XXI ғасырбасындағы әлем елдерінің сәулеті

XX ғасыр басы мен XXI ғасыр соңындағы сәулет саласы алдыңғы онжылдықтардағы сәулет өнерінің дамуының нәтижесінде, өзіне тән бірқатар өзгешеліктерге ие болды. Олар қала құрылысы, түрлері, әсемдігі сияқты сәулет саласының барлық бағыттарын қамтиды.

Қала құрылысы қарқынды дамуға көшті. Ол қала ішіндегі құрылыс көлемінің өсуі мен тарихи ғимараттарды қайта жаңғыртуға қатысты ауқымды жұмыстырдың көбеюіне әкелді. Кейбір елдерде ол жалпы көлемнің 30-40 %-на жетеді. Жеке жобалау көлемі өсіп, ол құрастырмалы темір бетонды конструкциялардың азайып, оларды тұтас темір бетон және темір құрылымдардың ығыстыруына әкеліп соқтырды.

Қарқынды түрде ескірген өндірістік кәсіпорындар жойылып, олардың орнына заманауи, көп жағдайда азаматтық құрылыстар салынып жатыр. Мұндай жұмыстардың айқын көрінісі Лондон орталығында орналасқан доктардың қайта жөнделуі болды. XXI ғасырға қарай Лондон доктары қаладағы ең ірі офистері, сауда және көрнекті өндіріс орындары («Арена Лондон» ірі концерт залы)


түрлі тұрғын ғимараттар, мектептер орналасқан көп салалы көркем ауданға айналды.

Жалпы ғасыр соңындағы қала құрылысына өндіріс орындарының, ірі көпқабатты тұрғын кешендердің, қалалардағы іскерлік орталықтар құрылысының азаюуы тән. «Коммерциялық сәулет» кешендерінің қаланың тарихи орталығы саналатын аудандарындағы учаскелерде орналасуы еріксізден ғимарат жобаларын жасауда өте ұқыпты болуға итермелейді. Тарихи үйлесімдігін бұзбай жақсы ойластырылып салынған құрылыстардың бірі - 1980 жылдардың соңынан бері жалғасқан, Париждегі - Дефанс жаңа іскерлік ауданының салынуы. Дефанс жобасының ерекшелігі оның көп атқарымдығында (офистер, тұрғын үй, қонақ үй, сауда). Қаланың тарихи орталығында орналаса тұра жақсы шешім тауып салынған іскерлік орталықтың біріне 90-жылдардың аяғында аяқталған Берлиндегі Фридрихштрасс құрылысын жатқызуға болады (көп жылдар бойы оны Берлин қабырғасы басып өтіп жатты). Қала құрылысы тәжірибесінде тарихи қалалардағы маңызды ғимараттарды қайта жөндеу кезінде ескі мен жаңаны салыстыру тәсілі қолданылады. Танымал композициялардың қатарына (1983-1993 ж.) америка сәулетшісі М. Н. Пеяның Лувр ауласындағы бес шыны пирамидасы имараттары жатады. Ульма қаласындағы неомодерн ратушасы XIV ғасырдың готикалық соборымен тығыз жалғаса салынған, (сәулетшісі Р.Майер, 1987 ж.), Г. Холяйн сауда орталығының шыны цилиндрлары Венадағы Әулие Стефан соборына (XII-XV ғ.) қарсы орналасқан, Париждегі Әулие Мартин готикалық соборының жанынан Попиду атындағы орталық салынған.


Ғасыр соңындағы ғимарат түрлеріндегі басты мақсат көп функционалдық имараттар мен ғимараттарды «үлкен кеңістіктер сәулетін» қалыптастыру болды.

Негізі 1970 жылдары қаланған «ірі ғимараттар», үлкен жабық атриум түріндегі қонақүйлер, офистер, кейінірек дүкен, кафе, кинозалдар, ойын залдары т.с.с элементтері бар көп функционалды «үй ішіндегі қала» типіндегі үлкен имараттарға дейін өсті. Мұндай имараттарды жаңадан жобалайды немесе қаладағы құрылыс нысандарын қайта жөндеу кезінде қатар тұрған нысандар арасын байланыстыру арқылы салады. Жобада ішкі аулалар мен шағын көшелерді «шатғырлармен» жабу қарастырылады (мысалы, Англиядағы Питерборо қаласы немесе Франкфурт-на-Майне).

Жаңашыл құрылыс технологияларының шексіз мүмкіндіктерінің іске асуының арқасында пайда болған ғимараттардың бірі Потсдамер Плац жанындағы SonV ірі мәдени орталығы (76-сурет). Кешеннің орталық бөлігі үлкен темір діңгекті-жабудың (*ванта-тентті*) астында орналасқан (77-сурет). Чикаголық сәулетшілер Х. Джан мен Д. Марфи да ауасы алмасып тұратын жабық үлкен кеңістік құруға ұсыныс жасаған.



76-сурет



77-сурет

Ғасыр соңында қоғамдық ғимараттардың тағы бір түрі – аква саябақтар танымал бола бастады. Осыған дейін қалыптасқан таза спорттық ғимарат – жабық жүзу бассейнінен ерекшелігі – аква саябақ көп функционалды: ол спортпен шұғылдануға, көңіл көтеруге, ойнауға, білім алуға (су астындағы тіршілік жайлы ойын барысында білу, т.с.с) арналған. Аква саябақтарды ірі, сондай-ақ шағын қалаларда да салады. Мысалы, Париждегі аква саябақ (Берси жағалауындағы) және Ла-Манша жағалауындағы Ла Турет қаласының аква саябағы.

Тұрғын үй сәулетіне деген көзқараста да айтарлықтай өзгерістер пайда болды. Көпқабатты үлкен тұрғын кешендердің орнын бір-біріне жақын әрі төмен (2-4 қабат) орналасқан құрылыстар басты, ал еркін жобаланған құрылыстар – тұйықталған немесе жартылай тұйықталған аула кеңістіктерімен алмасты. Құрылыстың сырт келбеті мен пішіні де өзгерді: тегіс шатырлар еңістерге, бөлік терезелер-тұйықтарына, ал біртүсті қарапайым сәулет – түрлі түстімен ауысты.

XX ғасыр соңы мен XXI ғасыр басындағы сәулет – көп стилді. Заманауи сәулет өнерінде неомодернизм, неоэкспрессионизм, пост-модернизм, хай-тек, декон, т.с.с бағыттар бірге жасасып келеді. Арасында басым қолданылатыны – неодернизм және регионализм.

Берлиннің бірігуі және Германияның жаңа саяси орталығының қалыптасуы түрлі дипломатиялық резиденциялар мен жаңа әкімшілік ғимараттардың салынуын талап етті. Тиргартен саябағының оңтүстік шекарасын бойлай орналасқан жаңа құрылыстар өздерінің еркін пішіндерімен ерекшеленеді. Ұлттық сәулет дәстүрлерінің дамуы Мексика мен Скандинавия елдерінің елшілік ғимараттарында байқалады (сәулетші Ф.Серрано). Үнді елшілігінің ғимаратында табиғи материалдарды қолданудағы өзгешелік сезіледі. Олардың имараттарындағы өзіндік ерекшелік қоршаған ортамен байланыстың болуында – XXI ғасырдағы заманауи сәулеттің басты қағидаларының бірі де соны көздейді.

Ғасыр соңындағы орыс сәулетінің бейнесінен, орыстың алдыңғы қатарлы жобаларынан шабыт алған шешімдерді кездестіруге болады және оны жүзеге асыру үшін, қазір де қажет техникалық база қалыптасқан. Мәскеудегі сәулетші К. Мельниковтың Русаков атындағы клубының көлемді-кеңістіктік шешімі П. Рудольфтың «Мінсіз театр» жобасында анық байқалады. Сәулетші Й. Пеяның (1983-1993ж.) Париждегі Лувр ауласындағы шыны пирамидалары, сәулетшісі И. Леонидова (1930 ж.) мәдениет сарайындағы пирамидаларды еске салады. Биік шаршымен көмкерілген және ғимаратта тікбұрышты дарбазамен ойылып жасалған – Дефанс дарбазасы (сәулетшісі И. О. фон Шпрекельсон және П. Андре 1984-1989 ж.) Эль Лисицкидің «көлденең көк тіреген үйімен» сәйкес келеді.

XX ғасыр сәулетіндегі ерекшеліктерге ондағы жаһандықты, көркемдік бағыттардың тез өзгеруін (және олардың екі-үш онжылдықтан кейін қайта айналып оралатындығын) және құрылыстың теңдессіз көптігін жатқызуға болады.

XX ғасыр соңы жаңа құрылыстық құрылымдық және қаптама материалдармен «жоғары технологиялар»: алюминий құйындыларды ойлап табу, полимерлер, жарықөткізгіш материалдардың түрленуімен белгілі. Осы жаңалықтардың негізінде XX ғасырда салмақ түсетін және бөлуге арналған конструкциялардың жаңа түрлері жедел дами бастады. Олар әлеуметтік дамудан туындаған талаптардан шығуға: экономикалық тиімділігі жоғары кең және биік,

жеңіл, әртүрлі, мобильді ішкі және сыртқы бөлуге арналған конструкцияларды жасап шығаруға мүмкіндік берді. Бұл, алғашында таза техникалық тұрғыдағы белгілі болған жетістіктер, шын мәнінде, жинақтала келе XX ғасырдың сәулет өнеріндегі жаңа сәулет түрлері мен бейнелерін қалыптастыруға ықпал етті.

Рейхстаг күмбезін қайта жасау символикалық мәнге ие болды. Н. Фостер күмбездің ашық металл конструкциясының ішін айнамен қаптауды ұсынды. Айнадан шағылысқан жарық жиналыс бөлмесіне төбедегі дөңгелек шыны арқылы түсуі тиіс.

Заманауи құрылыс техникасының көпқырлы мүмкіндіктері тектоника принциптеріне еркін қарауға мүмкіндік беріп, тектоникалық имараттарды жобалауға немесе тектоникалық элементтерді символикалық түрде көрсетуге мүмкіндік береді (мысалы, Лавиллет саябағындағы шар-ғимараттар). Батыс Еуропадағы заманауи құрылыс тәжірибесі шыныны қабырғалы бөлік құрылымдары ретінде қолдануда деген көзқарасты кеңейтті. Мәселен, Берлиндегі Peek Cloppenburg сауда орталығында кіреберіс қабырғасының беткі жағы толқын тәрізді болып келеді.

Әлеуметтік жағдайдың ерекшеліктері мен қоғам дамуының кезеңдеріне қарамастан, туындаған көркемдік ағымдар санаулы жылдардың ішінде барлық әлемді Америка мен Еуропадан Азия мен Австралияға дейін жаулап, сондай ақ екпінді және жаһанды түрде жаңа көркемдік бағыттармен алмасады. Заманауи техникалық құралдар сәулет түрлерінің тілін «қайта құруға» қарқынды түрде жол береді.

1.10. ОРЫС СӘУЛЕТІНІҢ ТАРИХЫ

1.10.1-тақырып. Орыс сәулетінің басталуы


Ежелгі орыс сәулеті оңтүстік-батыс, солтүстік-шығыс және Шығыс Еуропаның орталығын мекендеген протославяндық және славяндық тайпалардың құрылыс тәжірибесінен бастау алады. Триполь мәдениеті кезеңінен бастап (б.з.д. III-II мың.) оңтүстікте үйлерді көбіне қаңқасын ағаштан жасап, өрмелермен толтырып балшықпен сылау арқылы, ал солтүстік пен орталықта балшықтан жасады.

Отырықшыл халықтардың арасында славяндар II ғасырдан бастап белгілі болды. Әдетте, славяндардың бекінген қоныстары төбелерде, өзендердің тік жағалауларында орналасты. Қауымдар тарқағанда үлкен әулеттердің тұрғын үйлері бір отбасына арналған көптеген шаруашылық нысандары бар үлкен үй-жайлармен алмаса бастады. Үлкен әулеттерге арналған тұрғын үйлер бір-бірімен жабық өткелдермен байланысып, біртұтас күрделі ғимарат тобын құрады. III-IV ғасырлардағы ерте славяндық қоныстың үлгісі ретінде жоғарғы Еділдегі Березняки қонысын айтуға болады (78-сурет).

Славяндарда тайпалық табынушылық болды. Діни орталықтар ашық аспан астындағы ғибадтханалар – пұтқа табынушылар ғибадатханасы болып, кейінірек олардың табынатын орындары ойып безендіріліп, жазу жазылған жабық-ғибадатханаларға ауысты. Дін өкілдері қасиетті ағаш жанынан кумирня сынды орындарды таңдады.



78-сурет



79-сурет

Жерлеу имараттары ағаштан жасалатын болған. Еділ, Дон мен Днепрде қайтыс болған адамның денесін бөрене кесіндіге жатқызған, шын мәнінде, үйге жатқызылған деп саналып, топырақпен жабылған.

Тас сәулеті христиандыққа дейін белгілі болған делінгенімен, Русь орманға бай болғандықтан, негізі ағаш сәулеті қолданылды. Құрылыстың негізгі түрі бөренелердің ұштары бір-біріне айқаса құралған үйлер болды. Біртіндеп ағаш сәулетінде қолданылған кеңістік композициялары тас сәулетіне ауыса бастады. Ежелгі Русь-

те ағаш сәулет өнері конструктивтік және көркемдік түрге XV-XVII ғасырларда жете бастады.

Русьтің дамуындағы сәулеттің ерте кезеңі:

Киев Русі - IX- XI ғасырлар;

Феодалдық бытыраңқылық кезеңіндегі Русь - XI-XV ғасырлар болып екі кезеңге бөлінеді.

1.10.2-тақырып. X-XI ғасырлардағы Киев Русінің сәулеті мен өнері

Киев мемлекетінің өркендеуі X ғасырдың соңы мен XI ғасыр басына сәйкес келеді. Осы уақытта ескі қалалардың орындарына: Киев, Чернигов, Полоцк, Смоленск, Новгород сияқты көптеген қалалар пайда бола бастады. Русьті Гардарика – «Қалалар елі» деп атады. Онда қалалардың саны 270-ке жеткен. Ежелгі орыс қалашығының орталығы сауда алаңы мен ғибадатханасы бар бекінген ауданы болды. Тұрғын үйлер бөренелерден салынды, байлардың үй-жайлары бөренелерден біріктіріліп жасалып, бірнеше бөліктен тұрды. Бекініс қабырғалары, мұнаралар, көпірлер, тіпті, новгородтық су құбырлары да ағаштан жасалды.

Князь Владимир мен оның ұлы Ярослав Мудрыйдың кезінде жаппай тас құрылыс қолға алынды. Византиядан сәулет шеберлері келе бастады (оның ішінде Византияның құрамына кірген Грециядан). Сондықтан византиялық дінді көбіне, грециялық деп атады.

Орыс тас сәулеті христиан діні сияқты Византияда туындаған деп саналады. Алайда, бұл теорияға қарсы келетіндер де бар (Грабарь). Олар Русьта еліктеушілік емес, Византия дәстүрлері мен антикалық мәдениетін қайта өзгерту арқылы, өзіндік орыс сәулет өнері туындады деп санайды. X-XII ғасырларда Ежелгі орыс сәулеті шығыс славяндардың Византия шеберлері келмей тұрып-ақ, ежелгі ағаш сәулетімен жалғасқан тас құрылыстың көркемдік және техникалық жағынан дамығандығын байқатады.

Орыс сәулетінде византиялық құрылыс әдістері мен көркемдік безендірулер ерекше мәнерге ие болып, безендіруде өсімдік элементтері, т.с.с қолданылады.

Русьтің солтүстіктігінде құрылыс жергілікті кесек сындырылған тастармен жүргізілді. Жаппай кірпіштен құрылыс салу үшін, Киевте күйдірілген кірпіштерді өндіріске енгізу жолға қойылды. Күйдірілген кірпіштер құмды-тұтқыр қоспалармен араластырылып бекітілді.

Ерте тас құрылыстарда «византиялық» қалау әдісі қолданылып, бірнеше қатар күйген кірпіштер қаланған тастармен қысылып ұстатылды.

Христиандықты қабылдағаннан кейін Русьте төрттаған күмбезді ғибадатханалар салына бастады.

IX ғасыр мен XI ғасырдың ортасында ежелгі орыс мемлекетінде Киев пен Новгород саяси, экономикалық және мәдени жағынан дамыды. Киев үш бірдей ескі қалашықтардың орнына пайда болды. X-XI ғасырларда ол жерде сәулет өнерінің тамаша үлгілері қалыптасты. Русьтегі алғашқы тас шіркеулердің бірі Киевтегі Десятин шіркеуі болды.

Десятин шіркеуі (989-996 ж.)

Шіркеу князь Владимирдің бұйрығы бойынша, киевтіктер христиан дінін қабылдағаннан кейін салынды. Оның құрылысы мен шаруашылығын ұстап тұру үшін, Владимир өзінің кірістерінің оннан бір бөлігін беріп отырғандықтан да шіркеу соған сәйкес аталды. Ғибадатхананы грек шеберлері (Константинопольдық) Царьградтық үлгімен салды. Құрылыс материалдары ретінде тіктөртбұрышты кірпіш әк қоспалары бар қойыртпақ қолданылды. Шіркеу Днепрдің биік жағалауында орналасқандықтан, жер көшкінін болдырмас үшін, іргетасының астына еменнен жасалған дінгектер қағылды. Жерге қағылған дінгектердің үстінен емен ағаш төселіп қабырғалар соның үстінен қаланды.


Ғибадатхана төрттаған қима бағанды үшастаукеңістікті алтыбағаннан тұратын ағаштың төрт дінгегін еске салады (*79-сурет*) Ғибадатхананың жоғарғы жағы 25 алтын жалатылған күмбезбен аяқталды. Орталық бөлігінде ғимараттың негізгі бөлігін алып жатқан 4 шағын көлемді шіркеу орналасып, олардың айналасында Византия мәдениетінде болмаған гульбищелер салынды. Ежелгі орыс ғибадатханаларында көлденең кеңістігі шығыңқы орналасқан жоқ.

Ғимараттың әдемілігіне оның ішкі жабдықтары да: әртүрлі ак мәрмәрдан жасалған бағандар мен жақтаулар, түрлі түсті мәрмәрдан, яшма мен малахиттен өрнектеліп төселген еден әсер етті. Биік оюлап жасалған түрлі түсті шыны қойылған терезелер қараңғылықты сейілтті. Бейнелерді жүздеген майшамдар мен алып әсемшамдар жарықтандырып тұрды.

XIII ғасырда татар-моңғолдар Киевті басып алғанда ғибадатхана өртеніп құлады. XV ғасырда шіркеу қалпына келтірілді. Фашистік басқыншылық кезінде оны жарып жіберді. Қазір Киев тұрғындары Десятин шіркеуінің іргетасын мұқият күзетеді. Жанында 1654 жылы Украина мен Ресейді қалпына келтіру кезінде Б. Хмельницкий отырғызған үшғасырлық жөке ағашы орналасқан.

Киевтегі Әулие София соборы (1037-1054 ж.)

Киевтік Әулие София соборы (80-сурет) Киев Русі мемлекетінің даналығы мен қуаттылығының символы болды. Ол Ярослав Мудрый мен митрополит Илларионның тапсырысы бойынша салынды. Оны Киев жерлерін қаңыратып кеткен печенегтер мен дала көшпенділерінің талқандауларынан кейін бір жылдан кейін тұрғызды. Собор Әулие София «ғажайып данышпандық» құрметіне арналған.



80-сурет

XI ғасырда собор Еуропадағы сыйымдылығы жоғары ғимараттардың бірі болды. Оның көлемі 1925 шаршы метрге тең. Алтын жалатылған ғибадатхананың 13 күмбезі ортасына қарай біртіндеп биіктей отырып, пирамидалық композицияны құрайды.

Ғибадатхананың төменгі қабырғалары тастан қаланып, жоғары қарай сұр таспен және күйдірілген кірпіштермен жолақталып

қатырғыш ұнтақтармен ұстатылды. Тастар балшықпен сыланып, ал кірпіштер сылақсыз ашық күйде қалдырылды.

Ежелгі сәулетшілер акустиканы да жақсы ескеріп, күмбездерде бос құмыраларды орналастырды.

Алғашында собор бес астаукеңістікті болып, бірқабатты ашық гульбищелермен қоршалды. Кейінірек гульбищелер бітеліп, олардың орнына 6 және 7 астаукеңістік орналасты. XI ғасыр соңында олардың үстінен екінші қабат салынып, галереялардың екінші қатары, сондай-ақ «Талтүстік» және «Түнжарымдық» мұнаралар салынды.


XVII және XVIII ғасырларда қалпына келтіру жұмыстары жүргізіліп, ғимаратты бекіту үшін контрфорстар орнатылды: көне «византиялық» қабырғалар балшықпен сыланды. Қырлы күмбездер, «алмұрт тәрізділеріне» ауыстырылды. Галереялар бітеліп қаланды. Алтын жалатылған икона орналасатын қабырғалар пайда болды. Ең алғаш рет Русьте ғибадатханалар сылақнақыштар салынды. Собордың барлық кеңістігінде өрнектелген алаңда Оранта Құдай ананың мүсіні пайда болады («сыйынып тұрған»). Төменірек, жартышеңбер алтарьдың апсидалардаларында өрнектелген түрлі түсті евангель әулиелері бейнеленген белдеулер орналасады. Өрнектер кішкентай шыны шаршылардан жасалып, бір беті боялып, күйдірілген кезде беки түседі. Олар кейінірек балшықпен сыланғанда да түсін жоғалтпаған.

Ғибадатхана қабырғасындағы сурет Ярослав Мудрыйдың отбасын бейнелегендіктен, тарихи мәнге ие. Галерея аралықтарында ашық, көңілді етіп бейнеленген сайқымазақтардың суреттері сақталған. Татар шапқыншылығы кезінде собор жартылай қиратылды. XVI ғасырда соборды қалпына келтіре бастады, тек XVII ғасырда Украина мен Ресей біріккеннен кейін толығымен жөнделді.

Новгород – орыс мемлекетінің ірі орталығы, солтүстіктегі маңызды сауда жолдарында орналасқандықтан экономикалық және әлеуметтік тұрғыдан тез дамыды. Новгород княздығы және оның Киевпен тұрақты бәсекелестігі оның сәулетінің ерекшеліктерін де анықтап берді. Русь шоқына салысымен 989 жылы көп жылғы өмірін Новгородта өткізген Ярослав Мудрыйдың бұйрығы бойынша, емен ағашынан Әулие Софияның собор шіркеуі тұрғызылды. Көпшілік болып сыйынған кезде, олардың арасында князьдың өзі де қатысқан.

Новгородтағы Әулие София соборы (1045-1052 ж.)

Әулие Софияның Новгородтағы тас соборы (81-сурет) бұрын еменнен салынған ғибадатхананың орнына киевтік соборға ұқсатып тұрғызылды. Жергілікті жердің тасынан қаланып сырты өрескел болғандықтан, бірден балшықпен сыланып, ақталды. Алғашында бұл бесастаукеңістікті, сатылы мұнаралы және күмбезді ұстап тұратын айқасқан бағандары бар, позокомар жабынды, ортакеңістік үстінде бұрыштарында төрт кішкене ұштары бар үлкен күмбезді болды. Собордың оңтүстік-батысында алтыншы күмбез орналасқан мұнара тұрғызылды. Кейінірек күмбездер солтүстікке тән дулыға тәрізді кейіпке ие болды. Собордың алғаш рет жандарындағы астаукеңістіктерін жабу үшін, жартыкүмбездер, сондай-ақ жартылай шеңберлі және үшбұрышты жиектер қолданылды. Ғибадатхананың кіреберістерінде жауырындар – жалпақ әсембағансыз жауырындық қабырғалар қолданылды.



81-сурет

Собор композициясының үлкендігімен және сұлбасының көркемдігімен ерекшеленді. Собордың қабырғалары мен күмбездері сылақнақыштармен безендірілді. Батыстан кіретін жағы ақ қабырғада көркемдігімен көз тартатын суреті бар панномен безендірілген. Новгородтық Әулие София соборының жанында София қоңыраулы мұнарасы орналасты. Басқаларынан ерекшелігі Новгород княздығындағы қоңыраулы мұнаралар жеке жерден салынды.

Кейінірек барлық қоңыраулы мұнараларды ғибадатханалардың жанынан салып, жабық өткелдермен байланыстырды.

Новгородтың сәулет мектебі тым қатаң әрі сабырлы. Византиялық дәстүрлерден онда төрттаған күмбезді имараттар жүйесі, жергілікті тәсілдер бойынша көркемсурет пен суретпен безендіру сақталды. Новгород пен Киевтегі Әулие София соборлары орыс сәулетінің басты дамушы бағыттарын анықтап, өз заманындағы негізгі конструктивтік және көркемдік жетістіктерді шоғырландырды.

1.10.3-тақырып. XII-XV ғасырлардағы феодалдық бытыраңқылық кезеңіндегі орыс сәулеті мен өнері

Русьтегі мәдениеттің бірегей ұйымдастырушылық бастауының болмауы, икона жазу мен ұлттық қолданбалы өнердің дамуына жол ашып, жергілікті мектептер дәстүрінің дамуына ықпал етті.

Аймақтық ерекшеліктерге сай, жергілікті мәдени орталықтары күшейіп, жеке сәулет мектептері дами бастады. Өзінің маңыздылығы жағынан ең ірі үш: Владимир-Суздаль, Новгород, (Псков) және кейінірек құрылған Мәскеу мектебі дараланды.

XII-XV ғасырлардағы Русь сәулетіне тән ерекшеліктер

- Ежелгі дәстүрлердің жаңғыруы, жергілікті көркемдік мектептердің қалыптасуы.
- Княздықтың экономикалық мүмкіндіктерінің шектеулі болуы мен Русьтің бытыраңқылығына байланысты ірі имараттар құрылысын тоқтату.
- Шоғырланған, тұйықталған, төртбағаналы, біркүмбезді соборлар құрылысы.
- Византиялық дәстүрлердің шығармашылық өңделуі.

Владимир-Суздаль княздығының сәулет мектебі

XII ғасырдың ортасында Русьтің жаңа саяси бірлестік орталығы Владимир Мономах негізін салған Владимир болды. Владимир-Суздаль сәулет өнерінің қалыптасуы Юрий Долгорукий кезінде басталды. Владимир-Суздаль княздығына: Владимир, Суздаль, Ростов, Переславль-Залесский, Юрьев-Польский, Дмитров және т.б қалалар кірді.

Княздықты бекіте түсу үшін Юрий Долгорукий камалдар мен ғибадатханалар сала бастады. Олар шабуылдар кезінде бекіністердің де міндетін атқарды. Өз астанасының беделін арттырып, Киевтен жақсы ету үшін, қолынан келгенін жасады. Киев үлгісі бойынша кіреберісті Алтын қақпа деп атады (1164 ж.). Андрей Боголюбский басқарған кезде қала айтарлықтай кеңіп, дуалдармен қоршалып бекітілді.

Владимир-Суздаль княздығы құрылысында жұмсақ әк тасы қолданылды. Беткі жағы мұқият ойылып жасалған үлкен кірпіштерден қаланды. Ішкі жағы әк балшықпен араластырылып сындырылған тастармен толтырылды. Ерте кездегі ғибадатханалардың: дөңгеленген жиіктерге жалғасқан жалпақ жауырындық қабырғалары, жіңішке терезе ойықтары, күрделі емес кіреберістері қарапайым ойластырылды. Қатардоғалы белдеулер жоғарғы жұқа қабырғалардың деңгейлерін белгілеп тұрды. Барабандар әртүрлі пішіндермен өрнектелді.

Орыс князьдары мен патшаларын ұлықтау рәсімі өткізілген Владимирдың басты ғибадатханасы Успен соборы болды.

Успен соборы (1156-1160 ж.)

Алғашында ғибадатхана Клязма өзенінің биік жағасында салынып, бір басты, ұшастаукеңістікті, күмбездері мен күмбез барабандарын ұстап тұратын алты төрттаған бағанды болды.

25 жыл өткен соң, 1185 жылғы өрттен кейін, Всеволод III кезінде собор үш жағынан қосымша астаукеңістіктермен және притвормен салынды. Бұрынғы қабырға мен жаңадан тұрғызылғанының арасында галерея пайда болып, кейінірек қабір ретінде қолданылды (ол жерде А. Боголюбский, Всеволод III жерленген).


Құрылыстан кейін Русьтің негізгі соборы ұлғайып, көрнекі болды (*82-сурет*). Үлкен болып жалғасып жатқан кіреберіс салтанаттылық пен ұлылықты байқатып тұрды. Көкке ұмтылған ақ тасты қабырғалар аркалы белдеулермен көмкерілді. Биік жіңішке терезелердің үстіндегі қабырғаларға мүсінді безендірулер қойылды. Ғибадатхананың кіреберісіндегі ойылған тастардың бірі (арыстан бетбейнесі – маскарон) қорық-мұражайда сақтаулы.

Шежірелерден белгілі болғандай ғибадатхананы өңдеуде алтын кеңінен қолданылған. Ғибадатхана күмбезбастарында, үстінде


желбағарлар мен кубоктар орналасқан жиектердің жұқа өрнектерінде мыспен босағалар мен арка бағандарының белдеулері қапталды.

Ғибадатхананың ішкі көрінісі де сәнді болды. Соборда Владимир атауына ие болған, византиялық әдіспен жазылған Құдай ана иконасы тұрды. Ол ерекше көркемдік беделге ие болды (аңыздар бойынша икона Әулие Құдай ананың көзі тірісінде евангелист Луканың қолымен салынған). Икона Русьтің барлық жерінде қасиетті деп саналды. Соборда әр дәуірдің кезінде салынған өрнектердің қалдықтары сақтаулы. Ерекше бағалы саналатындарының бірі – XV ғасырда А.Рублев бастаған шеберлердің салған өрнектері. Осы уақытта балшықпен сыланбаған ақ тасты кіреберіс, ойылған таспен безендірілген.

Ежелгі орыс сәулет өнерінің бұл классикалық туындысы кейінірек Мәскеудегі Успен соборын салуда үлгі болды.



82-сурет



83-сурет

Нерлидегі Покров шіркеуі (1165 ж.)

Боголюбовка жақын жерде, суармалы шалғынның арасында, әлем өнерінің тарихына сәулеттің мінсіз бір түрі ретінде енген Покров ғибадатханасы тұр (83-сурет). Шіркеу барлық жағынан мінсіз сәйкестігі, тазалығы мен кескіннің айқындығымен таңғалдырады.

Шіркеу 1165 жылы князь А. Боголюбскийдің қалауы бойынша Нерли мен Клязма өзендерінің тоғысқан жерінде маңызды сауда және әскер жолында салынды.

Болжам бойынша ғибадатхана:

- 1164 ж. Владимир полкінің бұлғарларға қарсы жасаған жорығы құрметіне тұрғызылды.
- Киевтің келісімінсіз князь енгізген Покров Құдайана мерекесі құрметіне салынды. Ол әулиенің ерекше жебеушілігін білдірді.
- Жорықта қаза болған князь Андрейдің ұлы – Изяславқа арналды.

Ғибадатхананы тұрғызу үшін таңдалған орын құрылысқа жарамсыз болды. Өйткені су 3,5 метрге көтеріліп, ғибадатхананың іргесіне дейін жетті.

Ғибадатхана іргетасы 1,6 м тереңдіктен бастап жұмыр таспен қаланып, қатты сазға барып тіреледі. Іргетастың үстіңгі бөлігі биіктігі 3,7 метрге дейін жонылған тастан салынды. Ол қабырғаның сыртынан жасанды дөңмен қоршалып нығыздалды, яғни ғибадатхананың негізі 5,3 м тереңдікте жатыр. Суды бұрып жіберу үшін ішкі жағынан тас астаулар салынды.

Шіркеу мұқият өңделген ақ тастардан салынған. Жобасы өте дәл және үйлесімді. Күмбезді ұстап тұрған негізгі бағандар төрт бұрышты емес, төрттағанды, сондықтан өте кескінді болып көрінеді. Кіреберістері романтикалық бетше босағалармен безендірілген, терезелер кемерленген пішінде жасалып, сыртқа ашылып тұрғандай көрінеді, оған қоса қабырғаның қалыңдығы мен мықтылығын байқатады.

Биік қабырғаның ортасында әсем жіңішке бағандардан тұратын қатардоғалы белдеме жүргізілген, ол қабырғадан шығып тұрған бетперде түріндегі аспалармен жалғасады. Қабырғаның сыртқы жақтарының әрбір беті тігінен жіңішке 3 жартыбағаналармен бөлініп, үсті әдемі әсембағандармен аяқталады. Қабырғалардың жиектермен аяқталуы жартышеңбер күмбездердің кескінін қайталайды. Композициясы тік, алтын жалатылған күмбезге қарай, биікке ұмтылу байқалады. Күмбездің астындағы барабанның сәндік безендірілуі тізбектелген үшбұрышты тістер тәріздес оюлы белдеулерден құралған. Олар ілінген кесте немесе жартышеңбер кокошниктерден тұратын белдеуге ұқсайды. Терезелер мен барабандар жіңішке жартыбағандардағы қатардоғалармен әдіптелген.

Сәндеу жүйесінде дәстүрлі орыс және роман стилінің кейбір элементтері – ғимараттың ортасындағы қатардоғалы белдеу,

перспективті бетше босаға үйлеседі. Шығыс сарыны да байқалады – тастағы бедерлер, Руьспен сауда және мәдени байланыста болған Армения бедерлеріне ұқсас. Қайталанып тұрған арка элементтері ғимаратқа жан бітіргендей әсер береді. Ғимараттың мүсінді безендірулері көп емес, бірақ жиектердің жартышеңберінде кереметтей дәл орналасып, тек ортасында төмен қарай түседі. Мұнда дева Марияның атын шығарған Давид патша бейнесі бар композиция элементтері қайталанады. 1954 жылы археологиялық қазбалар кезінде шіркеуді 2,5 м қашықтықта қоршап тұрған, сақталмай қалған аркалы шарбақтардың галереялардың іргетастары табылған. 1803 жылы дулыға тәрізді бастарды садақ пішінділер алмастырды, тағы жартығасыр өткен соң ғибадатхананаң солтүстік жағынан қоңырауханасы бар кірпіш қақпалар салынды.

Шіркеуге тән белгілер:

- бір күмбез;
- Византия, армян, роман және орыс дәстүрлерінің үйлесуі;
- таста орыстың тоқыма және ағашты ою элементтерінің байқалуы;
- ғибадатхананың төменгі жағының кеңеюі;
- пішінінің қарапайымдылығы;
- жоғарыға қарай бағытталуы;
- жіңішке терзелер;
- үлкен кеңістіктің біртұтас етіп бірігуі.

Владимирдағы Дмитриев соборы (1194-1197 ж.)

Князь Всеволодтың Үлкен Ұя бұрынғы сарай ғибадатханасы – Владимирдағы Дмитриев соборы, ертегідегідей оюлануымен ерекшеленеді. Оны құру кезінде Владимир-Суздаль сәулет өнері өзінің дамуының бесінші онжылдығына аяқ басты. Ол Ю. Долгорукий кезінде салынған барлық сәндеуден ада құрылыстардан, А. Боголюбский уақытындағы талғампаз сәнді ғибадатханаларға және Всеволод кезеңіндегі салтанатты патшалық сәулетке дейінгі жолды жүріп өтті.

Дмитрев соборы патша мен оның державасының даңқын шығару мақсатында қызмет жасап, ұлы княздық сарай ансамблінің құрамына кірді.

Оның негізі Нерлидегі Покров соборындағыдай 4 бағанды біркүмбезді түрде болды. Бірақ та оның барлық үйлесімдігі тіптен, басқаша: ол кеңірек салынғандықтан биікке ұмтылып тұрғандай әсер қалдырмайды. Сәнделуі бұрынғы ғибадатханаларға ұқсас, алайда, олардан әлдеқайда әдемі.

Барлық қабырғаның жоғарғы жағы, жиектер, тіпті, терезелер арасындағы барабан жабулары інжіл желісі бойынша және ертегілік сипаттағы көптеген мүсіндік бедерлерге толы. Қабырғаны жауып күрделі композицияны қалыптастырып тұрған арыстан, барыс, ғажайып құстар, таңғалдыратын оюларды ұзақ уақыт тамашалауға болады. Үш бірдей ғимараттың сыртқы қабырғаларында аң-құстардың арасында інжіл патшасы саз аспабын ұстаған (гусли) Давид орналасқан. Оңтүстік жағындағы бірінші терезенің үстіндегі бедерлер тобы «Александр Македонскийді көкке көтеру» композициясын қалыптастырып, жоғарғы биліктің символы ретінде түсінік берген. Солтүстік бетінде Всеволод III-нің ұлдарының ортасында отырған мүсінді бейнесі бекер орналастырылмаған. Гераклдың ерліктері жайындағы суреттер де өте қызықты.

Собордың ішінде XII ғасырдағы «Қорқынышты сот» атты қабырға суреттерінің қалдықтары сақталған.

Ғибадатхана көлемділігімен, жайлы үйлесімділігімен ерекшеленеді. Барлық «романдық» сәнді бөлшектер толық дамиды: кіреберістердің жартыбағандары кең жауырындық қабырғалармен имараттың тік ырғағын айқындай түсіп, жіңішке терезелерді көмкерген күмбез барабанының жіңішке бағаналарымен жалғасады. Алайда, тік ырғақ жиектердің жатық доғаларымен, күмбездің ауыр дулығасымен және қатар доғалы белдеумен аяқталады.

Сипаты бойынша ол «жеке» (Покров сынды) емес «сарай» ғибадатханасы.

Ұзақ болмаса да (80 жылдай), Владимир-Суздаль княздығындағы әлем сәулет өнеріндегі ғажайып ескерткіштерді жасаған сәулеттің дамуын, моңғол-татар шапқыншылығы үзіп жіберді.

Владимир-Суздаль мектебі сәулетіне тән белгілер

- Сәулеттің алғашқы дамуы XII ғасырға жатады (Ю. Долгорукийдің басшылығы).
- Имараттың бекініс түрінде болуы.
- Негізгі құрылыс материалы – ақ әктас.

- Шіркеулердің мүсіндік безендірулері Армения мен Күнгей Кавказға тән тас қашау әдістері, «батыстық» романдық дәстүрлер мен орыс шеберлері: ағаштан ою мен ұлттық кестелеу элементтерін үйлестіреді.
- Жіңішке терезелердің пайда болуы.
- Шіркеулердің төмен жағының кең болып келуі.
- Сыртқы және ішкі жабдықтардың салтанаттылығы, сәнді безендірулер.

Новгород княздығының сәулет мектебі

Солтүстік Еуропада халықаралық сауданың ірі орталығы бола тұра, Новгород дамуда Киевтен қалыспай XII ғасырдың өзінде 300 гектар жерді алып жатты. Қала шеңбер тәрізді құмтастан құйылған қабырғамен қоршалды (Волхов өзенінің екі жағынан да). А. Арциховский жүргізген археологиялық қазбалар кезінде әйгілі ағаш қабықтарына жазылған жазба хаттардан бөлек, бөренелі көпірлерден тұратын көшелер, жақсы сақталған ағаш су құбырлары да бар.

1237-1240 жылдары моңғол-татар шапқыншылығы кезінде көптеген орыс қалалары ағаштан салынғандықтан өртеніп кетті. Владимир мен Киев те жойылды.

Қалың ормандар мен батпақтармен жабылған Новгород жеріне көшпенділердің атты әскерлері өте алмайтын болғандықтан, қала сақталып қалды.

Сондықтан XII ғасыр мен XV ғасыр басында тек Новгород пен Псков орыс сәулетінің маңызды орталықтарын сақтап қалды. Тек осы жерде монументті сәулет дамыды. Новгородтың қоғамдық өмірдегі сипаты және оның орыс мәдениетін жалғыз алып жүруі княздық сәулетіне де ықпалын тигізді.

Новгород бөлінгеннен кейін Русьта ірі соборларды салған жоқ, соборлардың безендірулері қатаң болды. Моңғол-татар шапқыншылығы кезінде орданың отаршылдығы Новгородқа жеткен жоқ, алайда, солтүстіктен оларға ливон орденінің әскері қауіп төндірді. Соныдықтан имараттар бекініс етіп салынды. XII ғасырдағы Новгород имараттарына ықшамдылық, монументтілік және аса қарапайымдылық тән. Осы кезеңдегі новгородтық шіркеулердің біріне Нередицадағы Спас шіркеуі жатады.

Нәредидәдәгә Спәс шәркеуі (1198 ж.)

Бұл төртбағаналы біркүмбезді шіркеу (84-сурет) үйлесімділігімен, қарапайымдылығымен және ықшамдылығымен ерекшеленеді. Шіркеудің төмен жағы өте кең болып салынуы, имаратқа ерекше жүйелі құрылымдық мықтылық береді.

Жергілікті тастардан қаланып, кірпіш қабаттардың сыртынан қалың сылақ жасалған шіркеу геометриялық пішіні мен сыртының әдемілігімен таңғалдырады. Әктен жасалған сылақ құрамына үгітілген кірпіштің қосылуы құрылысқа «жылы» рең береді. Шіркеудің кіреберістері үш бөлікке шығыңқы жауырындармен бөлініп, жартышенбер жиектермен тұйықталды. Шіркеудің бүйірлеріндегі апсидалары төмен және аздап шығыңқы келген.

Шіркеудің ішкі көрінісі, екінші дүниежүзілік соғыс кезінде басым бөлігі жойылып кеткен көне қабырға суреттерімен танымал болған. Олардың бір бөлігін орыс шеберлерінің қалпына келтіруі, шын мәнінде әлемдік қайта жаңғырту кереметіне айналды.

XIV – XV ғасырда Новгород өзінің даму кезеңіне жетеді. Құрылыстарды қала қаржысына, бай қала тұрғындары мен кірістен түскен ақшаға цехтық ұйымдар жүргізе бастайды. Мысал ретінде мына Параскева Пятница (1207 ж.), Липнадағы Никол (1292 ж.), Федор Стратилат (1361 ж.), Волосовой көшесіндегі Власия (1365 ж.), Ильин көшесіндегі Қайта өзгертілген Спәс (1374 ж.) шіркеулерін айтуға болады.


XIII ғасырдың басында Новгород княздығында сәулет өнерінің дамуының өзіндік үрдістері белгілі бола бастайды. Соборлардың бүйір қабырғаларындағы астаукеңістіктердің арқасында орталық бөлмелер кеңейе түседі. Жанама астаукеңістіктерді төрт қырлы күмбездермен жабудың әдісі ғимарат алдындағы сегізкеңісті шатырдың астындағы жиек сызықтарын түйістіруге себеп болды. Кейінірек қабырға қалақтары бір маңдайшаға бірікті. Осылайша, XIII-XV ғасырларда Новгородта қабырғалары үш түрлі болып аяқталатын:

- жиектелген;
- үш қалақты;
- маңдайша қабырғалы шіркеулер салына бастады.


XIII ғасыр соңынан бастап, Новгородта негізінен төртбағанды бір басты шіркеулер салынды. Оған біркүмбезді үшқалақты Волосовой көшесіндегі Власия шіркеуі (1365 ж. – XIV ғ. соңы); сондай-

ақ Федор (Феодор) Стратилат шіркеуі (1361 ж.), жергілікті әулиенің бірбасты шіркеуі (85-сурет) жатады.

Шатырлы қоңыраухана жеке орналасқан. Шіркеуде бұрыштары төмен түскен жартыкүмбездері бар, тұтас үшқалақты жабулар қолданылған. Соның арқасында іші кең, төбелері биік болды.



84-сурет



85-сурет

Төрттаған-күмбезді ғибадатхананың византиялық типтегі шығармашылық жаңашылдығы бұрынғыларына ұқсамайтын жаңа сәулеттік композицияға жол ашты.

Ғибадатхана өзінің сәндік безендірулері арқылы француз романтикалық шіркеулерінің апсидаларын еске салатын, үлкен жалпы апсидаға ие. Ғибадатхананың басы, ғимараттың жалпы кескінімен келісті болып көрінеді. Шіркеу басының барабандары өзгеше қатар доғалы белдеумен және «мережкамен» сәнделген. Барабан терезелерінің үстінде шағын аркалар қолданылған.

Кіреберістерінде қарапайым безендірулер қолданылған. Ішкі безендірулерінде XIV ғасырдағы суреттер сақталған.

Ильин көшесіндегі Қайта өзгертілген Спас шіркеуі (1374 ж.)

Қайта өзгертілген Спас шіркеуі, ертеректегі ғибадатханалармен салыстырғанда 8 дөңесті етіп жабылды. Бұл бір жағынан, солтүстіктің ауа райына байланысты жабудың тиімділігін, екіншіден, батыстың готика сәулетіндегі қасбетмандайлы шатырлардың ықпалын көрсетті. Шіркеу аздап шошайған, әдемі етіп сәнделген биік барабанмен аяқталған. Кіреберістері қалақтармен 3 бөлікке бөлінген. Үшқабатты терезелері «жиіктермен» жабылып, кіреберісте көркем өрнектерді қалыптастырады. Ғибадатхананы сәндеуде ұлттық нақыштағы өрнектеуге ден қойылған: өрме сынды сәндік элементтер қолданылған. Алайда, қаланған кірпіштерде төрттағанның көптігі дәстүрлі діни сарынның басты рөлін сақтағандығын байқатады. 1378 жылы шіркеудің ішін Феофан Грек безендірген. Ол суреттердің басым көпшілігі соғыс жылдарында зақым алғанына қарамастан, қазірге дейін сақталды. Бұл – Ф. Гректің салған суреттерінің құжаттық дәлелі бар жалғыз новгородтық құрылыс.

Күмбез суреттері жақсы сақталғандығымен ерекшеленеді (Пантократор Архангелдермен және Серафималармен). Қалған суреттердің бірқалыпты қоңырқай тартуы өрттердің және қоршаған ортадағы химиялық әсерлердің көп болғандығының дәлелі.

Ильин көшесіндегі Қайта өзгертілген Спас шіркеуінің сәулетінде Новгородтың бекіністі көлемді құрылыстарынан XIV ғасыр соңындағы әдемі, әсем етіп салынған имараттарға дейінгі діни сәулеттің даму жолы байқалады.

Феодалдық бытыраңқылық кезіндегі Солтүстік-Батыс Русьтегі көлемі жағынан үлкен орталықтардың бірі Новгородтың «кіші інісі» – Псков.

XIII – XV ғасырлардағы Псков сәулеті Новгород сәулеті жүріп өткендегідей жолдарды бастан өткерді. Алайда, 1348 жылы Псковтың Новгородтан тәуелсіз болуы жергілікті сәулет шығармашылығының өзіндік ерекшелігінің қалыптасуына әсер етті. Дәл осы жерде XIV ғасырда аралық қабырғалары бар қоңыраухананың бір түрі пайда болды.

Ежелгі Псковтың сәулет өнері XV-XVII ғасырларда өзіне тән ерекшеліктерге ие болды. Бұл жерде қорғаныс имараттарының тамаша кешені – Детинец жасалды. Азаматтық құрылыстар XV-XVII ғасырлардағы бай қала тұрғындарының тастан салынған

үйлер кешені жақсы сақталды. Ол – Яковлев, Лапин, саудагер Поганкиндердің үйлері.

Поганкин палаталары сол уақыттағы басқа тұрғын үйлер сияқты сырт жақтары қатпарлы сұр тақтатастардан қаланды. Сондықтан кейінірек қабырғалар сылақ жағылып, ақталды. Шаруашылық мақсатта қолданылатын бөлік үстінде 1-2 тас немесе ағаш тұрғын қабаттар салынды. Үстінде жазғы тұрғын бөлме – «терем» тұрғызылды.

Псков сәулет өнерінің айрықша ерекшелігі, азаматтық және діни құрылыстарда кіреберістер өте қарапайым безендірілді. Псковтағы шіркеулер көлемі шағын етіп салынып, қарапайым әрі «жайлы» болды. Бұл қала көлемінің кіші болуымен, оған қоса құрылысқа қаржының жетіспеушілігімен байланысты еді.

Псков шіркеулерінің қабырғалары мен барабандарының төменгі жақтары өте кең етіп салынды. Негізінен Псков шіркеулерінің басты бөлігі биік шаруашылық бөліктің үстіне тұрғызылды. Кіреберістеріне үлкен бағандары бар кең алаңқайлар құрылды.

Псков сәулетінің тағы бір айырмашылығы - ішкі безендіруде дөңгелек формадағы бағаналардың қолданылуы. Бұл әдіс бөлме ішін кең етіп көрсетеді. Кейінірек осы тәсіл ежелгі Мәскеу сәулет өнерінде қолданылды. Шағын ғибадатханаларда сатылай-жабылатын аркалар енгізіліп, күмбез астында тіреулер мүлдем қолданылмайтын болды (Никола Каменноградский шіркеуі). Қабырғадан барабанға ауысу өтпетоғыстар немесе сатылы түрде болды. Алайда соңғы әдіс көп тарала қоймады.

Ертедегі Псков діни сәулетінің мысалы Мирожский монастырының Қайта өзгертілген соборы, Успен шіркеуі, Воскресен соборы (86-сурет).

Төбешіктегі Василий шіркеуі (1314 ж.)

Бұл ертедегі Псков ғибадатханаларының бірі (87-сурет). Композицияда шеберлер мәскеулік жүйе бойынша сатылы-жоғарылаған тартпалы аркаларды қолданған. Ол ғимараттың пирамида пішінді болуын қамтамасыз етті. Ғибадатхананың қабырғалары жергілікті тақта тастардан қаланып, жеңіл кірпіш күмбездері болды. Алғашында оның күмбездерінде жиектер болған. Төртдөңесті жабу және қосымша бөліктері XVI-XVII ғасырларда пайда болды. Шіркеу

басындағы барабан мен апсидалардың үш қабатты етіп сәнді белдеумен безендірілуі тегіс қабырғамен жарасымды үйлескен.



86-сурет



87-сурет

Ішкі безендіруде төртбағаннан күмбез астындағы дөңгелек барабанға ауысуда, сатылы аркалар қолданылған. Көлемді Псков сәулеті дәстүрлі халықтық әдістерге өте жақын тұрды. XVIII ғасырдың соңына дейін барлық орыс қалаларының сәулеті барокко әсеріне мойынсынып жатқанда, Псков бірқатар қалалармен салыстырғанда өзінің көне сәулет дәстүрлерін сақтап қалды.

Новгород мектебіне тән сәулет белгілер

- Сәулеттің дамуы XIII-XIV ғасырларға жатады.
- Басқа княздықтардан тысқары, дәстүрлердің өзгеше дамуы, кейінірек Русьтің бытыраңқылығының сақталуына әсерін тигізді.
- Готика әсері: биік екі еңісті шатырлар, шошайған күмбездер, ғимараттардың ішін кеңейтуге ұмтылу.
- «Солтүстіктік» ішкі және сыртқы бейнесіндегі қарапайымдылық.
- Дәстүрлі халықтық әдістерді қолдану: тасты қашап өрнектеуде орыс ағаш ұсталарының элементерінің болуы, т.б.
- Құрылыста қолданылатын жергілікті тастар дәрекі болғандықтан, барлық имарат балшықпен сыланып, ақталды.

- Имарат көлемінің шағын болуы.
- Жабулардың жана құрылымдық түрлерін жасау; қабырғалардың үшжолалы және маңдайша қабырғамен аяқталуы, жиектердің болмауы.

XIV ғ-XV ғ. басындағы Мәскеу княздығының сәулеті

Жылнамалардағы Мәскеу жайлы алғашқы естеліктер 1147 жылғы жазбаларда кездеседі. Мәскеу Боровицк дөңінде Мәскеу өзені мен Неглинная өзендері арасында орналасты. 1156 жылы Юрий Долгорукий Владимир-Суздаль княздығына қосылады. Қала маңызды қорғаныс шебіне айналады. Мәскеуде ағаш бекініс тұрғызылады, кіші бекініс, жалпы аумағы 5-6 есеге ұлғаяды. XIII ғасырда қала Мәскеу княздығының астанасына айналады.

Мәскеу княздығында ағаш сәулет өнерінің дәстүрі болған жоқ. Алайда кең көлемде сәулет өнерін дамыту үшін қажеттілік туындады. Сондықтан құрылыстар үшін, сәулетшілер басқа қалалардан, кейінірек шетелдерден де шақырыла бастады. Сөйтіп Мәскеу княздығында түрлі құрылыстық әдістер мен дәстүрлердің араласуы орын алды.

Мәскеудегі құрылыстар бірнеше кезеңнен тұрды:

1. Шекаралар 1156 ж. (Юрий Долгорукий кезінде);
2. Шекаралар 1340 ж. (Иван Калита кезінде);
3. Шекаралар 1495 ж. (Иван III-кремльдің заманауи аумағы);
4. Шекаралар 1536-1538 жылдар (Кремль және Қытай-қалашық, сәулетшісі Петрок Малый);
5. Шекаралар 1585-1593 жылдар (Кремль және Қытай-қала, Белый қаласы, сәулетшісі Федор Конь);
6. Шекаралар 1591 ж., 1641 және 1659 ж. (Кремль және Қытай-қала,

Белый қаласы, Замоскворечье және Земляной қаласы қазіргі Садовый айналымының шекарасы, сәулетшісі Скородом).

XIV ғасырдан бастап Мәскеуде біртіндеп орыстың ағаш және тас сәулет өнері шоғырлана бастады.

Мәскеудің алғашқы сәулеті ағаштан болды, өйткені қала жан-жағынан ғасырлық қарағайлармен қоршалғандықтан, тез өңделетін құрылыс материалы жеткілікті болды. Кремльдің алғаш қабырғалары ағаштан құрастырылды, Иван Калитаны жаңарту бо-

йынша жолдар, үйлердің қабырғалары да солай салынды. Мәскеудің ағаш шіркеулері: Қарағайлы орманындағы Спас, айырбақан Никола, Қарағай түбінде тұрғызылған өте қарапайым аттарға ие болды. Олардың безендіруінде қорғасынмен ұстатылған слюда терезелер қолданылды, жанып тұрған көп майшамдар мәскеулік өрттердің өте көп орын алуына себеп болды.

Мәскеуде XII ғасырда басталған тас құрылыстарда жеңіл өңделетін әк тасының рөлі маңызды болды. Дмитрий Донской кезінде Кремльдің ағаш қабырғалары ақ тастарға ауыстырылды. Тастан маңыздылығы жоғары азаматтық және діни құрылыстар салына бастады, тастан ғимараттың сәулеттік бөліктері жасалды: колонналар, оюлап қашалған элементтер, оймабедерлер. Кейінірек ақ тастар қызыл кірпіштермен араласып қолданылып, қабырғалардың өн бойынан қайталанбас орыс сәулет өнерінің ерекшелігін байқатты.

Ерте мәскеулік тас сәулет өнерінде көптеген орыс қалаларындағы тас құрылысының тәсілдері қолданылған. Владимир мектебінен ақ тастан қалау, перспективалық бетше босағаларды сәнді етіп безендіру, Новгородтық және Псковтық мектептерден – сатылы аркаларлармен жабу конструкциясы және қиғаш орналасқан күмбездер алынды. Басқа да сәулет мектептерінің әсері болды.

XV ғасыр соңына қарай Мәскеу княздығы орталықтандырылған мемлекет атанды. Оның астанасы Мәскеу болды. Сәулетте бойында түрлі дәстүрлерді үйлестіріп және қайта өндеген жалпы мемлекеттік бірегей стиль қалыптасты. Ерте Мәскеу сәулет үлгісіне: қалашықтағы Успен соборы, Троица-Сергиев Лаврадағы Троица, Андроников монастырының Спас соборы сияқты имараттар жатады.

Звенигородта Қалашықтағы Успен соборы (1399 ж.)

Өзінің сымбатты пішіні бойынша Владимир соборларына ұқсас (*88-сурет*), алайда оның жиектері жартылай циркульді емес, жал доға тәрізді аркалармен аяқталады. Биік барабан сатылы арка жүйесіне орнатылды. Кейінірек сол аркаларға сай келетін барабанға жалғасатын сәнді кокошниктер, 4 еңісті шатырмен жабылды.

Собордың перспективті бетше босағалары оның қабырғаларының қуаттылығы мен беріктігін көрсетіп тұрды. Собордың қабырғаларының тең ортасы ақ тастан қашалған оюлармен безендірілді. Кіреберістердің жауырындарын бөліп тұратын жіңішке бағандарда әсембағандар пайда болды.



88-сурет

Троица-Сергиев Лаврдағы Троица соборы (1422 ж.)

Әулие Троицаның ағаш соборы 1412 жылы Сергей Радонежскийдің табытының үстінен салынды. Осы жерден Дмитрий Донской әскерін Куликов алаңына өткізді. 1422 жылы ағаштан тұрғызылғанының орнына тас собор салынып, ол XVIII ғасырда қайта жөндеуден өтіп, қайта тұрғызылды. Қазір ол бастапқы қалпына келтірілді.



89-сурет



90-сурет

Собор (89-сурет) көршілес Владимир-Суздаль княздығынан әкелінген әк тастан қаланған. Басын ұстап тұрған дөңгелек барабан жартылай төрттаған үстінен қаланған қабырға қырларына жатқызылды. Сондықтан сырттан кокошниктер сәйкес келіп тұрған қосымша ауыспалы аркаларды салу қажеттілігі туындады. Бұл сәндік элементтер мен жиектер үшкір пішінді. Троица соборында кокошниктер өте әлсіз дамытылған, алайда, алда төрт бұрыштыдан барабан шеңберіне ауысу әдісі, пішін қалыптастыратын басты факторлардың біріне айналды. Собор қабырғалары үш ою таспаларымен тегіс болды.

Мәскеудегі Андроников монастырының Спас соборы(1390-1410-1427 ж.)

Владимир-Суздаль княздығында тап осындай собор жоспары бұрын-соңды болмаған. Собордың (90-сурет) жал доға кокошниктері мен әдемі бетше босағасы бар. Жиектер қабырғадағы жартышенберлі бағаналармен бөлініп тұрады. Алғаш рет соборда биік шығыңқы ірге қолданылды. Ғимараттың сыртын сәнді етуге деген талпыныс, пішінінің күрделі болуына әкеліп соқтырды. Ғибадатхананы бірнеше қатар жал доға аркалармен аяқтауға және бүйірдегі жиектерді төмендетуге тура келді.

Жалпы ғибадатхана эшекейі өте ұстамды және тек барабанда ғана қолданылған. Собор А. Рублев суреттерімен әйгілі.

Мәскеу княздығы сәулетіне тән белгілер

- XIV ғасыр соңы мен – XV ғасыр басындағы Владимир-Суздаль және Новгород княздықтарымен салыстырғанда, стильдің әлдеқайда кеш дамуы.
- Әртүрлі княздықтардың сәулеттік стильдерінің үйлесуі.
- Жаңа сәулет элементтерінің пайда болуы: пішіндердің, кокошниктердің жал доға тәрізді болуы, биік шығыңқы іргенің қолданылуы.
- Құрылыстың сұлбалы болуы.

Ерте жартығасырлық Мәскеу сәулетінде ішкі кеңдікті ойластыруға баса мән берілді. Сыртқы пішіндер мен ішкі кеңістіктің одан әрі саралануы сапа, біртіндеп орыс сәулет өнерінің ұлттық

ерекшелігін білдіретін сәулеттегі сәндік безендірулердің бастауы болуына әкелді.

XIII – XV ғасырлардағы орыс сәулеті одан кейінгі уақыттарда да, XVII ғасырға дейін бірегей стилистикалық бағытта қалыптаспады. Алайда, түрлі қаладағы сәулет өнері шеберлерінің шығармашылық жаңалықтары, кейінірек Орыс сәулетіндегі имараттардың көркемдік келбетін қалыптастыруда негіз болды.

Орыс ағаш сәулет өнері

Ресей – орманды ел. Ағаш сәулет өнерінің құпиялары әкеден балаға ғасырлар бойы дами отырып тарайды.

Ағаш конструкциялар:

- материалдың қолжетімділігі (құрылыста ағаштың 27 түрі қолданылды.)
- эстетикалық тартымды келбеті;
- жеңіл өңделуі;
- тасымалдау мүмкіндігі;
- жоғарғы мықтылығы мен жылу сақтау қасиеттері;
- конструктивтік бөліктер – бөренелердің өзара ауысуы сияқты көп құнды қасиеттерге ие.

Елді-мекендер сенімді ағаш бекіністі қабырғалардың әр жағында жасырылды. Қабырғалар тарасалармен, топырақ пен тас толтырылған қосымша қабырға қатарымен бекітілді.


Қақпаның алдында шабылған мұнаралар – бақылауға арналған орындар орналасты. Кейде қабырғалар мен мұнаралар балшықпен сыланды. Бекітілген басты қақпаның үстінен шағын шіркеулер орнатылып немесе икона орындары қалдырылды. Қолданылуына қарай аттары қойылды (мысалы, Мәскеу Кремліндегі Спас қақпасы).

Кез келген қала мен ауылдың басты құрылысы – үй. Орыстар солтүстікте үйді үлкен, ыңғайлы, бір немесе екі қабатты етіп, үстінен кішкентай жарық бөлмесі бар, көлемді ауласымен салды.

Құрылыс кезінде ұзындықтары 5-6 метр бөренелердің стандартты модулі қолданылды. Мұндай модуль ғимарат биіктігіне шектеу жасамауға сеп болды. Егер ғимараттың көлемін үлкейту керек болса, кеспектер қолданылды.

Әрбір үйдің негізін ұштары айқасқан бөрене қатарлары, төртбұрышты қима бөренелер құрады. Олардың бұрыштарында

бөрене шеттері шығыңқы етіп орналасты (91-сурет). Аязды күндері бұл бөренелерді қатудан, ал жауынды күндері шіруден сақтады. Егер ғимарат көп қырлы болса, бөрене бұрыштары қалдықсыз айкастырылды.




91-сурет

Бөренелердің бір-біріне толық айкасып жатуы үшін, әрқайсына ұзына бойы ойықтар жасалды. Ал бөренелердің басқы немесе соңғы жағында ағаштың бастары байланып тұруы үшін «тостағандар» ойылды. Үйлердің шатырлары көбіне сәуірік конструкцияда болды. (92-сурет). Ол әдіс әлі күнге Ресейде қолданылады. Бұл жабу әдісінің мәні, үйдің маңдайларын түйістіретін бөренелердің арасы ұзын төбе сырғауылдарымен қосылады. Оның екі жағы да тігінен жарылған жұқа тақтайлармен жабылады. Бұл шатырдың жабыны рөлін атқарады. Жұқа жабын тақтайлардың жоғарғы жағы, ауыр бөренемен бастырылады. Ал төменгі жағына ұзына бойы ойылған ағашқа келіп тіреліп, бойымен жиналған су ағатын етіп бекітіледі. Суағарларды, жіңішке қарағайлардан жонылған ілгектер – айырбақан бейнесіндегі ағаштар ұстап тұрады: оларда көбіне тік бұрышты етіп өсіп, дайын ілгек болып тұратын тамырлар кездеседі. Егер шатыр көбірек шығыңқы болса, онда 3-4 бөренеден кесінді жалғанған жықпа – тіреуіш жасалды.

Шіркеулер мен кішкентай шіркеулердің пішіні сәнді болып келді. Көп кездесетін көрнекі мойнақ (мойнақ – шіркеу басын ұстап тұратын бітеу барабан) бар шатырлы және садақ тәрізді бастардан бөлек, «төрттаған кеспек» сынды элементтер де қолданылды.

Шіркеу басын, мойнақ, кеспек пен кокошниктерді жабу үшін ағаш жабындар – кертпеш тақтайша қолданылды.



92-сурет

Кез келген ағаш имараттың бейнесі биік ойылып жасалған кіреберіс пен терезесіз, оюмен көмкерілген жақтауларсыз аяқталмаған болып көрінеді. «Қызыл» терезелер жақтаулы деп аталды, себебі олар жақтаулармен қоршалды. Сыртынан терезе қақпақтарымен жабылды. Қоймалар мен кедей тұратындардың үйінде көбіне оймақ терезелер қолданылды. Олар $\frac{1}{2}$ биік бөрене биіктігінен ойылып, ішінен бекітілді. Мұндай терезелер кіреберісте үшбұрышты етіп жасалды. Жоғарғыларынан түтін шықты, өйткені үй ішінде от ашық ошақта жағылды. Жоғарыдағы ойық терезелер үйдегі жылудың сақталып, ауасы таза болуын да қамтамасыз етті. Адам бойымен бірдей сөре-шұғынақтар пештің тұсынан үйді бөліп тұрды. Ол үйдің таза бөлігін, қара жерінен бөліп тұрады. Кейінірек шұғынақтар үйдегі заттарды қоюға арналған сөре ретінде қолданылды. Шұғынақ астында оюлы тақтайы бар сәкі, қызыл бұрышта иконалар тұратын сөрелер орналас-ты. Оның астындағы үстелдің маңы үйдегі ең құрметті орын болып саналды.

Жоспарына қарай тұрғын үйлердің бірнеше түрі болады, бірақ көп тарағаны «кертпе баспана», «кошель» және «сырғауыл».

«Сырғауылдан» салынған үйлер көбіне, солтүстік орыстарында кездеседі. Үйдің тұрғын бөлігі биік қойманың үстінен салынды. Онда шаруашылық бөлмелер мен малдың жем шөбі тұрды.

«Кошельден» салынған үйде, барлық тұрғын және шаруашылық бөлмелер бір шаршы пішініндегі қиманың ішінде орналасты. Үйдің шатыржалы тұрғын бөлігінің ортасынан өтті, сондықтан негізгі кіреберісте сәйкессіздік болды. Үйдің тағы бір түрі «кертпе баспана» деп аталды. Ол «Г» әрпінің пішінінде. Мұнда тұрғын бөлігі шаруашылық бөлігіне бұрыштап жалғасты.

Үйлер тек жоспарлары бойынша емес, керемет өрнегімен де ерекшеленді.

Кез келген қоныстардың орталық бөлігінде шіркеу орналасты. Діни құрылыста шіркеудің үш түрі: сарай шіркеулер, шатырлы «дөңгелек» ғибадатхана және бірнеше қабатты шіркеу (*93-сурет*) болды.



93-сурет

Сарай ғибадатхана, діни бағытта өзгертілген тұрғын үй сәулетіне негізделген. Орталық кесіндіге шығыс жағынан алтарь, батысынан тамақтанатын орын, қоғамдық жиындарға арналған аласа құрылыс және кіреберіс бөлік жатады.

Қызмет жасайтын басты бөлме биіктігімен ерекшеленген және сәнделген баспен аяқталады. Іші иконастаспен және суреттермен безендірілді. Сарай шіркеуге Онеж ауданындағы Кушерка

селосының Вознесен соборын жатқызуға болады. Оның жанында шатырлы қоңыраухана.

Шатырлы немесе дөңгелек ғибадатхана шатырланған 8 қырлы қимадан тұрады.

XVIII ғасыр соңы мен XIX ғасыр басында шіркеудің осы екі түрін де үйлестіретін жоспарлар пайда болып, бірнеше қабатты шіркеулер салу кең тарала бастады.

1.10.4-тақырып. XV ғ.-XVIII ғасыр басындағы Орыс мемлекетінің сәулеті.

Қорғану мен моңғол-татар шапқыншылығынан босау үшін, орыс жерлерінің бірігуі мемлекеттің саяси, экономикалық және мәдени жағынан дамуына ықпал етті. Осы кездерде орыс мемлекетінің орталық бөлігінде, сондай ақ батыс шекарада (Соловецкий және Кирилло – Белозерский монастырлары) Қазан және Сібір хандығы жағынан қамалдар, кремльдер мен монастырлар құрылысы басталды. Мәскеудің айналасында монастыр-бекіністер шеңбері Новодевичий, Донской, Андроников, Новоспас, Симонов т.б. пайда болды. Екінші монастырлар мен кремльдер шебі Мәскеуге стратегиялық жақын жерлерге салынды. Олар – Троица-Сергиев, Звенигород монастырлары, Коломенск, Серпухов кремльдері, т.б.

Ол кезеңде Мәскеу сәулеті алдыңғы қатарлы рөл атқарды. Мәскеудің билік басындағылар ұлы князьдар атағын алмаса да, өздерінің қоғамдағы орындарына сай Шығыс Еуропадағы ірі билеушілерге айналды. Олар жеделдетіп мемлекетті біріктіріп, «Үшінші» Рим құрып, Мәскеуге астаналық айбындылық беруге асықты. XV ғасырдың аяғы мен XVI ғасырдың басында қызу құрылыс басталады. Бекінген Мәскеу мемлекеті түрлі княздықтардағы орыс сәулет өнері мектептерінің ең жоғарғы тәжірибелерін бір арнаға тоғыстыруға ұмтылады. Мәскеудің жаңа әскери-қорғаныс имараттарын салуды, көлемі жағынан теңдессіз жаңа соборлар мен ұлы княздық сарайлар тұрғызуды ойластыру қажет болды. Мәскеу мен оның айналасында сәулет шеберлері мен инженер-сәулетшілер жеткіліксіз болды. Сондықтан Мәскеудің елшілері сәулетшілерді іздестіру мақсатында Батыс Еуропа елдеріне, негізінен Италияға жүгінді. Ол кезде Жоғары Ренессанс стилі танымал болды. Мәскеуде XV ғасырдың 70-жылдары мен XVI ғасырдың 30-жылдары жұмыс істеген итальяндық шеберлер, Мәскеудің сәулетіне өздерінің

қолтаңбасымен қатар жергілікті сәулет дәстүрлерін де енгізуге ұмтылды.

Владимир сәулетімен тығыз байланысты ерте мәскеулік сәулет те қатар дами бастады. Оның сипаттық ерекшеліктеріне: құрылыс пішінінің келісті, жоспарлары қарапайым, 4 бағанды, пішіні шаршыға көп ұқсас жалғыз басты, әдетте, 3 апсидалы, бетше босағалар мен жиектері жал доға тәрізділері жатты.


Халықтық сәндік өнер мен иконажазу жоғары даму деңгейіне жетеді.

Орталықтандырылған Орыс мемлекетін құру үдерісінің аяқталу кезеңінде Иван III және Василий III-нің Мәскеу Кремлін түбегейлі қайта құруды қолға алуы, орыс сәулетіне айтарлықтай ілгерлеушілік әкелді.

Кремльді қайта құру жұмыстары XV ғасырдың 70-жылдарынан басталды.

- Кремльдің алғашқы ағаш қабырғалары 1156 жылы салынды.
- Иван Калита кезінде 1339-1340 жылдары Кремль шекарасы айтарлықтай кеңіді және қабырғалары емен бөренелерден салынды. Олар өрт кезінде жанып кетті.
- 1367-1368 жылдары Иван Калитаның немересі – князь Дмитрий Иванович (Донской) кезінде, Кремльдің бірнеше мұнарасы мен ақ тасты қабырғалары тұрғызылды. 1464-1466 жылдары сәулетші – Ермолин қабырғаларының біраз бөлігін жаңартты. Алайда, олар бізге дейін жеткен жоқ. Өйткені олар әк тастан салынды, іргетасының жартысы мен ішінің таспен толтырылған бөліктері ғана қалды.
- Иван III кезінде діни және азаматтық имараттар құрылысымен қатар Кремльдің қабырғалары мен мұнараларын үшінші рет жаңарту жүргізілді. Ол қазіргі кезге дейін жетті. *(94-сурет)*.

Кремльдің ақ тастан қаланған іргесі бар кірпіш қабырғалардың ішінде, жұмыр тастар, тас сынықтары әк тас қосылған балшықпен араластырылып құйылып, үстіне ұрыс алаңы бар ішкі жағы бітеу доғатізбек болды. Қабырғаның аяқталар тұстарында екі дөңесті керткітер – «қарлығаш құйыршығы» салынды. Керткітерсіз қабырғаның биіктігі 5 м-ден бастап 17 м-ге дейін, қалыңдығы – 3 м-ден бастап 6 м-ге дейін жетті. Алдыға шығыңқы орналасқан мұнаралар қабырғаларды бақылады: қай жерде қауіп көп, сол жерде мұнаралар жиі тұрғызылды.



94-сурет

Әрбір бекініс-мұнара іш жағынан тоғыспалармен және қабатталған төсеніштермен бөлінді. Мұнараларда атқыштар үшін, қарулардың ұшын шығаратын тесіктер жасалды (амбразура). Төңірек жақсы бақылану үшін, бұрыштағы мұнаралар дөңгелек және көпқырлы, ал аралық мұнаралар төрт бұрышты болып салынды. Кремль 27,5 га құрайды, мұнаралар мен қабырғалардың ұзындығы – 2235 м. Кремльді жағалып 20 мұнара, оның 19 қабырға бойлаған және көпір алдында - Кутафья орналасқан.

Кремль соборлары

Успен соборы (1475-1479 ж.) Сәулетшісі Аристотель Фиоравант)


Кремльді қалпына келтіру, Мәскеудің басты ғибадатханасы Успен соборын қайта құрудан басталды (95-сурет).

Соборды салу үшін, итальяндық сәулетші Аристотель Фиораванти шақырылды. Ол өзінің дәстүрі бойынша Владимир мен Новгород сәулетіне жақын, ақ тастан алып собор салды.


Жоспар бойынша бұл - ақ таспен қапталған, кірпіштен 5 апсидасы бар, алтыбағанды 5 басты ғибадатхана. Жабуы бірдей

биіктіктердегі тоғыспалар арқылы жасалған. Сондықтан Владимир соборымен салыстырғанда іші кең бөлмелі (көне жазбаларда «палаталар»). Ішкі жұмыр бағандар, кендікті елестетеді.

Собордың кіреберісі бірдей 4 бөлікке жауырындық қабырғалармен бөлініп, жиектермен аяқталған. Собордың биіктігі 38 м. Қабырғаның биіктігі бойынша орта тұсында көлденең тартым, одан төмен қарай Владимир-Суздаль сәулетіне тән сәнді қатардоғалы белдеу өтеді. Бүйірдегі есіктер романдық перспективалық бетше босағалармен безендірілген.



95-сурет



96-сурет

Собор сәулетінде Фиораванти жаңа құрылыс әдістері пайдаланылады:

- іргетас терең орналастырылды (4 метрлік емен бағандар түрінде);
- собор жоспары орталық күмбезасты кеңістігі бөлінбейтін 12-ге тең шаршылардан тұрды.

- төрттаған тоғыспалар қолданылады, олардың негізі – көп тіреулерді қажет етпейтін модуль, мықты ұяшықтардан тұрды;
- еменнің орнына алғашқы рет жеңіл темір жалғаулар қолданылды;
- ғибадатхана құрылысы кезінде көтеретін механизмдер қолданылды.

Интерьерлерде Рублев, Дионисилердің (35 әулие мен Құдай ана акафисі) сылақнақыштары жақсы сақталды. 80-жылдары алтарьмен бөлу және иконостас пайда болды.

Собордың катал, ұлы сипаты мемлекеттің басты имараты – собор идеясына лайық болды. Фиораванти Киев және Владимир-Суздаль мектептерінің дәстүрлерін ұстана отырып, әлдеқайда кең әрі жарық соборды салуға қол жеткізді.

Благовещенск соборы (1484-1489 ж.)

Соборлы алаңның оңтүстік-батыс бұрышында Успен соборын көлегейлеп Благовещенск соборы тұр (96-сурет). Ол бұрын князь сарайына жапсарлас салынған, өйткені собор үй ішіндегі шіркеу болатын. Алғашында собор ағаш болды, кейінірек – кірпіш, бірақ ескірді. Жана құрылыс үшін, Псков шеберлерінің тобын шақырды. Олар жайлы солтүстіктік және мәскеулік стильдерді үйлестіретін собор жасап шықты. Өзіндік ерекшелігі бар құрылыс қалыптастыру мақсатында псковтық шеберлер Благовещенский соборының сәулетін Успен соборының кіреберісімен байланыстыруға тырысты.

Бастапқыда собор 3 басты, өте биік қаланған шаруашылық бөлменің үстінде 3 апсидасы болды. XVI ғасырда Иван Грозный кезінде бұрыштарында төрт приделі бар, күмбезді ашық галерея қосылып салынды. Кейінірек алтарь бөлігінде тағы екі бас қосылды. Соборда Ф.Грек, А.Рублев және Прохор салған Рустегі ең көне иконостас сақталды.

Архангель соборы (Замор) (1505-1509 ж.) Сәулетшісі Алевез Новый

Собор 1333 жылғы ақ тастан қаланған көне Архангель шіркеуінің орнына салынды. Бұл - күрделі жертөле бөлмелері бар 54 кабірден тұратын орыс патшаларын жерлейтін орын. Собордың іші

тар және қараңғы болды. Архангель соборы пішін мен құрылымы жағынан Успен және т.б. собор алаңында тұрған имараттардан қатты ерекшеленеді.

Собор 5 басты, оның негізі – дәстүрлі төрттаған-күмбезді жүйе, бірақ кіреберістері бұрын мәскеулік сәулет шеберлеріне беймәлім болып келген, кейінірек итальяндық шеберлерден алынған классикалық ордерлік пішіндер көмегімен бөлінген. Кіреберістері маңдайша салынған биік екі қабатты қабырғалардан тұрады. Кейінірек қарсыкермелер салынды.

Жиек тимпандарында Италияда тек ішкі безендірулерде пайдаланылатын сәнді қабықша тәрізді сәулет бөлшектері қолданылған (Кейінірек бұл элементтер шет аймақтарда да қолданылды).


Соборда аса көп еліктеушілік болмағанымен, классикалық бөлшектері, бөлінудің ордерлік жүйесі де, XVI-XVII ғасырлардағы ғибадатхана мен азаматтық құрылыста кеңінен дамуға ие болды.

Иван Великий қоңырауханасы (1505-1508, 1600 ж.) Сәулетшісі Бон Фрязин

Мәскеу кремлінің шығыс жағынан собор алаңын Иван Великий қоңырауханасы мен Иван Лествичник шіркеуі алып жатыр. 1505-1508 жылдары сәулетші Бон Фрязин ағаштан жасалған ескісінің орнына, күмбезі жоқ (60 м) қоңыраухана тұрғызды. Ол күзет мұнарасының да қызметін атқарды.

1600 жылы аяқталмай қалған, үстіңгі цилиндрлі қабаты қоңыраухана биіктігін 81 метрге дейін ұлғайтты. Қоңыраухананың ерекше пішіні мен көлемі, конструкцияның мықтылығын қамтамасыз ететін батыл техникалық шешімдерді қажет етті.

Төменгі қабаттағы қалыңды 5 метр болатын кірпіш қабырғалар темірмен байланыстырылды. Шығыңқы ірге мен іргетасы үгітілген ақ тас қосылған әк қоспамен құйылды. Іргетас тұтас ойылған сатылы пирамида тәрізденіп, тереңдігі 10 метрге дейін түскен. Иван Великийдің жоғарғы қабаттары жеңілдетілген алып бағаналары, сегізқырлы қабырғалардың бұрыштарын берік ете түсетін қалақтармен бөлінген. Көлденең белдеулермен қоса олар композицияның көп қабатты екендігін көрсетіп, имараттың жүйелі құрылымының бірегейлігін айқындайды.



97-сурет

***Ровтагы Покров ғибадатханасы (Василий
Блаженный соборы 1555-1560 ж.)***

Соборды (97-сурет) Қазанды алу құрметіне Барма мен Постник салды. Жоспарда ол жердегі негіздемеден біріге көтерілген 9 баған тәрізді шіркеу. Алғашында жабық галереялар мен әдемі кіреберістер болған жоқ. Ал ғимарат арасында ақ бөліктері айқын байқалып тұратын қызыл-қоңыр түске боялды. 9 алтын жалатылған бастарынан басқа, орталық бағанның кокошниктері үстінен 8 баған салынған. Олар батыстағы бағандарға да сән береді. 42 м биіктіктегі шатыр басқаларынан жоғары орналаса отырып, оларды біріктіреді. Сегіз баған ортадағыға қарай шоғырлана келе, 45°екі шаршыға ұқсайтын геометриялық пішінді елестетеді. Ғимарат кірпіш пен ақ тастан жасалған бедерлермен – кокошниктермен, бекініс құрылысында қолданылатын сәнді доғашекті өрнектермен және машикулялармен, ағаш құрылыс әдістерінен алынған бедерлі шеңберлермен, белдеулермен және қыш бөлшектермен үйлесімді байланысады.

Көптеген сәндік бөлшектердің бейнелеріндегі, ғимараттың келбетіндегі мерекелік салтанатты кескін ғимараттың көлемділігімен үйлесуі – ансамбль, астаналық орталықтың қала құрылысындағы маңызды бөлігі.

XV-XVII ғасырлардағы Кремлдің азаматтық құрылысы

XV ғасырдың соңы мен XVI ғасырдың басында Кремльде ауқымды аулалық құрылыс басталады: салтанатты қабылдауларға арналған ғимараттар – Қырлы сарай тұғызылады. Ал 1499 жылдан бастап, Мәскеудің ұлы князьдық сарайының сәулеттік кешенін құрайтын Тас сарайлардың құрылысы жүргізіледі.

Қырлы сарай (1487-1497 ж.) Сәулетшілері: Марк Фрязин (Марко Руффо) және Пьетро Антонио Солари

Сарай XV ғасыр соңы мен XVI ғасыр басында салынған ауқымды патша сарайлары кешеніне кірді. Собор алаңында салтанатты тақ залының қызметін де атқарды. Оның негізгі кіреберісі беті тегістелмеген таспен қаланды, осыдан бастап оның аты шықты. Ғимарат биік 4 дөңесті шатырмен жабылған. 1682 жылы болған өрттен кейінгі қайта жөндеуге дейін екінші қабат терезелері үшкір болып аяқталған. Сарайға оңтүстік жақтан кіреберіс жасалды. Оған сақталмаған алтын арыстан мүсіндері бар қызыл ашық баспалдақ апарды. Русьтің дәстүріне тән 495 шаршы метр аумақты құрайтын бірбағанды кең бөлме төбесі 4 төрттаған тоғыспамен жабылды. Ал қасиетті кіреберістерде алтын жалатылған, ойылып жасалған порталдар бар. Кең бөлме қабырғалары мен төбелеріне сурет салынып, кейіннен ескірген суреттерді жабу үшін матамен қапталды. 1882 жылы палех иконажазушылары көне қабырға суреттер композициясын қайталап салды.

Кремльдегі биік сарай (1635-1637 ж.) Сәулет шеберлері: Б. Огурцов, А. Константинов, Т. Шарутин, Л. Ушаков

Сарай 1499 – 1508 жылдары салынған сарай қалдықтарының үстінен тұрғызылды. Иван III пен Шеберлер сарайы үшін XVI ғасырда Алевиз Новый салды.

Үшқабатты сарай ескі орынға, бірақ бұрынғы қабырғалардан ішке кіріңкі қаланды, сондықтан үйдің сырт жақтарында ашық алаңқай пайда болды. Осылайша, ғимарат көркем сатылы қабатталған композицияға ие болды. Ғимарат шағын қарауыл мұнаралары бар гульбищелермен қоршалып, «шатыр» үймен аяқталған. Кіреберістің негізгі безендірулері аспалы доғашекті өрнектері бар ақ тастан

ойылған жақтаулар мен түрлі түсті етіп боялған маңдайшалармен сәнделді. Жауырындармен бөлінген үйдің жоғарғы қабаттарының беті, «доғашекті өрнектері» бар ойылған оюлы жақтаулармен көмкерілген екі қабатты терезелердің қатарынан тұрады.

Биік сарай ортақ сарай кешенінің тұрғын бөлігі болды. Ол ашық Бояр алаңы арқылы басқа да бөлмелермен: Қырлы, Алтын және Жағалау сарайларымен байланысты.

1693-1694 жылдары Осип Старцев Биік сараймен Крутицк үйін байланыстыратын 2 қабат деңгейінде сәнді етіп безендірілген құрылыс салды. Оның қабырғалары аса көп бедерленіп, шимаймен сәнделген. Бұл стильдің құлдырап бара жатқандығын байқататын соңғы туынды. Онда сәулеттік пішіндер мен сәндік безендіруде үйлесімдік жоқ. Бұл «сәндік» стильдегі саналған имараттар тобына жатады.

XVI ғасырдағы Орыс сәулеті

1584 жылы мемлекеттік құрылысты басқару үшін, құрылыс жұмыстарын реттейтін мекеме құрылды. Онда құрылыс материалдары мен (стандартты кірпіштің көлемі бекітілді) жұмыс күші шығынына бақылау жасалды. XVI ғасыра орыс мемлекетінің бірігуі мен орталықтандырылуы ірі сауда жолдарындағы қалаларың өсуі мен Мәскеуге жақын маңда бекініс-қалардың тез өсуіне ықпал етті. Мысалы: Туланың қазылған ор жолақтары – дуалдар жүйесі, бекіністер мен қамалдар 700 шақырымға дейін созылды. Шығысы мен батысынан бұл жерлерді Нижний Новгород (1511 ж.) және Смоленск бекіністері қорғап тұрды.

Мәскеу бұл уақытта қорғаныс имараттарының 3 белдеуін иеленеді. Ол Қытай-қаласының тас қабырғалары, Белый қаласы және қала тәрізді қыстақты қоршап тұрған жерге қадалған емен қабырғалар. Жаппай ағаш құрылыс та, тас құрылыс та жүргізіледі. Барлық тас құрылыстар орыс ағаш сәулетінің элементтерін қолдану және Мәскеудің тас құрылыстарына еліктеу арқылы салынды. Мәскеудегі Успен соборының үлгісі бойынша көптеген соборлар ұқсас етіліп, бес басты болып салынды.

XVI ғасыр бойы шіркеулер билеген монастырларда, дәстүрлі бес басты ғибадатханалар салу жалғасты: мысалы, Троица-Сергиев монастырының Успен соборы (1585 ж.) немесе Новодевичье монастырындағы Смоленск соборы. Мемлекеттің орталығы мен

шеткі жақтарында биік тас қабырғалары мен мұнаралары бар монастырлар құрылысы жүргізіліп, олар шабуыл жасала қалса қорғаныс қызметін атқаратын болды. Монастырлардың жер, өзен және орманы бар таза табиғи шаруашылығы болды. Монастырларды салуда: собор, бірнеше шіркеу, қоңыраухана, тамақтанатын бөлме, коймалар, шеберханалар, т.б шаруашылық құрылыстар жүргізілді.

Новодевичье монастырындағы Смоленск соборы (1524 ж.)

Смоленск соборы – монастырдың алғашқы тас ғимараты, 1514 жылы 100 жылдан астам Литва қоластында болған Смоленскінің, қайтадан Орыс мемлекетінің құрамына оралуы құрметіне салынған. Собор өзінің пішіні бойынша қуатты, күрделі және ықшам әрі қабырғаларының қарапайым безендірулер бар көп көлемді. Қабір қызметін атқарған қойманың үстінен салынған ғибадатхана үш жағынан ашық галереялар – гульбишелермен қоршалған.

Собордың кіреберістерінде әшекей мүлдем жоқ деп айтса да болады, тек қарапайым суреті бар белдеулер соборды көлденеңінен бөліп, барбанды қоршап тұр. Тегіс қабырғалары батыс жағынан жауырындармен үшке бөлінген, ал солтүстік пен оңтүстігінен төртке бөлініп, үлкен жиектермен аяқталған. Тоғыспалары мен 5 басы 6 бірдей мықты төрттаған бағандарға тіреліп тұр. Жіңішке терезелер салынған жерде қабырғаның қалыңдығын ерекшелеп тұр.

XVI ғасырда азаматтық және діни тас имараттар әртүрлі бола бастайды. Азаматтық құрылыстардың жаңа түрі әр мемлекеттің өкілдіктері мен кеңселері бола бастады.



Ескі Ағылшын ауласы (XVI ғасырдың бірінші жартысы)

Оның құрылу тарихы ағылшын-орыс дипломатиялық және саудалық қарым-қатынастардың пайда болуымен тығыз байланысты. Биік орналасқан шағын терезелері бар, төрт дөңесті шатырмен жабылған екі қабатты ғимарат тұруға және тауарларды сақтауға қолайлы болды. Бұл сауда кеңсесінің қонақ үйі іспеттес еді.

Орыс ағаш шіркеулерін салу мен тас сәулет өнерінің конструктивтік жетістіктері мен дәстүрлері XVI ғасырдың ортасында алып шатырлы ғибадатханалардың пайда болуына септігін

тигізді. Шатырлы шіркеулер зайырлы сипатта болды және Коломенск сынды патшалық жер иеліктерінде салынды.

Коломенскдегі Вознесен шіркеуі (1532 ж.)



98-сурет

шатырды орнатуда өте ыңғайлы болды. Халықтық өнерге мән беру, Мәскеу үкіметінің саясатының бірі болды. Коломенск шіркеуіндегі жаңашыл батыл композициялар, өз кезеңіндегі алдыңғы қатарлы білімдерді қолдануға мүмкіндік әкелді.

Діни құрылыстардағы жаңалықтың бірі XVI ғасырда бағансыз шіркеулердің төрттаған тоғыспалармен жабылуы болды. Мұндай құрылыстарда тоғыспалардың төрттаған тәрізді болуы, төрттаған-күмбезді ғибадатханалары кеңістіктерінің дәстүрлі түрде бөлінуі тапсырыс берген адамның христиандық символикасын жақсы көргендіктен тандалған болуы мүмкін.

XVI ғасырдың ортасында пішіндер мен кіреберістердің жаңа безендірулері пайда болуына орай, бағанасыз ғибадатханалар түрі келесі өзгерістерге тап болады. Төрттаған күмбездің қалыбы шығыңқы пішінге ауысады. Тоғыспалардың бойында орталық жиектер сынды кокошниктер орналасады.

XVII ғасырдағы орыс сәулеті

XVII ғасыр – барокко стилі сынды, бірақ басқа түрдегі, ұлттық сәндік стильдің дамыған кезеңі. Оның пайда болуы Ресейде де Батыс Еуропа елдеріндегідей жағдай қайталануына байланысты (феодалдық түрдегі монархия мен шіркеулердің үстемдік етуі). Айырмашылығы Батыспен тығыз байланыстың жоқтығы мен боярлардың кертартпалығы болды.


XVII ғасырдың 20-жылдарынан бастап Тас құрылыстар Бұйрығы қалпына келіп, тек мемлекеттік құрылыс жұмыстары емес, азаматтық, жеке меншік құрылыстардың сапасына әсер етті. Түрлі тұрғын үйлер мен кешендер тұрғызылады. Әдетте, тұрғын үйдің бірінші қабатында шаруашылық бөлмесі, екінші қабатта салтанатты кіреберісте – тұрғын сарайлар мен үлкен үйлер, жоғарыда ағаш тұрғын шатырлар – мұнара тәрізді үйлер орналасты. Алғашында мұндай үйлердің жоспарында, кіреберісінің екі жағында да, қоймалары бар жай ағаш үй болды. Кейінірек тұрғын үйдің жоспары төртбұрышты пішінге жақындай түсті. Ал кіреберістер ұзын дәлізге айналды. 1688 жылы өрт қауіпсіздігін сақтау үшін, Мәскеуде патша бұйрығымен сарайлар, ағаштан зәулім үйлер тұрғызуға тыйым салынды.

Мәскеуде XVII ғасыр сәулетінің бірнеше тұрғын ғимараттары ескерткіш ретінде сақтаулы.

Ақсүйек Волков сарайы

XVII ғасырдың соңында Хамутов көшесінде хатшы Алексей Волоковтың бірнеше тас сарайлары салынды. Сарайлар алғашында «зәулім үй» түрінде болып, кейінірек өзгеріске түсті. Сарайлардың сырт келбеті де көркем және ішкі жиһаздары да әдемі еді. Ғимараттың сәндік безендірулері әртүрлі және өзіндік ерекше болды. Сол кезеңдегі сәулет өнері әдістерінің бірі болған ашық сатылар үй қабатының екінші салтанатты есігіне апарарды. Ғимарат балшықпен сыланған және қабырғалар кірпіштің түсімен бірдей етіп боялған. Бөлшектері ағартылған.

Петр I 1727 жылы өзінің жақын серіктесі князь Г. Юсуповке сарайларды сыйлағаннан бастап, 1917 жылға дейін ғимараттар мен оған қосарлай салынған үлкен аула Юсуповтар әулетінің меншігі болды.



99-сурет

Дума хатшысы Аверкия Кириллов сарайы (1657 ж.)

Бұл жабық өткелдермен байланыстырылған тас ғибадатханалар мен зәулім үйлер кешені (99-сурет). Көлемдері, бір-біріне жақын орналасқан, бай жақтаулары бар ретсіз топтастырылған терзелері мен сәйкестенбейтін жауырындық қабырғалармен бөлінген. Кірпішпен сәндеу кеңінен қолданылған. Ағаш құрылыстарға ортақ сипаттары бар биік шатырлар, көркем композицияның әсерін күшейте түседі. Жоғары қарай бағытталған шіркеу композициясы ансамбльді толықтыра түседі.

Тұрғын үйлер тастан тек Мәскеуде ғана емес, орыстың басқа қалаларында да салынды. Ерекше мысал ретінде Псковтағы Лапин үйі, Гороховецтегі Серин мен Шумилин үйлерін атауға болады.

XVII ғасырдың ортасында алып діни құрылыстар Ресейдің барлық аумағын алып кетті. Ірі сауда орталықтары – Ростов, Архангель, Углич, т.б шығыс және батыс мемлекеттермен саудаға кірген қалалар, біртіндеп байып көркем ансамбльдермен, әсем, сәнді бөлшектермен ғимараттарды безендіре бастады. Өзіндік сәулет дамыған қалалардың бірі, Поволжьядағы маңызды сауда орталығы болған – Ярославль. Бұл жерде өзіндік ашық және көркем Ярослав мектебі қалыптасады.

Ярослав мектебі

Ярославльдегі көптеген имараттар құрылысы халықтық өнермен байланысы бар бай көпестердің қаржыларына жүргізілді. Ярослав ғибадатханалары мәскеуліктерден кең. Оларда ішкі бағандар мен жарық түсетін бастар болды, сондай-ақ бес басты етіп салу көп кездесті. Шатырмен жабу тек қоңырауханаларда ғана қолданылды. Осы кезеңде барлық жерлерде ғибадатхананы шатырлап жабу жойылды. Бұл патриарх Никонның діни салтанаттарына қатысты реформасына байланысты болды. Никон халықтық ағаш сәулет өнеріне араласа бастаған сәулеттегі ақсүйектік бастамаларға қарсы болды, сондықтан ғибадатханаларды шатырмен жабуға тыйым салды. Сөйтіп құрылыс жүргізу үшін «бір, үш және бес басты» шіркеулер құрылысын белгілейтін ғибадатхана салу сауаты қажет болды («Храмозданная» грамота).

Никонның бұйрықтарын орындағанмен, Ярослав мектебі орыс сәулетінің жарқын және халықтық тұстарын аша түсті. Ол тек Ярославльде емес, өзге жақтарда да тез тарады.

Ярослав шеберлері топтарға бірігіп бүкіл ел бойынша кең галереялары мен қанат жайған кіреберістері бар шіркеулер мен зәулім үйлерді салды. Кіреберістердің әдемі келбеті, ғимараттың өн бойын түгел жабатын сәнді суреттермен теңесті.

Ярослав мектебінің керемет ескерткіштері: Коровниктегі Иоанна Златоуста, Толчковадағы Иоанна Предтечи шіркеулері, Ярославльдегі Илья пайғамбар шіркеуі.

Коровниктегі Иоанна Златоуста шіркеуі (1649-1654 ж.)

Симметриялық жоспарына карамастан, кіреберіске өте биік қасбетмаңдайлық ернеуден жабу салынып, приделдердің шатырмен жабылуы және бастарының сәйкестендіріліп орнатылуы, шіркеу сұлбасын өте көркем етті (*100-сурет*). Шірекеудің қабырғалары кірпіш жиектермен, қыштан құйылған бөлшектермен безендірілді. Құйма қыш бөліктер – Ярослав сәулетшілерінің ең жақсы көретін сәндеу әдістері.

Жазғы шіркеудің жанында кішірек, алайда, бес басты қысқы шіркеу бар. Екі шіркеу де, жеке тұрған қоңыраухана да Ярославльға тән сұлбалық ансамбль қалыптастырады.

Ярославльдегі Илья пайгамбар шіркеуі (1647-1650 ж.)


Шіркеудің шағын приделдері және олардың үстінен жекелеген бастары бар. Шіркеудің бірінші қабатында – шығынқы орналасқан кіреберіс пен жабық галерея. Галереялардың арка ойықтарында «доғашекті өрнек» қолданылған, кірпіш қабырғалардың сыртынан ақ жонылған тастардан салынған сәндік бөлшектер қабырғаларды өзгеше етіп көрсетеді.

Кіреберістерінде де арка жүйесі қолданылады. Шіркеудің қабырғалары жеке кірпіштерден оюланған. Шіркеу терезелері түрлі түсті мәнерқалыппен жиектелген.

1680 жылдары ғибадатхана одан сайын сәнді бола түсті.

Толчковтағы Иоанна Предтеча шіркеуі (4671-87 ж.)

Бұл Ярослав сәулетінің ең бір әйгілі ескерткіштерінің бірі. Мәскеудегі Успен соборына және Ярославльдегі Иоанн Златоуста шіркеулеріне еліктеген ғибадатхана бес басты, симметриялы (101-сурет). Шығыс жақтан ғибадатхана кешені қайталанбас бейнеде көрінеді: ғибадатхананың бес апсидалы төменгі жағы (олар бірдей биіктікте), сәнделген қабырғалары кең орналасқан. Оның үстінде, үш жерден бес басты топқа бөлінген 15 бас орналасқан.



100-сурет

101-сурет

Ғибадатхана қабырғалары, галерея мен кіреберістер, қыштан құйылған ширикалар, текшелер мен баулармен безендірілген. Шығыс қабырғасы сыртқа шыға орналасқан апсидалары бар, олардың қабырғаларына «гауһар» қашаутас етіп сурет салынған.

Қалған кіреберістердің кірпіштердің қара-қызыл реңі көкшіл-жасыл қыш безендірулермен жақсы үйлеседі. Ішкі жағында салынған сәнді суреттер жарқын әрі әдемі.

Жанында 7 қабаттан тұратын 45 метрлік қоңыраухана бар. Оның сегізқырлы қабырғасы жоғарлаған сайын кішірейіп отырады.

Украина және Белоруссиямен арадағы мәдени байланыстың кеңеюінің әсерінен сәулетте сәндік беталыс күшейе түсті. Орыс өрнектеу әдісі Останкинодағы Троица шіркеуінен айқын байқалады.

Останкинодағы Троица шіркеуі (1678-92 ж.) Сәулетшісі Павел Потехин

Бұл бағансыз бескүмбезді екі приделды, биік қойма бөлмесінің үстінде орналасқан, ірі садақ тәрізді бастары мен жіңішке шығыңқы барабандары бар ғибадатхана.

Керемет сәнделген жабдықтарында орыс сәулет өнеріндегі әшекейлеудің барлық түрі: кірпіштен құйылған сәндеуге арналған бөлшектер, ақ тасты оюлар, құйма сырлы тақталар қолданылған. Шіркеудің қоңырауханасы мен кіреберісі шатырмен жабылды.

XVII ғасырдың аяғындағы сәулеттің дамуындағы соңғы кезең, шіркеулердің әдемі әшекейлендіріліп, көркем суреттермен безендірілуі, көлемді композицияларының пайда болуы. XVII ғасырдағы қабатты ғибадатханалар гульбищелері бар биік шаруашылық бөлмесінің үстінен қаланып, негізгі бөлігі көбіне қоңырауханамен аяқталады.


XVII ғасырдағы Мәскеу сәулет өнерінде орыстың басқа қалаларына әсер еткен стиль қалыптасты. Бұл – «нарышкіндық барокко». Оған Филядағы Покров шіркеуі мысал бола алады.

Филядағы Покров шіркеуі (1690-94 ж.)

Шіркеу (*102-сурет*) көпқабатты пирамида тәрізді орталықты композицияны құрайды. Әр қабаты тәжді еске салатын, ақ тастан жасалған жақтаулармен безендірілген.

Ол Л. К. Нарышкиннің қаржысына ағаштан салынғанының орнына тұрғызылды (1619 ж.). Әулие Құдайана Покровы құрметіне арналған қысқы шіркеу мен ғимараттың негізгі бөлігінде Нерукотворный Спасына арналған жазғы шіркеуі, гульбище алаңында төртжапырақты түрдегі төменгі қабат бар. Жоғары қарай төрт

қырлы, одан жоғары сегіз қырлы қабырғалар орналасқан. Қасиетті сегізқырлы қабырғаның тоғыспасы түйіске тұста ашық аркалары бар шағын қоңыраухана орналасқан.



102-сурет

Бұл ғибадатхана монумент-ғимарат деп саналады. Филядағы Покров шіркеуі – «Мәскеу бароккось» ескерткіші.

Орыс сәулетінің дамуындағы маңызды дүние батыс Еуропаның ордерлік жүйені қолдану әдісін алуы болды. Ең бастысы бұл сарайлар құрылысында байқалды.

***Лефортов (Меньшиковский) сарайы (1697-1699 ж.)
Сәулетшісі Д. В. Аксамитов***

Сарайды генерал Ф. Лефортовқа арнап Петр I салғызды, алайда кейінірек 1707 жылы А. Д. Меншиковқа берілді. Бұл XVII-XVIII ғасырлардағы шекаралық типті имарат. Онда «мәскеулік барокко» кіреберістерді безендірудегі ордерлік бөлшектермен үйлесті. Екінші және үшінші қабаттағы терезелердің арасындағы қабырғаларда классикалық жауырындық қабырғалар орналасты.

1707-1709 жылдар Дж. М. Фонтана үшін қайта өзгертілді. Сарайдың сыртқы қабырғалары классикалық ордерлік сәулетті толық қолдана отырып безендірілді. Меншиков сарайы Еуропалық типтегі Мәскеудің алғашқы ғимараты болды. Осы жерде түрлі жиындар, салтанаттар өткізіліп тұрды.

XVII ғасырда тас құрылыстармен қатар, ағаш ғимараттарды салу да тоқтаған жоқ. Орыс ағаш сәулетінің әсемдік пен керемет жетістігі үлгісін көрсеткен ғимараттар, жоспар бойынша қарапайым шаруашылық бөлмелері болды. Алайда, түрлі ұсақ бөлшектермен жабылуы, әртүрлі оюлардың салынуы, шіркеулерді де, қарапайым үйлерді де ертегідегідей сәнді етті.

Осы бағытта XVII ғасырда зәулім үйлер мен сарайлар салынды. Бұл кезеңнің ең керемет ағаш сәулет үлгісі Коломенскідегі Патша сарайы болды.

***Коломенскдегі Патша сарайы (1667-1668 ж.)
Сәулетшілері: С.Петров, И.Михайлов***

Сарай (*117-сурет*) екі және үш қабатты ағаштан шабылып құрастырылған зәулім үйлерден тұрды. Олар негізгі ішкі сарайға қарай топтастырылып өткелдермен біріктірілді.



103-сурет

Бір-біріне сәйкес келмесе де, сарайдың көркем ансамблі жалпы жинақылық пен ертегілік көзқарас қалыптастырды. Оны әр нүктеден қараған сайын, сарай әртүрлі пішінде көрініп, сұлулығын жоғалтпады.

Сарайда орыс сәулет өнерінде белгілі барлық жабулар мен безендірулердің әдістері: ойылған терезе жиектері, кіреберіс бағандары, шатырлардың әдіптері қолданылды. Сарайдың

кабырғалары жұқа тактайлармен қапталып, кірпіш пен тастан қаланған сияқты етіп суретпен әшекейленді.

Өкініштісі сарай басқа да ағаш құрылыстар сияқты сақталмады. XVIII ғасырда бірнеше өрттен кейін, сарай ескірген соң, бұзылды. Кейбір ағаш бөліктерін В. И. Баженов Мәскеудегі Үлкен Кремль сарайының үлгісін жасауда қолданды.

1.10.5. XVIII ғ. бірінші жартысындағы Ресей империясының сәулеті Петр дәуірінің сәулеті

XVII ғ. соңы – XVIII ғ. басында Ресей тарихы мен мәдениетінде жаңа кезең басталады. Мәскеу мемлекеті қуатты Ресей империясына айналады. Бұл кезең шартты түрде «Петр бароккосы» деп аталады, дегенмен, бұл кезеңнің орыс сәулетшілері бароккоға ғана емес, сонымен қатар ренессанс мұраларына да және осы уақытта Францияда пайда болған классицизм пішіндеріне де қарады.

Азаматтық құрылысқа ерекше мән беріледі. Өнеркәсіптік және фортификациялық имаратта, қоғамдық және үкімет ғимараттары, қала сарайлары мен қала сыртындағы резиденциялар, Ресейдің алыс шекараларында жаңа қамал-қалалар пайда болады.

Сәулетті бұқарашылдандыру азаматтық құрылыс пен қала құрылыстық өнердің даму басымдылығынан ғана емес, сонымен қатар шетелдік сәулетшілердің жаңалықтарын белсенді меңгеруден көрінді. Озық техниканы меңгерумен және ғылыми білімге қызығушылықтың күрт артуымен қоса құрылыстың әлеуметтік-функционалдық негіздері ұлғаяды (сауда, қойма, фортификациялық, өнеркәсіптік имараттар). XVIII ғасырдың бірінші ширегінде Петр кезеңінің сәулетінде Ресейдің ұлттық қуаттылық идеялары бекітіледі.

Мәскеуде алғашқы көпшілік кітапхана және көпшілік театр, Кремльде – арсенал салынады. Құрылысты сәулеттік қадағалау ұйымдастырылады, қала құрылысы практикасында жүйелілік пайда болады. М. Г. Земцовтың басшылығымен отандық сәулет кадрларын дайындау басталады.

XVIII ғасыр сәулетінің қалыптасуы мен дамуында жаңа типтегі қала ретінде Петербордың негіздемесі үлкен рөл атқарды. Петербор құрылысы мелекеттің солтүстік шекараларын бекіту және Еуропаның маңызды теңіз саудасы жолдарына шығу қажеттілігінен туды.

Жаңа қала қамал ретінде дұшпаннан қайтарып алған аумаққа салынды.

Петропавл қамалы

Қамал салынған күн 1973 жылдың 16 (27) мамыры қаланың негізі қаланған күн болып есептеледі. Алғашқы қамал ағаш бекіністермен топырақтан тұрғызылды. 1706 жылдың 30 мамырында Қоян аралында тас қамал салынды. Батыстан шығысқа созылған алты бұрышты қамалдың 6 биік қамалы арасында гарнизон мен оқ-дәрілерді орналастыруға арналған каземат орнатылған қос қабырға – қоспадуалмен біріктіріледі.

Қамал құрылысын Д. Трезини басқарады. Құрылысты шапшаңдату үшін Петр I танымал ақсүйекке белгілі жұмыс телімін бекітіп берді, сондықтан барлық нысандар, тіпті, қамал қақпалары бірнеше стильде орындалды.

Ең көне және көркемдік тұрғыда ең құнды Петр қақпалары 1717-1718 жылдары Д. Трезини жобасы бойынша салынды. Елтаңба, жауырындық қабырғалар, бүйір жақтарынан валюталар мен дөңгелек қуыстардағы мүсіндер әдемі безендірілген.

Қамал орталығында Петропавл соборы орналасқан.

Кейіннен комендант үйі және абақты, инженерлер үйі, Монета сарайы, Бот үйі – «орыс флотының атасы» – бот Петр I-ге арналған павилион-футляр ғимараттары салынды. XVIII ғасырдың соңында Неваға қараған қамал қабырғалары гранитпен қапталды (1787 ж.) және сол кезде гранитті Нева қақпалары салынған болатын (сәулетшісі Н. А. Львов).


Петропавл соборы (1712-1733 ж.) Сәулетшісі Д. Трезини

Бұл шығысында тікбұрышты шығыңқы алтарь, батысында төрт қабатты шіркеу мұнарасы бар, биік шатырұшпен аяқталған (117 м) үш астаукеңістікті базилик. Қасбеттері жазық жауырындық қабырғамен және жақтаумен өңделген. Петропавл соборының, Адмиралтейство мен Кусткамераның алтын жалатылған шатырұшы қала құрылыстық жоспарда қаланың тік доминантының, өзгеше «қақпаның» рөлін атқарады. Соборда патша Романовтар отбасы және Петр I жерленген.

Доминико Трезини шығармашылығы (шамамен, 1670-1734 ж.)

1706 жылы Петр I бас сәулетшісі Доменико Трезини сайланған калалар ісі Кеңсесінің негізін құрды. Ол 1670 жылы Лугано маңындағы швейцарлық ауылда дүниеге келді. 1703 жылы Д. Трезини Ресейде фортификатор және сәулетші болып жұмыс істеу үшін шақырылған, орыс елшісі князь Измайлов пен оның арасында шарт жасалды. Трезини Петропавл қамалы құрылысының жетекшісі, сондай-ақ Петербург құрылысына жігермен қатысқан алғашқы сәулетшілердің бірі болды.

Петербургды жылдам салу үшін Д. Трезини 1714 жылы «үлгілі» үйлердің үш жобасын дайындады (*104-сурет*). Олар:



104-сурет

- «пиғылды» адамдарға арналған үй (тегі мен сословиесі ең төмен). Бұл типтік үйлердің жоспарлары «құрылған» тұрғын ұяшық: ауыз үй, ас үй және 2 тұрғын бөлме.



- ауқатты (мещандарға арналған) адамдарға арналған үй – жоғары жағында – мезонин, үйдің өзі – бір қабатты. Жоспарда бұл бірнеше тұрғын ұяшықтан одақтасқан.

- «әйгілі адамдарға» арналған – 2-3 қабатты және жоғарғы қабатында мансардасы бар. Әдетте, мұндай үйлердің орталығы бағаналармен, аркалармен ерекшеленеді.



Соңғысына өте қарапайым безендірілген Петр I жазғы сарайы (сәулетшісі Трезини, 1710 ж.) мысал бола алады. Қасбеттерді безендіру үшін мүсін қондырмалар мен әшекейбедер қолданылған (*105-сурет*).

Бір сызыққа салынған типтік үйлердің қасбеттері болашақ көшелердің нұсқасын түзді. Петр I ойынша болашақ астана тастан ғана салынуы тиіс, ал ол жетіспеді, сондықтан көптеген тұрғын үйлер мен типті, қоғамдық ғимараттардың өзі ағаштан салынды, бірақ олардың қасбеттері тас қалауды боямалайтын сылақпен өңделді. Ғимарат аражабындары ағаштан орындалды және типті, И. К. Коробовтың жобасы бойынша Адмиралтействаның шатырұшы ағаш болды.

Типтік жобалау қағидасын Трезини қоғамдық ғимараттарды жобалауда табысты пайдаланды.



105-сурет



106-сурет

Он екі коллегия ғимараты (1722-1742 ж.)

1717 жылы Петр I 12 коллегияға арналған әкімшіліктік ғимарат салуға конкурс жариялады. Конкурса: Леблон (1714 жылы Петерборға шақыртылған корольдіктің бас сәулетшісі), әкесі мен ұлы Растреллилер, Кваренги сияқты барлық атақты сәулетшілері қатысады. Конкурста типтік шешім қағидасын пайдаланған Д. Трезини жеңіске жетті: ол 360 м созылған коллегияның 12 бірыңғай одақтастырылған корпусының жобасын жасады (106-сурет). Барлық бөліктер шағын волютасы, маңдайша қабырғасы бар ризалиттермен ерекшеленді. Әр бөліктің өз есігі болды және биік сынық

пішінді төбемен жабылды. Ғимараттың шетжағы Нева жағалауына қараған. Жоба бойынша ғимарат алдында алаң болуы тиіс, бірақ ол салынбаған. Кейіннен ғимарат кірпіш түске боялған, ал әшекейі ақ түсті.

Аталған құрылыстардан басқа Д. Трезинидің көптеген тұрғын ғимараттары, Александр-Невский Лавр корпусы және басқа құрылыстары бар.

Д. Трезини Петербор құрылысының бас жоспарын жасауға арналған конкурсқа қатысып, жобасы ең үздік жоба болып шығады. 1716 жылы Петербордың бас сәулетшісі А. Леблонның бас жоспары бойынша қала орталығын Васильев аралына орналастыру ұсынылады, бірақ XVIII ғасырдың басында орталығы Неваның сол жақ жағалауында орналасқан қаланы тарамдалған-айналма жүйемен жоспарлау қалыптасады. Адмиралтействоға 3 басты магистраль қосылады, ал Васильев аралы тікбұрышты қала бөліктерінен тұрады. Д. Трезини қала орталығының үш сәулетлі қалыптасқан композициясымен орасан зор кеңістіктік композицияны жасап, жүйелі жоспарланған қағидалары табиғи ортаның нәзік сезімімен үйлестірілген жоспарын дайындады.

Петербург бірден астана болған жоқ, тек 1709 жылғы Полтава шайқасынан кейін ғана астана мәртебесіне ие болды. Бұл кезде құрылыс жаңа күшпен жаңартылады.

XVIII ғасырдың басында Петерборда тек дәстүрлі тұрғын және қоғамдық ғимараттар ғана салынды. Петр I арнайы тапсырысы бойынша қосарланған діңгекті қарағай табылған жерге табиғат, мұражай және кітапхананың таңғажайып функциясының жинағы үйлестірілген ғимарат салынады.

Кунсткамера (1718-1734 ж.)

Васильев аралының жағалауындағы кунсткамера ғимаратын сәулетшілер И. Маттарнови, Г. Киавери, М. Земцовтар салды.

Ғимарат үш қабатты және мұнарамен екі бірдей бөлікке бөлінген. Мұнара дөрекі қашалған таспен, қуыстарға орнатылған мүсінмен, 2 қабатты ұстынтізбекпен безендірілген және глобусты көтеріп тұрған күмбезді күнтартармен аяқталған. Мұнара алтын жалатылған күмбезді екі сегіз қырлы бөліктен түрінде. Бастапқыда Кунсткамера ағаш бүйір жақ қанаттары болмаған, кейіннен кірпіштен салынып, сылақтанып, көгілдір ақық түске боялған. Қабырғалардың

негізгі әшекейі ретінде әдеттегі жазық қабырға жақтаулары мен жиктемелер қолданылған.

Маңызды құрылыс жұмыстары Петерборда ғана емес, сонымен қатар оның төңірегінде де жүргізіледі. Петербор төңірегінде – Петергофта, Ораниенбаумда және басқа жерлерде патша мен оның маңындағылардың резиденциясы орналасқан қала сыртындағы бақ-саябақ ансамбльдері салынды. Бұл жерде сәулетшілердің назары тек салтанатты сарай ғимараттарға ғана емес, сонымен қатар ландшафттық сәулет имараттарын: субұрқақтар, мүсіндер орнатылған аллеялар, күркелер, тамаша көз тартатын орындар жасауға ауды.

XVIII ғасырдың бірінші отыз жылының соңында Петербор құрылысына отандық сәулетшілер белсенді жұмылдырылады. 1727-1738 жылдары И. Коробов Адмиралтейство ғимаратын қайта салады. Оның кеме орнатылған алтын жалатылған шатырұшы (биіктігі 72 метр) П. Еропкин дайындаған сол жақ жағалаудың қала құрылыстық даму идеясын бекітіп, Невадағы қала символына айналды.

Астананың Петерборға көшірілуіне байланысты Мәскеуде және провинциялық қалаларда діни сәулет, батыстың елеулі ықпалына ұшыраған дәстүрлі формалар жетекші маңызын сақтайды. Тұрақ жай сәулетінде сәнді әшекей элементтері ғана өзгереді: дөрекі қашалған жауырындық қабырғалар, ордерлік жүйе бөлшектері пайда болып, ғимарат ашық түске боялады. Мәскеудің азаматтық ғимараттарының ішіндегі ең маңыздысы – ғасыр басында қасбеттерінің көлемділігі және қолайлығы кремль қабырғаларымен тамаша үйлестірілген Кремльдегі Арсенал болды (сәулетшісі Д. Иванов, Х. Конрад, 1702-1738 ж.).

Петерборды жоспарлау және «үлгілі» үйлер салу құрылыс тәжірибесі Мәскеу құрылысында да көрініс тапты. И. Ф. Мичурин көне Мәскеудің жоспарлануын жақсарту мақсатында қаланың бас жоспарын жасайды. Содан бері қала құрылыстық шаралар мемлекет органдарының тұрақты жұмыс және бақылау құралына айналады.

Мәскеу шіркеулерінің құрылысшылары ғасыр басында негізгі көлемі биік және алтары мен трапезасы аласарақ болып келетін дәстүрлі композицияны сақтады. Солардың бірі Мәскеудегі Меньшиков шіркеуі болып табылады.

Мәскеудегі Меньшиков шіркеуі (1704-1707 ж.) Сәулетшісі Иван Зарудный

Бұл – Архангел Гавриил шіркеуі (Меньшиковтың әкесі туралы есте сақтау). Иван Зарудный ежелгі орыс сәулетіне тән сағат орнатылған 2 қабатты қоңыраулы мұнараны орналастыру тәсілін қолданған. 1770 жылдары жанып кеткен шатырұш алмастырылған соң, Меньшиков мұнарасы сол кездегі ең биік мәскеулік мұнара болып шығады. Меньшиков мұнарасы Ұлы Иван қоңырау мұнарасынан 1,2 метрге биік болғанымен, сәйкестемелік қатынас есебінен мұнара аласа көрінеді. Қасбеттер әдемі өңделген: қызыл қабырғалар аясында жауырындық қабырғалар, сурет салынған жақтаулар, әдемі ернеулер мен оймабедерлер ерекшеленеді. Қарсыкермеге ұқсас екі орасан зор валюта кіреберіс есіктің екі бағаналы діңмаңдайшасын қорғап, батыс жақ қасбетке жалғасады.

Ресейдегі кемеліне жеткен барокко сәулеті XVIII ғасырдың ортасы

Петр I қайтыс болғаннан кейін сәулет бұрынғысынша дамуын жалғастырды. Дегенмен, XVIII ғасырдың ортасында православ шіркеулері мен феодалдар үлкен рөл атқарады. Сәулетте батыс барокко элементтері белсенді игерілген және қайта өңделген сарайлар мен шіркеулер орын алады. Батысқа бейімделгенмен, басқа бағытта болады. Бұрын көбінесе, конструкциялар қолданылса, енді мәдениеттің сыртқы пішініне (сән, аспаздық және т.б.) және қасбеттердің сыртқы безендірілуіне баса назар аударылады. Бұл Анна Иоанновна және оның фавориттерінің, австриялық Биронның, Анна Леопальдовнаның басқарған шағы болатын. Билікке Елизаветта келгенде орыстың көне стиліне қайта Оралады.

Дворяндардың бос дырдумен өткізген өмір салттары, сән-салтанатқа талпынуынан орыс бароккосы стилінде сәнді сарайлар салынады.

Орыс бароккосының негізгі белгілері

- Салтанаттылық, көтеріңкі сарындылық.
- Күрделі ракурста әр тұрғыдан қабылдауға есептелген көлем, жалпы сұлеттік композиция тұрғызу.

- Масштабтарды қарама-қарсы қою, жарық пен көлеңкенің қарама-қарсылығы.
- Жоспаларда қисық сызықтық, сәулеттік пішіндерде көркемдік пен динамизм басым.
- Интерьерде кеңістіктің бұлдырлығын жасайтын күрделі әшекейлеу, қитұрқылы жапсырма, айна басым.
- Халық дәстүрлерін шығармашылық пайдалану – көп түстілік, алтын жалатылған ағаштан әдемі ойма сурет, салтанаттылық.

Орыс бароккосының ең ірі өкілдері – Д. В. Ухтомский және Б. Б. Растрелли.

В. В. Растреллидің шығармашылығы (1700-1771 ж.)

1717 жылы Варфоломей Варфоломеевич (Бартоломей Франческо) Растреллидің әкесі Бартоломео Карло Растрелли орыс қазынасымен шарт жасасып, Петерборға көшіп келеді. Ол мүсін, кескіндеме және интерьер шебері болған. Жас кезінен оның ұлы әкесінің жұмыстарына, кейіннен Петерборды жобалауға және салуға қатысады. Құрылыс негізінен бос телімдерде жүргізілді. Алғашқыда Растреллидің сарайлары астанадан алшақ жерде салынды (Митавада – 1738 ж., Рудланда – 1735 ж.), сондықтан сәулетші астана сәніне тәуелді болған жоқ. Өз туындыларымен жұмыс істей отырып, В. В. Растрелли орыс бароккосын жасай алды.

Петергоф сарайы қайта салынғаннан кейін Растрелли ең сәнді сәулетші атанады, сондықтан патша жақындары мен туыстарына арнап салады. Ол Қысқы сарай, Смольный монастырын, Патша ауылы мен Петергофта сарайлар салады.

Елизавета қайтыс болған соң 1761 жылы билікке оның ұлы Петр III, ал бір жылдан соң оның әйелі Екатерина II келеді. Ол Растреллиді жақсы көрмеді және оның Құрылыс істері кеңсесіне бағынуы туралы бұйрық шығарды. Растрелли өз еркімен орнынан кетеді. 1771 жылы Италиядан оның соңғы хаты келеді.

Б. Растреллидің ертедегі жұмыстарының бірі Петр сарайы ғимаратын қайта құру болатын, жас кезінде-ақ Растрелли толып жатқан субұрқақтардың мүсіншісі ретінде жұмысты әкесімен бастаған болатын.

Петр сарайы (1714-1725, 1745-1755 ж.) Сәулетшілері: И. Браунштейн, Ж.-Б. Леблон, Н. Микетти, Б. Растрелли

1713 жылы Петр I сарай субұрқақтарын ашты. Олар табиғи биік құламаға орнатылған осының есебінен 19 метрге дейін биіктікте субұрқақтар қысымы қамтамасыз етіледі. Ғасыр басында Петр сарайының көлдерінен субұрқаққа өтетін қыш құбырлар қойылады. 1716 жылдан бастап Растреллилер субұрқаққа мүсіндер орнату жұмысымен көп айналысты. Әр субұрқақ – алтын жалатылған қола фигуралар болып саналатын өнер туындысы.


1745 жылы Растрелли Петр дәуірінің құрылысын енгізе отырып, оның биіктігі мен ұзындығын ұлғайтып, сарайды қайта құрды. Ол сарайға төменгі террасаларда орналасқан аспалы бақтар жалғай салып, оның бір жағын шіркеумен, екінші жағын павильонмен аяқтайды. Жаңа имарат үш бөліктен – ортаңғы корпус пен бүйір жақ қосалқы үйден, оған қосылған бір қабатты галереядан тұрады. Осылайша, сарай бүкіл саябақ ансамблінің орталығына айналады. Есіктің ортада емес, павильон жақта орналастырылуы сарайға тән белгі болып табылады. Сарай ұзындығы 300 м-ге жетеді.

В. В. Растреллидің ең атақты сарай имараттарының бірі - Қысқы сарай жобасы.

Қысқы сарай (1754-1762 ж.)

Қысқы сарай құрылысында (107-сурет) Растрелли Нева жағалауындағы қала ансамблін безендіруге баса назар аударды және орталық алаңдар жүйесін құруды бастады. Ұйымдастырылған қала кеңістігіне байланысты сарай қасбеттері әртүрлі композицияға ие болды.

Неваға қараған солтүстік қасбет қарапайым. Нева жақтан қасбет қанаттарына жиналған екі қабатты ордерлік тіреулер өз сипатымен, масштабымен және ұзын сәйкестемелік қатынастарымен Нева кеңістігіне сәйкес күшті ірі масштабты «ұстынтізбектер» құрайды. Сарайға апаратын басты жол мен алаңы бар қарама-қарсы жақтағы қасбет ордерлік ерекше жүйемен орталыққа қарай динамикалық ұлғая түсетін ырғақпен жарасымды осьтік құрылымда орналасқан. Басты осі кейіннен Генштаб аркасымен бекітілген, қасбеттің осьтік композициясы сарай алаңының сипатын алдын ала анықтады. Қысқы сарай ансамблі тұйық аула түрінде шешілді.



107-сурет

Батыс жақ қасбет Адмиралтействоға, шығыс жақ қасбет шағын ішкі аулалардың жанында біріккен тұрғын бөлмелерге қарайды.

Орасан зор сарайды 2 жылдың ішінде салып шығу керек болды, бірақ бұл мүмкін емес еді. Жанталас құрылыс 3 жыл бойы жүргізілді, Растреллиден басқа оның интерьерін безендіруге әр жылдары: А. А. Монферран, К. И. Росси, А. П. Брюллов және т.б. үлес қосты.

Сарай Растрелли шығармашылығының шыңы болды. Тақ тұрған залдың ауданы 1300 м². Қазір бұл жерде елдің бас мұражайы Эрмитаж орналасқан. Ескі Эрмитаж, Кіші Эрмитаж (1764-1775 ж., Ж. Б. Вален-Деламот және Ю. М. Фельтен) және басқа сарай ғимараттарымен бірге мұражайда 60 мың картина және 2,6 млн. басқа өнер туындылары бар.

Ескі Эрмитаж патша отбасының сырлас қатынастары мен демалуына арналған (француз тілінен аударғанда «тақуа», «тәркі» деген мағынаны білдіреді). Екінші қабатта қысқы бақ – «оранжерейлік үй» орналасқан (1771-1787 ж., сәулетшісі Ю. М. Фельтен).


Растреллидің композициялық және сәнді шеберлігі Смольный монастырының 120 тәрбиеленушіге арналған оқу-тәрбие мекемесінің ансамблінде айқын көрінді.

Смо́льный монастырь (1748-1764 ж.)

Орыс сәулетшілерінің шығармашылығы негізінде Растрелли бас собордан және оны қоршаған кельядан тұратын композиция құрады (*108-сурет*). Монастырдың тұрғын корпустарын ортасында кең барабанға орнатылған үлкен күмбез бен 4 үйлесімді екі қабатты мұнарасы бар, биіктігі 85 м собор орналасқан грек төрттағаны түріндегі аула қоршап тұр. Собор композициясы әсем нақышты.

Монастыр көп уақыт бойы бастапқы жоба күйінде болды. 1748 жылы Елизавета жобаны: «Рим үлгісінде емес, осы жердің Успен шіркеуі сияқты» қайта жасауды бұйырды, өйткені ол батыс үлгілеріне жақын болатын. Монастырдың жанына 120 бақ, әр кельяның астына қызметшілердің бөлмесі мен қойма салынады. Растрелли 1750-1756 жылдары монастырдың жалған үлгісін жасайды. Алдымен кельялар, кейін басқа сәулетшілер аяқтаған собор тұрғызылады. Собор қасбетін толығымен жауып тұратын кіреберіс мұнара салынған жоқ.

Кемеліне жеткен кезеңдегі Растрелли шығармашылығы Үлкен Патша ауылы сарайында айқын көрінді.



108-сурет

Үлкен патша ауылы сарайы (1752-1757 ж.)


Петр заманында бастап салынған сарайды 1743-1744 жылдары А. В. Квасов аяқтайды және Растрелли айбынды анфиладасы бар сарай залдарымен монументті сарай имаратын жасайды. Ғимаратты сақтау қажеттілігі міндетті күрделендіріп жіберді және сарай

ұзындығы 300 м-ге созылған пішінге ие болды. Мүсінмен және үлкен ордер ұстынтізбегімен безендірілген бедерлі шығыңқы тұстары мен ойдым тұстары бар қасбеттің қалың пластикасы, сәулеттік пішіндер мен жалған әшекейдің бейнелілігі, қабырғалардың көгілдір түсінің алтын жалатылған және ақ жапсырылып мәнерленген бөлшектермен үйлесімі орыстың сарай сәулетінің айбынды бейнесін құрайды. Көркем әшекейтөбе, ағаш ойма сурет, алтын жалатылған волюта, катушка, гүл тізбегі және айнамен безендірілген сарай интерьері тамаша.

Сарайды кең саябақ екі бөлікке бөліп тұр, негізгі шығыс бөлік – Ескі саябақ және батыс бөлік – Жаңа саябақ. Жүйелі сипаттағы Ескі саябақ кескінінде сәулетшілер «Орыс Версалін» жасауға талпынған.

1747-1748 жылдары Растрелли Киевте Андреев шіркеуінің жобасын жасаған, бірақ шіркеу ол қайтыс болғаннан кейін ғана тұрғызылды.

XVIII ғасырдың бірінші жартысында Ресейде жасалған ағаш сәулет ескерткіштерінің ішінде Онеж көлінің Кижи аралындағы Қайта өзгертілген шіркеуі биік көркемдік құндылыққа ие болды.



109-сурет

Кижі шетіндегі шіркеу ансамблі

Ол екі шіркеу мен қоңырау мұнарадан тұрады. Қарапайым төрттағанды жоспардағы 1714 жылы Қайта өзгертілген шіркеу (109-сурет) басты болып табылады. Оның жоспарын Петр I өзі жасаған деген дерек бар. Ол таңғажайып көрініс беретін, 23 күмбезбастан тұратын ағашпен безендірілген. Шошақ төбелі шатыры бар қоңырау мұнара 1764 жылы тұрғызылған Покров шіркеуінің жарасымды 9 күмбезбасына ұқсастырылып 1874 жылы салынған.

Басқа көптеген ағаш шіркеулер сияқты ансамбль сызбасыз, шегесіз, бір ғана балтамен тұрғызылған. Әр кезеңде салынғанына және әртүрлі шеберлердің салғанына қарамастан ол өзінің бүтіндігімен ерекшеленеді.

1.10.6. тақырып. XVIII ғасырдың екінші жартысы-XIX ғасырдың 30-жылдарындағы Ресей империясының сәулеті

Орыс классицизмінің сәулеті

XVIII ғасырда орыс сәулетінде 60-жылдардан бастап айқын және қарапайым пішіндерге, жарасымды және көлемді классикалық қағидаларға ауысу сезіле бастайды.

60-жылдары сарайларды емес, «іскери» имараттарды жазауды талап еткен капиталистік қатынастар күшіне енген XVIII ғасырдың екінші жартысында орыс классицизмі пайда болды. Өскен экономикалық қуат негізінде сәулеттік имараттар тақырыбы қайта қоғамдыққа айналады. Антикалық пішіндердің айқындылығы және тиімді қарапайымдылығы сәулетшілердің жаңа қоғамдық және көркемдік үлгілерді іске асыруына мол мүмкіндік береді.

Орыс классицизміне батыс еуропалық өнер эстетикасы ықпал еткеніне қарамастан оның өз ерекшеліктері көрінді:

- көп шетелдіктер жұмылдырылғанымен өзінің ұлттық белгілерінің болуы (Ресейде өзінің көркемдік академиясы құрылады),
- орыс классицизмі қарапайым, әдеттегі материалдар негізінде дамыды (кірпіш, ағаш), ал оның күрделі сәнді пішіндері (бағана әсембағандары) мәрмәр немесе граниттен емес,

қарапайым сылақтан жасалды. Осының арқасында классицизм астаналық қалалардың сарайларында ғана емес, сонымен қатар провинцияның қарапайым тұрақ жайларында да өркендеді.

- табиғатпен, ландшафтпен тығыз байланыстағы үй-жай ансамбльдерін жасау мүмкіндіктері.

Классицизмнің көркемдік үлгілері орыс сәулетінде итальяндық Қайта өрлеу дәуірі шеберлерінің шығармашылығы арқылы өзгерген антикалық болды. Стильге тән белгілер – айқын геометриялық жоспарлар, көлемдер мен қасбеттер композициясындағы біркелкі симметрия, орталықтың басым болуы, көлденең және тік бөліну айқындығы. Бағана бөліктерінің дәлме-дәл арақатынасын сақтаған антикалық ордерлік жүйе сәйкестемелік қатынас арақатынасының өлшемі болды. Ұстынтізбектер, жауырындық қабырғалар, діңмаңдайшалар классикалық сәулеттің тұрақты мотивтері болып табылады.

Ресейде классицизмнің екі сәулеттік: батыс еуропалыққа жақын петерборлық және өзінің ұлттық ерекшеліктері бар мәскеулік мектебі қалыптасады. Классицизм сәулеті шартты түрде:

Ерте классицизм – *1760-1770 жылдар*;

Жарасымды классицизм – *1780-1800 жылдар*;

Кейінгі (кемеліне жеткен) классицизм – *1800-1830 жылдар* болып үш кезеңге бөлінеді:

1812 жылғы Отан соғысы бұл кезеңді екіге бөледі:

I. *1800-1812 ж.* II. *1812-1830 ж.* – Ампиризм.

Классицизмнің соңғы ірі жетістіктері жаңа стиль – эклектиканы енгізген уақыт болып табылады.

Ресейде классицизм стилінің даму аралығында осы стильдің тамаша үлгілерін жасаған орыс сәулетшілер де, шетелдік сәулетшілер де еңбек етеді. Орыс классицизмінің үздік өкілдері - И. Е. Старов, В. И. Баженов, М. Ф. Казаков, А. Д. Захаров, А. Н. Воронихин, В. П. Стасов, Ч. Камерон, Д. Кваренги, В. П. Стасов, К. И. Росси, О. И. Бове және басқалар.

Петербор мектебінің ерте классицизмі

Ерте классицизм белгілері қасбеттердегі дорикалық ордер, қабырғалардың қарапайым пластикасы, жауырындық қабырғалармен және жарты бағаналармен бөліну болып табылады. Барокко ықпалы

байқалатын классицизмнің ерте үлгілерінің қатарына Көркемөнер академиясының ғимараты, Мәрмәр сарай (1768-1785 ж., сәулетшісі А. Ринальди) жатады.

***Көркемөнер академиясы (1764-1788 ж.) Сәулетшісі:
А. Ф. Кокоринов, Ж-Б. Вален-Деламот***

Көркемөнер академиясы 1750 жылы құрылды. Оның негізін қалаушы және алғашқы президенті граф Шувалов болған, сондықтан бастапқыда академия оның жекежайында орналасқан.

Шувалов сәулет өнерін оқыту үшін А. Ф. Кокориновты шақырады, ол академия ғимаратының жобасын жасайды, бірақ ғимарат ашылғанға дейін өмір сүрмеді.

Бұл – классицизм қағидалары едәуір қалыптасқан ірі қоғамдық ғимарат үлгісі. Ғимарат Васильев аралында тұтас бір қала бөлігін алып жатыр (*110-сурет*). Ғимарат жоспарында ортасында салтанатты дөңгелек ауласы және бұрыштарында төрт төртбұрышты ауласы бар орасан зор тікбұрыш болып саналады. Дөңгелек аула жанында екінші қабатта тамаша жарықтандырылған және студенттердің көрме жұмысына арналған дөңгелек галерея орналасқан.

Ғимарат қасбеттерінің, сондай-ақ интерьерлерінің негізгі бөлінуі ордерлік жүйеде тұрғызылған. Бірінші қабат қашалған, екінші және үшінші қабаттар дорикалық жауырындық қабырғамен, ал ғимараттың шығыңқы бөліктері ризалитпен, бағаналармен қосылған. Бас есік үстінде аласа күмбез орналасқан.

Петербор мектебінің жарасымды классицизмі

XVIII ғасырдың 80-90-жылдары стильдің барлық негізгі белгілері жетіледі, жазық сәнді элементтер жойылады. Бұл уақыттың имараттары салтанатты және айбынды келеді.

Жарасымды классицизм кезеңі – қала құрылысының гүлденген шағы. Көптеген провинциялық қалалар тиімді қайта жоспарлану нәтижесінде кескіндерін өзгертті. Қаланың қоғамдық орталығын ұйымдастыруға, тұрғын үй құрылысының жарасымды регламентациясына ерекше көңіл бөлінді.


Орыс классицизмі жетістіктерінің бірі тұрғын, қоғамдық, өнеркәсіптік, сауда ғимараттарының типтік жобасын жасау болды.

Бұл құрылысты шапшаңдатуға және қала құрылысында ансамбльдік және стильдік бірлікті сақтауға мүмкіндік берді.


Петерборда жарасымды классицизм пішіндерінің қалыптасуы И. Е. Старов, итальяндық Джакомо Кваренги, ағылшындық Чарльз Камерондардың есімдерімен байланысты болды.

Иван Егорович Старовтың шығармашылығы

Орыс классицизмінің негізін қалаушылардың бірі және көрнекті қайраткері, шәкірттерімен көп жұмыс істеген – Иван Егорович Старов. Старовтың бұрынғы жұмыстары, Петербордағы Александр Невскийдің Троицк соборы және басқа құрылыс жоспарларының жалпы композициясында және қасбеттер мен интерьерлердің жеке пішіндерінде барокконың кейбір белгілері байқалады. Жарасымды классицизмнің типтік үлгісі Таврия сарайы болып табылады.



110-сурет



111-сурет

Таврия сарайы (1783-1789 ж.)

Таврия сарайының ғимараты (*111-сурет*) орыс-түрік соғысында жеңістің құрметіне қала шетінде салынды. Салтанатты сарай Неваға қараған, оның екінші жағында саябақ орналасқан.

Сарай ансамблі күмбезбен аяқталған бас ғимарат пен ішкі ауласы бар бүйір жақ шығыңқы қосалқы үйден тұрады. 3 көлем жалғастырып тұратын бөлмелердің тар бір қабатты бөлігімен және анфилада бөлмелерімен бірігеді. Бүйір жақ көлемдерде тұрғын

және қызметтік бөлмелерден басқа бірнеше зал бөлмелері де: қонақ бөлме, би залдары, концерт залы және т.б. орналасқан.

Сарай қасбеттері ықшамдылығымен және жарасымдылығымен ерекшеленеді, терезелері жақтаусыз, қарапайым және жарасымды ордерлік композиция. Бас және бүйір жақ діңмандайшалары рим-дорикалық ордердің қолданылуымен дайындалды. Төзімді қасбеттерге қарама-қарсы сарай интерьерлері ерекше әдемі және салтанатты.

Композицияның дамуы бас діңмандайшадан вестибюльге дейін, одан картина галереясы мен қысқы баққа дейінгі кеңістік осіне бағытталған. Вестибюльдің артында 5 мың адамға арналған зал, оның артында 18 жұп бағанасы бар орасан зор көлденең қойылған бағана залы орналасқан. Таврия сарайының айбынды кескінінде И. Е. Старов орыс мемлекетінің дамып келе жатқан мәртебесін көрсетті.

Оның кейінгі имараттары Рим антикалығының имараттарына жақын біршама айбынды сипатта болып келген. Сол кезде оның сәулетшілігінде классиканың батыс еуропалық үлгілеріне тікелей еліктеу жоқ, ғимараттың жалпы композициясын тұрғызуда орыс дәстүрінің сипаты байқалады.

Жалпы классицизмге үй-жайларына қосалқы үймен жалғасқан ортасында бас тұрғын ғимараты, үй артында суға жақын орналасқан саябағы бар композицияның осьтік құрылысы тән. Үй-жай түріндегі ғимаратты үш бөлікке бөлу қоғамдық ғимараттар композициясында да кеңінен тарады.

XVIII ғасырдың соңында Қысқы сарай ғимаратының кешенін салу жалғасады.

1760 жылы Том де Томан картиналарының патша коллекциясына арналған сарай ғимаратына алғашқы ғимарат – Кіші Эрмитажы жанастыра салынды. 1780 жылы Фельтен екінші ғимарат – Ескі (Үлкен) Эрмитажды (1771-1787 ж.) тұрғызады. XIX ғ. 30-жылдары (1839-1850 ж.) В. П. Стасов және Н. Е. Ефимовтар Л. Кленце жобасы бойынша үшінші ғимарат – Жаңа Эрмитаж салынады.

Джакомо Кваренги шығармашылығы (1744-1817 жс.)

1782-1785 жылдары Екатерина II шақыруымен 1779 жылы Ресейге келген сәулетші Д.Кваренги Эрмитаж театрының ғимаратын тұрғызады. Театр Ескі және Кіші Эрмитаждармен бір қатарда

орналасқан және бірінші қабаттары Қысқы жырамен бөлінген. Театрдың бірінші қабаты – қашалған. Жоғарғы екі қабатында коринфтік ордердің бағаналары орналасқан. Ғимараттың 50-60 адамға есептелген жартылай шеңбер жабық амфитеатры бар.

Бұл классикалық ғимарат болғанымен, сарайдың бүкіл кешеніне сәйкес көркемдік пен әдемілік жойылмаған.

XVIII ғасырдың көптеген қоғамдық ғимараттары конкурстық негізде жобаланды. Конкурстық жобалардың бірі – Смольный мейірімді қыздар институты ғимаратының жобасы болды (1803-1806 ж.) Конкурста Д. Кваренги жеңіске жетті. Оның институты айқын жоспарланған, тегіс қабырғалар аясында – композитті ордер ұстынтізбегі, ғимараттың мандайша қабырғасында – тек елтаңба (1923-1925 жылдары сәулетші Гельфрейх пен Щуко неоклассицизм стилінде кіреберіс салтанатты қақпа салды).

Кваренги шығармашылығы сәулет пішіндерінің жарасымдылығымен және сәулет композициясының тұйықтығымен ерекшеленеді. Петербордағы Ғылым академиясы және Қаржы бөлу банкінің ғимараттары да осындай. Кейінгі құрылыстарда, Ресейде өткізген бірнеше жылдан кейін және орыс сәулет ескерткіштерін зерттегеннен кейін Кваренги еңбектерінде өзіндік шығармашылық белгілер пайда болды.

Патша ауылындағы Александр сарайы (1792-1796ж.) композицияның ашық сипатымен ерекшеленеді және табиғатпен органикалық байланысты.

Чарльз Камеронның шығармашылығы (1730-1812 ж.)

Ресейге Д. Кваренгимен бір мезгілде келген ағылшындық Чарльз Камеронның ең маңызды жұмыстары Патша ауылындағы Екатерина сарайы жанындағы құрылыстар қатары болды (1780-1793 ж.) Оған Камерон галереясы, Ақықты бөлмелер, суық моншалар жатады. Екатерина және Павлов сарайларының интерьерлері итальяндық Қайта өрлеу дәуіріне тән өңдеу тәсілдерінің сәнділігімен орындалған.

Классицизм кезеңінде XVII ғасырдың геометриялық жоспарланған жүйелі саябақтарының орнына құрылысына Ч. Камерон да қатысқан Петербор түбіндегі Павловск сияқты әсем көріністі саябақтар келеді.

**Павловск (1777-1824 ж.) Сәулетшілері: Ч. Камерон,
В. Ф. Бренна, К. И. Росси, А. Воронихин басқалар**

Павловскінің сәулет-саябақ ансамблі (112-сурет) орыс патшаларының қала сыртындағы резиденциясы ретінде негізі құрылды. Жарасымды және көркем сарай (1782-1786, 1797-1799, 1803, 1822-1824 ж.) дәстүрлі үш бөлікті үй-жай жоспарымен классицизм стилінде салынды. Саябақ павильондары және имараттар әсем көріністі саябақпен бірге 600 га астам жерді алып жатыр.

Павловск саябағы әсем көріністі саябақтың тамаша үлгісі болып табылады. Әдемі иілген Славянка өзенін бойлай созылып жатқан саябақ аумағында ағаштар тобы мен орман сілемдерінің композициялары топтастырылған. Айналмалы жолдар саябақтың тамаша бұрыштарын біріктіреді және әртүрлі павильондар, көпірлер, мүсінді композициядағы алаңдарға алуан түрлі перспективалар ашады.



112-сурет

Петербор мектебінің кемеліне жеткен классицизмі

Классицизмнің соңғы кезеңінде – XVIII ғасырдың соңы – XIX ғасырдың 30-жылдарында қалалардың сәулет ансамбльдерін құру және алаңдарды қалыптастыру жалғасты.


Петербор сәулетшілерінің мақсаты классикалық стильде қаланың көркемдік бейнесін аяқтау болды. XIX ғасырдың әйгілі

сәулетшілері А. Д. Захаров пен А. Н. Воронихин Петерборда қаланың орталық бөлігіндегі ансамбльдерді қалыптастыруда үлкен рөл атқарды.

Андрей Никифорович Воронихиннің шығармашылығы (1759-1814 ж.)

А. Н. Воронихин – кейінгі классицизм және ампир стилінің өкілі, 14 жасынан бастап Строгановкадан Мәскеуге, кейін Италияға оқуға жіберіледі. 26 жасқа дейін Воронихин басыбайлы шаруа болып қалды. 1802 ж. ол Көркемөнер академиясының профессоры атанды.

Воронихиннің бұрынғы еңбектері (Строганова сарайының интерьерлері, Строганов саяжайы және т.б.) композициялық және сәулеттік бөлшектерінің сәнділігімен ерекшеленді. 90-жылдардың соңынан бастап оның бүкіл қызметі көп монументтілігімен көрінді. Ең маңызды имаратының бірі Казань соборы болып табылады.



113-сурет

Казань соборы (1801-1811 ж.)


Ғимарат-ансамбль XVIII ғасырдың ортасында Петерборға көшірілген Казань Құдай ана иконасына арналып тұрғызылды. Алдымен икона Невск даңғылындағы шағын соборда орналасқан болатын. 1800 жылы Воронихинге собор жобасын жасау тапсырылды.

Ол Римдегі Әулие Петр ғибадатханасына ұқсас латын төрттағаны пішінінде ғибадатхана салады және жалпы ұзындығы 72,5 м, ұстынтізбекті Невск жарасымды алаңын жасайды. Ұстынтізбектің екінші қанаты (*113-сурет*) аяқталған жоқ. Орталығы алты бағаналы діңмаңдайшамен ерекшеленген.

Үш астаукеңістікті собор биік барабанмен аяқталған, күмбез астындағы кеңістіктің биіктігі 40 м., күмбез диаметрі 17,1 м. Күмбез барабанының 16 терезе ойығы, төбесінде тіктөбеойықтары бар. Оның қасбеттері пұттық таспен қапталған. Коринфтік ордер бағаналары сұр жылтыратылған граниттен, ал әсембағандары мен розеткалары қоладан орындалған.

Тау институты (1806-1811 ж.)

Васильев аралының жағалауында орналасқан Воронихиннің екінші ірі имараты, онда мәнерлілік пен монументтілік басым. Бұрынғы бірнеше ғимараттарды біріктіріп және ескі құрылыстардың шығыңқы бұрыштарын кесіп, сәулетші жаңа ансамбльдің айқын симметриялы қасбетін шығарды (*114-сурет*). Қарама-қарсы жағалау жақтан ғимарат қасбеттерін қабылдау алыстығын ескере отырып, қасбетті қарапайым ірі пішіндерде шешеді. Тау институтына монументтілік пен жарасымды салтанаттылық тән.



114-сурет

Сәулеттің идеялық мағынасы монументті мүсінде мұнан ары ашыла түседі. Бас қасбеттің орталық баспалдақтарының бүйір жақтарында мүсіншілер В. И. Демут-Малиновский және С. С. Пименов «Геракл және Антей» және «Прозерпинаны ұрлап кету» сияқты мүсіндік топтарды орналастырды.

А. Н. Воронихин Петерборды салудан басқа Павловск мен Петергофтың сәулеттік ансамбльдерін жасауға қатысты.

Карл Иванович Россидің шығармашылығы (1775-1849 жс.)

К. И. Росси сәулетшілікті орыс сәулетшісі-декоратор В. Ф. Бреннен оқыды, кейін екі жыл Римде білім алды. 1815 жылы Гидравликалық жұмыстар құрылысына арналған комитеттің бас сәулетшісі болып, 1816 жылы болашақ Александр театрының бір жағын бойлай екі симметриялы саябақ павильонын қойып, Аничков сарайының үй-жайын қайта құрды. Кейіннен Росси сарайды қайта құру жұмысы мен Евлагин саябағын қайта жоспарлауды аяқтайды.

Шебердің ірі қала құрылыстық жұмыстары Михайлов сарайының құрылысынан және оған жалғасып жатқан телімдерді қайта жоспарлау мен құрылыс жұмыстарын жүргізуден басталады.

Михайлов сарайы (Орыс мұражайы, 1819-1825 жс.)

Бұл имарат үй-жай типтес. Сарай кешені салтанатты аула ішіндегі биік орталық ғимараттан және олармен байланысты ішкі жарық аулалы екі шығыңқы бүйір жақ корпустан тұрады. Орталық ғимарат қасбетінің бірінші қабаты дөрекі қашалған, жоғарыда шығыңқы діңмаңдайшалы коринфтік ордер бағаналары бар. Екінші қабатта жарты бағаналы жартылай шеңбер терезелер қолданылған. Сарай интерьерлері әдемі безендірілген, үйлесімді, әсембағандар арасындағы ойма әшекейбедер әдемілік беріп тұр. Ғимарат алдында үлкен алаң және қасбеттің орталық діңмаңдайшасына бағытталған Михайлов көшесі жобаланған.

Сарай 1837 жылы өртеніп кетті. Өрттен кейін салтанатты баспалдақ пен Ақ зал интерьері сақталған. 1914-1916 жылдары сәулетші Л. Н. Бенуа батыс жақ корпусты аяқтайды. Ғимарат ұзындығы 315 м құрайды.

Қала құрылыстық өнердің бірегей туындысы Александр театры мен Театр көшесінің ансамблі болып табылады (қазіргі А. С. Пушкин атындағы театр мен К. И. Росси көшесі).


Александр театры (1834 жс.)

Театрдың бас қасбеті *(115-сурет)* Невск даңғылына қараған, оның алдында алаңы бар шағын гүлбақ. Театрдың артында Ломоносов алаңына және Фонтанка өзенінің жағалауына шығатын шағын Росси көшесі (220 м) бар.

Александр театры көлемі шағын тікбұрышты ғимарат. Орталық бөлігінде бес қабатты көрермендер залы және металл аражабынды сахна. Аркалы итарқа фермалары түріндегі ложаның металл аражабындарының соны конструкциясы Россиді инженерия саласындағы жаңашыл ретінде сипаттайды.

Театр қасбеттері коринфтік ордердің жалпы бөліктерімен және бөлшектерімен қосылған. Жатаған қабырға оймабедермен безендірілген және Аполлон төртжекпесімен аяқталған. Ғимарат бірнеше рет өртенген және интерьерлерден ештеме қалған жоқ.

Көшеде симметриялы қасбеттер бар және әкімшіліктік ғимараттар салынған, жоғарғы қабаттарда жарым-жартылай тұрғын бөлмелер болды. Кеңістіктің айқын жүйелі құрылысы және қасбеттегі ордерлердің ортақ тақырыбы театр ғимаратын министрлік корпусстар орналасқан Ломоносов алаңымен, театр алаңымен, Аничков сарайы және Көпшілік кітапханамен біріктіреді.




115-сурет

30-40 жылдары Росси шығармашылығы кемеліне жетеді. Оның туындылары таңғаларлық үйлесімділігімен және пішіндерінің аяқталғандығымен ерекшеленеді. Оның шеберлік шыңына Сарай алаңындағы Бас штаб ғимаратын жатқызуға болады.

*Сарай алаңындағы Бас штаб ғимараты
(1819-1829 ж., 116-сурет)*

Қысқы сарайға қарама-қарсы Росси жолдың үстінен алаңға салынған айбынды салтанатты аркамен қосылған имек үш қабатты Сената және Синода корпустарынан тұратын орасан зор кешенді орналастырды. Ғимаратқа салтанаттылық және әсем әдемілік тән. Ғимараттың қолайлы пластикасы Қысқы сарайдың сәнді жиһаздарына қарама-қарсы қойылған.

Астана орталығының орасан күрделі қайта құру жұмыстарын жүргізгенде және Неваның екі жақ жағалауындағы монументті құрылыстарды қосқанда әсіресе, Бас Адмиралтейство ғимаратын жанасқан аумағымен қайта құрудың және Васильев аралындағы стрелканы қалыптастырудың маңызы зор болды. Стрелканың басым көлемі – Биржа ғимараты.



116-сурет


*Қор биржасы (1804-1810 ж.)
Сәулетшісі Тома де Томан*

Биржа Васильев стрелкасында орналасқан (117-сурет) және дорикалық айнала ұстынды жайдың биік нарына көтерілген қарапайым және айқын пішінді. Дөрекі қашалған жақтаулармен жиектелген, маңдайша қабырға қуысмаңдайшаларында зор жарты

шенберлі терезелер ұстынтізбекке көтерілген кең сыртқы баспалдақ ғимараттың жалпы композициясындағы негізгі мәнерлі құралдар болып табылады. Жоспарда көлемі 41 x 23 м биржа операцияларына арналған бас зал басым. Биржа ғимараты әдемілігімен және айбындылығымен ерекшеленеді.

Стрелканың жауапты қала құрылыстық мәнін ескере отырып, бас бүйірлік қасбеттің екі жағынан Т. де Томон шығыңқы іргеге теңіз құдайларының зор мүсіндерімен екі кеметұмсық бағана қойды. Кейіннен Биржа ғимаратының өзгеше фоны болатын кеден қоймаларының ғимараттары аяқталды.

Васильев аралы стрелкасын ұйымдастыру астананың сәулеттік ансамбльдері жүйесінде басты орын алатын Бас Адмиралтейство ғимаратын қайта салу жұмыстарымен бір мезгілде жүргізілді.




117-сурет

*Адмиралтейство (1806-1823 ж.)
Сәулетшісі Андреян Дмитриевич Захаров (1761-1811 ж.)*

Петр Адмиралтействосының ескі корпустарын қайта құру нәтижесінде құрылған бұл ғимарат (XVIII ғасырдың 30-жылдары И. К. Коробов салған) орыс және әлемдік сәулетшіліктің үлгісі және

Көркемөнер академиясының тәрбиеленуші А. Д. Захаровтың үздік шығармасы болып табылады.

Ғимараттың ерекшелігі әкімшіліктік және практикалық сияқты екі функцияны қатарынан атқаратындығында. Кеме зауытының өндірістік үдерістерінің жаңа талаптары есебімен ескі ғимараттарды қайта сала отырып және онда әртүрлі мекемелерді орналастыра отырып Захаров орталық қақпа үстіндегі мұнараны және корпустардың параллель жатқан екі қатары мен олардың арасынан өтетін, кейіннен көміліп қалған арналарды толығымен сақтап қалды. Жоспарда бұл П-тәрізді ғимараттың ұзындығы 407 м және бүйір жақ «қанаттары» 163 метрден.



118-сурет

Композицияның көркемдік орталығы, сондай-ақ оны біріктіруші бөлім аркасы және алтын шатырұшы бар мұнара көлемі болды (73,5 м) (118-сурет). Дорикалық ордермен орындалған текше тәрізді көлем үстінен ионикалық ордермен орындалған жеңіл ұстынтізбекпен қоршалған екінші текше көтерілген. Ол апат, жыл мезгілдері бейнеленген мүсіндермен аяқталған. Ғимараттың ұзын қасбетін Захаров симметрияның дербес осьтерімен ірі бөліктер қатарына бөлді.

Екі бүйір жақ осьтерде ортасында әрқайсысы кең 12 бағаналы діңмаңдайша және бүйір жағында 6 бағаналы діңмаңдайшасы бар дербес қасбеттер құрылған.

Неваға қараған ғимараттың бүйірлік бөліктері ұстынтізбектермен қоршалған, Адмиралтейство мұнарасының төменгі бөлігінің композициясына жақын көлемді салтанатты аркалар түрінде берілген. Екінші қабат деңгейінде қарапайым жақтаулар мен теңіз құдайларының бет пердесі қолданылған.

Мұның барлығы осы сияқты имараттармен ортақ ештеңесі жоқ данышпандық композиция қаланың үш басты даңғылы қосылатын кеңістікті ұйымдастырады.

Адмиралтейство ғимараты сәулетінде классицизм кезеңін аяқтайтын ампир стилінің ықпалы байқалады. Осы уақыттағы сәулеттік композицияның жаңа тәсілдері ұстынтізбек, арка, діңмаңдайшаларды еркін пайдалану және олардың тегіс немесе оңай қашалған қабырғаларының үлкен жазықтығымен қарсыластықта үйлесімі. Сәулеттің ерлік кескінін жасау мақсатында дорикалық ордер пішіндері, ақ бедерлермен үйлесімде қасбеттердің ашық түске боялуы жиі қолданылады.

Жаңа салтанатты және ерлік тақырыбын көрсететін ғимараттың сәнді мүсіндік безендірілуінде жапсырма тәждер, медальондар, тулар, әскери атрибутика орын алады. Мұның барлығы азаматтық, Ресейдің жалпы мемлекеттік табыстарының патриоттық пікірлер рухында құрылыстың ортақ стилін жасады.

Эклектиканың кейбір белгілері байқалатын, кейінгі классицизм стиліндегі Петербордың соңғы сәулет туындыларының бірі Исаакиев соборы болып табылады.

Исаакиев соборы (1818-1858 ж.)
Сәулетшісі Август Августович Монферран
(Огюст Рика де М., 1786-1858 ж.)

Собор Петр I кезінде-ақ салына бастаған, бірақ ол жанып кетіп, Екатерина, Павел, Александр I патшалық еткен тұста бұзылып, қайта салынды. Александр I Римдегі Әулие Петр соборынан үлкен және сән-салтанатты етіп салуды ұйғарды.

Конкурс жарияланып, маңдай алды 24 қасбет нұсқасын ұсынған, сызбашы Огюст Монферран жеңіске жетті. Монферран кәсіби сәулетші болмағандықтан жобаға В. П. Стасов, А. А. Михай-

лов және Көркемөнер академиясы Комитетінің құрамындағы басқа орыс сәулетшілер қатысты. Олардың ұсыныстарын ескере отырып, Монферран алғашқы жобасын едәуір жақсартты және жөкеден құрастырмалы макет дайындады, кейін оның жобасы бекітілді.

Собор (*119-сурет*) «ақ» өңделген граниттен салынды. Оның 116 шығыңқы ірге бағаналары биіктігі 17 м, диаметрі 1,8 м және салмағы 100 т діңмаңдайшаның 48 бағанасы орындалды. Собор ғимараты 1 га жуық аумақты алып жатыр, оның биіктігі – 101,52 м.

Собор қала құрылысы ансамбліндегі аянда орналасқан айқын көрсетілген мүсін мен орталықтандырылған сипатқа ие болды. Орасан қор көлем мен айқын мүсін қала құрылысында ғимарат маңызына себепші болды. Дегенмен, бөлшектердің кейбір құрғақтығы, ірі сәулет элементтері қатарының артықтығы және ғимараттардың кейбір бөліктерінің сәтсіз сәйкестемелік қатынасы, сәулет шеберлігінің төмендеуі және стильдің құлдырай бастауын куаландырады.

Собордың мүсіндерін безендіруді И. П. Витали, А. В. Логановский орындады. Интерьерде К. П. Брюллов пен шәкірттері орындаған таскесте мен кескіндеме қолданылды. Ғимараттың ішкі жиһазы үшін түрлі түсті тастар ғажап гаммасы қолданылды.



119-сурет

Орыс, итальяндық және француздық түрлі түсті мәрмәр, малахит және көк тас қолданылды. Бас иконостас бағаналары жұқа малахит табақтармен қапталды, иконостастың бес метрлік бағаналары қара қоңыр көк таспен жабылды.

Күмбездің аражабыны (диаметрі 21,83 м) шойын мен болаттан орындалды, бұл осы уақыттың техникасы мен инженериясының дамығандығының куәсі.

Мәскеу классицизмі

XVIII ғасырдың екінші жартысында Ресей мәдениетінде батыс еуропалық классицизм қолайлы негіз табады. Дегенмен, орыс классицизмінің сәулеті көбінесе орыс сәулетшілігінің өткен кезеңдеріне тән сол немесе басқа дәрежеде меншікті классикалық дәстүрлеріне негізделді. Ресей мәдениетінің ерекшеліктері мен әдет-ғұрыппен үйлесімде ұлттық дәстүрлер орыстың сәулет классицизмінің өзіндік даму белгілерін қамтамасыз етті. Мәскеу мектебі классицизмінде ұлттық белгілер айқын көрінді.

Мәскеуде классицизмнің идеялары мен әдістерін таратуда көптеген орыс сәулетшілері шыққан Д.В.Ухтомский мектебі маңызды рөл атқарды. Орыс классицизмі сәулетінің қалыптасуы В.И.Баженов, М.Ф.Казаков сияқты орыс сәулетшілерінің, классицизм сәулетіне халық шығармашылығының нақтылы қарқынын қосқан белгісіз орыстың крепостной сәулетшілерінің есімімен байланысты.

Қала құрылыстарымен қатар бұл кезеңде қала сыртындағы құрылыс үлкен масштабқа жетеді. Әсіресе, бұған дворяндардың міндетті мемлекеттік қызметтен босауы мүмкіндік туғызды. Мәскеуде және басқа орыс қалалары мен ауылдарында сарай құрылыстарының жаңа түрі – үй-жайлар қалыптасты.

Мәскеу мен провинциялық қалаларды жоспарлау мен салуда Петербордың жобалануы мен салыну тәжірибесі пайдаланылды. Жүйелі жоспарлау жер бедері мен тарихи қалыптасқан құрылыс ерекшеліктерімен үйлесім тапты. Мәскеу жоспарында 1775 жылы жаңа алаңдар, желекжолдар мен ірі қоғамдық ғимараттар көшелердің тарамдалған-айналма жүйесі негізінде жобаланды.

Мәскеуде классицизмнің қалыптасу кезеңінде ірі қала құрылысын жобалау ісіне Париж, Рим, Флоренция және Болон

академиясының мүшесі, жалынды патриот В. И. Баженов Мәскеудегі Кремль сарайының жобасын ұсынды.

Мәскеу мектебінің ерте классицизмі

Василий Иванович Баженовтың шығармашылығы (1738-1799 ж.)

Орыс шеберлері Д. В. Ухтомский мен С. В. Чевакинский-ден оқыған ол сол кезде ғана негізі құрылған Көркемөнер академиясының алғашқы шәкірттерінің бірі болды. Париж бен Римде өз дарынын жетілдіре отырып, ол орыс классицизмінің ең дарынды жасаушыларының бірі атанды. Сәулеттің антикалық классикасын терең меңгерген және орыс халық сәулетшілігінің табынушысы Баженов өзінің тамаша туындыларында олардың екеуін де үйлестіре білді.

1767 жылы орыс-түрік соғысы қарсаңында Ресейдің қуаттылығын көрсету үшін Екатерина II Кремль сарайын қайта салу жобасын орындауды Баженовке тапсырды.

Кремль сарайын қайта салу жобасы (1767-1775 ж.)

Бұл кезде Кремльде жекелеген палаталар ғана болды, сондықтан бүкіл Кремльді толық қайта жоспарлау талап етілді. Жоба бойынша бүкіл ансамбль негізін сарай мен басқару мекемелерінің қайта жоспарланған ғимараттары құрады. Осы ғимараттардан құралған орасан зор үшбұрышты Кремльдің ішінде ортасында салтанатты бағаналары бар алаң мен қала магистралінің жүйесі қалыптасты.

Сарайдың бас қасбеті жағалауға шығады және баспалдақтарымен, террасалармен байланысты. Қосалқы бөлмелері бар төменгі қабаттар шығыңқы ірге ретінде берілді. Екі жоғарғы қабат ионикалық әсембағандармен және діңмаңдайшалармен біріктірілді. Сарай ауданы шамамен, 4,5 га алып жатуы тиіс, Мәскеу өзенінің жағалауындағы қасбет ұзындығы – 1200 м, ал биіктігі 30-ден 40 м-ге дейін. Сарай әлемнің атақты бүкіл имараттарынан асып түсе алды.

1773 жылы Екатерина II салтанатты түрде сарай іргетасына мәрмәр кірпіш қалады, Кремль қабырғасының бір бөлігі бұзылды, мұнымен іс біткен жоқ. Сарай құны 50 млн. рубльді құрады, соғыс

болып жатқан сәтте бұл іске аспады. Көшкін болуы мүмкін деген себептерден құрылыс тоқтатылды.

Кремль сарайы жобасының орасан зор болғандығына Мәскеуде Шусев атындағы сәулет мұражайында сақталған ағаш үлгі куә. Оны жасау үшін Коломенск сарай бөлшектері пайдаланылды.

В. И. Баженовтың тағы бір ірі туындысы Царицыно деп аталатын Мәскеу түбіндегі Екатерина II-нің қала сыртындағы резиденциясының ансамблі болып табылады.

Царицыно (1775-1785 ж.)

1775 жылы серуендеп жүрген Екатерина князь С. Д. Кантемирдің Қара балшық имениесінің «тамаша көрінісіне» көңіл аударды. Имениені сатып алып, Екатерина Царицыно деп атап, ол жерге «мавритан-готика стилінде» өзінің Мәскеу түбіндегі резиденциясын тұрғызуды шешті.

Шыққан тегі неміс Екатеринаға Баженовтің «Царицыно көрінісінің» жалған готика стилі ұнады, ол көптеген тұстарына түзетулер енгізді, баспалдақтар мен терезелердің енін азайтты, барлық құрылыстар неміс құрылыстарындағыдай жабынқышпен жабылуын қалады. Бірақ Баженов Батыс Еуропаның дәстүрлі «классикалық» готикасын емес, қызыл кірпіш пен ақ-қант бөлшектерінің үйлесімімен, мәскеулік арғы аталарға тән синхронды орыстың ортағасырлық сәулетін жасады. Ол барлығын өзіндік шығармашылықпен атқарды және «готиканы» Екатерина күтпегендей етіп орындап шықты. Сондықтан тапсырыс беруші Баженовтың жасаған «орыс ертегісінің» қызыл-ақ әшекейін бұзып, құрылыстан шығарылуын бұйырды.

Баженов жалпы ансамбльді ХҮІ-ХҮІІ ғасырдағы мәскеулік сәулет стиліне тән етіп орындады, құрылыстың Царицыно тоғаны мен Городенка өзені ландшафтымен үйлесіміне ерекше назар аударылды. Царицыно ансамблінен бізге дейін жеткендері Кіші (пішінді) көпір, Сырласу (Кіші) сарайы, Опера үйі, Астықты үй мен галереялы Астықты қақпалары.

1875 жылы Екатерина құрылысқа көңілі толмай, сарайды бұзуды бұйырды. Патшайым Баженовтың бұрынғы серігі Матвей Казаковқа жаңа сарай салуды тапсырды.

Казаков бұзылған сарай корпустарының орнына Екатеринаның «мавритан-готикалық түпкі ойы» мен Баженовтың идеясын

үйлестіруге тырысып, өзінің Үлкен сарайын салады. Құрылыстың аяқталуына кезекті орыс-түрік соғысы, кейін Екатеринаның өлімі бөгет болды.

Мәскеу мектебінің жарасымды классицизмі

Мәскеу орталығын жоспарлауда жарасымды классицизм кезеңінде сарай ғимараттарының композициясы белгіленген талаптарына сәйкес және құрылысқа бөлінген жерге байланысты жиі ауысты.

Жеке тапсырыстармен жұмыс істей отырып, Мәскеу құрылысында үш бөлікті композиция тәсілдерін пайдаланушы Баженов курдонерден жиі бас тартып, жүйелі қала құрылыстық ережелерді қолдана отырып, бас қасбет сызығын түзетті. Сонымен қатар мәскеулік сәулетшілер көне қала құрылыстық доминантпен көркем үйлесетін топтастырылуы жағынан неғұрлым еркін көлемдерді пайдаланды. Жүйелінің көркем көнемен синтезі – Мәскеу мен Ресейдің басқа көне қалаларының ғимараттары мен ансамбльдерін қалыптастыруда жетекші қағидаларының бірі.

1784-1786 жылдары Баженов XVIII ғасырда Мәскеудің керемет ғимаратын жасады.


Пашков үй-жайы

Ғимарат Кремльге қарама-қарсы тұрғызылады. Ғимараттың басты көлемі мен қосалқы үй көшенің қызыл сызығында, ал салтанатты кіреберіс қарама-қарсы жақтан орналасқан (*120-сурет*). Бұл көше бұрылысында Калинин көпірінің телімін ұйымдастырған үш бөлікті сарай композициясының үлгісі.

Композитті ордердің жауырындық қабырғаларымен төрт жақтан өңделген ғимараттың бас орталық көлемі пішіндерінің тұтастығымен және айқындылығымен және оны қоршаған басқа ескі ғимараттармен композициялық байланысты Кремль құрылыстарына жауап береді. Орталық көлем үстінде ернеуі қос бағанамен көтерілген дөңгелек пішінді бельведер салынған. 1812 жылы өртке дейін бүгінгіге қарағанда бельведер жеңіл пішінді болған.

Мәскеуде Баженов көп тұрғын үйлер, үй-жайлар мен ғибадатханалар салған, олардың ішінде маңыздылары Б. Ордынкадағы шіркеу қоңырау мұнарасы мен нәзіретханасы (1780 ж.) және

Мәскеудегі Киров көшесіндегі Юшковтың үйі, Петербордағы Инженерлік қорған мен Инженерлік қорған павильоны (1797-1800 ж.)



120-сурет

В. И. Баженов өзінің өте көп данышпандық ойларын іске асыра алмай, 1799 жылы қайтыс болды.

Осы уақыттағы тағы бір данышпан сәулетші В. И. Баженовтың жақын серігі М. Ф. Казаков болатын.

Матвей Феодорович Казаковтың шығармашылығы (1738-1812 ж.)


М. Ф. Казаков – шаруа отбасынан шыққан ұсақ шенеуніктің ұлы. Ол сәулеттік білімді Ухтомск мектебінен алады. Оның практикалық жұмысы Тверьді қайта құрудан басталады. Оның көп жылдық шығармашылық қызметі негізгі ғимараттар мен имараттардың негізгі түрлерін қалыптастыруда, сондай-ақ орыс классицизмінің негізгі ерекше белгілерін жасауда маңызы зор болды. Егер Баженов үнемі классикалық сәулеттің монументті, жетілген пішіндерін іздесе, Казаков түпкі ойды жүзеге асыруға мүмкіндік беретіндей оларды кемеліне жеткізеді.

Казаковтың ең ірі ғимараттарының бірі Кремльдегі Сенат ғимараты болып табылады.

Кремльдегі Сенат ғимараты (1776-1787 ж.)

Жоспарда үшбұрышты, үш ішкі ауласы бар ғимарат (121-сурет) Кремльдің қалыптасқан құрылымына органикалық кіргізілді. Басым композициясы қабықшасының айқын гиперболалық кескіні бар, күмбезбен ерекшеленген конференция залы болып табылады. Күмбез барабан жабынының сәнмаңдайшасы, ені 5 м, биіктігі 2 м қалың арматураланған сақинада жатыр. Барабанда 24 терезе бар. Ғимараттың негізгі көлемінің мұндай шешімі ежелгі римдік дөңгелекотаудан келе жатыр. Күмбез жеңіл сияқты көрінеді. Ол Қызыл алаңға бағытталған және Сенат мұнарасымен бірге осы алаңның ансамбль орталығының бұдан әрі қалыптасуын алдын ала болжады. Соборлар жақтан созылған қасбеттер Кремльдің көне қабырғаларымен қиыстырылған.

Ғимарат интерьерлері кемеліне жеткен классицизм үлгісі болып саналады.




121-сурет

Казаків ғимаратына тән белгілер – қасбеттердің жарасымдылығы мен қарапайымдылығы, қабырғалардың тегіс, қитұрқылы өрнексіз беті, ғимараттың бас корпусы айқын ерекшеленген композиция, симметриялы орналасқан бүйір жақ қосалқы үйлер, үстіне маңдайша қабырға тұрғызылған бағаналар. Бұл қағида Мәскеу университеті мен Голицын ауруханасы ғимараттарының жобаларында сақталған.

Голицын ауруханасы (1796-1801 ж.)

Үй-жай сарайының сұлбасын қайталайтын бұл ғимарат (122-сурет) композициясының өзгеше айқындығымен, пішіндерінің

қарапайымдылығымен және қабырға сілемінің бір қалыпты жұмсақтығымен ерекшеленеді. Рим-дорикалық діңмаңдайша және оның үстіне тұрғызылған аурухана шіркеуінің биік күмбезі екі жағынан да әйелдерге және ерлерге арналған аурухана бөлігі орналасқан қуатты көлемді және ордерлік акцент беріп тұр.



122-сурет


Композицияда аурухана ғимараты қос қабықшалы күмбезбен жабылған және жеңіл сәнді дөңгелекотаумен аяқталған шіркеудің орталық көлемінен басым болып тұр. Ғимараттың екінші жағында Мәскеу өзеніне түсетін саябақ бар.

Казаковтың шеберлігін классикалық интерьерлер жасауда Мәскеудегі Бағаналы жиналыс залының интерьерінен байқауға болады.

Бағаналы Игілікті жиналыс залы (1784-1790 ж.)

2 және 3 қабаттары бір мерекелік залға біріктірілген үш қабатты Игілікті жиналыс ғимараты Казаков шығармашылығының үздік үлгілерінің бірі болып табылады (122-сурет). Залдың жалғыз тас конструкциялары – бұл көтергіш қабырғалар, ал конструкцияның қалған элементтері алтын жалатылған ақ мәрмәрмен қапталған ағаш пен кірпіштен орындалған. Зал бөлмесі төбе конструкциялары бекітілетін ағаш фермалармен жабылған. Залды 4 жақтан да ақ мәрмәрдән істелгендей сылақпен қапталған коринфтік ұстынтізбек қоршаған. Әр бағана төрт бөрененің қалыңдығындай. Люстра және

қабырғадағы айналармен үйлесімде аппақ ұстынтізбек мерекелік және таңдаулы-жарасымды интерьер құрайды. 3 қабат интерьерінде терезелердің үстінде маңдайшалар пайдаланылған.



123-сурет

М. Ф. Казаков Мәскеуде 50-ден астам ғимарат тұрғызды. Өз имараттарының кеңістіктік композициясын жасағанда сәулетші ордерді тек негізгі сәулеттік акцентті айқындау үшін ғана пайдаланып, ең алдымен, көлемге сүйенді. Оның туындыларында жоғары көркемдік мәдениет конструкцияның техникалық батылдығымен үйлесім тапты.

Казаков Мәскеудегі Университет ғимаратын, Ильинка көшесіндегі ғимараттар кешенін, Барышников үйін, Губин үйін, Демидов үйін салды.

Мәскеу мектебінің кейінгі классицизмі

1812 жылы соғыстан кейін тұрғын үй және пайдакүнемдік құрылыс проблемалары шиеленісе түседі. Қалалар қирайды, Мәскеуде тек 1/6 құрылыс қана сақталып қалады. 1813 жылы қаланың қалыптасқан тарамдалған-айналма құрылымын сақтаған қаланы қайта құру жобасын дайындаған «Мәскеу қаласын салу жөніндегі комиссия» ұйымдастырылады. Кремль мен Қытай-қала маңына Қызыл алаңмен бірге масштабы жағынан жаңа орталық жүйесін құруы тиіс ірі алаңдар «алқасы» жобаланды.

Бұл маңызды қала құрылыстық ойды жүзеге асыру Қызыл алаңды қайта құрудан басталды. Оны қайта құруда Комиссияның жетекші сәулетшісі, бүкіл Мәскеу құрылысының жалпы басшылығы тапсырылған Осип Иванович Бове (1784-1834 ж.) басты рөл атқарды.

1814-1815 жылдары Бове кең діңмаңдайшалы және аласа күмбезді кіреберіс есікті монументті Сенат күмбезіне бағыттай отырып, сауда қатарларының қасбетін жаңартады. Осы осьте 1818 жылы Минин мен Пожарскийге, бүкіл Қызыл алаңдағы салтанатты патриоттық сезімдегі жұмыстардың авторы И. П. Мартосқа ескерткіш орнатылды.

Мәскеудегі Театр алаңы ансамблінің жобасы (1821 ж.)

Оны петерборлық сәулетші А. А. Михайловтың театр жобасын пайдаланып О. И. Бове дайындады. Алаңның симметриялы осьтік композициясы негізгі бойлық осьте басым театр ғимаратына бағынады. Театр алаңының кеңістігі екі жағын бойлай салынған жүйелі екі қабатты құрылыстармен қалыптасқан.

1824 жылы аяқталған үлкен (Петр) театр ғимараты (*124-сурет*) алаң жақтан 15 метрлік ионикалық діңмаңдайшасы және қарама-қарсы жағында лоджиясы бар қарапайым тік бұрышты көлем болып саналады. Үлкен театрдың ірі және айбында пішіндері ансамбльде ғимараттың атқаратын рөліне есептелген. Бұл – классицизм кезеңіндегі Мәскеудегі ең ірі ғимарат.



124-сурет

1853 жылы ғимарат жанып кетті де, кейіннен Кавос қайта салды. Төрт еңісті жабын енді екі еңісті жабын етіп қайта салынады.

Ғимарат тегіс русттан, ал діңмаңдайша коринф ордері жүйесінде орындалды.

Театр алаңының композициясы классицизмнің ансамбльдік қағидалары ежелгі орыс сәулетшілігінің қағидаларымен біріккен ірі монументті ансамбль үлгісі болып табылады.

О. И. Бове Мәскеудің бірнеше ірі қоғамдық ғимараттарын жүзеге асырды. Александр бағы жағынан алаңда инженер А. Бетанкур аралығы 44,6 м ағаш фермалармен жабылған Манеж ғимаратын салынады. Бове жобаның сәулеттік бөлігін дайындайды. Бағаналар мен қасбет аркаларының созылып жатуының және ырғақты қатарының арқасында ғимарат Кремль қабырғаларымен композициялық байланысты келеді.

Мәскеуді салу жөніндегі комиссия көше маңызылығына қарай қабат санын белгілейтін ортақ жүйелі құрылыс әдісін пайдаланды. Ағаш конструкциялары басым, сылақпен және «тастан істелгендей етіп» өңделген тұрғын үй түрлері жасалды. Мәскеудің тұрғын үй құрылысы едәуір өзгерді. Дворяндардың қаладағы үй-жайларының орнына қасбеттері көшенің қызыл сызығына шығарылған шағын қала жекежайларының құрылысы басталады. Қасбеттерді безендіруде және ішкі жиһазда ампиір белгілері айқын көрінеді.

Кейінгі классицизм сәулеті ғимараттарды салуда және өңдеуде сылақталмаған тас, металл конструкциялар және көркемдік құйманы қолдануымен ерекшеленеді. Қасбеттерді безендірудің лирикалық көркемдігі салтанатты мотивтердің айбынды монументтілігіне орын береді. Қабырғаларда ақ жапсырма кеңінен пайдаланылады. Ордер көптеген жағдайда ерекше монументтілікке ие болады, әсіресе, дорикалық ордер кеңінен пайдаланылады. Шығыңқы ірге қабаттың дөрекі қашау және оны аркалы ойықтармен өңдеу тәсілі бекиді. Пішіндер іріленіп, сәулеттік композиция масштабтары өседі.

Мәскеудің жаңартылған тұрғын үй және үй-жай құрылысында жаңа сәулеттік мотивтер көріне бастайды. Бове салған Гагарин үй-жайында, Найденовтер үй-жайында және Кузьминкадағы Ат қорада (сәулетшісі Д. И. Жилярди) ғимараттың орталық корпусы ерекшеленеді, бас есік антикалық діңмаңдайшамен үйлесімде аркамен және аркалы қуыспен безендірілген.

XIX ғасырдың басында қала орталықтарына және орталыққа жалғасқан жүйелі құрылысқа салтанатты белгі беретін Ресейдің көптеген провинциялық қалаларында қайта құру жұмыстары

жүргізіледі. Қала ансамбльдерінің өрісі мен тұтастығы, сәулеттік композицияның алуан түрлілігі мен әдемілігі мен мәнерлілігі жағынан ХУІІІ ғасырдың екінші жартысы – ХІХ ғасырдың басындағы орыс сәулеті әлемдік сәулетте көрнекті жағдайға ие болды.

Орыс классикалық сәулетіне тән белгілер

- Композициясы симметриялы осьтік тұрғызылған салтанатты монументті қала құрылысы ансамбльдері.
- Ғимараттар мен имараттар жоспарларының классикалық айқындығы мен қарапайымдылығы.
- Имараттардың жүйелі құрылымдығы, ордерлік жүйені орындады пайдалануы.
- Өшекейді қолданғанда көркемдік өлшем сезімдері.
- Құрылыс материалдары мен конструкцияларын пайдаланғанда үнемділік және орындылық.

1.10.7-тақырып. 1830-1917 жылдардағы Ресей сәулеті мен өнері

1861 жылы шаруалар реформасы және одан кейінгі болған өзгерістер Ресейде капитализмнің дамуын шапшаңдатты. Өнеркәсіптің өсуі ғимараттар мен имараттардың жаңа түрлерінің пайда болуына себеп болды. Зауыттар мен фабрикаларды салу үшін ғимараттың екі түрі: жоғарғы жарық күнтартарлары орнатылған бір қабатты көп аралықты ғимараттар және қарама-қарсы қасбеттерінде үлкен терезелері бар үш-төрт қабатты корпустар жиі қолданды.

Сауданың дамуы жабық базарлар, көп қабатты әмбебап дүкендер мен пассаж ғимараттарының салынуына әкелді (Мәскеудегі Голицын галереясы, сәулетшісі М. Д. Быковский).

Өнеркәсіптік төңкеріс темір жолдар құрылысын талап етті. ХІХ ғасырдың екінші жартысында жолаушылар залы мен жабық перроны бар үлкен қала вокзалының түрі қалыптасты.

Өнеркәсіптік қалаларды жылдам қоныстандыру жалға берілетін пәтерлері бар көп қабатты «пайдалы» үйлердің салынуына себеп болды.

Көптеген жағдайда құрылыс техникасы алдында аралық тіреусіз немесе аз қималы тіреумен үлкен аралықты бөлмелердің аражабындары мәселесі тұрды. Көбінесе, жобалауда сәулетшілермен қатар инженерлер де жұмыс істеді. Шойын мен прокат болаттан металл конструкцияларды қолдану күмбезді және үлкен аралықты аражабындар жасауға, аспалы және аркалы көпірлер орнатуға, кірпіш бағандарды металл тіреулермен алмастыруға мүмкіндік берді.

1870 жылдың соңында Ресейде алғашқы темір бетон имараттар пайда болды (резервуарлар мен құбырлар). Ғасыр соңында Б. Г. Галеркин мен А. Ф. Лолейт ғимараттар аражабындарына темір бетон конструкцияларды пайдалана бастады. Біртіндеп олар металл конструкцияларды ығыстыра бастады. 1910 жылы темір бетон қаңқалы ғимарат пайда болды.

Орыс сәулетінің технологиялық және конструктивтік жағы дамыды, сол кезде көркемдік жағы артта қалып қана қойған жоқ, сонымен қатар кері кетті. Жаңа құрылыс материалдарын қолдану және ғимараттың жаңа пайдакүнемдік тағайындалуы жоспар құруда да, қасбеттерді безендіруде де жаңа композициялық тәсілдерді талап етті. Мұның барлығы – классицизм қалдығы және орыс сәулетінің стильдік бағытының тұрақсыздығы. Ғимаратты сәулеттік безендіруде сәнділік, мерекелік ұлғайып, көп мүсін пайда болады. Сәулет өзінің дамушы дәстүрлерін жоғалтады.

Құрылыс шапшандығы қала құрылысында, қала ансамбльдерінің қалыптасуында және көлік жүйесін дайындауда негативті байқалды. 1910 жылы ғана сәулетшілер қала құрылысын қайта өркендету туралы ойлана бастады, бірақ жобадан аса алмады. П. И. Балинский және Е. К. Кнорре бірінші кезекте үздіксіз шиыршық тәрізді сызық болып саналатын Мәскеу метрополитенінің жобасын ұсынды. Ол Театр алаңының астынан басталып, Бульвар айналмасы жолына дейін барып, жабық траншеямен (арнайы төсеммен жабылған галерея түрінде) Воскресен алаңы арқылы Александр бағына дейін созылды. Әлеуметтік-саяси оқиғаларға байланысты метрополитен құрылысы екі онжылдыққа жылжытылды.

XIX ғасырдың екінші жартысы – XX ғасырдың басындағы сәулеттің дамуын шартты түрде:

1-кезең 1830-1890 жылдар – эклектика;

2-кезең 1890-1917 жылдарға дейін – стильдеу және модерн сияқты бірнеше бағытта қалыптасқан екі кезеңге бөледі.


Эклектика

XIX ғасырдың ортасында орыс қалалары сәулетінде ортақ тәртіп бастауының әлсіреу белгілері байқалады: стиль тазалығы едәуір жойылады, құрылыста былыққан элементтер күшейеді. Ресейде капитализмнің нығаюы мен дамуына байланысты сәулет пен қала құрылысында жаңа кезең басталады.

Құрылыс техникасының жылдам дамуы сәулеттік пішіндер дамуында бейнеленбеді. Дәстүрлі пішіндер имараттың жаңа функционалдық және конструктивтік құрылымымен қайшылыққа түсті. Сәулетшілердің кейінгі сәулетшіліктің даму жолында ортақ көзқарастары болмады, әртүрлі тарихи стильдердің пішіндерін механикалық түрде жаңадан өндірді. Бұл кең тараған құбылыс эклектика деген атауға ие болды. Оған тарихи – барокко, ренессанс, готика және т.б. әр алуан көрінуі тән.

Ресейде сәулетшілер «ұлттық романтизм» рухта пішіндерді іздестіруде меншікті мұраға жиі қарайды. Орыс сәулетінде ұлттық пішіндерді жаңадан өндіруге талпыну көбінесе, ежелгі орыс сәулетшілігінің пішіндеріне қайта Уралудан тұратын әртүрлі бағыттарды тудырды.

XIX ғасырдың соңында орыс сәулетінің бағыттарының бірі – қазіргі ғимараттардың қасбеті мен интерьеріндегі әшекейде шаруа үйлерінің жиһазына еліктеу. Осындай «халық» сәулетін жақтаушылар халықтың қолданбалы өнер өрнектерін, кестелерді стильдеуді қолданды (Мәскеу Плитехникалық мұражайы қасбетінің орталық бөлігі, 1875-1877 ж., И. Монигетти, Н. Шохин). Әдемі ағаш оюын қолданған ойылған ағаш конструкциялар өте жиі пайдаланылды. Бірақ осы эклектика бағытының үздік үлгілерінің өзі, мысалы, И. П. Ропет салған Ресейдегі және шетелдегі көрме павильондары (125-сурет) қитұрқылы және мағынасыз.



125-сурет

1895 жылы орыс сәулетшілерінің екінші съезінде К. М. Быковский өткен орыс сәулетін жеткіліксіз зерттегендігі және «зердесіз эклектизм» үшін осы бағыттың ізбасарларын кінәлады.

Екінші бағыт ХҮІІ ғасырдың ортасындағы салтанатты мәскеулік сәулетшілікке еліктеу негізінде құрылды, бірақ құрғақ, қитұрқылы сәулетті жасады. Оған Мәскеу қалалық думасы (1890-1892 ж.), бұрынғы В. И. Ленин мұражайы (сәулетшісі Д. Чичагов), Мәскеудегі тарихи мұражай ғимараты (1873-1883 ж.), В. Шервуд, А. Семенов) жатады. Бұл ғимараттар сәулетінің қасбеттері симметриялы күрделі композицияда, сәулеттік бөліктерге бөлуде ХҮІІ ғасыр әшекейінің мотивтері механикалық түрде енгізілген.

Ежелгі орыс романтизмі рухында тұрғызылған ірі ғимараттар – Мәскеудегі Казань вокзалы (*126-сурет*), (сәулетшісі А. В. Щусев, 1914-1917 ж.) Бұл имаратта А. В. Щусев қазіргі ғимаратқа ХҮІІ ғасырдың соңындағы орыс сәулетінің көркем пішіндерін беруге әрекет жасады.



126-сурет


Жоғары үкімет топтарында стильдік бытыраңқылықты күшейте түскен «орыс-византиялық» стиль сәулеті ресми түрде мойындалды. Соның ішінде ХІХ ғасырдың соңғы отыз жылында сәулеттік шешім сол уақыттың композиция тәсілдерін ежелгі орыс және византиялық сәулет бөлшектерімен механикалық қосуға тұрғызылған ірі қоғамдық ғимараттар қатары құрылды. Мысалы, Жоғарғы сауда ғимаратының қасбетінде боямаланған византиялық пішіндер қолданылды (1889-1898 ж., сәулетшісі А. Померанцев).

Бұл стильдің негізін қалаушы Константин Анатольевич Тон (1794-1881 ж.) болып табылады, оның жобасы бойынша Мәскеуде Құтқарушы Христос ғибадатханасы салынды.

Құтқарушы Христос ғибадатханасы (1837-1883 ж.)

Құтқарушы Христос ғибадатханасы тек Ресейде ғана емес, сонымен қатар бүкіл дүниежүзіндегі тамаша ғимараттар қатарына жа-тады, сәулеттік құндылықтан басқа Ресей үшін тарихи маңызы зор: ол 1812 жылғы оқиғаны еске түсіру үшін және Ресейді құтқарғаны үшін алғыс ретінде салынған.

Ғибадатхананың үздік жобасын жасауға конкурс жарияланды: Д. Кваренги, А. Воронихин, А. Витберг, А. Мельников, К. Тон сияқты атақты орыс сәулетшілері конкурстың екі турына қатысты. Бірінші турда А. Витберг жеңіске жетті. Ғибадатхана тұрғызу бойынша жұмыстар басталды, бірақ жұмыс сәтсіз және баяу жүрді, сонымен А. Витберг жобасы орындалмайтын жобалар қатарына жатқызылды.



127-сурет

1832 жылдың 10 сәуірінде император Николай I сәулетші Константин Андреевич Тон (1794-1881 ж.) жасаған ғибадатхананың жаңа жобасын бекітті (*127-сурет*). 1837 жылы жаңа ғибадатхана салу жөнінде ерекше комиссия ұйымдастырылды. Құтқарушы ғибадатханасына арналған орында орналасқан Алексеев монастыры мен Барлық Әулиелер шіркеуі қирады, монастыр Сокольникке

берілді. 1839 жылдың 10 қыркүйегінде орыс-византиялық стильдегі орасан зор ғибадатхананың жаңа іргесінің қалануы аяқталды.

Құтқарушы Христос үшін жаңа ғибадатхана сәулетінің жалпы сипаты ежелгі орыс шіркеулерін еске түсіреді, бірақ ауыр салмақты византиялық стиль пішін әдемілігі мен оңайлығы талап етілген тұстарда біршама өзгертілген. Ғибадатхана төртбұрышты, төрт жағы шығыңқы және ұштары бірдей төрттаған құрайды. Қасбеттері төрт жақтан да бірдей. Ғибадатхана ғимаратының Русь үшін дәстүрлі бүкіл құрылысқа тұтастық пен толықтық беретін орталық күмбезі басым бес күмбезді жүйесі бар. Күмбез барабаны сегіз қырлы негізде жатыр және жарық ойықтары бар арктур белдігімен безендірілген.

Күмбез астындағы кеңістік бас күмбездегі 16 тереземен және маңдайшалық кеңістік астында 36 тереземен жарықтандырылады. Ішінде ғимаратты 4 зор баған ұстап тұр. Бұл бағандар мен шығыңқы жерлердің орналасуынан қос қабырғалар құралған, ал олардың арасында ежелгі христиан шіркеулерінің салты бойынша ғибадатхананы айнала дәліз, дәліз үстінде маңдайшалық кеңістік орналасқан.

Ғибадатхана қасбеттері А. Логановский, Н. Рамазанов, П. Клодт орындаған мәрмәр қалың бедердің қос қатарымен безендірілген. 12 кіреберіс есік қоладан жасалған және оларды безендіріп тұрған әулиелердің кескіндері атақты мүсінші граф Толстойдың үлгілері бойынша құйып жасалған. Бүкіл ішкі қаптама лабрдор және порфир сияқты орыс тастарының екі сортынан және түрлі түсті итальяндық мәрмәрдің бес сортынан орындалған. Интерьерлерге В. Верещагин, В. Суриков, И. Крамской және басқа Ресейдің 30 үздік суретшілері сурет салған.


Құтқарушы Христос ғибадатханасы 40 жыл бойы салынды. Құдайды көтеру мерекесінде 1883 жылдың 26 мамырында ғибадатхананың салтанатты ашылуы болды. Құтқарушы Христос ғибадатханасы өмірінің бірінші кезеңі аяқталды. 1918 жылдың 2 ақпанында РСФСР Халық Комиссарлар Кеңесі шіркеудің мемлекет пен мектептен бөлу туралы декрет шығарды. Ғибадатхана орнына Кеңестер Сарайын салу ұйғарылды. 1931 жылдың 5 желтоқсанында 45 минуттың ішінде Құтқарушы Христос Ғибадатханасы қиратылды.

Кеңестер Сарайы салынған жоқ. Оның орнына 1960 жылы сәулетшілер Д. Чечулин, В. Лукьянов және Н. Молоковтар «Мәскеу» ашық бассейнін салды.

Бүгінгі күні Ресейдің бас ғибадатханасы – Құтқарушы Христос Ғибадатханасы қайта қалпына келтірілді.

К. А. Тонның жобасы бойынша 1848-1850 жылдары сәулеті самодержавиенің идеялық бастамасын бекітуге шақырылған Үлкен Кремль сарайы салынды. Осы ғимаратпен Мәскеу Кремлі қалыптасуының кезекті кезеңі аяқталады. Үлкен Кремль сарайы өз композициясының тұтастығының арқасында Кремль ансамлінде лайықты орын алады.

Третьяков галереясы жобасында (1906 ж.) ежелгі орыс сәулет өнерінің тамаша мотивтерін жасаған В. М. Васнецов «романтизмі» ерекше.



128-сурет

Ғасырлар аралығында «ретроспективизм» сияқты эклектиканың бір түрі жасалады. Оның жолын қушылар классицизмді жалғастырушы И. А. Фомин, А. И. Таманян, И. В. Жолтовский, В. А. Щуко болып табылады. Олар ХҮІІІ ғ.-ХІХ ғасырдың басындағы орыс классикалық сәулетінен көркемдік бейненің үйлесімін, толықтығын және айқындығын бағалаған итальяндық Қайта өрлеу сәулетіне қарай аяқ басты.

Петербордағы Марковтың пайдалы үйлері (128-сурет) және Турин мен Римдегі көрме павильондарының авторы В. А. Щуконың (1878-1939 ж.) туындылары құнды.

Эклектика дамуының соңғы кезеңі провинцияда даму алған «ұтымды» сәулет немесе «кірпіш» стилін бетке ұстады.

Эклектиканың терең қайшылығы сәулетшілер ескі, жойылғанды сол ескінің тәсілдерімен жоққа шығаратындығында. Бұл ғасыр соңында жаңа стильдің пайда болуына әкелді.

Модерн

Модерн стилі өткеннің сәулеттік мұрасынан эклектикалық алып пайдаланудағы реакция ретінде пайда болды.

Модерннің алғашқы белгілері 1870 жылы пайда болғанымен, ол өз тарихын шамамен, 1890 жылдан бастап есептейді. Модерн өте динамикалық, онда бір уақытта көптеген стильдер ұтымды үйлеседі, сондықтан ол замандастарының ерекше қызығушылығын тудырды. Модернге алуан түрлілік және пішіндердің құбылуы, көп түстілік, үйлесім тән. Бұл стиль бізге Бельгиядан келді. Ресейде, Батыстағы сияқты модерннің: рационалистік және сәндік сияқты екі бағыты байқалды.

Рационалистік бағыт Батыста өте қажет болып көрінді. Ресейде алғашқы кезде XIX ғасырдың соңындағы практикалық рухпен және құрылыстағы ғылыми-техникалық прогреспен тікелей байланысты болғанымен тиісті көрініс таппады.

Сәндік бағыттың жолын қушылар модернде көбінесе тек қасбеттер мен интерьерлер жиһазының жаңа тәсілдерін ғана көрді. Олар ғимараттардың жаңа түрлері немесе құрылыс материалдары мен конструкцияларының жаңа түрлеріне жауап беретін композицияның жаңа тәсілдерін жасауды емес, интерьерлер мен сәулеттік бөлшектерді безендірудің жаңа тәсілдерін ойлап табуды басты міндет етіп қойды.

Біраз орыс модернистері бейнені жаңа конструктивтік шешіммен үйлестіре және сәулеттің адамшылық, оптимизм, бейнелілік пен күш сияқты модерн стилі бере алатын сәулеттік туындылар жасады.

Орыс модерннің ең көрнекті өкілдерінің бірі сәулеттегі ұлы өзгерісті жасаушы – Федор Осипович Шехтель болды.

Феодор Осипович Шехтель **шығармашылығы (1859-1926 ж.)**

Феодор Шехтель инженер-технолог Осип Осипович Шехтельдің орыстанып кеткен неміс отбасында дүниеге келді. Оның шешесі Доття Карловна жұбайы қайтыс болған соң, өнердің бірегей туындылары коллекциясына иелік еткен, ірі меценант Павел Третьяковтың экономкасы болады. Өнерге деген қызығушылық атмосферасында тәрбиеленген Шехтель көне астананың көркемдік өмірінің ортасында болады.

Сәулеттік білімі жоқ Шехтельдің еңбек жолы А. С. Каменский шеберханасынан басталады. Мұнда Каменский, Терский, Чичаговтармен бірге жұмыс істеп, тамаша мектептен өтеді.

Шехтель өзінің жеке еңбек жолын эклектика сәулетті үлкен дағдарысқа әкелген кез, 1870 жылдардың соңынан бастайды.

Оның алғашқы еңбектері эклектика рухымен берілген, бірақ 1893 жылы ол эклектика тығырығынан шығуға әрекеттеніп, Морозовтың жекежайын жасайды. Бұл жерде сәулетші сәндік бастаманы емес, сәулеттік бастаманы басым қояды. Ғимараттың еркін кескіндемелік жоспары қисынды және мұқият ойластырылған. Тұрғын үй қолайлылығы мен ыңғайлылығы, үй мекендеушілерінің тұрмыстық ерекшеліктерге бағынушылығы туралы қамқорлық нәтижесінде салтанатты, тұрғын, іскери және қызмет көрсету бөлмелері бір-бірінен оқшауланған топтарға біріктірілген. Ағылшын готикасы стилінде жасалған интерьерлерге ерекше көңіл бөлінеді.

Бұл жекежай «готикасы» модерн сәулетін іздестіру арнасында болды.

Шехтель салған тағы бір тамаша ғимарат ұлттық-романтикалық белгілер модерн сәулетімен қосылып кеткен 1905 жылы Мәскеудегі (129-сурет) Ярослав вокзалының ғимараты болып табылады.

Модерннің алғашқы үздік ғимараты ретінде Рябушин жекежайын атауға болады.


Рябушин жекежайы (1900-1902 ж.)

Ғимаратқа жазық темірбетон ернеулі текше тәрізді көлемнің математикалық айқындығы тән (130-сурет). Ғимараттың қасбеттерінде көркемдік пішіндер жоқ. Дегенмен бір көргеннен таңғалдыратын қарапайымдылық соншалықты оңай емес. Әр

геометриялық пішінді қарсы қойып салыстыруға болады. Ірі, көлемді қанатнаршалар оның жанында салмақсыз болып көрінетін жекежайдың қорабын кері ығыстыратын секілді.



129-сурет



130-сурет

Кеңістікті асқан шеберлікпен пайдалана білу Шехтельге тамаша мәрмәр баспалдақ-толқындарын шиыршық тәрізді бұраманың айналасына орналастырып, Рябушинск жекежайында бөлмені шиыршық бойынша ұйымдастыру қағидасын іске асыруға мүмкіндік берді. Толқын мотиві есіктің бетше босағасы мен терезе жақтауларының жиексызбаларында, холлдың түрлі түсті әшекей әйнегінің жақтауларында басқа өңдеу элементтері де қайталанады. Жекежайдың салтанатты баспалдақтарының жасанды сұр мәрмәр жиекқабырғаларының тұрақсыз пішіндері қатып қалған лава тоқындарымен қатар жабайы аң денесін де еске түсіреді. Әшекей әйнектер, керегеторлар, бейнелеу өнерін кеңінен пайдалану – барлығы интерьерді қарапайымдылықтан айыруға бағытталған.

Шехтель Рябушин банкі, мәскеулік Көпестік қоғам үйлері, «Утро России» газетінің типографиясы, Самар губерниясы Балаковадағы шіркеу, Химкидегі Патрикеевтің қала сыртындағы үйлері, Петр саябағындағы И. В. Морозовтың саяжайлары, Рязань губерниясы Кирицадағы Фон Дервиздің қала сыртындағы үйлері жобаларын жасады. Оның жобасы бойынша МХАТА ғимаратын қайта құру жұмыстары жүргізілді, соның арқасында «мхаталық» интерьерлер пайда болды. Шехтель жұмыстарында кейінгі сәулетте даму алған сәулеттік белгілерді көруге болады.

Модерн еш жерде мемлекеттік стиль бола алмады: ол ресми ғимараттар үшін өте «еркін» болды. Модерннен кейін орыс

сәулетшілігі батыспен салыстырғанда сәулет рационализациясының жолын қуған жоқ. Көптеген сәулетшілер орыс классикалық сәулетшілігінің дәстүрлеріне қайта Уралды.

Перронның жұқа металл аражабынын дайындаған, 1918 жылы И. И. Рерберг пен инженер В. Г. Шухов салған Киев вокзалының ғимараты қолайлы классикалық үлгіде орындалған.

1.11-тақырып. Кеңестік кезеңнің сәулеті мен өнері

1914-1918 жылдары бірінші дүниежүзілік соғыс пен 1917 жылғы буржазиялық ақпан төңкерісі қалыптасқан Ресей мемлекеттік жүйесін және экономикасын бүлдірді. Құрылыс толық тоқтап қалды.

1917 жылы Қазан төңкерісі орыс сәулетінің жаңа кеңестік даму кезеңінің бастамасы болды.

Алғашқы қадамнан Кеңестік үкімет қала құрылысын ретке келтіру шараларын қабылдайды. Үкімет декреттері жер мен жылжымайтын мүлікке жеке меншікті тоқтату, жұмысшыларға арналған үйлерді, электр станциялар мен басқа өнеркәсіптік нысандарды жобалау мен салуды ұйымдастыру туралы заңдар қабылдады. 1918 жылы Мәскеуде қаланың жаңа бас жоспарын әзірлеумен айналысқан А. Щусев пен И. Жолтовскийдің жетекшілігімен жобалау шеберханасы құрылады.


20-жылдары әлемдік сәулетшілікте ұқсастығы жоқ имараттардың жаңа түрлерін жасауға ұмтылыс сипатталды. Көптеген сәулетшілерді жеке тұрғын үйлер мен қоғамдық-тұрмыстық мекемелерді бір көлемді-кеңістіктік композицияға біріктіретін ғимараттардың жаңа түрлері – коммуна-үйлерді жасау идеясы шабыттандырды (*131-сурет*, сәулетшісі Н. Ладовский, 1919 ж.).

Еңбек сарайлары, «Халықтың қатынас ғибадатханалары» (*132-сурет*, сәулетшісі Н. Ладовский, 1919 ж.) және жұмысшы клубтары сияқты қоғамдық ғимараттар дайындалды.


Алғашқы жоба қағаз жүзінде қалғанымен, олардың идеялық қағидалары кеңестік сәулеттің келешекте дамуына үлкен ықпал етті.

1918 жылы Мәскеу мен Петроградта төңкеріске қатысқан көрнекті қайраткерлерге ескерткіштер орнатылып, монументті насихаттау жобасы қалыптасты. Оған суретшілер, мүсіншілер, ақындар, драматургтер, сәулетшілер қосылды. 1919 жылы В. Татлин III Интернационал ескерткішінің жобасын жасайды (*133-сурет*). Онда орасан зор шиыршықты мұнараның ішінде жұмысшы бөлмелері бар


төрт көлем бір-бірінің үстіне орналасқан. Коминтерннің заң шығару органдарының текше көлемі жылына бір айналма жылдамдықпен айналуы тиіс.



131-сурет



132-сурет



133-сурет

Атқару органдарынан тұратын кесілген пирамида түріндегі көлем айына бір айналма жылдамдықпен айналды, ал секретариаттың цилиндр көлемі аптасына бір айналма жылдамдықпен айналды. Композицияны жартылай сфералық көлем аяқтады. Бұл кеңестік сәулеттегі символизм жасаудың алғашқы әрекеттерінің бірі еді. Сонымен қатар ескерткіш жобасын әлемдік сәулетте тек XX ғасырдың соңында пайда болған «өзгертуші» сәулеттің жаңа түріне жатқызуға болады.

Жаңа ескерткіштерді жасаумен қатар Кеңес үкіметі 1918 жылы сәулет және басқа мәдениет ескерткіштерін қорғау және қайта

қалпына келтіру бойынша үлкен жұмысты бастаған «Жеке тұлғалар, қоғам мен мекемелер иелігіндегі өнер және бұрынғы ескерткіштерді тіркеу, есепке алу және қорғау туралы» декрет шығарады.

Пайда болған сәулеттік міндеттерді неғұрлым толық шешу әдістерін іздеу декларация мен жобалау материалдарының молдығына себепкер болып, пікірлер, көзқарастар мен тенденциялармен қатар жүрді.

Төңкерістен кейінгі жылдары жобалау ісі кеңестік қана емес, сонымен қатар әлемдік сәулеттің қалыптасуында үлкен рөл атқарды.

Кеңестік сәулет тарихын:

1917-1932 ж. – кеңестік сәулеттің қалыптасу кезеңі.

1933-1941 ж. – соғыс алдындағы кезең сәулеті.

1945-1950 ж. басы – қалпына келтіру кезеңіндегі сәулет.

Кеңестік сәулеттің соңғы даму кезеңі – *1950 ж. ортасы – 1991 ж.* деп төрт кезеңге бөлуге болады.

1.11.1-тақырып. XX ғасырдың 20-жылдары – 30-жылдардың басындағы кеңестік сәулет және өнер

Энергетика нысандарының құрылысы бірінші дәрежелі құрылысқа айналады. 1919 жылы алғашқы гидроэнергетика – Волхов ГЭС құрылысы басталады. 1920 жылы 30 ірі электрстанциясының құрылысын қарастыратын Ресей электрлендіру (ГОЭЛРО) жоспары қабылданады. 1922 жылы осы жоспар бойынша Петроград түбіндегі «Красный Октябрь», Мәскеу түбіндегі Кашир электрстанциясы салынады, Шатурск, Балахнинск және басқа электрстанцияларының құрылысы жүріп жатады. Әлемдік деңгейдегі сәулеттік имарат Запорожьедегі Днепрогэс ғимараты болып табылады (1929-1932 ж., В. Веснин және басқалар). 700 метрлік бөгеттің айбынды бейнесі және күш станциясының ғимараты алғашқы бес жылдықтағы монументті кеңестік сәулетке тән.

Өнеркәсіптік кәсіпорындар салына бастады, 1926 жылы шамамен 300 кәсіпорын тұрғызылды. Сонымен қатар Ресей мен Украинаның ірі қалаларында төңкеріске дейін салынған зауыттар қалпына келтірілді және кеңейтілді. Өнеркәсіптік құрылыс қазіргі сәулеттік пішіндерімен, ірі масштабымен, айқын кескінімен төңкеріске дейінгі құрылыстан ерекшеленді.

Жаңа қоғамдық, өнеркәсіптік және тұрғын ғимараттарды салу қала құрылысының жаңа тәсілдерін талап етті. Төңкерістен кейін Мәскеу мен Петроградты қайта құру жобалары жасалды (А. Щусев, И. Жолтовский және басқалар), 1924-1936 жылдары Мәскеуде Усачев және Беговой көшелерінде тұрғын үй кешендері салынады. Ленинградта, Харьковте және басқа қалаларда жаңа тұрғын қала бөліктері пайда болады. Болашақ қалалардың жобалары әзірленеді. 1925 жылы алғашқы бесжылдықтың өнеркәсіптік алыптарының базасында социалистік қалалардың алғашқы жобалары: Горький, Запорожье, Кузнецк, Магнитогордегі автоқұрылыс пайда болады.

1920 жылы бірінші жартысында жұмысшыларға арналған ұтымды тұрғын үй тұжырымдамасы қалыптасады. Л. А. Серк төрт, бес қабатты көп пәтерлі бөлікті тұрғын үй түрлерін ұсынды.

Осы жылдары кешенді аудандық тұрғын үй құрылысының тұжырымдамасы қалыптасады. Тұрғын үйлермен қатар: мектептер, балалар мекемесі, фабрика-ас үйлер, ауруханалар, әмбебап дүкендер және клубтар сияқты мәдени-тұрмыстық қызмет көрсету кәсіпорындарын да қамтыды.


Жұмысшылар клубын жобалау сол кездегі атақты сәулетшілер шығармашылығында негізгі тақырыптардың біріне айналды. Ағайынды Весниндер көлемді-жоспарлау композициясы классикалық жоспарлау элементтерімен үйлесетін Мәскеудің (1931-1937 ж.) Пролетарлық ауданының Мәдениет сарайын салады. Русаков атындағы клубта (1927-1929 жылдар, К. Мельников) авангардтың символдық пішіндер қолданылып, дәстүрлі сәулет пішіндерін қолдану тоқтатылады (*134-сурет*).

XX ғасырдың 20-30-жылдарының басында кеңестік сәулеттің дамуы жаңашыл бағытпен сипатталады. Сәулеттегі төңкерістік өзгерістердің басы ғимараттар қатарының тағайындалуын өзгерту және имараттардың жаңа түрлерін жасау қажеттігі болды.

Тұрғын үйдің жаңа түрлері идеясы кеңестік үкіметтің алғашқы жылдарында туған коммуна-үйлер болды. Мысалы: студенттер үйі-коммуна (1929-1930 ж., И. Николаев), Мәскеудегі Чайковский көшесіндегі тиімді жоспарланған пәтерлері мен қоғамдастырылған қызмет көрсету орындары бар коммуна-үй (1928-1930 ж., М. Гинзбург және И. Милинис, *135-сурет*). Дегенмен материалдар мен құрылыс жұмыстарының сапасы жаңа сәулеттік идеялардан жиі артта қалды.



134-сурет



135-сурет

Сәулеттегі проблемаларды шешудің жаңа жолдарын іздестіру әртүрлі: қала құрылысында, стандарттауда, түрлендіруде, кәсіби білім беруде, сәулеттік стилистика мен пішін қалыптастыруда және т.б. бағытта жүргізілді.

1920 жылдың басында негізінде төңкеріске дейінгі орыс классицизмінде тәрбиеленген аға буын еңбек етті. Дәстүрлі бағытты жақтаушылар И. Жолтовскийдің (1867-1959 ж.) соңынан классикалық сәулетшілік заңдарының мәңгілігін насихаттады, екінші біреулері И. Фомин сияқтылар (1872-1936 ж.) классикалық, мұраны «қалпына келтіру» тәсілдерін әзірледі.

Традиционализмді тоқтатуға ұмтылған кейбір сәулетшілер (мысалы, Э. Лисицкий, И. Голосов, К. Мельников) сәулетті романтикалық пішіндерде көрсетті. Жиырмамыншы жылдардағы кеңестік сәулеттің төңкерістік романтизмі оның бейнелеріне ерекше эмоционалдықты енгізді. Функционализм бағыты бола отырып, әлі де ресейлік авангаристерге еліктейтін батыс функционалистері бейнелерінің парасаттылығы мен құрғақтығы едәуір ерекшеленеді. Мысалы, Дефанс аркасы Э. Лисицкийдің «көлденең көк тіреген» бейнесінен алынған. Опера-Бастиль М. Бархин мен С. Вахтанговтың Мейерхольд театрының жобасына жақын. Париждегі Лувр ауласындағы шыны пирамидалар сәулетші И. Леонидовтың (1930 ж.) Мәскеудегі Пролетар ауданының Мәдениет сарайының кешенін елестетеді.

20-жылдардың ортасында кеңестік сәулетшілердің алғашқы екі бірлестігі қалыптасты. 1923 жылы психофизикалық заңдар негізінде

«ұтымды» сәулетті жасау мақсатында сәулет пен өнер синтезінің идеясын ұсынған, «эмоционалды-эстетикалық сапа мен қасиеттерді» меңгерген Н. Ладовский, В. Кринский, К. Мельников және басқа сәулетшілердің бірігуімен жаңа сәулетшілер қауымдастығы (АСНО-ВА) пайда болады.


1925 жылы өздерін конструктивистер деп атаған және дамушы өндірістік-тұрмыстық үдерістер, жаппай құрылысты түрлендіру және стандарттау негізінде «функционалдық әдіс» жолымен қоршаған органы өзгертуді өздеріне мақсат етіп алған ағайынды Весниндер, М. Гинзбург, И. Николаев және басқалардың Қазіргі сәулетшілер бірлестігін (ОСА) пайда болады. ОСА және АСНОВА арасында үнемі өткір қақтығыс болып тұрды. «Жаңа сәулеттің» бұл ұйымдарын біріктіретін ортақ белгі – эклектикаға қарсы күрес пен классиканы жоққа шығару болды.

1928 жылы жаңа сәулеттік бірлестік ұйымдастырылды. АСНОВА-дан сәулеттің бірінші дәрежелі міндеті қала құрылысы проблемаларын шешу деп білген Н.Ладовскийдің жетекшілігімен Төңкеріс урбанистерінің қауымдастығы бөлініп шықты.

Пролетар Сәулетшілердің Бүкілресейлік Қоғамының шығармашылық тобы (ВОПРА) 1929 жылы пайда болды. Өздерінің шығармашылық әдістерінің негізі ретінде вопралықтар (К. Алабян, А. Мордвинов, В. Бабенков және басқалар) «сәулетті әлеуметтік-экономикалық, эмоционалдық, идеологиялық және конструктивтік-техникалық сияқты барлық элементтермен өзара байланыста жан-жақты қамтуды» жариялады. Олар сәулетті өнер ретінде қорғады және көркемдік ұйымдастыру кеңістігін жасауда оның басымдылығына сендірді. Ғылым мен техниканың барлық жетістіктерін пайдаланумен қатар өткеннің сәулеттік тәжірибесін, соның ішінде классиканы меңгеруге шақырды.

20-жылдардың соңында алдыңғы қатарлы сәулетшілер (В. Веснин, М. Гинзбург, И. Леонидов) шығармашылық ұйымдардың оғаштығы кертартпа топтардың тұйықтығына апаратындығын түсінді. Мәскеудің сәулеттік топтары мен ұйымдарының белсенділерін жинаумен 1932 жылы жеке қоғамдарды жою және елдердің үздік сәулетшілерінің озық шығармашылық идеяларының генераторы болған Кеңестік сәулетшілер одағын құру туралы қаулы шығарылды.

1920 жылы жеткеші сәулет шеберлерінің басым көпшілігі практикалық қызметпен қатар жана сәулет кадрларын дайындады. ВХУТЕМАС-та Б. Ладовский, И. Голосов, К. Мельниковтар сәулетшілер мен дизайнерлер үшін рационализмді декларациялады. Ағайынды Весниндер Бауман атындағы жоғары техникалық училищесінде конструктивизм идеясын насихаттай отырып, инженер-сәулетшілерді дайындады. 1933 жылы сәулет ғылымын дамыту және жоғары білікті сәулетші кадрлар дайындау үшін әлемдік сәулетшілік тәжірибесі мен қазіргі құрылыс практикасының озық жетістіктерін біріктірген КСРО сәулет академиясы құрылды.




136-сурет

1920 жылы сәулеттік пішіндердің қарапайымдылығы әлемдік «интернационалдық» стильдің демократиялық үлгілерімен ұсынылды. Рационалистер мен конструктивистердің шығармашылығымен 20-жылдары сәулет стилі құрылды. Бұл бағыттарға жақыны 1920 жылдың ортасында пайда болған жұмысшылар мен қосалқы бөлмелер тобын көлемді-кеңістіктік бөлу арқылы

сәулеттік композицияны құрылымдау идеясынан тұратын структурализм ағымы. Бұл кезеңдегі структурализмнің ең айқын туындысы Харьковтегі Госпром ғимараты (сәулетшісі С. Серафимова, М. Фельгер, С. Кравец, 1926-1928 ж.) (136-сурет).

1930 жылдың басында кеңестік сәулеттің стильдік бағыттылығы үнемі өзгеріп отырды. Бірегей ірі қоғамдық имараттарды тұрғызуда функционализмнің дерлік жарамдылығы айқын көрінді. Үкімет топтары сәулеттен социализм жеңісінің бейнеленуін талап етті. Функционализмнің дамуы 1932 жылы ЦК ВКП(б) «Әдеби-көркем-өнер ұйымдарды қайта құру туралы» Қаулысымен тоқтатылды. Ол сәулетшілерді жобалауда тарихи мұраларды қолдануға бағыттады. Осы кезең неоклассицизмнің айрықша белгілері оларды көбірек монументтендіру мақсатында сәулеттік пішіндерді жеңілдету болды, композициялар ірі бөліктерге айналды.

Осы кезеңнің кеңестік және әлемдік сәулетінде В. И. Лениннің кесенесі ерекше орын алады (1929-1930 ж., 137-сурет). А. Щусевтің данышпандық туындысы кесене сәулеті көркемдік бейнені шешуде классикалық «әдемілік заңдарын» жаңаша қолданумен құрылды. Ғимарат-ескерткіш ретінде тұрғызылған Кесене басым жағдайдың, тамаша сәйкестемелік қатынастың және айқын бейненің арқасында Қызыл алаң ансамблінің сәулет-композициялық орталығына айналды.



137-сурет

1.11.2-тақырып. Соғысқа дейінгі кезеңдегі КСРО сәулеті мен өнері (1933-1941 ж.)

1932 жылы халық шаруашылығының алғашқы бесжылдық даму жоспары уақытынан бұрын аяқталды. Осы уақыт ішінде 1,5 мыңнан астам кәсіпорын салынды.

Сталинград, Челябинск және Харьков трактор зауыттары, Краматорск және Урал машинақұрылыс зауыттары, Магнитогор металлургия комбинаты және т.б. сияқты индустрия алыптарының құрылысын талап ететін жаңа өнеркәсіп салалары құрылды. Құрылыс индустриясы шапшаң дамыды. Өнеркәсіптік құрылыста қаңқалы көтергіш конструкцияларға арналған құрама темірбетон конструкциялары қолданыла бастайды.


Ірі өнеркәсіптік кешендерді тұрғызу нәтижесінде жұмысшыларға арналған жаңа ауылдар, қалалар мен тұрғын аудандар салынды. 1926 жылдан бастап 1939 жылға дейін 200 жаңа қала пайда болды. 30-жылдары сәулетшілердің мақсаты еңбекшілердің жұмысы, тұрмысы және демалысы үшін қолайлы жағдай жасалатын жаңа қалаларды салу болды.

Тарихи қалаларға келсек, олар толығымен жойылып және жаңаларымен алмастырылып, қайта құрылуы тиіс болды. Осындай тәсіл жарым-жартылай 1935 жылдың 10 шілдесіндегі СНК КСРО және ЦК ВКП(б) қаулысымен бекітілген, Мәскеуді қайта құрудың алғашқы «сталиндік» Бас жоспарының бағытын алдын ала анықтады.

Кешенді Бас жоспар көшелер мен алаңдар желісін реттеу есебінен қайта жоспарлап, қала орталығының тарихи қалыптасқан тарамдалған-айналма құрылымын сақтап, Мәскеу аумағын кеңейтуді қарастырды. Қала ішінде жасыл желек саябақтар жоспарланды, өнеркәсіптік кәсіпорындар құрылысы белгіленді. 1937 жылы Мәскеуді суландыру үшін Мәскеу-Волга арнасы іске қосылды, оның жолында ірі су қоймалары пайда болды.

Аудандық құрылымның қалыптасуы мен қаланың өсуі Мәскеудің жаңа көлік жүйесін құруды талап етті. 1932 жылы қалалық қоғамдық көлік проблемасын едәуір дәрежеде шешкен метрополитен құрылысы басталды. Мәскеу метросында бірінші кезекте 1935 жылы іске қосылған тереңге төселген жолдар үшін тоғыспалы және тіреу-арқалықты конструктивтік жүйелер қолданылды. Орасан зор жерасты сәулет ансамблінің көркейту және тамаша өңделу дәрежесі

жағынан әлемде теңдесі болмады. Метрополитеннің ең үздік станцияларының қатарына «Кропотинская» (сәулетшісі А. Душкин, Я. Лихтенберг, 1935 ж.), «Красные ворота» (сәулетшісі И. Фомин, 1935 ж.), «Маяковская» (сәулетшісі А. Душкин, 1938 ж., *138-сурет*) жатады.



138-сурет

Өкінішке орай метроның алғашқы станцияларына арналған қаптау материалдары қираған діни сәулет ескерткіштерінен алынды. Дәл осы уақытта қалпына келтіру жұмыстарын жүргізуді сылтауратып, ХҮІ-ХІХ ғасырларда тек Мәскеуде ғана емес, сонымен қатар басқа көне орыс қалаларында шіркеу сәулетшілігінің тамаша ескерткіштері бұзылып, қиратылды. «Былыққан» тарихи құрылыстан бос аумақтарда ғана ұтымды, эстетикалық жетілген, құрылымы мен бейнесі жағынан жаңашыл қала салуға болады деп саналды.

1935-1941 жылдары Мәскеуде қала орталығы жаңартылды. Астананың бас магистралі Горький көшесі (бұрынғы Тверская) жаңа келбетке ие болды. Тас төселген және үш-төрт қабатты үйлері бар тар көшеден (ені 17-19 м) ені 40-60 м және көп қабатты тұрғын ғимараттар салынған салтанатты астаналық магистральге айналды. Кең қала құрылыстық жұмыстары жүргізіліп, ірі қоғамдық және әкімшіліктік ғимараттар салынып жатқан астаналық алаң қайта ұйымдастырылды. Қала кеңістігін ұйымдастырушы жаңа орталықтар М. В. Фрунзе атындағы Академия ғимараты (1937 ж.),

«Мәскеу» қонақ үйі (1938 ж.), В. И. Ленин атындағы Мемлекеттік кітапхана (1939 ж.), Кеңестік Армия театры (1940 ж.) болды. Бейнелі шешімі құрылыста қойылуы, сәйкестемелік қатынасы бойынша 30-жылдары үздік сәулеттік имараты Мәскеу орталығында құлаған ескі құрылыстардың орнына салынған КСРО Халық Комиссарлар Кеңесінің үйі болып табылады (1932-1936 ж., А. Лангман).

Мәскеуді салу және қайта құру тәжірибесі Ленинград, Новосибирск, Томск және басқа қалалардың қала құрылыстық жұмыстарын жүргізгенде пайдаланылды. Жаңа тұрғын аумақтар жоспарланған аудандарға біріктірілген және тұрмыстық қызмет көрсету комбинаттарды қамтыған ірі қала бөліктері түрінде қалыптасты. Тұрғын қала бөліктерінің кеңістігі көркейтілді, көгалдандырылды, онда балалар мекемелері мен мектептер орналастырылды. Жалпы осы уақыттың кеңестік сәулетіне табиғатпен байланыс, адамға қатысты мөлшерлестік, композиция тұтастығы, жасампаз сипат тән.


1930 жылдың соңында жаппай тұрғын үй құрылысына үлкен көңіл бөлу мүмкіндігі туды. Әсіресе, тұрғын үйлерді құрылыстың толассыз-тездік әдістерімен салу тәжірибесі, сондай-ақ Мәскеудегі Валов көшесі мен Үлкен Алаңқайдағы (1939-1941 ж., А. Буров, Б. Блохин), Ленинградта, Магнитогорде, Новосібірде және Кеңес Одағының басқа қалаларында ірі блоктардан салынған үйлер құнды болды.

Тұрғын үй құрылысы құрылысты едәуір жеделдеткен типтік бөліктер мен құрама элементтер негізінде құрылды. Стандартты құрылыс бөлшектерін өндіру үшін 1936 жылдан бастап Мәскеу мен Ленинградта темірбетон конструкциялар зауыты салынады.

Соғысқа дейінгі уақыттағы кеңестік сәулет классикалық мұраны игеру, сәулеттік бейнелерді монументтеу, салтанатты келбеттілікпен сипатталады. Осы кезеңнің стилін жасауда 30-жылдардың басында Мәскеудегі Кеңестер сарайы жобасын дайындауға жарияланған конкурс үлкен рөл атқарды. 1939 жылы Б. Иофан, В. Щуко, В. Гельфрейхтердің жобасы бойынша қиратылған Құтқарушы Христос ғибадатханасының орнына Кеңестер сарайының құрылысы басталады. Биіктігі 300 метрлік монументті композиция 100 метрлік В. И. Лениннің мүсінімен аяқталуы тиіс болатын (*139-сурет*). Құрылыс соғыс кезінде тоқтап қалады.

Көркейту тәсілдерін күшейту әсіресе, көрме сипатындағы имараттарда айқын көрінді. Сәулет тарихының айқын беттері Париж-

де (1937 ж., сәулетшісі Б. Иофан, мүсіншісі В. Мухина) және Нью-Йоркте (1939 ж., сәулетшілері Б. Иофан, К. Алабян, мүсіншісі В. Андреев) өткен Дүниежүзілік көрмелердегі КСРО павильондары (140-сурет) болды.




139-сурет


Сәулеттегі «көркейту» әдісі қоғамдық ғимараттар сәулетінде ғана көрінген жоқ. Бас көшелердің салтанатты қасбетін қалыптастыратын көптеген тұрғын ғимараттарда келбеттілік пен монументтіліктің белгілері бар. Мәскеудегі Калуга көшесі мен Смоленск алаңында И. Жолтовский жобалары бойынша салынған тұрғын үйлер (1940 ж., 141-сурет) классикалық тақырыптарды өңдеу негізінде шешілген.

Соғысқа дейінгі кезеңде азаматтық және өнеркәсіптік құрылыс шапшаң қарқынмен дамиды.

1941 жылы Ұлы Отан соғысы үлкен өзгеріс әкелді. Бірінші кезектегі міндет Урал, Сібір және Орта Азияға майданға өнім шығаратын ірі өнеркәсіптік кәсіпорындарды көшіру болды.



140-сурет



141-сурет

Тыл және босатылган аумақтарда соғыс техникасын шығаратын жаңа зауыттар іске қосылды. Жаңа орындарда цехтар жылдам тұрғызылып, уақытша сипаттағы жаппай тұрғын үйлер салынды. Оған пайдалы және қарапайым ағаш конструкциялар, күйдірілген кірпіш және жергілікті құрылыс материалдары қолданылды.

1.11.3-тақырып. 1945-1950 жылдардың басындағы қалпына келтіру кезеңінің кеңестік сәулеті

Ұлы Отан соғысы кезеңінде 1710 қала және кенті, 70 мыңнан астам село мен ауыл, 32 мың өнеркәсіптік кәсіпорын қирады. Еліміздің мақтанышы болған жүздеген жоғары оқу орындары, театрлар, мұражайлар, сәулет ескерткіштері зиян шекті. Босатылған аумақтарда ірі қалпына келтіру жұмыстары соғыс аяқталарда кең өріс алды. Бірінші кезекте өнеркәсіп, аурухана және мектеп нысандарын қалпына келтіруге күш жұмсалды. 1945 жылы Украинадағы металлургия зауыты, Сталинград трактор зауыты қалпына келтірілді. 1946 жылы ДнепрогЭС және Харьков көлік зауыты қатарға қосылды. Алғашқы соғыстан кейінгі бес жылдық ішінде 6 мыңнан астам ірі кәсіпорын, ал 1951 жылдан 1955 жылға дейінгі кезеңде 3200 өнеркәсіптік нысан, бірнеше қуатты электр станциялары, соның ішінде дүниежүзіндегі алғашқы атом станциясы іске қосылды. 1950 жылдардың ортасында елдің халық шаруашылығын қалпына келтіру бойынша жұмыстар толығымен аяқталды.

1954 жылы Қазақстан даласында құрама-жиналмалы имараттар сериясы дайындалатын алғашқы тың жерді игеретін совхоздар пайда болды. Солтүстік қалалары өсті (Норильск, Воркут), елдің шығысы мен оңтүстік-шығысында құрылыс басталды (Сумгаит, Тбилисиге жақын Рустави, Сібірдегі Ангарск).

Соғыстан кейін қалаларды қалпына келтіру, салу және қайта құру жобалау-жоспарлау жұмыстарының орасан зор көлемінің негіздемесін, аудандарды жоспарлау сұлбалары мен жобаларын жасауды талап етті. Қала құрылысшылары қалалардың тарихи ерекшеліктерін жаңартып отырып құнттап ұстады. Көптеген қираған қалаларды қалпына келтіру жоспарларында орталықтарды кешенді шешу мүмкіндігі іске асырылды.

Минскідегі 80% қираған құрылысты қалпына келтіру барысында сәулетшілер (В. Король, М. Парусников, М. Барщ және т.б.) соғысқа дейінгі төзімді сәулетті жаңа орталықтың көрнекті құрылыстарымен табысты байланыстырды.


Сталинградты қалпына келтіруге үлкен көңіл бөлінді. К. Алабян және В. Симбирцевтердің жетекшілігімен батыр-қала орталығы ерекше идеологиялық мәнге ие болды. Құрбан болған жауынгерлер алаңының орталық ансамблі және Батырлар аллеясы, Волга жағалауындағы экспонаттар мен баспалдақтар, көрнекті

құрылыстар салу – осының барлығы қала көлемін кеңейтті (142-сурет). Киев, Ташкент, Рига және басқа республика астаналарының орталықтарына қайта құру жұмыстары жүргізілді.

Соғыстан кейінгі және кейінгі кезеңде кеңестік сәулетте жұлдызша орнатылған төбешіктерден бастап Берлиндегі Трептов-саябағындағы (сәулетшісі Я. Белопольский, мүсіншісі Е. Вучетич, 143-сурет) салтанатты мемориалдарға дейін өткен соғыс ескерткіштері мен мемориалдары ерекше орын алады.



142-сурет



143-сурет

Ұлы Отан соғысында жеңіс символы Мәскеуде салынған 7 биік ғимарат болды. Сонымен қатар олар құрылыстың қабат санын жалпы көтеруге байланысты қалаға қажетті биік доминант рөлін атқарды.

Сәулеттік және қала құрылыстық тұрғыда Воробьев (Ленин) тауларындағы ММУ кешені маңызды (сәулетшісі Л. Руднев, С. Чернышев және басқалар). Ол орталық бөлігі басым дамыған осьтік көлемді-кеңістіктік композиция болып саналады (144-сурет). Биіктігі 235 м., алтын жалатылған шатырұшпен, мүсіндер тобымен безендірілген ғимараттың бір жағында «сталиндік ампирге» тән айқын монументті кескін, екінші жағында пайдалану кезінде материалдардың ақталмаған шығыны, жоғары экономикалық шығын және жылу шығыны бар.



144-сурет

1951 жылы Д. Чечулиннің жетекшілігімен астананың дамуын 10 жылға анықтаған Мәскеудің жаңа бас жоспары әзірленді. Астана ансамбліне Мәскеу және Яуза өзендерінің жағалауындағы қайта салынған құрылыстар енді, қаланың көптеген магистральдарының құрылысы аяқталды (Кутузов шоссесі).

Соғыстан кейінгі сәулетте 1945-1954 жылдары дамыған типтік жобалау маңызды рөл атқарды. Бұл типтік жобалаудың жаңа әдіснамасын – бірыңғайланған элементтерді орталықтандырып дайындауда сериялы әдісті жасау уақыты болды. 1950 жылдан бастап қаланың бос жерлеріне ірі тұрғын үйлер салынады. Мұнара түріндегі көп қабатты бір бөлікті ірі блокты ғимараттар құрылысы басталады. 1950 ж. Мәскеуде 9-12 қабатты құрылыс ұсынылады.

Құрылыс технологиялары саласындағы жаңа жетістіктер ірі панельді үйлердің алуан түрлі конструктивтік жүйелерін әзірлеуге әкеледі: панельді-рамалы, қаңқалы-панельді, қаңқасыз. Металл

қаңқалы ірі панельді үйлер 1947 жылдан пайда болды. Мемлекеттік құрылысты қамтамасыз ету үшін 1954 жылдан бастап 400-ден астам темір бетон конструкциялар зауыты қатарға қосылады.

Құрама темір бетон конструкциялар өнеркәсіптік құрылыста кеңінен пайдаланылды. Үлкен алаңдар мен жұқа қабырғалы қабықшалардың кеңістіктік жабынын әзірлеу өнеркәсіптік, сондай-ақ бірегей ғимараттардың азаматтық құрылысында темір бетонды қолдану мүмкіндіктерін кеңінен ашты.

Ғимараттар тұрғызудың озық әдістері мен жедел технологиялары көркемдік безендірудің жаңа стилистикалық әдістерін әзірлеуді жобалады. Ғимарат айқындылығы терезе, балкон, лоджия, панель ғимараттары қабырғаларының кесіндісі ырғақтылықпен, түрлі түсті шешіммен орындалды.

Соғыстан кейінгі тұрғын үй қорын қалпына келтіру кезеңінде адамдарды тұрғын үймен жылдам қамтамасыз ету үшін жаңа аудандарға типтік ғимараттар салу экономикалық және әлеуметтік тұрғыдан ақталды, дегенмен сәулетті бейнеуде өрескел тәсілдерге әкелді.

Бұл кезеңде кеңестік сәулеттің даму кезеңінің аяқталуы СОКП ОК және КСРО Министрлер Кеңесінің «Жобалау мен құрылыста артықшылықтарды жою туралы» қаулысы болды (1955 ж.)

1.11.4-тақырып. 1950 жылдың екінші жартысы - 1991 жылғы КСРО сәулеті

Жаңа озық конструкциялар, темір бетон кеңінен пайдаланылды.

1950 жылдың соңы – 1960 жылдың басында озық құрылыс технологиясының жаңа әдістері әзірленеді. Ірі панельді ғимараттарды «дөңгелектен», қатпарсыз жинақтау құрылысты едәуір қарқындатты. Бұл әдіс қала орталықтарында қалыптасқан құрылыс жағдайында тиімді болып шықты. Құрылыс технологиясында ерекше перспективалар қабаттарды көтеру және тайғанақ және жылжымалы қалыпта ғимаратты тұтасқұйма темір бетоннан тұрғызу әдісін ашты. Алғаш рет бұл әдіс 1959 жылы Ленинградтағы 4 қабатты тұрғын үй салуда пайдаланылды.

Бірыңғай темір бетон бұйымдар мен конструкциялардың Ортақ каталогы негізінде тұрғын үйлер ғана емес, сонымен қатар қоғамдық ғимараттар, инженерлік имараттар тұрғызылды.

Өкінішке орай, Тұрғын үй құрылысының шапшаң қарқыны құрылыс, әсіресе өңдеу жұмыстарының сапасыздығына әкелді және сәулеттік ойға сәйкес орындалмады. Аула ішіндегі кеңістікті көркейту және көгалдандыруға қаражатты үнемдеу, қасбеттердің біліксіз және апаттық безендірілуі нәтижесінде жаңа аудандар жалықтыратын біркелкі әсер қалдырды.

Сәулет-құрылыс жұмыстарын жүргізуде үнемділікке ұмтылу 1963 жылы сәулетшілердің қанағаттанбауының салдарынан қолдаушы сәулет ұйымы – Кеңестік сәулет академиясының жойылуына әкелді. Құрылыс технологиясы мен техникасының жалпы жоғары даму деңгейі, жаңа конструктивтік және өңдеу материалдарын қолдану кезінде осы кезеңдегі кеңестік сәулет елдің шығармашылық әлеуетінде негізі қаланған әлемдік деңгейге шыға алмады. Ғимараттар мен имараттардың қайталанбас кескінін аз қаражатпен жасауға талпынған кеңестік сәулетшілердің ынтасының арқасында ғана 1960-1970 жылдары сәулетте тартымды шешімдер пайда болды.


Типтік өлшемдердің шектеулі санын қолдану негізінде Жаңа Артектө пионер лагерьлері салынды («Морской», 1960-1961 ж., «Прибрежный», 1960-1964 ж., «Горный» 1972 ж., сәулетшісі А. Полянский және басқалар). Типтік ғимараттар, бөліктер мен жеке элементтер үйлесімінің нұсқалары санының өсуі есебінен шипажай-курорттық ғимараттар шешімінің алуан түрлігіне қол жетті (*145-сурет*).

1960 жылы темір бетон элементтерді қолдануды толығымен басқа құрылыс конструкциялары ығыстыратын өнеркәсіптік құрылыс дамуын жалғастырады.

Сәулетшілер өнеркәсіптік нысандардың жобалау шешімдерін эстетикалық тұрғыдан қайта ойлауға әрекет жасайды. Сәулеттің жаңа айқын тәсілдерін іздестіру Ангара (Г. Орлов және басқа) және Енисейдегі (Н. Брусилковский, Р. Якубов) гидростанциялар сияқты имараттардан көрінді. Өнеркәсіптік сәулет саласында теориялық жұмыстар Тольятти қаласындағы Волжск автомобиль зауытын салуда іске асырылды (1967-1971 ж.).

1960-1970 жылдардың соңында өндірістік нысандардың озық шешімдерінің бірі барлық цехтарды тығыз ұйымдастырылған алаңдарда максималды механизация және жабдықтар шоғырланған ортақ моноблокқа біріктіру болды. Өнеркәсіптік кәсіпорындардың

аумақтарын босату есебінен аумақты көркейту ғана емес, сонымен қатар жанасқан аудандардың экологиясын жалпы жақсарту мүмкіндігі туды. Сонымен қатар өнеркәсіптік нысандардың айқындылығын арттыру оларды қала ансамбльдерінде пайдалануға мүмкіндік берді.



145-сурет

Құрылыс конструкциялары саласындағы жаңа есептеу әдістері және құрылыс саласындағы техникалық жетістіктер 1960 жылдың соңында әлемдік деңгейдегі бірегей имараттар қатарын жасауға мүмкіндік берді. 1967 жылы Ленинград пен Мәскеуде телевизиялық мұнара салу жұмыстары аяқталды. Ленинградтық телемұнара металл керегетор конструкциялардан орындалды. Металл антенасы (жалпы биіктігі 533 м) бар Останкино телеорталығының бірегей темір бетон мұнарасының 3 қабатты мейрамханасы, шапшаң лифттері мен көру алаңдары бар (бас конструктор Н. Никитин). Мұнара диаметрі 60 м темір бетон сақиналы іргетас құрылғысы және окпан биіктігімен арматураланған болат арканның арқасында берік және орнықты болып шыққан.

Кеңестік қала құрылысы негізінде халық шаруашылығының жоспарлы жүйесі салынған. Ел сәулетшілерінің алдына қойған маңызды міндеті – жұмыс, тұрмыс пен демалыстың қолайлы жағдайын жасауда құрылыс кешенділігін қамтамасыз ету.

1960-1970 жылдары жаңа қалалар құрылысы жалғасады. Айқын қоғамдық ғимараттармен үйлесімде әртүрлі қабатты тұрғын үй құрылысы пайдаланылған Тольятти және Челн жағалаулары қалалары жылдам салынды (1973 ж., Б. Рубаненко және т.б.). Жалпы қалалық ансамбльдерді жасауда тарихи тәжірибе шығармашылықпен игерілді, қаланың табиғи ортамен байланысы ескерілді, жоспарлау және салудың жаңа қағидалары қолданылды. Композициялық тұтастық пен көркемдік құндылық Жастар алаңы, қала орталығы сияқты қала ансамбльдерімен Зеленоград қаласын ерекшелейді (1975 ж., сәулетшісі И. Покровский және басқалар). Қала ортасын қалыптастыруда шағын пішіндер сәулетіне үлкен көңіл бөлінді.


Сәулетшілер мен қала құрылысшылары селолар мен ауылшаруашылық кешендерінің жаңа кескінін жасау бойынша жұмыстарды бастайды. Ауылшаруашылық кенттерін салу жобасына бірнеше конкурстар жарияланды.

1970 жылы қала құрылысы қызметінде Ұлы Отан соғысының батырларына арналған мемориалды имараттар маңызды орын алды: Пискарев зираты, Брест қамалы, Волгоградтағы Мамай қорғаны және басқа қалалардағы сәулеттік-мүсін кешендері. Осы кезде сәулет ескерткіштерін сақтау және қалпына келтіру бойынша маңызды жұмыстар жүргізілді. Петергоф сарайлары мен субұрқақтары қалпына келтірілді, Мәскеудегі Зарядье ауданы, Астрахань кремлінің кескіні қайта жасалды. Жол үстіндегі қонақ үй жаңғыртылды және Кижі көлінде ағаш сәулетшілік мұражайы жасалды. Үкімет көне орыс қалаларының «Алтын сақинасын» жасау және бірнеше қалаларды қорықтарға айналдыру туралы шешім қабылдады (Суздаль, Владимир). Онда туризм нысандарының құрылысы: қонақ үйлер, туристік фирмалар, қоғамдық тамақтану кәсіпорындары желілері қарастырылды.

1970-1980 жылдары қала халқы санының өсуі жағдайында күрделі көлік жүйесі қалыптасады, қала құрылысы пішіндері мен құрылыс аудандарының жаңа масштабы пайда болды, көп функционалдық жүйелер және қаланың белсенді орталықтары құрылды. Көптеген қалалардың орталықтары қайта ұйымдастырылды. Миллион халқы бар қалаларда метрополитен құрылысы басталды.

Мәскеу Ресейдің қала құрылыстық өнерінің бүкіл даму аралығында сәулетшілердің назарын аударды. 1960 жылы

орталықтандырылған сәулет нысандары пайда болды. Ескі және жаңа құрылыстардың арақатынасы Калинин даңғылы ансамблінде айқын көрінді (1962-1968 ж.), М. Посохин және басқалар, *146-сурет*).



146-сурет

1960 жылы стильдік ерекшеліктерді білдіретін Жаңа Арбат пішіндерінің қысқашалығы көркем ескі құрылысқа қарама-қарсы қойылды. Кремльдің тарихи құрылысы ортасында орналасқан Кремльдің Съездер Сарайы (сәулетшісі М. Посохин, А. Мндоянц және басқалар, 1961 ж., *147-сурет*) өзінің нейтрал бөліктерінің арқасында ескі ескерткіштердің әсемдігі мен көркемдік құндылығын ерекше көрсететін фонға айналды.

Пайда болған қала құрылыстық проблемаларды шешу және қаланың одан әрі даму бағыттарын қалыптастыру үшін 1971 жылы 25-30 жылға есептелген Мәскеудің Бас даму жоспары бекітілді, Мәскеу орталығын нақты жоспарлау жобасы әзірленді, оның негізінде тоғыз қорық аймағы құрылды. 1970 жылы Мәскеуде қала құрылымын жалғастырушы және дамытушы метрополитеннің жаңа желілері пайда болды, қоғамдық ғимарат кешендерінің құрылысы дәстүрге айналды. Жаңа Черемушкада ғылым қаласы өсті.

1970 жылы Мәскеудегі тұрғын үй сәулеті мен құрылысына тән белгілер – Чертаново-Северныйдағы ірі эксперименттік тұрғын аудан, Тропарево, Чертаново, Ясеневодағы тұрғын үйлердің жаңа түрлері. 1970 жылдың соңы-1980 жылы Оңтүстік Измайлово, Медведково, Строгино және басқа аудандарда резерв аумақтар құрылысы басталды.




147-сурет

Тұрғын үй дамуындағы маңызды қадам ескірген тұрғын үй қорын қайта құру болды. Көп қабатты ірі панельді ғимараттардан құралған тұрғын үй топтары құрылыстың жоғары тығыздығын қамтамасыз ете отырып, қала экологиясын жақсартқан көгалдандыру мен көркейту үшін бос аумақтарды сақтады.


1976 жылы Мәскеуде 1980 жылғы XXII Олимпиадаға арналған олимпийлік нысандар құрылысы басталды. Салынған олимпийлік нысандардың кейбірі өзінің сәулеттік шешімі, технологиялық жабдықталуы жағынан бірегей болып табылады. Атап айтсақ, Мир даңғылындағы «Олимпийлік» жабық спорт стадионы мен бассейні (М. Посохин және басқалар, *148-сурет*), Крылатскідегі жабық велотректі (Н. Воронин және басқалар, *149-сурет*).

1960 жылдан бастап ірі қоғамдық ғимараттар мен кешендер құрылысының сипаты біршама өзгерді. Ғимараттардың көбін жеке

жобалар бойынша сала бастады, мысалы, Кремльдегі Съездер Сарайы, «Ресей» қонақ үйі (сәулетшісі Д. Чегулин, П. Штеллери және басқалар), Ленин тауларындағы Пионерлер мен оқушылар сарайы (1958-1962 ж., сәулетшісі Покровский).



148-сурет



149-сурет

Сәулет академиясының заңсыз жабылғандығы 1960 жылы айқын болды. Сәулетті қайта дамытуды жылдам және тиімді шешу үшін алпысыншы жылдардың ортасынан бастап Новосибирск, Қазан, Пенза, Ростов, Саратов және басқа қалаларда жоғары және орта арнайы оқу орындарының базасында орыс сәулетшілігінің үздік дәстүрлерінде кәсіби сәулетші кадрларды дайындайтын сәулет факультеттері мен бөлімдері құрылды. Осы оқу орындарының түлектері 1970-1980 жылдары сәулетті қалыптастырды.

1970 жылы функционалдық және техника-экономикалық міндеттерді шешумен қатар сәулетшілердің алдында айқын-көркемдік композицияны жасау мақсаты тұрды. Ғимараттың сәулет-көркемдік бейнесін қалыптастыруда: қабырғаға салынған сурет, таскесте панно, мүсін сияқты монументті-сәндік өнердің әртүрлі түрлерін пайдаланады. Ғимараттың эстетикалық айқындығы мен

бейнелігіне деген ұмтылыс көптеген азаматтық, ауылшаруашылық және өнеркәсіптік ғимараттардан, әсіресе, А. М. Горький атындағы МХАТ-тың жаңа ғимараты (1972 ж. В. Кубасов және басқалар) сияқты бірегей қоғамдық ғимараттар сәулетінде айқын байқалды. Онда 60-жылдардағы ғимараттардың кеңістіктік шешімінен темір бетон қаңқа мен шыны толтырма қолданылатын 70-жылдардағы материалдық-салмақты және иілімді композицияларға ауысу байқалады.

1970-1980 жылдары кеңестік сәулет дамуында қала құрылысы, көлік қатынастарын дамыту, қалаларды функционалдық аймақтандыру, олардың экологиясы бойынша ғылыми-зерттеу жұмыстарының маңызы зор. Мәскеу үшін айналма автомобиль жолдарының (МКАД) аумақтық өсуінің ғылыми негізделген шектеуі, орталықты тығыздау, астананың жоспарланған аймақтарының орталықтарын автоматтандыру жұмыстары жасалды.

Сәулетшілер 60-жылдары кеңестік функционализм және конструктивизмнен бас тарта бастайды. 70-жылдардың соңында модернизмге деген қызығушылық пайда болады. Сексенінші жылдары модернизм неомодернизм деген атпен қайтадан әлемдік сәулетшілік аренасына шығады. Неомодернизм модернизмнің құндылығын сақтай отырып, кемшіліктер қатарын жояды. Неомодернизм туындылары ортаға қарсы тұрмайды, ойланып және органикалық орындалып құрылыс контекстіне кіреді. Тұрғын үй құрылысы едәуір икемделіп, қоғамдық ғимараттар сәулеті тартымды дара кескінге ие болады, бақ-саябақ және ландшафтық сәулетке қызығушылық артады.

КСРО белсенді ұлттық саясатына байланысты кеңестік сәулетте регионализмге үлкен мән беріледі. Әсіресе, ол ірі қоғамдық ғимараттарды салуда одақтас республикаларда айқын көрінеді. Ресейде «халықтар достастығы» бағдарламасы сол немесе басқа республикалардың сәулетшілік белгілерін меңгерген сәулет туындыларының едәуір мөлшерін қалдырды. Сондай-ақ ресейлік сәулетшілер ұлттық орыс сәулетіне қайта оралады. «Орыс стилін» қайта дамытуға әрекеттер жасалады. Көбінесе, бұл шағын қоғамдық ғимараттардың қасбеттері мен интерьерлерін безендіруде іске асырылған орыстың ағаш сәулетшілігі еді.

Сәулетшілердің біразы «хайтек» қазіргі заман стилін қалыптастыру үшін алғышарттарды жасай отырып, ғимарат

құрылымында конструктивтік жүйені айқындау, ғимарат бейнесін «машиналандыру» жолында жүреді.

Кез келген қоғамдық формацияларда ғимарат – символдарды жасауда идеологиялық қажеттілік туады. Сондықтан сәулет пен мүсінінің «гибриді» болып саналатын символизм өткенді ғана емес, сонымен қатар бүгінгі күні де және болашақта да өз мәнін сақтап қалады (шектеулі болса да). Едәуір идеологияландыруға ұшыраған кеңестік сәулетте бүкіл даму кезеңі аралығында имарат-символдар кездеседі. Бұл – 100 метрлік В. И. Ленин мүсіні орнатылған Кеңестер сарайы, Париж бен Нью-Йорктегі көрме павильондары. Осакадағы «Экспо-70» ұсынылған кеңестік павильоны (сәулетшісі М. Посохин, В. Свирский және басқалар) жайылған ту символы түрінде жасалған. Қасбеттің биіктігі әртүрлі жазықтығын тұрғызуда (20-дан 100-ге дейін) қызыл түске анодталған алюминий қаптамамен қаңқа-байланыстырғыш болат конструкция қолданылған.

1980 ж. соңы – 1990 жылдың басында постмодерн ықпалымен композициясында қалыптан тыс ұлғайған символикасы бар жобалар кездеседі. Бұған сәулетшілер В. Кубасов пен Р. Фаерштейннің Севильдегі «Экспо-92» ұсынған кеңестік павильонындағы он екі метрлік павильон үстіне кергіште орнатылған орақ пен балғаның 32 метрлік композициясы мысал бола алады. Жаңа құрылыс технологиялары мен техникасын қолданумен қалыптасқан сәулеттік нысандардың маңызы зор.

Қазіргі заман сәулетінде шығармашылық және стилистикалық бағыттардың қалыптасуына ресейлік сәулетшілер белсене қатысқан халықаралық және мемлекеттік көрмелер мен конкурстар үлкен ықпал етті. 1970 жылдың ортасы - 1980 жылдың соңындағы сәулет көрнекті кеңестік сәулетшілер шеберлігінің өскен деңгейімен белгіленді.

Жалпы кеңестік кезеңдегі орыс сәулетіне композиция тұтастығы, адамға қатысты мөлшерлестік, өмірді гүлдендіретін көрініс тән.

1.12. XX ғ. екінші жартысы – XXI ғ. басындағы Ресей сәулетінің мәселелері

Жиырымасыншы ғасыр Ресейдің мыңжылдық тарихындағы ең драмалы ғасыр болды. 1991 жылы Кеңес Одағының құлауы Ресей үшін күрделі геосаяси жағдай жасады. Жаңадан өндіріс жүйесі,

ел экономикасы, оның мәдени байланыстарының құрылымдары ұйымдастырылуы тиіс болатын. Ескі мен жаңаның қала құрылысы мен сәулетінің арақатынасы проблемасы жаңа шиеленіске ие болды. Эстетикалық құндылықтардың қоғамдық маңыздылығы артты.

Посттоталитарлық сәулет кезінде әр сәулетші өзінің стильдік әуестігін дарындылығына және қазіргі заман сәулетін түсінуіне қарай көрсете алды. Ол кезде шығармашылық еркіндігінде кейде кәсібилігі шамалы, ал кей жағдайларда кәсібилікке қарсы эклектикалық сәулет туады.

1992 жылы елдегі сәулет-құрылыс қызметін реттейтін Ресей сәулет-құрылыс академиясы (РСҚА) ұйымдастыру туралы жарғы шығарылды. РСҚА-ның бірінші президенті Александр Григорьевич Рогачев болды. Басты проблемасы «Адам – тұрғын үй – қала» тақырыбы деп аталды.

Сәулеттегі жағымсыз құбылыстарды және елдімекендер құрылысындағы апаттықты жою үшін Ресей Мемлекеттік құрылысы Ресей сәулет-құрылыс ғылымдары академиясы және Ресей сәулетшілер одағымен бірге 1995 жылдың 17 қарашасында сәулет қызметі туралы Федералды заң бекітілді. 1998 жылдың 7 мамырында РФ қала құрылысы кодексі шықты. Заман талабына сай өзгеріп отыратын реалыға сәйкес 2003 жылдың 10 қаңтарында оған қосымша өзгертулер енгізілді, сонымен қатар сәулетшілерді азат ететін басқа құқықтық және нормативтік актілер қатары қабылданды.

1998 жылғы экономикалық дағдарысқа дейін шығармашылық, интеллектуалды дағдарыс келді. Жаңа ұлттық сәулет құру туралы мәселе қойылды. Бүгінгі күні осы үдерісті анықтайтын заңдылықтарды ерекшелеуге, екі тенденцияны атап өтуге болады.

Біріншісі – жарлылар мен «қолдан салынған» үйлерге тапсырыс беруші байлар арасындағы айырмашылықты ерекше көрсетуге мүмкіндік беретін эклектизмнің дамуы.

Екіншісі – энергия сақтау факторына байланысты құрылыс технологиясымен қалыптасады.

1990 жылдың соңынан бастап Ресейде тәжірибе алмасуға мүмкіндік туғызатын сәулеттік конкурстар, көрмелер, байқаулар («Тең қима»), фестивальдер жүйелі түрде өткізілетін болды. 1993 жылы Ресей сәулетшілері одағы жыл сайын жас сәулетшілер мен студенттердің құрылыстары, жобалары мен шығармашылығы сала-

сында үздік сәулет туындылары байқауы өткізілетін «Сәулетшілік» сәулет фестивалі ұйымдастырылды.

Ресейлік сәулетшілердің халықаралық сәулет конкурстарына белсенді қатысуы (мысалы, Венециядағы «бьеннале») сәулет қызметінің әртүрлі түрлері саласында жетістіктер мен кемшіліктерді анықтауға, оларды жеңу жолдарын табуға көмектеседі.

Экономикалық дағдарысқа қарай кеңестік кезеңнің көптеген ірі мемлекеттік жобалау ұйымдары ыдырады. 1990 жылдың соңынан бастап қазіргі заман сәулеті туралы тапсырыс беруші мен қоғам түсінігіне сай, композициялық-көркемдік бейнені табуға қабілетті жеке ғылыми-жобалау және өндірістік фирмалар, шығармашылық сәулет ұжымдары мен шеберханалар пайда болды.

Ресей сәулетшілері алдында ХХ ғасырдың соңында көптеген проблемалар тұрды. Бұл стиль проблемалары, сәулет пен табиғаттың өзара байланысы, сәулет пен өнердің басқа түрлерінің қатар өмір сүруі, бейне, ансамбльдер мен қала құрылысының көркемдік сапасы проблемалары және сәулет қызметінің барлық түрлерін қамтитын көптеген басқа өткір проблемалар еді.

Қазіргі қала құрылысы проблемалары

Қала құрылысы перспективалары туралы түсініктердегі өзгерістер жаппай және кәсіби санадағы өзгерістер нәтижесінде туды. Олар экологияға, тарихи сәулет мұралары мен мәдениетке жаңа қарым-қатынас нәтижесі болды. Қалалардың тұрақты дамуы, қоныстандыру жүйелері, қоғамның табиғи ортамен өзара байланысын нығайту идеялары туды. Тарих, мәдениет және сәулет ескерткіштерін қорғау және жаңғыртуға, қала өзгешелігін қамтитын бейнелік контекске қоғам назары аударылды.

Қала бейнесі, оның «келбеті» ең алдымен, қоғамның әлеуметтік тұрмыс жағдайымен, нақты тарихи тағдырмен, ел өміріндегі оның алатын орнымен, мәдениеттің даму деңгейімен, ұлттық ерекшеліктермен, географиялық және табиғи факторлармен анықталады. Сонымен қатар қала бейнесі оның функционалдық сипатымен, өнеркәсіптік, ауылшаруашылықтық қала, ғылым, демалыс қаласы, портты қала ретінде оның кәсіби бағытымен анықталады. Кез келген тірі организм сияқты қаланың даму перспективасын, оның «кескінін» сақтай отырып айқындау – қала құрылысшыларының басты міндеті.

Қала құрылыстық міндеттерді кешенді шешу қаланың бас жоспары тұжырымдамасының жобасын жасамайынша мүмкін емес. 1990 жылдың соңынан бастап Санкт-Петербург, Вологда, Краснодар, Якутск, Владивосток, Южноуральск, Нюрба және Ресейдің әртүрлі аймақтарының көптеген басқа қалаларының бас жоспарын құру бойынша жұмыстар басталады. 2001 жылы Мәскеу қаласының 2020 жылға дейінгі даму жоспары бекітілді (сәулетшісі А. В. Кузьмин және т.б., *150-сурет*).

XX ғасыр басындағы қала құрылысы тұжырымдамасына қарағанда көптеген Ресей қалаларын дамытуда қайта құру негізгі әдіс болып қалыптасады.



150-сурет

Мұны Ресей сәулет және құрылыс ғылымдары академиясының жалпы жиналысының арнайы сессиясы растады (1997 ж.). Ғасырлар аралығында қайта құру әлемдік сәулетшілікте де маңызды

үрдістердің біріне айналады. Ол кәсіби қала құрылыстық қызметтің: ұйымдастыру, инвестициялық, жоспарлау-жобалау, көлемді-композициялық, жаңғырту, дизайнерлік-безендіру сияқты барлық салаларын қамтиды. Типтік және бірегей ғимараттар мен имараттарды қайта құру, тарихи құрылыстарды жаңғырту, тарих пен сәулеттің жойылған ескерткіштерін қайта жасау саласында алға үлкен қадам жасалды.

1960-1970 жылдары тұрғын аудандарды қайта құру Мәскеуде, Мытищада, Ярославльде және т.б. қалаларда жүргізіледі.

Жобалаушылар қалалар мен аудандардың қоғамдық орталықтарын қайта құруға ерекше мән береді, өйткені қаланың іскери, қоғамдық және мәдени өмірі дәл осы жерде шоғырланады. Жаңа орталықтар құрылысымен қоса (Курск обл. Дурнево кенттеріндегі бос уақыт өткізетін орын 1994 ж., сәулетшісі М. Крыштал), Екатеринбургтағы Репин көшесіндегі тұрғын үй кешенінің қоғамдық орталығы, 1994 ж., сәулетшісі А. Савченко, Е. Трубецков) ескі орталықтарды қайта құру да елеусіз қалған жоқ (халықаралық офисті-коммерциялық орталық «Невскідегі түндікті аула», 1998 ж., сәулетшісі С. Соколов және т.б.).

Қала бейнесін жасауда тарихи сәулет мұраларын ықыласпен қарауға ерекше көңіл бөлінеді. Соңғы уақытта отандық тарихқа деген қызығушылық арта түсті, елдімекендердің тарихи келбетін қалпына келтіру мен сақтауға және тарих, мәдениет және сәулет ескерткіштерін қорғау үшін күшті қоғамдық қозғалыс пайда болды. Дегенмен, сәулет ескерткіштері тас пішін болып қатып қалмауы тиіс. Тек қазіргі функцияларға толы олар сапалы жаңа мазмұнда өз өмірлерін жалғастыра береді.

Ұзақ уақыт бойы қорғаудан кейін, толық естен шығармас үшін Ресейдің тас шежірелері қазір қайта дамып жатыр. 2001 жылы «Ресейдің Алтын жүзігіндегі Владимир жері» және «Коломенск» этнографиялық орталығының жобалары әзірленді. Стрельна кентіндегі «Конгресс сарайы» кешенінің кескіні, шағын тарихи қала Свияжск жаңадан жасалды. А. С. Пушкиннің «Михайловск» мұражай-қорында үлкен жаңғырту-қалпына келтіру жұмыстары жүргізілді, «Михайловск бағы – Михайловск қорғаны» кешенінің аумағы, Үлкен Эрмитаж және Третьяков галереясы қайта құрылды. Бүгінгі күні шамамен, 3000-дей ескерткіш (сәулет, монументті өнер және т.б.) және бақ-саябақ өнері ансамбльдерінің алуан

түрлі түрлері мемлекеттің қорғауында. Белгілі тарихи дәуірдің қатардағы құрылысы болып саналатын және қала құрылыстық ортаны қалыптастыратын ғимараттар қаланың сәулет органдарының бақылауында (Омскідегі Тарск-Ленин көшелері («Ғибадатханаға апаратын жол»)). Қазіргі заман сәулетшісіне қойылатын талап - жаңа ғимараттардың мәдени немесе бейнелік бірегейлігін сақтай отырып жұмыс істеу қажеттігі.

Тарихи қала орталықтарын қайта дамыту, салу және көркейтуге қызығушылықтың артуымен қатар бос аумақтарды және қала ішіндегі бұзылған көне құрылыс аумақтарын игеру, тарихи орталықтармен қоса орталық аудандар құрылысын тығыздау белсенді жүргізілуде. Бұл үдеріс қала аумақтарын экономикалық тұрғыда тиімді пайдалануға ұмтылысты көрсетеді.

Қала құрылымын жақсарту бағыттарының бірі – функционалдық аймақтандыруды жетілдіру немесе өзгерту. Өндірістік аумақтар және оларға жанасқан санитарлық-қорғау аймақтары қала құрылысшыларының назарын аударды. Олар көбінесе, көрме, сауда, жәрмеңке, қойма құрылыстарын, көліктік қызмет көрсету кәсіпорындарын (парктер, гараждар, СТО) орналастыру үшін резерв ретінде қарастырылады.

Қалалардың өсуіне және құрылыстардың тығыздалуына байланысты қалалардың көлік құрылымын жақсарту проблемасы шиеленісе түседі. Соңғы он жыл ішінде қаланың жол-көлік желісін жақсартуға ақша қаражатын жұмсау, оларды істеп шығару қабілетін арттыру мақсатында қаланың көлік жүйесін кеңейту, автомобиль тораптарын қалыптастыру едәуір өсті (Санкт-Петербурдағы Ушаковск торабының эстакадасы, Мәскеудегі Гагарин тоннелінің диспетчерлік пункті және т.б.). Ірі қалаларда жолаушылардың толассыздығы (Мәскеу метрополитенінің Люблинск желісі, Санкт-Петербуртегі «Крестовый остров» станциясы), сондай-ақ қала ортасын жалпы гуманизация және эстетизация, жаяу жүргінші көшелері мен кешендерін құру (Андреевск жаяу жүргінші көпірі кешені, Мәскеудегі Нескучный бағының жағалауы және эспланадтары) метрополитеннің жаңа станциясын құру есебінен реттеледі.

Біздің қала ортасында көбі: шағын қала кеңістіктерін функционалдық аймақтандыру (аулалар, шағынгулбақтар, кіші базарлар, жаяу жүргінші аймақтары және т.б.), қоғамдық көлік аялдамаларын, сыртқы жарнама, қала жиһаздары, шағын сәулеттік пішіндер

және т.б. орналастыру ұсақ-түйекке байланысты сияқты көрінеді. Қала дизайны дербес көркемдік сала ретінде жас, дегенмен, оның қызмет өрісі зор. Шағын сәулеттік пішіндердің жеке элементтері мен кешендерін, жарнамаларды, мүсіндерді дұрыс орналастыру, асыл көшет сорттарын дұрыс іріктеу қалалықтардың талғамы мен мәдениетін тәрбиелей отырып, сана-сезіміне ықпал етеді.

Қолайлы қала кеңістігін құру – ландшафтық сәулеттің басты міндеттерінің бірі. Сәулетте жаңа бағыттар мен стильдердің пайда болғандығын қаланың ландшафтық дизайнынан көруге болады. Невск даңғылының аулаларын және Санкт-Петербурдағы М. Садовой жаяу жүргінші көшесін көркейту және көгалдандырудың бірегей жобасын 2000 жылы Л. Домрачева және О. Харченколар орындады.

Мәскеуді көркейту және көгалдандыру бойынша 2001-2003 жылдары үлкен жұмыстар атқарылды. Астананы гүлмен безендірудің бас сұлбасы әлемдік ландшафтық сәулетте бірегей жобаға айналды. Су беттерін пайдаланудың кең эстетикалық мүмкіндіктері Хабаровскідегі «Динамо» саябағында жасанды тоғандар сарқырамасын (Сәулетшісі Н. Прокудин) және Мәскеудегі Б. Садовой көшесіндегі «Аквариум» бағында субұрқақ кешенін (сәулетшісі В. Симонихин) жасауда көрсетілді. Саябақтар мен шағынгүлбақтарды жасау Ресейдің қала құрылысы өнерінде бағдарламалық бағытқа айналды (Читадағы «Ягода Кай» клубының бағы, Мәскеудегі Ходынский алаңындағы Авиапарк).

Қалаларды зерттеу және жобалау тәсілдер интеграциясын және әртүрлі ғылымдарды қолдануды, интерғылыми кенттендіру тұжырымдамасын жасауды, адамның күрделілігі мен маңызы жағынан ерекше әлеуметтік, экономикалық, географиялық және қала құрылыстық проблемаларды шешуіне тура келетін қаланы қазіргі дүние феномені ретінде түсінуді талап етеді.

Қазіргі ресейлік сәулет типологиясы мен стилистикасының ерекшеліктері


Нарықтық экономикаға көшкен 1990 жылдары қазіргі құрылыс типологиясына ерекше көңіл аударылды. Жаңа құрылыста офис, банк, қонақ үйлер мен дүкендердің ғимараттары басым келді. Банк және әкімшілік ғимараттары: Мәскеудегі Даево тұйық көшесіндегі Уникомбанк ғимараты, Нижний Новгородтағы «Внешторгбанк» ВОК әкімшіліктік ғимараты, Мәскеудегі түрлі түсті бульвардағы

әкімшіліктік ғимарат, Н.Новгородтағы «Гарантия» банкі (151-сурет), Чебоксардағы Агропромбанк және т.б. Ресейдің барлық ірі қалаларында тұрғызылды. Олардың сәулетінде экспериментті жобалар қалыптастырылды және іске асырылды.

Жылжымайтын мүлік иелерінің жеке ауысымы аясында бір конструкцияда әртүрлі қызмет – сауда мен бизнес, спорт пен бос уақыт жүзеге асырылатын жеткілікті масштабтағы имараттар қажеттілігі сезілді. 5-10, тіпті, 20 мың шаршы метрлік ірі имараттар жайлы сөз болып отырғандықтан қалаға деген ықпал күшті болуы мүмкін. Бұған алдымен, астанада пайда болып, ал қазір Ресейдің басқа қалаларында тараған сансыз көп сауда, ойын-сауық және көп функционалдық орталықтар мен кешендер дәлел.

Композициясының бейнелік шешімімен ерекшеленетін ең үздік сауда имараттарына Мәскеудегі сауда орталығы «Нептун», Химкидегі «Гранд-2» көп функционалдық сауда кешенін (152-сурет) және Можайск шоссесіндегі «Үш кит», Пермдегі Космонавтов шоссесіндегі ақпараттық-коммерциялық кешенді жатқызуға болады.

Сауда кешендерінің ойын-сауық кешендерімен (Мәскеудегі «ХЛ» сауда-ойын-сауық кешені) немесе тұрғын үйлермен (Вернадск даңғылындағы тұрғын үй апартаментімен көп функционалдық бизнес-орталық, 41, 153-сурет), спорт кешендерінің ойын-сауық кешендерімен (Хабаровскідегі көп функционалдық спорт-ойын-сауық орталығы) біріктірілген көп функционалдық орталықтары пайда болуда.



151-сурет




152-сурет

Осында жаңа қоғамдық имараттармен қатар соңғы жылдары мәдениет нысандарының құрылысы қайта дамыды (Новгородтағы «Комедия» театры, Хабаровскидегі «Арена» циркі, Якутск драма театры), кеңестік кезеңнің көптеген театр және клуб ғимараттарын қайта құру жұмыстары жүргізіледі (Иркутскидегі Охлопков атындағы драма театры).

Ұзақ жылдар ішінде алғаш рет Мәскеудегі Мемлекеттік Третьяков галереясы қалпына келтірілді және қайта құру жұмыстары жүргізілді (И. Виноградский және басқалар, 1995 ж., 154-сурет). 1999 жылы Мәскеудегі Үлкен Кремль сарайының Александр және Андрей залдары қалпына келтірілді (Е. Степанов және басқалар).

Жаңа Ресей Үкіметі елде дене шынықтыру, халықты сауықтандыру, спортты дамытуға зор мән береді. Біртіндеп спорт нысандарының құрылысы қайта дамиды. Мәскеуде Удальцов көшесінде бірінші Дүниежүзілік жастар ойынының Олимпийлік ауылы, Санкт-Петербуркте «Хоккей - 2000» спорт сарайы, Нижегород обл. Саров қаласында спорт-мәдени кешені, Мәскеуде Черкизов көшесінде «Локомотив» футбол стадионы салынды, Лужникте Үлкен спорт аренасына қайта құру жұмыстары жүргізілді.

Өнеркәсіптік имараттар құрылысында түпкілікті өзгерістер болды. Қалалардың орталық бөліктерінде орналасқан ескі өнеркәсіптік нысандар мүмкіндігінше қала шетіне көшіріледі.



153-сурет



154-сурет


Өндірістік ғимараттардың функционалдық тағайындалуында өзгерістер болады: ғимараттар орталық аудандарда орналасса, офис, бизнес-орталық, коммуникациялық кешендер, суретшілер шеберха-

насы және тіпті, тұрғын үйлер қайта жабдықталады. Өнеркәсіптік кешендер мен терминалдардың қайта құрылған ғимараттары өз құрылысымен қала экологиясын бұзбайтын және тартымды қала келбетін жасайтын қазіргі озық технологиялар бойынша тұрғызылады (Нижегород әуежайының халықаралық терминал ғимараты).

Альметьевскдегі «Татнефть» АҚ автомобиль кешені (сәулетшісі В. Нилов, 2002 ж.) өзінің композициялық құрылысымен, ақ нардың қолайлы ашық алаңда орналасқан сары-көгілдір «палубамен» үйлесімі, терезе ойықтарының бөлінуі пароходты елестетеді (*156-сурет*).



155-сурет



156-сурет

Тұрғын үй сәулетінің кескіні өзгереді. Сәулеті сапалы өзгерген көп қабатты тұрғын үй құрылысына үлкен көңіл бөлінеді. 1970-1980 жылдар типтік сериялы үйлердің орнын дербес және экспериментті құрылыс басады. Мәскеудегі «Отрадное» ТУ тұрғын үйі, Вологда қаласының Север көшесіндегі «Водники» сауда кешені бар биік үй (*157-сурет*), Санкт-Петербургдағы Торжков және Савушкин көшелеріндегі, Омбының Куйбышев-Иркутск көшелеріндегі үйлер. Құрама-тұтасқұйма үйлер құрылысы биік ғимараттар құрылысында жетекші орын алады (Химкиде Совхозный көшесіндегі тұрғын үй кешені, *158-сурет*).

Жобалаушылар қолданыстағы сериялардың жаңартылған жобаларын дайындап, индустриалды үй құрылысының 1-2 кезеңдерінде тұрғын үй қорын қайта құру және жақсарту жұмыстарын жүргізеді, сондай-ақ тұрғын үй құрылысына арналған жаңа нормативтік база дайындалады.



157-сурет



158-сурет

Біртіндеп көп қабатты тұрғын үй құрылысының орнын тығыз-аласа үйлер басады. Көгалдандырылған және көркейтілген тұйық және жартылай тұйық аула кеңістіктерімен жүйелі құрылыс тартымды бола бастайды. Мұндай құрылыс қолайлы, экологиялық, жері әлсіз және жер бедері күрделі аумақтарда пайдаланылуы мүмкін. Осындай аз қабатты тұрғын кешендерге сұраныс көп болатындығы кездейсоқ емес. Олар жаппай тұрғызыла береді: «Зеленый остров на Крестовом острове» және Санкт-Петербуркте Купчинодағы, Мәскеуде «Золотые ключи» тұрғын үй кешендері, 2-9 қабатты қабат саны әртүрлі «Воронеж» тұрғын үй қалашығы, Челн жағалауларында және т.б. Қасбеттердің безендірілу сипаты өзгерді: олар көп түсті, еңіс биік шатырлы, көбінесе, мансарда қабаттарымен болып келген.

2003 жылы Мәскеуде Куркинодағы 9-ықшамаудан құрылысы аяқталды. Бұл астандағы ең ірі жоба: 32 корпусқа одақтасқан 250 үш қабатты пәтерлер (таун-хаус) (*159-сурет*).


Әр үш деңгейлі және ауданы 180-220 шаршы метр тұрғын блоктың жеке есігі, гаражы және шағын жер телімі бар. Қорғалатын аумақта сауда орталығы, балабақша, паркинг орналасқан.

Қалалардың тарихи орталық бөлігінде қабат саны аз тұрғын үйлер орналасқан. Мысалы, Нижний Новгородтың тарихи бөлігіндегі тұрғын үйлер (сәулетшісі Е. Пестов және басқалар, 1997 ж.) фондық құрылыс түріндегі және ендіріме-үйлер сияқты пайдаланылады (*160-сурет*).

1990 жылдың соңынан бастап сансыз көп және сапасы жағынан әртүрлі жеке тапсырыс берушіге арналған жеке тұрғын үйлер сәулетінің жаппай құрылысы басталды.



159-сурет



160-сурет


Біртіндеп қоғамдық маңызды құбылысқа айналған ғибадатхана, шіркеу сәулеті өркендейді. Ресейде православие қайта дамып, Мәскеуде Құтқарушы Христос ғибадатханасын қайта жаңғыртылды.

Соңғы жылдары Новокуйбышевскіде «Умиление» ғибадатхана кешені, Надовражино селосында Құдай ана ғибадатханасы және Мәскеу облысының Снегири кентінде Серафим Саров әдемі ағаш ғибадатханасы, Удомлде Әулие князь Владимир шіркеуі (161-сурет) және жүздеген басқа шіркеулер мен соборлар тұрғызылды. Бұрын тұрғызылған ғибадатханалар мен монастырларды кең көлемді қайта құру және қалпына келтіру жұмыстары жүргізілді. Мәскеу облысында Борисоглеб ерлер монастыры, Чебоксарда Әулие Троица ерлер монастыры, Мәскеуде Смоленск Құдай ана – Одигитрий соборын қайта құру жұмыстары аяқталды. Көптеген құрылыстар құрылыс сатысында болды.

Ресей қалаларында әртүрлі конфессиядағы діни ғимараттар салынды және қалпына келтірілді. Омбыда Лютеран кирхиінің мәдени және шіркеу орталығы, Тверьде – католиктік приход және Құдай Кейпін өзгерту шіркеуі (162-сурет), Днепропетровскіде Хораль синагоганы қайта құру аяқталды.



161-сурет




162-сурет

Қоғамдық, сауда және оқу ғимараттарын жобалау нормалары қайта қаралады, реабилитациялық орталық жобалары жасалады. Соңғы жылдары іске асырылған жобалардың ішінен Мәскеу облысының Томилино кентінде жетім балаларға арналған «SOS-Kinderdorf» ауылы, Киевте тіреу-қимылдату аппараты бұзылған мүгедектердің тұрғын үйлерін атауға болады.

XX ғ. соңында сәулетші үшін тек техникалық қана емес, сонымен қатар көркемдік тәсілдерді еркін таңдауға мүмкіндік беріп, пішін қалыптастырудың әдеттегі нормалары бұзылды. Көркемдік мәнерлілік тәсілдерін іздестіру спектрі кеңейді.

Қазіргі ресейлік сәулеттің стильдік бағыты алуан түрлі. Хай-тек және деконструктивизм – XX ғ. соңы – XXI ғ. басындағы сәулеттік кеңістікті белсенді меңгерген қазіргі сәулеттің екі жарқын ағымы. Сәулетшілердің жаңа буыны 1920-1930 жылдары орыстың конструктивистері мен кубофутуристері Н. Ладовский, В. Кринскийлердің фантазияларын өмірде іске асырылуына жаңа технологиялардың көмектесетіндігін түсініп, XX ғ. басындағы мұраға көңіл бөлді. Хай-тек бағытының ықпал ету саласы кең, бұл – әкімшіліктік, банк, спорт, өнеркәсіптік ғимараттар. Соңғы жылдардың үлгілері – Н. Новгород (*151-сурет*) «Гарантия» банкі, Мәскеудің Даево тұйық көшесіндегі Уникомбанк ғимараты, Нижегород әуежайының халықаралық терминал ғимараты, Санкт-Петербургтегі «Хоккей - 2000» спорт сарайы (*155-сурет*), Химкидегі «Гранд-2» сауда

кешені (152-сурет), Нижегород облысының Сарово қаласындағы спорттық-мәдени кешен, Мәскеу облысы Краснознаменскіде сауда-әкімшіліктік орталық (163-сурет), Пермдегі Космонавт шоссесіндегі ақпараттық-коммерциялық кешен (164-сурет), Мәскеудегі Цветной желекжолындағы әкімшіліктік ғимарат және басқа құрылыстар.




163-сурет



164-сурет

Батыс сәулет-көркемдік ағымдарды түсіндірумен қатар модерн, неоклассицизм және басқа бағыттарды оқып шығуға талпыныс сақталды.



165-сурет




166-сурет

Модерн бағыты тұрғын үйлерде, кафелерде, шіркеулер мен шағын театр ғимараттарында кездеседі. Модерннің қазіргі түсінігінің айқын үлгісі Самарада Театр алаңындағы «Муха» тұрғын үйі (сәулетшісі Л. Кудеров, 1997 ж., 165-сурет). Ежелгі орыс модерні мен романтизмнің үйлесімі Мәскеу облысының Надовражино ауылындағы Аса Қасиетті Құдай ана Рождество ғибадатханасы (166-сурет) мен Удомледегі Әулие князь Владимир шіркеуінде іске асырылды. Провинциялық қалаларда әкімшіліктік ғимараттар (Нижний Новгородтағы әкімшіліктік ғимарат) және сауда имараттарының

(Ногинск қаласындағы «Богородск сауда қатарлары») модерн стилінде безендірілуі жиі құбылысқа айналды.

Қазіргі сәулетте неоклассицизм элементтері салтанатты театр ғимараттарында кездеседі (Н. Новгород қаласындағы «Комедия» театры). Бұл стиль солтүстік астанада тарихи қалыптасқан құрылыста үндестік тапқандықтан Санкт-Петербург сәулетшілері неоклассицизм стилін жиі қолданады (Каменоостровск даңғылындағы тұрғын үй, *167-сурет*).

Қазіргі сәулетшілердің жобаларында тұрғын үй құрылысындағы стиль мүмкіндіктерін пайдалану ұсынысы пайда болғанымен, функционализмнің жеке белгілері өнеркәсіптік сәулетте кездеседі (Санкт-Петербургтегі Невск даңғылындағы тұрғын үй жобасы, 2001 ж., сәулетшісі Е. Герасимов және басқалар, *168-сурет*).



167-сурет




168-сурет

Символизмнің пайда болуы кез келген дәуірге тән. Қазір ол шектеулі болса да орын алады (Мәскеудегі «Нептун» сауда орталығы, Можайск шоссесіндегі «Үш кит» көп функционалдық сауда кешені).


Сәулеттің басқа қалыптасу кезеңдері сияқты қазіргі кезеңде әлемдік, сондай-ақ отандық сәулетте де сәулеттік стильдер, әсіресе эклектикалық бағыт жиі кездеседі. Мәскеудің Давыдов көшесіндегі көп қабатты тұрғын үй келбетінде романтикалық готикалық мотивтер жандандырылған. Орыстың тарихи стильдерінің элементтері пайдаланылатын «неоорыс» және «мәскеулік» стильдер жөнінде сансыз көп дау туды. Олардың жақтаушылары мен оппоненттері туралы уақыт қана пайымдай алады.

Қазіргі сәулеттің айқын беті қасбеттерді шешуде функциялары мен стильдері жағынан алуан түрлі ғимараттарды кеңінен қолдану болды (*169-сурет*. Ростов-на-Дону қаласындағы автотұрағы және әлеуметтік мәдени тұрмыстық бөлмелері бар әкімшіліктік ғимарат).

Қазіргі сәулетті дизайнерлермен тығыз бірлесіп істеу байытуда (170-сурет. Новокосинодағы әмбебап дүкенінің қасбетін қайта құру).



169-сурет



170-сурет

Үнемі өзгеріп отыратын дүние функционалдық аймақтандыруда қалыптасқан стереотиптерді қайта қарауда және сәулеттің дәстүрлі нысандарын пайдалануда, стилистикалық бағыттарды іздестіруде ғимараттар мен имараттардың жаңа түрлерін жасаудағы қажеттілікті тудырды.

Ғылыми-техникалық жетістіктердің сәулет дамуына ықпалы

Қазір де, бұрындары да сәулетшілердің көркемдік, сондай-ақ конструктивтік тәсілдер мен құрылыс технологияларын таңдау еркіндігі болды.

Егер конструкция өзінің механикалық функцияларын нашар орындаса, әдемі болып шықпайды, онда құрылыс материалдарын қалыптастыратын сапа және инженерлік есептің барлық жаңа жетістіктері барынша пайдаланылуы тиіс. Шешім тиімділігі, жоғары техникалық, материалды дұрыс пайдалану – конструкцияның әдемілігі мен сәулет имараттарының жоғары көркемдік құндылықтарын қалыптастырудың қажетті шарттары.

Сәулеттік кеңістікті ұйымдастырудың эстетикалық қағидаларымен конструкцияға қойылатын техникалық талаптар.

Құрылыс материалдары мен жаңа құрылыс технологиясының жиынтығын жаңарту қазіргі сәулет пішіндерінің динамикалық дамуына әкелді. Жаңа конструкциялық материалдардағы мүмкіндіктерді жүзеге асыра отырып, сәулетшілер ішкі кеңістікке, сондай-

ақ имараттың сыртқы кескініне қатысты пішін қалыптастыру еркіндігіне ие болады. Сонымен жаңа пішінге қарай қозғалыс жаңа функционалдық үдерістер мен композициялық шешімдердің пайда болуының арқасында ғана емес, сонымен қатар жаңа сапада дәстүрлі құрылыс материалдарын пайдалану негізінде болады. Бірінші кезекте бұл әйнек және металл сияқты материалдармен байланысты. Дәл осы материалдар сәулеттік пішіндердің жаңару негізін құрайды. «Хай-тек» сәулетінің нысандарын жасауда дәл осы материалдар имараттың композициялық бейнесін жасайды.

Үлкен аралықты қоғамдық ғимараттарды тұрғызу қажеттігі конструкторлардан ішкі көтергіш тіреулердің санын қысқартуды талап етті. Бұл «тарамдалған» металл көтергіш құрылымдар мен құрылғылардың, түрлі конфигурациядағы «шоғырлы» бағаналардың, ванталы конструкциялардың жасалуына әкелді.

«Өзгертуші» сәулетті жасауда металл жаңа мүмкіндіктерді ашады. Жақын араға дейін геометриялық пішінді өзгертуге қабілетті механикалық жүйелер: жасанды жер серіктерінің күн батареялары, өздігінен ашылатын палаткалар мен салдар және т.б. ғарыш және әскери салаларда ғана пайдаланылды. Бүгін өзгертін көлем сәулеттік тәсіл элементі бола алады. Мұндай сәулет үлгілерін АҚШ, Жапония, Чилидің көрме нұсқаларында ғана кездестіруге болады. Конструкцияны өзгерту екі тәсілмен жүзеге асырылады. Біріншісі – компьютермен басқарылатын элементтер лебедка немесе поршень жүйелерімен қозғалысқа келтірілетін топсалы қосылысты бірнеше құрама бөлікке бөлу арқылы көлемді өзгерту. Екіншісі – торлы беттерді қолдану, мысалы, ғимараттың ішкі кеңістігін сыртқы дүниеге ашатын «жиналатын» күмбезді жабындар.

Әдетте, болат немесе алюминийден дайындалатын мұндай «механикалық» сәулет: теңіз қабыршақтары, өсімдіктер, гүлдер тірі табиғат бейнесі мен пішінін қайталайды.

Біздің уақытта ғылыми және техникалық негіздегі сәулетке қатысты тірі табиғаттың пішінін қалыптастыру заңдары мен қағидаларын жүйелі және мақсатты зерттеу мәселесімен техникалық бионика аналогы бойынша «бионика сәулеті» деп аталатын сәулет теориясы мен практикасының жаңа бағыты айналысады.

Тірі табиғаттың пішін тәсілдеріне тән заңдылықтарды талдау материалды үнемдеу, конструктивтік шешімдерді рационализациялау, метеорологиялық факторларды әрекетін нақты есепке алу,

сондай-ақ өндірісті ұйымдастыру сияқты практикалық мәселелерді шешуге мүмкіндік береді. Сонымен қатар тірі табиғаттың пішін қалыптастыру заңдылықтарын және соның ішінде табиғи пішіндер элементтерін қиыстыруды зерттеу симметрия және ассиметрия заңдарын, тірі табиғат пішіндері әдемілігінің объективтік негіздерін және адам жасаған сәулеттік нысандарды тереңірек түсінуге мүмкіндік береді.

Ехро-92 көрмесіндегі сәулетші С. Калатравтың Кувейт павильоны балық сүйегін елестетеді, ал Ганновердегі Ехро-2000 Венесуэла павильонындағы экзотикалық гүлдің аса зор жапырағы экспозицияның бүкіл келбетін өзгертіп, гидравликалық поршеньмен төмен түсіріледі.

Өкінішке орай, әзірше орыс сәулеті бұл салада тек бөлмелердің ішкі трансформациясымен ғана шектеледі. Дегенмен, сәулет-конструкторлық қызметке арналған өріс көбірек жасалады.

Дәстүрлі емес сәулетке оңай өзгеретін және жылдам жиналатын жұмсақ қабықшалардан орындалатын имараттар жатады. Жұмсақ қабықшалар – созғанда беріктігі жоғары, бірақ кернеудің басқа түрлеріне қарсы келе алмайтын қабілетсіз материалдардан орындалатын кеңістіктік конструкциялардың ерекше тобы. Бұл сапаға жоғары технология бойынша дайындалған пластмасса, әйнек, металл сияқты қазіргі материалдар қабілетті. Жұмсақ қабықшалар қазіргі конструкциялардың үш: пневматикалық (аэростатикалық), құйма (гидростатикалық) және тентті түрінде пайдаланылады.

Құйма конструкцияларды гидротехникалық нысандарда, бөгеттерде қолданады. Көбінесе, қазіргі сәулетте тентті конструкцияларды пайдаланады (конструкцияның ең ежелгі түрі). Олардан шағын уақытша имараттар, павильондар, стадиондардың жазғы жабындары тұрғызылады. Тентті имараттарды 1994 жылы Татарстан республикасы үшін В. Сладков дайындады. Ең тартымдысы және перспективалысы пневматикалық конструкциялар. Оларды қолдану саласы алуан түрлі: шағын сәулеттік пішіндер мен балалардың ойын түрлері (батут) ірі көрме және спорт имараттарына дейін.

Ресейдің климаттық ерекшеліктеріне байланысты бұл конструкциялар аз тараған.

Климаттық шекараларды жеңе отырып, әйнек әртүрлі имараттардың қоршау конструкциялары ретінде жаңа статусқа ие болды. Металл пішінде әйнек панельдерді қолдану ғимараттарды

көлемді мөлдір емес конструкциялардан босатуды ғана емес, сонымен қатар қоршау қабырғаларының периметрімен іргетастарды салуға жұмсалатын шығынды едәуір қысқартуға мүмкіндік береді. Ғимараттың «тірі» қабықшасын жасау энергияны сақтаудың жаңа тәсілін жүзеге асырады. Бұл жағдайда ғимарат іштен жылытылмайды, ал сырттан жылытатын мөлдір «тон» «кигізіледі».

Қазіргі құрылыс әйнегінің ондаған түстерінің органикалық үйлесімі көбінесе қазіргі сәулеттің мәнін анықтайды. Шыныталшық негізінде 1994 жылы В. Хамкин, И. Скребицкий, және И. Улицкийлер тұсталшықты көп қабатты кірпішті жасау идеясын ұсынды. Ол ғимарат сыртынан да, ішінен де бағытталған жарық-түс әсеріне жетуге мүмкіндік береді. Тұсталшықты сәулет болашақтың психологиялық сәулетіне ұласуы мүмкін.

XXI ғасырдың басында ортаны сыртқы әсерден қоршайтын жазықтық ретінде «ғимарат қасбеті» ұғымы өзгерді. Қазіргі қасбет – ғимараттың жалпы композициясына пластикасы жағынан белсенді элементтерді қосумен молайған күрделі көлемді-кеңістіктік жүйе. Жаңа қасбеттік материалдар және озық технология бойынша дайындалған конструкциялар техникалық та, сонымен қатар кескіні мен қолайлылығы жағынан заманауи нысандарды жасай отырып, ғимараттың сәулет-көркемдік сипатын да түрлендіреді. Ғимарат қасбетінің маңызды элементі терезелердің жарықмөлдір қоршауы болып табылады. Олар қасбет пластикасына және ғимарат пен тұтас ансамбль сәулетіне ықпал етеді. Бүгінгі күні отандық индустрия ағаш, алюминий, ағаш-алюминий және пластмассадан жасалған қазіргі терезелер мен есіктерді шығаруды ұйымдастырады. Жарықмөлдір қоршаудың дамуына деген қазіргі тәсілдің мақсаты жаңа құрылыс пен қайта құру кезінде жылу қорғаудың нормативтік деңгейімен ғимараттың сәулеттік айқындылығын арттыру үшін терезе үлгілерін кеңінен қолдануды қамтамасыз ететін конструкциялар мен технологияларды жетілдіру болып табылады.

Құрылыс техникасын дамыту динамикасы жаңа композициялық шешімдердің қалыптасуына, XXI ғасырда жаңа үлгілер мен жүйелі құрылым жүйелерін іздестіру мен жасау үшін пішін қалыптастырушы әлеуетті жинауға мүмкіндік туғызды.

Қазіргі қала ортасының экология проблемалары

XX және XXI ғасырлар аралығында кенттендіру өнеркәсібі дамыған елдер халқының 75 % қала агломерациясында өмір сүруіне әкелді. Бұл жағдай ірі қалалардың әлеуметтік және экономикалық регенерациясының негізгі сынары ретінде қала ортасы сапасының рөлін күшейтуге себеп болды.

Ірі қалалар – кез келген мемлекет картасында ең ластанған жерлер, бұл «жасылдардың» ғана проблемасы емес. Болашақ мәдениеттің жүйесінің бір бөлігі ретінде сәулет пен құрылыс қызметін экологияландыру проблемаға айналды.

Жақында ғана экологиялық зиян тұрмыстық қолайлылықтың әдеттегі деңгейінің шарасыз төлемі ретінде есесі қайтқан болатын. Бүгінгі күні бұл көзқарас ескірді. Қазіргі технологиялар адамның өмір сүруіне бейімделген, сол бір мезгілде табиғи ортаға шамалы жағымсыз әсер қалдыратын тұрғын үйлерді салу мүмкіндігін жасайды.

XX ғасырдың екінші жартысында бақ-қалалардың жобасын жасау идеялары пайда болады. Сәулетшілер жасыл «нұр сәулелі қала» жасау үшін қала аумақтарын саябақтар мен бақтарға босатып, адамдарды биік үйлерге қоныстандырған дұрыс деп ойлады. Осындай қағидамен тұрғызылған кенттендірілген аумақтарда тұру жасыл және қолайлы болмады.

Индустриалды тұрғын үй үшін қызмет көрсету мекемелері, үлкен инженерлік желілер және олардың өнеркәсіптік салалары талап етілді. Қазіргі құрылыс қоршаған ортаға тікелей де, сондай-ақ инженерлік инфрақұрылым мен қызмет көрсететін өндірістік сектор арқылы да экологиялық зиян келтірді. Осы тұрғыда көптеген экологиялық ұйымдардың көбінесе, қоршаған ортаның өнеркәсіптік ластануымен күреске бағытталуы күмән тудырады, өйткені күрес айтарлықтай себептерден емес, салдардан болатындықтан.

Қазір қалалардың болашағы қарама-қарсы тенденциямен, дәлірек айтқанда, қабат саны аз экологиялық құрылыстың кеңінен таралуымен айқындала түсуде.

1990 жылдың соңында постиндустриалды дәуірдің тұрғын үйлерінің негізгі түрлері - «экоүйлер» пайда бола бастайды. Экоүй – тарамдалған ресурс сақтаушы және қалдығы аз, салауатты және көркейтілген, табиғи ортаға қатысты агрессивті емес болып табылатын, жер телімі бар жеке немесе қоршалған үй. Оған автономды не-

месе шағын ұжымдық инженерлік жүйелермен қамтамасыз етілген және тиімді құрылыс конструкциялары қолданылған үйлер салу арқылы қол жеткізуге болады. Осындай озық экологиялық құрылыс үлгісі Мәскеуде 2003 жылы салынған 9-экспериментті ықшамаудан Куркино болып табылады.

Қала ауданы немесе ірі емес қала тұрғын үй аймағын ғана емес, сонымен қатар қаланың құрамдас бөлігі болып табылатын басқа аймақтарды да: қоғамдық орталықтар, өнеркәсіптік, қойма, коммуналды, көлік аумақтары, саябақтар мен орман-саябақтар және т.б. да қамтиды. Сондықтан қала ауданы экоүйлерден ғана тұрмайды. Көп қабатты нұсқада орындалатын ғимараттар қажеттілігі туады. Көп қабатты үйлерді қазіргіге қарағанда неғұрлым экологиялық етіп жасауға болады, дегенмен, оларды экоүй деңгейіне дейін жеткізу мүмкін емес.

Көп қабатты, имараттар бір немесе бірнеше аудандық қоғамдық орталықтарда орналастыра отырып, жеке топтарға жинау орынды. Оларға қызмет көрсету үшін көлемі жағынан шағын жергілікті инженерлік желілер жасалуы тиіс. Қала аудандары деңгейінде бөлінген тұрмыстық қалдықтармен қоса цикл жүйесі, қуаттылықты өндіретін қажетті қойма бөлмелері, көлік кәсіпорындары ұйымдастырылуы тиіс. Бұл жүйе қоқысты жою және көму жүйесін алмастырады.

Керексіз өндірістерді азайту және қысқарту, сондай-ақ қалған кәсіпорындарда өндіріс сипатын өзгерту есебінен қаланың аз аумағы өнеркәсіптік, коммуналды, қойма аймақтарынан бос болмайды. Қала құрылысына байланысты нақты тұрмыстық мәселелерден ғаламдық мәселелерге дейін қарға адым жер. Мысалы, жаңа қоныстану аудандарының құрылысы және онымен байланысты қала құрылымының дамуы экологиялық таза энергия қондырғыларын жасау мәселелерін шешпейінше мүмкін емес.

Бүгінгі күні Ресей қалалары, Ольборг және Берлиндегі конференция материалдарының мәліметтері бойынша жалпы СО₂ ластанған ғаламшардың жетекшілерінің бірі болып табылады. Соңғы он жылда қаланы жоспарлауда және салуда энергия сақтаушы дәстүрлер Ресейдің көптеген қалаларында жойылған болып шықты.

Бүгінгі күні көптеген ірі Ресей қалаларында қоршаған ортаға деген ықпалды бағалаудың соңғы жобасы бар (ҚОЫБ). Тек ҚОЫБ

орындау негізінде ғана қаланың негігі жоспарының техника-экономикалық негіздемесі келісілуі мүмкін.

Қаланы жоспарлау мен салудың экологиялық саясаты төмендегі мәселелерді қамтитын қала ортасын және урбоэкожүйе тұрақтылығын оңтайландыру бойынша:

- қоршаған ортаны қорғаудың саяси, экономикалық және әлеуметтік тәсілдермен үйлестірілуі;
- адамның ортаны қалыптастырушы және ортаны қорғаушы қызметінің есебінен экологиялық тепе-теңдік күйді ұстау;
- қаланың функционалдық аймақтарын тиімді орналастыру;
- қаланың энергетикалық жүйесін реттеу, қалдықты аз бөлетін және энергия сақтайтын технологияларды енгізу;
- адам үшін толық экологиялық жағдай жасау және қаланың ландшафтық-экологиялық қаңқасын қалыптастыру;
- тиімді көлік инфрақұрылымын ұйымдастыру;
- қаланың өнеркәсіптік кәсіпорындарында жаңа технологияларды қолдану;
- халықты экологиялық тәрбиелеу дайындалған бағдарламаны тиімді және жоспарлы орындаудың көптеген талаптарына негізделеді.

1993 жылы Чикагода сәулетшілер конгрессінде ХХІ ғасырдың сәулет қызметінің негізгі мақсаты табиғи ортаның тұрақтылығын қамтамасыз ету міндеті деп жарияланған декларация қабылданды.

Ресейдің әрқашан шығармашылықтарымен рухани және материалдық дүниені байытқан тамаша сәулетшілерімен даңқы шықты. Сәулет өнер ретінде қоғамға, оның арман-мұраттары мен мақсаттарына, экономика мен техниканың даму деңгейіне тәуелді, оның тарихын көрнекілігімен көрсетіп, материалдандырды. «Тас шежіреде» әр елдің тарихы бейнеленеді. Сәулетшілік бүкіл қарама-қайшылықтарымен және жеңістерімен әлемнің драмалық тарихының беттерін белгілейді.

2-ТАРАУ

СТУДЕНТТЕРДІҢ БІЛІМІН БАҚЫЛАУ

2.1. ТЕСТІК БАҚЫЛАУ

Тестік бақылауды студенттер 45 минут ішінде пәндегі дәріс бөлімдері бойынша орындайды. Тексеруді оқытушылар кілт көмегімен жүргізеді.

«Сәулет тарихы» пәні бойынша 1-тестік білім бақылауы

- Тараулар: 1.1. Сәулетші қызметінің пайда болуы
1.2. Ежелгі дүние мемлекеттерінің сәулеті
1.3. Көне сәулет пен мәдениет

1-НҰСҚА

Дұрыс жауап нұсқасын таңдаңыз:

1. *Кейінгі палеолит уақытын атаңыз:*

- а) б.з.д. VI –II мың. ж.
- ә) б.з.д. I –I мың. ж.
- б) б.з.д. I – IV ғ.
- в) б.з.д. 40-10 мың. ж.

Жауап _____

2. *Сөйлемді аяқтаңыз:*

Дольмен дегеніміз – ...


- а) өңделген немесе өңделмей тігінен қойылған тастар;
- ә) сыйынатын немесе рәсімдер өткізетін орын;
- б) шеңбер бойымен орналасқан тас тақталар немесе бағандар;
- в) үш немесе одан көп тастан тұратын тіреу-арқалықты жүйе прототипі

Жауап _____

3. *1.1-суретте не бейнеленген?*

- а) қорған
- ә) дольмен
- б) менгир
- в) кромлех

Жауап _____



1.1-сурет

4. *Мысырдың Жаңа патшалық уақытын атаңыз:*

- а) б.з.д. 3000 – 2400 ж.
- ә) б.з.д. 2100 – 1700 ж.
- б) б.з.д. 1071 – 332 ж.
- в) б.з.д. 1584 – 1071 ж.

Жауап _____

5. *Дейр-эль-Бахридегі Аменемхет III ғибадатханасы қандай ғибадатхана түріне жатады?*

- а) жеке тұрған ғибадатхана
- ә) жартылай жартасты ғибадатхана
- б) сыйынатын ғибадатхана
- в) жартастағы ғибадатхана

Жауап _____

6. *«Сәнмаңдайша» ұғымына анықтама беріңіз:*

- а) сәулет ордерінің бағаналармен ұсталып тұрған, жоғарғы көлденең бөлігі
- ә) төменгі негізгі арқалық
- б) бағананың төменгі тіреуіш бөлігі
- в) үйдің кіреберіс сыртының үшбұрыш тәрізді жоғарғы жағы

Жауап _____

7. *Б.з.д. 338-30 жылдардағы ежелгі грек мәдениеті дәуірін атаңыз:*


- а) гомерлық
- ә) архаикалық
- б) классикалық
- в) эллинистикалық

Жауап _____

8. 1.2-суреттегі ежелгі мысырлық ғибадатхана жобасының элементін атаңыз:

- а) тізбекұстынды зал
- ә) бағанды зал
- б) құдай үйі
- в) базилик

Жауап _____



1.2-сурет

9. Дұрыс сөзді қойыңыз:

Дорикалық ордердің әшекейбедері үш жолақты өрнек және ... сынды көркемсуреттер мен бедерлі безендірулері алмасып отыратын элементтерден тұрады.

- а) сүйір өрнектер
- ә) тамшыөрнектер
- б) үшжақернеу
- в) өрнектастар

Жауап _____

10. 1.3-суреттегі грек ғибадатханасының типін атаңыз:

- а) амфипростиль
- ә) айнала ұстынды жай
- б) шеңберлі ғибадатхана
- в) қостізбе бағанды ғибадатхана

Жауап _____




1.3-сурет

11. 1.4-суреттегі ордер элементін атаңыз:

- а) әшекейбедер
- ә) архитрав
- б) ернеу
- в) маңдайша қабырға.

Жауап _____



1.4-сурет

12. Сөйлемді жалғастырыңыз:

Пританеи ол ... арналған ғимарат

- а) ақсақалдар кеңесінің жиынына
- ә) көпшіліктің тамақтануына және елшілерді қабылдауға
- б) мистралдық жиындарға
- в) өнер туындыларын сақтауға

Жауап _____

13. Парфенон ғибадатханасының авторын, сәулетшісін атаңыз:


- а) Мнесикл
- ә) Калликрат
- б) Иктин
- в) Перикл

Жауап _____

14. 1.5-суретте қандай сәулет имараты бейнеленген?

- а) Дур-Шаррукиндегі Саргона II-резиденциясы
- ә) Вавилондағы Навуходоносора сарайы
- б) Кноссадағы Минос сарайы
- в) Тиринфск Акрополі

Жауап _____



1.5-сурет

15. Қай имарат әлем кереметіне жатпайды?

- а) Эрехтейон
- ә) Семирамида бақтары
- б) Эфес Артемидасы ғибадатханасы
- в) Родос алыбы

Жауап _____

16. Рим республикасы мәдениетінің уақытын атаңыз:

- а) б.з.д. IV – I ғ.;
- ә) б.з.д. 30 ж. – 476 ж.;
- б) б.з.д. VII – V ғ.;
- в) б.з.д. V ғ. соңы.

Жауап _____

17. Имараттың қай түрі Рим мәдениетіне жатпайды?


- а) лесха
- ә) кесене
- б) инсула
- в) терма

Жауап _____

18. 1.6-суретте Рим мәдениетінің қандай ескерткіші бейнеленген?

- а) Пантеон
- ә) Колизей
- б) Императорлық форум
- в) Диоклетиана сарайы

Жауап _____



1.6-сурет

19. Турманиндегі собор қандай византиялық гибадатхана түріне жатады?


- а) базилик
- ә) орталық-күмбезді
- б) орталықтандырылған
- в) төрттаған-күмбезді

Жауап _____

20. 1.7-суретте қандай византиялық гибадатхана бейнеленген?

- а) Равендегі Сан-Витале
- ә) Константинопольдегі Әулие София
- б) Венециядағы Сан-Марко
- в) Турманиндегі базилик

Жауап _____



1.7-сурет

«Сәулет тарихы» пәні бойынша 2-тестік білім бақылауы

- Тараулар: 1.4. Ортағасырлық Еуропаның сәулеті мен өнері
1.6. Өркендеу дәуірінің сәулеті мен өнері
1.7. Барокко мен классицизм сәулеті мен өнері

1-НҰСҚА

Дұрыс нұсқаның жауаптарын таңдаңыз:

I. *Стильдің қай уақытқа жататындығын атаңыз:*

1. *Италиядағы алғашқы өрлеу:*

- а) XIII ғ. - 1420 ж. б) XV ғ.
ә) 1420 – XV ғ соңы. в) XIV ғ.

Жауап: _____

2. *Франциядағы «барокко» және «классицизм»:*

- а) XVII ғ. б) XIX ғ басы.
ә) XVIII ғ. в) XVI ғ.


Жауап: _____

II. *Элементті атаңыз:*

3. *Ғибадатхана тілігі:*

- а) қарсыкерме
ә) өрнекті сүйірқада
б) мұнараша
в) тіреу

Жауап: _____




2.1-сурет

4. *Ғибадатхана жоспары:*

- а) апсида
ә) нартекс
б) көлденең кеңістік
в) целла

Жауап: _____



2.2-сурет

III. Сәулеттік имараттың пайда болған уақытын атаңыз:

5. Плацио Медичи-Рикарди:

- а) 1502 - 1567 ж. б) 1444 - 1452 ж.
ә) 1620 - 1624 ж. в) 1250 - 1312 ж.

Жауап: _____

6. Римдегі Иль-Джезу шіркеуі:

- а) 1444 - 1512 ж. б) 1364 – 1444 ж.
ә) 1568 – 1584 ж. в) 1584 – 1612 ж.

Жауап: _____

7. Версальдағы кіші Трианон мейманханасы:

- а) 1812 ж. б) 1764 ж.
ә) 1647 ж. в) 1801 ж.


Жауап: _____

IV. Суреттерде қандай сәулеттік имараттар бейнеленген?

8.

- а) Турманиндегі базилик
ә) Константинопольдегі әулие София ғибадатханасы
б) Сан-Виталдегі шіркеу
в) Венециядағы Сан-Марко соборы

Жауап: _____




2.3-сурет

9.

- а) Пацци капелласы
ә) Темпьетто ғибадатханасы
б) Ротонда вилласы
в) Венециядағы Санта-Мария делла Салюте шіркеуі

Жауап: _____



2.4-сурет

V. Терминді растаңыз:

10. Саябақтағы сәнді етіп қиылған бұталар, жеке шоғыр немесе ағаштар тобы.....деп аталады.

- а) маңдайшалық кеңістік
- ә) курдонер
- б) сәнжелек
- в) иконостас

Жауап: _____

11. Готикалық тоғыспаның пішінді қабырғасы бұл ...

- а) кокошник
- ә) әшекейқабырға
- б) арудіңгек
- в) шатыр


Жауап: _____

VI. Суретте қандай имараттың жобасы көрсетілген?

12.

- а) Париж Құдайана ғибадатханасы
- ә) Реймстегі ғибадатхана
- б) Вормстағы ғибадатхана
- в) Амьен ғибадатханасы

Жауап: _____




2.5-сурет

13.

- а) Максенция – Римдағы Константина базилигі
- ә) Сплиттағы Диоклетиана сарайы
- б) Турманиндегі базилигі
- в) Римдегі Каракалла термі


Жауап: _____



2.5-сурет

14. Римдегі әулие Петр шіркеуі жобасының авторы кім?

- а) Рафаэль Санти
 - ә) А. да Сангалло
 - б) Д. Барманте
 - в) Микеланджелло
- Жауап: _____



2.7-сурет

VII. Имараттың авторы кім?

15. Ратонда вилласының:

- а) А.Палладио
 - ә) Д.Б. да Виньола
 - б) Б.Россалино
 - в) Д.Барманте
- Жауап: _____


16. Флоренциядағы тәрбие үйінің:

- а) А. да Сангалло
 - ә) Д.Барманте
 - б) Ф.Брунеллески
 - в) М.Ди Бартолемео
- Жауап: _____

VIII. Сәйкестікті анықтаңыз:

18.

- а) барабан
 - ә) әшекейқабырға
 - б) күмбез
 - в) тоғыспа
- Жауап: _____




2.8-сурет

19.

- а) галерея
- ә) бағанды ғимарат
- б) сәнжелек
- в) курдонер

Жауап: _____




2.9-сурет

20.

- а) ордер
- ә) тіреуіш
- б) жартылайтіреу
- в) жауырындық қабырға

Жауап: _____



2.10-сурет

«Сәулет тарихы» пәні бойынша 3-тестік білім бақылауы
1.10-тарау: Орыс сәулетінің тарихы

1-НҰСҚА

Дұрыс жауап нұсқаларын таңдаңыз:

I. Суретте бейнеленген сәулет имараттарын атаңыздар:

1.

- а) Нерлидегі Покров соборы
- ә) Кровидегі Спас шіркеуі
- б) Киевтегі Әулие София соборы
- в) Новгородтағы Әулие София соборы



Жауап: _____

3.1-сурет

2.

- а) Василий Блаженный соборы
- ә) Мәскеу Кремлінің Благовещен соборы
- б) Мәскеу Кремлінің Архангель соборы
- в) Мәскеу Кремлінің Успен соборы



Жауап: _____

3.2-сурет

3.

- а) Петербордағы қор биржасының ғимараты
- ә) Мәскеудегі Пашков үйі
- б) Мәскеудегі Голицын ауруханасы
- в) Мәскеудегі Сенат ғимараты




Жауап: _____

3.3-сурет

4.

- а) Коломенскдегі сарай
- ә) Петергофтағы сарай
- б) Мәскеудегі Пашков үйі
- в) «Атақтыларға арналған»
үлгілі үйдің жобасы

Жауап: _____




3.4-сурет

5.

- а) Петербордағы Александр театры
- ә) Мәскеудегі Пашков үйі
- б) Петербордағы Бас штаб ғимараты
- в) Мәскеудегі Сенат ғимараты

Жауап: _____



3.5-сурет

II. Сәулет туындысының авторы кім?

6. *Петербургдағы Қысқы сарайдың:*

- а) А.Ф. Кокориков
- ә) В.Б. Растрелли
- б) И.Е. Старов
- в) К.И. Росси

Жауап: _____

7. *Петербургдағы Александр театрының:*

- а) Ж.Б. Валлен-Деламонт
- ә) К.И. Росси
- б) Ч. Камерон
- в) М.Ф. Казаков

Жауап: _____

8. Петербордагы Адмиралтействоның:

- а) В.В. Растрелли
- ә) В.И. Баженов
- б) А.Д. Захаров
- в) Ф.С. Аргунов

Жауап: _____

9. Петербордагы Қазан соборының:

- а) К.И. Росси
- ә) Д. Трезини
- б) А.Н. Воронихин
- в) А.Д. Захаров

Жауап: _____

10. Мәскеудегі В.И. Ленин кесенесінің:

- а) И.Е. Старов
- ә) Ф.О. Шехтель
- б) А. Щусев
- в) К. Тон


Жауап: _____

III. Суреттегі қандай имараттың жобасы?

11.

- а) Коломенскдегі Вознесен шіркеуі
- ә) Нерлидегі Покров шіркеуі
- б) Мәскеу Кремлінің Успен соборы
- в) Ровтағы Покров ғибадатханасы

Жауап: _____




3.6-сурет

12.

- а) Мәскеу Кремлінің Успен соборы
- ә) Василий Блаженный ғибадатханасы
- б) Коломенскдегі шіркеуі
- в) Нерлидегі Покров шіркеуі

Жауап: _____




3.7-сурет

13.

- а) Петербордағы көркемөнер академиясы
- ә) Мәскеу Сенаты
- б) Петербордағы Адмиралтейство
- в) Мәскеудегі Пашков үйі

Жауап: _____




3.8-сурет

14.

- а) Васильев аралындағы Биржа ансамблі
- ә) Қысқы сарай ансамблі
- б) Петропавл бекінісі
- в) Петербордағы Адмиралтейство ансамблі

Жауап: _____



3.9-сурет

IV. Сәулет имараты құрылысының уақытын атаңыз.

15. *Новгородтағы Әулие София соборының:*

- а) 1147 ж.
- ә) 1052 ж.
- б) 1165 ж.
- в) 1253 ж.

Жауап: _____

16. *Мәскеудегі Василий Блаженный гибадатханасының:*

- а) 1555 ж.
- ә) 1687 ж.
- б) 1700 ж.
- в) 1260 ж.

Жауап: _____

17. Петербордагы Исаакиев соборының:

- а) 1801 – 1811 ж.
- ә) 1818 – 1858 ж.
- б) 1786 ж.
- в) 1905 ж.

Жауап: _____

V. Дұрыс анықтаманы таңдаңыз.

18. Ашық галерея, қоршаған шіркеу, тамақтанатын бөлік немесе сарай:

- а) сенек
- ә) гульбище
- б) үлкен үй
- в) ауыз үй

Жауап: _____

19. Ғибадатхананың үстіне салынған немесе жанынан қойылған, қоңырауларға арналған ойығы бар ғимарат:

- а) қоңырау ілетін күмбезді мұнара
- ә) қоңыраухана
- б) мұнара үй
- в) барабан

Жауап: _____

20. Ұзынша тақтайшалар, көбіне кемерлі пішіндегі, күмбездерді, барабандар мен шатырларды жабуға қолданылады:

- а) жабынқыш
- ә) тілімдер
- б) ағаш тіс
- в) жұқа тақтай

Жауап: _____

«Сәулет тарихы» пәні бойынша 4-тестік білім бақылауы

Термин сөздерге түсінік

1-НҰСҚА

Дұрыс жауапты таңдаңыз және анықтама беріңіз:

1. Оймабедер – бұл...

- а) суретпен, өрнекпен безендірілген қабырға, есік, төбенің сыртқы қабатының бір бөлігі
 - ә) жұқа бедер, жалпақ беттегі мүсін суреттің бір түрі
 - б) қалың бедер, жалпақ беттегі мүсін суреттің бір түрі
 - в) өңделмеген сылаққа сулы бояумен салынған көркем сурет
- Жауап:* _____

2. Әшекейбедер – бұл...

- а) шырмалған пішіндегі түрлі сәулетті-сәндік және оюлы бөлшектер
 - ә) сәнмандайшаның көлденең бөлінген үш бөлімінің ортаңғысы
 - б) бағандардың өзегіндегі тігінен салынған ойықтар
 - в) үшбұрыш тәрізді ғимараттың қақмаңдайы
- Жауап:* _____

3. Қарсыкерме – бұл ...

- а) тік және жоғары қарай жіңішкеріп келетін қабырғаның шығыңқы жері
 - ә) ғимараттың қандай да бір бөлігін ұстап тұру үшін, қабырғадан шыққан немесе қабырғаға бекітілген сүйей
 - б) қырлы бөренелерден жапсарлай салынған сүйеніш қабырғалар
 - в) балконның сыртқы ернеуін, бағандарды ұстап тұратын қабырғадан шыққан арқалық шеті
- Жауап:* _____

4. Қима – бұл...

- а) ғимараттың сыртқы тік бетінің көрінісі, сыртқы жағы
- ә) есік және терезе ойықтарының арасынан өтетін, көлденеңінен ойша кесілген жалпақ заттың кескіні
- б) қима бетте жатқан және оның артында орналасқанды да көрсететін бір немесе бірнеше жазық бетпен кесілген заттың кескіні
- в) затты ойша жазықтықпен кескенде пайда болған, қима беттегі жатқанды көрсететін кескін

Жауап: _____

5. Подий – бұл...

- а) ескерткіш ғимараттың, бағанның, төрт қырлы ұстынның іргетасы
- ә) алдыңғы кіреберіс жақтағы ғимараттың сатысы бар іргетасы
- б) шатыр, үй алдындағы бастырма, жағажай сатылары, биік беткейлер мен жолдарды бөліп тұратын аласа қабырға
- в) қабырғаның жоғарғы жағында көлденең жолақ түріндегі сәндік композиция (сурет немесе ою)

Жауап: _____

6. Притвор – бұл ...

- а) ғимаратты жан-жағынан қоршап тұратын сыртқы бастырма, алаңқай
- ә) негізгі ғибадатхананың ішіне немесе негізгі ғимаратқа жапсарлай салған қосымша шіркеу
- б) христиан ғибадатханасының кіреберіс бөлмесі
- в) ұзындығы енінен асатын, жабық жарық бөлме

Жауап: _____

7. Жиектеме – бұл...

- а) қабырғадағы тігінен орналасқан шығыңқы жалпақ жер
- ә) шіркеу ғимараты қабырғасының жарты шеңбер болып аяқталған жоғарғы бөлігі
- б) жақтаумен көмкерілген жауырындық қабырға, есік немесе қабырғаның бөлігі
- в) қабырғаны тас шаршылармен безендірудің тәсілі


Жауап: _____

II. Сәйкестікті анықтаңыз:

8. 4.1-суретте

- а) дольмен
- ә) кромлех
- б) ескерткіш
- в) менгир

Жауап: _____




4.1-сурет

9. 4.2-суретте

- а) жауырындық қабырға
- ә) маңдайша кенере
- б) жауырындық
- в) бағана

Жауап: _____



4.2-сурет

10. 4.3-суретте

- а) күмбез
- ә) кокошник
- б) барабан
- в) шатыр

Жауап: _____




4.3-сурет

11. 4.4-суретте

- а) кермедоға
- ә) қақпабағана
- б) өрнекті сүйірқада
- в) қарсы керме

Жауап: _____



4.4-сурет

- ә) сәнжелек
- б) курдонер
- в) иконостас

Жауап: _____

18. Төртқырлы немесе сегізқырлы пирамида пішінді етіп жабу бұл деп аталады.

- а) кокошник
- ә) әшекейқабырға
- б) арудіңгек
- в) шатыр

Жауап: _____

19. Шіркеуді, ас ішетін бөлмені немесе сарайды қоршап тұратын галерея бұл ...

- а) ауыз үй (сени)
- ә) гульбище
- б) үлкен үй (хоромы)
- в) мұнара үй (терем)

Жауап: _____

20. Ежелгіорыс қаласының бекінген орталығының көне атауы ...

- а) «қамал»
- ә) «дитинец»
- б) «кремль»
- в) «қоңырау ілетін күмбезді мұнара»

Жауап: _____

«Сәулет», «Интерьер дизайны» және «Сәулет тарихы» пәндері бойынша 2 курс студенттерінің өз бетімен білімдерін тексеруге арналған тестік білім бақылауы

1-НҰСҚА

Дұрыс жауап нұсқаларын таңдаңыз:

1. *Неолит уақытын атаңыз.*

- а) б.з.д. VI – II мың ж.
- ә) б.з.д. II басы – I мың ж.
- б) б.з.д. X – VI мың ж.
- в) б.з.д. II – I ғасыр

Жауап _____

2. *Италиядағы жоғары қайта өрлеу уақытын атаңыз.*

- а) 1420 – XVI ғасыр соңы
- ә) XVғ. соңы – XVI ғасыр басы
- б) XV ғасыр
- в) XVII ғасыр

Жауап _____

3. *Дейр әл-Бахридағы Хатшепсут гибадатханасы қандай гибадатханалар түріне жатады?*


- а) жеке тұрған гибадатхана
- ә) үңгір ішіндегі гибадатхана
- б) жартылай жартасқа үңгіп салынған гибадатхана
- в) сыйынатын гибадатхана

Жауап _____

4. *5.1-суреттегі ордердің элементін атаңыз.*

- а) волюта
- ә) эхин
- б) сәнмаңдайша
- в) абак

Жауап _____



5.1-сурет

5. Қай имарат әлем кереметіне жатпайды?


- а) Фарос шамшырағы
- ә) Галикарнас кесенесі
- б) Олимп Зевсінің мүсіні
- в) Парфенон

Жауап _____

6. 5.2-суретте Рим мәдениетінің қандай ескерткіші бейнеленген?

- а) Максенция-Константин базилигі
- ә) Каракал термі
- б) Сплиттегі Диоклетиана сарайы
- в) Турманиндегі базилик

Жауап _____




5.2-сурет

7. 5.3-суретте гибадатхана қимасының элементін атаңыз:

- а) маңдайшалық кеңістік
- ә) өрнекті сүйірқада
- б) кермедоға
- в) әшекейқабырға

Жауап _____




5.3-сурет

8. 5.4-суретіндегі гибадатхана жобасы элементін атаңыз.

- а) нартекс
- ә) апсида
- б) кіреберіс зал
- в) капелла

Жауап _____




5.4-сурет

9. 5.5-суретте қандай имарат бейнеленген?

- а) Иво-Сант шіркеуі
- ә) Пацци капелласы
- б) Ротандо вилласы
- в) Темпьетто ғибадатханасы

Жауап _____



5.5-сурет

10. Терминді таңдаңыз:


- а) тікбұрышты табан мен күмбезді жабудың арасын байланыстыратын бөлшек, ол –
- а) кессондар
- ә) барабан
- б) желкен
- в) күмбез

Жауап _____

11. 5.6-суретте қандай имараттың жобасы бейнеленген?

- а) Пацци капелласы
- ә) Темпьетто ғибадатханасы
- б) Санта-Мария дель Фиоре соборы
- в) Фарнез вилласы

Жауап _____




5.6-сурет

12. Римдегі Әулие Петр соборы жобасының авторы кім?

- а) Д. Барманте
- ә) А. да Сангалло
- б) Рафаэль Санти
- в) Микеланджело


Жауап _____



5.7-сурет

13. Сәйкестікті анықтаңыз:

- а) үйтұғыр
- ә) подий
- б) база
- в) базис



5.8-сурет

Жауап _____

14. Суретте бейнеленген сәулет имаратын атаңыз:

- а) Новгородтағы Әулие София соборы
- ә) Киевтегі Әулие София соборы
- б) Коломенскдегі Вознесен шіркеуі
- в) Нередицадағы Спас шіркеуі



5.9-сурет

Жауап _____

15. Суретте бейнеленген сәулет имаратын атаңыз:

- а) Қор биржасының ғимараты
- ә) Исаакиев соборы
- б) Қазан соборы
- в) Смольный шіркеуінің монастыры




5.10-сурет

Жауап _____

16. Суретте қандай имараттың жобасы бейнеленген?

- а) Новгородтағы Әулие София соборы
- ә) Нерлидегі Покров шіркеуі
- б) Коломенскідегі Вознесен шіркеуі
- в) Киевтегі Әулие София соборы




5.11-сурет

Жауап _____

17. Суретте қандай имараттың жобасы бейнеленген?

- а) Петропавл соборы
 - ә) Василий Блаженный соборы
 - б) Петербордағы Адмиралтейство
 - в) Мәскеудегі Пашков үйі
- Жауап _____



5.12-сурет

18. Мәскеу Кремліндегі

Архангель соборының сәулетшісі кім?

- а) Алевиз Новый
 - ә) А. Фьораванти
 - б) М. Руффо
 - в) П. Солари
- Жауап _____

19. Дұрыс анықтаманы таңдаңыз:

Тоғыспаньң кескінін қайталап, жартышеңбер немесе белағаш сынды болып аяқталатын сыртқы қабырғаның бір бөлігі...

- а) жиек
 - ә) жауырындық
 - б) кокошник
 - в) бетше босаға
- Жауап _____

20. Дұрыс анықтаманы таңдаңыз:

Тоғыспалармен түйісетін, цилиндр немесе көпқырлы пішіндегі тұғырдың қызметін атқаратын ғимараттың жоғарғы бөлігі... (көп жағдайда терезелі болады)

- а) барабан
 - ә) жарықтандырғыш шам
 - б) шатыр
 - в) кокошник
- Жауап _____

2.2 ЭКСПРЕСС-БАҚЫЛАУ

Экспресс-бақылауды 3-5 минут аралығында пән бойынша берілген тақырып шеңберінде студенттер карточкалар арқылы орындайды. Бастапқы төрт сұрақтың жауабы кестенің сәйкес торында, ал соңғы сұрақтың жауабы төменде қысқаша жазу арқылы беріледі.

Жауаптардың дұрыстығын оқытушы үлгілер арқылы тексереді.

Экспресс-бақылау карточкаларын толтыру үлгісі

	А	Б	В	Г
1				
2				
3				
4				

	А	Б	В	Г
1		х		
2	х			
3			х	
4				х

1-экспресс-бақылау

1.1.1-тақырып. Б.з.д II мыңжылдыққа дейінгі алғашқы тектоникалық ұғымдар мен эстетикалық байланыстың қалыптасуы

1-НҰСҚА

1. *Мадлен дәуірінің уақытын атаңыз.*

- а) б.з.д. 40 – 20 мыңжылдық
- ә) б.з.д. 10 - 6 мыңжылдық
- б) б.з.д. 20 – 10 мыңжылдық
- в) б.з.д. 150 – 40 мыңжылдық

Жауап _____

2. *«Цитадель» дегеніміз не? (қамал)*

- а) бекітілген қамал
- ә) қамалдың ішінде жеке бекітілген имарат
- б) қоймалар мен қашаларды қоршай орналасқан тұрғын үйлері бар елдімекен

в) неолит дәуіріндегі бекіністі елдімекен түрі
Жауап _____

3. *Алғашқы қауымдық үйлердің пайда болған уақытын атаңыз:*

- а) палеолит
- ә) мезолит
- б) неолит
- в) қола дәуірі

Жауап _____

4. *Сөйлемді аяқтаңыз: Дольмен ол ...*

- а) өңделіп немесе өңделмей тігінен қойылған тастар
- ә) сыйынуға немесе рәсімдер өткізуге арналған орын
- б) шеңбер бойымен орналасқан тас тақталар немесе бағандар
- в) үш немесе одан да көп тастан тұратын композиция,
тіреу-арқалықты жүйенің тұптұлғасы

Жауап _____

5. *Ертедегі өнерде сюжеттік бейнелеу қашан пайда болды?*

2-экспресс-бақылау

1.2.1-тақырып. Ежелгі Мысыр сәулет өнері б.з.д XVIII – I ғасырлар

1-НҰСҚА

1. *Ежелгі патшалық уақытын атаңыз:*

- а) б.з.д. 3000 -2400 ж.
- ә) б.з.д. 4000 – 3000 ж.
- б) б.з.д. 3000 жылға дейін
- в) б.з.д. 2100 – 1700 ж.

Жауап _____

2. *Пирамидалар тарихындағы Саккарадағы Джоссер пирамидасынан кейінгі пирамиданы атаңыз:*

- а) Хеопс пирамидасы
- ә) Медумдағы Снофру пирамидасы

- б) Дашурдағы Снофру пирамидасы
в) Гизадағы пирамида
Жауап _____

3. *Хатиенсутқа бағытталған ғибадатхана ғибадатханалардың қандай түріне жатады?*

- а) жеке тұрған
ә) жартылай жартас ғибадатхана
б) үңгір ғибадатхана
в) сыйынатын ғибадатхана
Жауап _____

4. *Хефрена пирамидасының құрылған уақытын атаңыз:*

- а) б.з.д. 3000 ж.
ә) б.з.д. 2900 ж.
б) б.з.д. 2800 ж.
в) б.з.д. 1700 ж.
Жауап _____

5. *«Сәнмаңдайша» түсінігіне анықтама беріңіз.*

3-экспресс-бақылау.

1.3.1-тақырып. Ежелгі Греция сәулеті Б.з.д. XII ғ. – I ғ.


1-НҰСҚА

1. *Архаизм кезеңінің уақытын атаңыз:*

- а) б.з.д. VII – VI ғ.
ә) б.з.д. XI – XII ғ.
б) б.з.д. V – IV ғ.
в) б.з.д. 338 -30 ж.
Жауап _____

2. *Суреттегі ежелгі грек ғибадатханасының түрін атаңыз.*

- а) Амфипростиль
ә) Жалған айнала ұстынды жай



1-сурет


- б) Фолос
в) Шеңберлі ғибадатхана
Жауап _____

3. *Сөйлемді аяқтаңыз: Булевтерий –бұл ... арналған ғимарат.*

- а) халықтық жиындарға
ә) ақсақалдар кеңесінің отырысына
б) мистериалдық жиындарға
в) өнер туындылары жиындарына
Жауап _____

4. *Грек ордерінің элементін атаңыздар.*

- а) Абака
ә) Шеңберше
б) Архитрав
в) Өрнектас
Жауап _____



2-сурет

5. *Афин акрополи Ники Аптерос ғибадатханасының авторы кім?*

4-экспресс- бақылау

1.3.2-тақырып. Ежелгі Рим сәулеті б.з.д. VII ғ. – Vғ.

1-НҰСҚА

1. *Этрусс-архаизм мәдениеті дәуірінің уақытын атаңыз:*

- а) б.з.д. VII – V ғ.
ә) б.з.д. IV – I ғ.
б) б.з.д. VII – V ғ.
в) б.з.д. 30 ж. – б.з.д. 476 ж.
Жауап _____

2. *Римдегі Императорлық форумдардың құрылыс уақытын атаңыз:*

- а) б.з.д. 30 ж.


- ә) б.з.д. I – II ғ.
 - б) б.з.д. III – IV ғ.
 - в) б.з.д. II – б.з.д. I ғ.
- Жауап _____

3. *Ревенндегі Сан-Витале шіркеуі қандай имараттар түріне жатады?*

- а) орталық-күмбезді
 - ә) орталықтас
 - б) базилик
 - в) төрттаған-күмбезді
- Жауап _____

4. *Ғибадатхана жобасындағы элементті атаңыз.*

- а) апсида
 - ә) көлденең кеңістік
 - б) капелла
 - в) нартекс
- Жауап _____



3-сурет

5. *Ежелгі Римнің инженерлік имараттары түрлерін атаңыздар.*

5-экспресс-бақылау

1.6.1-тақырып. Италиядағы Қайта өрлеу сәулеті (XV – XVI ғ.)

1-НҰСҚА

1. *Италиядағы ерте Ренессанс уақытын атаңыз:*

- а) 1420 ж. – XV ғ. соңы
 - ә) XIV ғ. соңы – 1420 ж.
 - б) XVI ғ. басы – XVI ғ. соңы
 - в) XVI ғ. ортасы – XVII ғ. басы
- Жауап _____

2. **Ф. Брунеллески шығармашылығына қай имарат жатады?**


- а) Пации капелласы
- ә) Фарнезина вилласы
- б) Темпьетто ғибадатханасы
- в) Жаңа Сакристия

Жауап _____

3. **Суретте көрсетілген Римдегі Әулие Петр соборының жобасы кімдікі?**

- а) Микеланджело
- ә) Рафаэль Санти
- б) А. да Сангалло
- в) Д. Браманте

Жауап _____



4-сурет

4. **Ескі Сакристия жобасының авторы кім?**

- а) Дж. Да Виньола
- ә) Брунеллески
- б) А. Палладио
- в) Альберти

Жауап _____

5. **Дж. да Виньоланың қандай теориялық еңбектерін білесіздер?**

2.3. ЕМТИХАН БИЛЕТТЕРІНІҢ СҰРАҚТАРЫ

1. Алғашқы қауымдық құрылыс сәулеті. Мегалиттік имараттар.
2. Алғашқы қауымдық құрылыс сәулеті. Тұғын үйдің дамуы.
3. Ежелгі Мысыр сәулеті. Кезеңге бөлу. Династиялыққа дейінгі кезеңнің негізгі жетістіктері.
4. Ежелгі патшалық кезеңіндегі Ежелгі Мысыр сәулеті. Ғизадағы пирамидалар кешені.
5. Орта патшалық кезеңіндегі Ежелгі Мысыр сәулеті. Мысырлық бағаналардың түрлері.
6. Орта патшалық кезеңіндегі Ежелгі Мысыр сәулеті. Мысырлық ғибадатханалардың түрлері. Мысал келтіру.
7. Жаңа патшалық кезеңіндегі Мысыр сәулетінің ерекшеліктері. Қала құрылысы.
8. Месопатамия сәулеті. Шумер-Аккад кезеңіне тән белгілер. Негізгі құрылыс материалдары мен конструкциялары. Тұрғын және діни имараттардың түрлері.
9. Ассирия кезеңіндегі Месопатамия сәулеті. Саргон II сарайы.
10. Жаңа Вавилондық кезеңдегі Месопатамия сәулеті. Вавилондағы Навуходоносор сарайы.
11. Эгей мәдениеті. Кезеңге бөлу, Троян кезеңіне тән белгілер. Тұрғын үй түрлері.
12. Эгей мәдениеті. Крит-Микен кезеңі. Кносск сарайы, Атрей мазары.
13. Ежелгі Грекия сәулеті. Кезеңге бөлу. Гомер кезеңі. Негізгі құрылыс материалдары мен конструкциялары.
14. Грек ордерлерінің негізгі түрлері.
15. Классикалық кезеңдегі Грекия сәулеті. Грек ғибадатханаларының түрлері.
16. Классикалық кезеңдегі Грекия сәулеті. Афина Акрополі.
17. Әлемнің жеті кереметі.
18. Ежелгі Грекияның тұрғын және қоғамдық ғимараттарының негізгі түрлері.
19. Рим республикасының сәулеті. Римдік ордер түрлері. Инженерлік және діни имараттар.
20. Ежелгі Рим сәулеті. Тұрғын және қоғамдық ғимараттардың негізгі түрлері.

21. Византия сәулеті. Ғибадатхана түрлері. Византия сәулетінің ерекшеліктері және басты жетістіктері.
22. ІХ-ХІІІ ғасырлардағы еуропалық сәулет. Роман сәулеті. Ортағасырлық қала құрылысы.
23. Готика сәулеті. Негізгі құрылыс материалдары, конструкциялары және ғимарат түрлері.
24. Италиядағы ерте Қайта өрлеу дәуірінің сәулеті. Брунеллеский шығармашылығы.
25. Италиядағы Жоғары Қайта өрлеу дәуірінің сәулеті. Д. Браманте шығармашылығы.
26. Кейінгі Қайта өрлеу дәуірінің сәулеті. Микеланджело шығармашылығы.
27. Қайта өрлеу дәуіріндегі сәулетші-теоретиктер. «Тамаша қалалардың» жобалары.
28. Италиядағы ХҮІІ ғасыр сәулеті. Барокко және классицизм.
29. ХҮІ-ХҮІІ ғасырлардағы Франция сәулеті.
30. ХІХ ғ. соңы-ХХ ғ. басындағы Батыс Еуропа және АҚШ капиталистік елдері сәулетінің қалыптасуы.
31. ХІҮ ғ. соңы-ХҮІ ғ. Мәскеу сәулеті. Мәскеу Кремлінің діни ғимараттары.
32. ХІХ ғ. екінші жартысындағы Ресей сәулеті. Эклектика.
33. ХІХ ғ. екінші жартысындағы Ресей сәулеті. Модерн.
34. Мәскеу мектебінің жарасымды классицизмі. Казаков шығармашылығы.
35. ХІҮ ғ.-ХҮІ ғ. басындағы Мәскеу сәулеті. Мәскеу Кремлінің азаматтық құрылысы.
36. Петербург мектебінің жарасымды классицизмі.
37. Орыстың ағаш сәулетшілігі. Жалпы тәсілдер мен конструкциялар.
38. Генезис және Мәскеу Кремлінің дамуы.
39. ХҮІ ғасырдағы орыс сәулеті.
40. Новгород княздығы сәулетінің ерекшеліктері.
41. Владимир-Суздаль княздығы сәулетінің ерекшеліктері.
42. Мәскеу княздығы сәулетінің ерекшеліктері.
43. Мәскеу мектебінің кейінгі классицизмі.
44. Мәскеу мектебінің ерте классицизмі. Баженов шығармашылығы.

45. Петербор мектебінің кейінгі классицизмі. К. И. Росси шығармашылығы.
46. Петербор мектебінің ерте классицизмі.
47. YI-IX ғасырлардағы шығыс славяндардың сәулеті.
48. XYII ғасырдағы орыс сәулетінің ерекшеліктері. Ярослав мектебі. «Нарышкинск» бароккосы, мысал келтіру.
49. X-XII ғасырлардағы Киев Русінің сәулеті.
50. Ресейдегі кемеліне жеткен барокко сәулеті. Б. Б. Растрелли шығармашылығы.
51. Петровск дәуірі сәулетіне тән ерекшеліктер. Петропавл қамалы.
52. Петровск бароккосының сәулеті. «Үлгілі» үйлер. Д. Трезини шығармашылығы.
53. Киев Русінің сәулеті. Әулие София соборы және Новгородтағы күмбезді мұнара.
54. Петербордың бақ-саябақ ансамблі.
55. 1917-1932 жылдардағы Ресей сәулеті.
56. Алғашқы бес жылдық және Ұлы Отан соғысы жылдарындағы Ресей сәулеті.
57. 1945-1958 жылдар халық шаруашылығы кезеңіндегі Ресей сәулеті. Мәскеудегі биік үйлер құрылысы.
58. 1960-1980 жылдардағы Ресей сәулеті.
59. Орыс сәулетінің даму алғы шарттары.
60. Орыс классицизмі. Кезеңге бөлу. Мәскеу және Петербор мектептерінің айырмашылығы.
61. Колизей.
62. Пантеон.
63. Версаль.
64. Константинопольдегі Әулие София соборы.
65. Лувр.
66. Париждегі Құдайана соборы.
67. Орыстың ағаш сәулетшілігі. Кижск шіркеуінің ансамблі.
68. Римдегі Әулие Петр соборы.
69. Киевтегі Әулие София соборы.
70. «Ордерге» түсінік беру. Грек ордерлерінің түрлері.
71. Адмиралтейство.
72. Смольный монастыры.

73. Қысқы сарай.
74. Эйфель мұнарасы.
75. Урадағы зиккурат.
76. Мәскеу метрополитені.
77. Владимирдегі Дмитр соборы.
78. Нерлидегі Покров ғибадатханасы.
79. Ежелгі мысырлық ғибадатхана сұлбасын салу.
80. Парфенон.
81. Дорика ордерін салу.
82. Владимирдегі Успен соборы.
83. Ионика ордерін салу.
84. Пизан мұнарасы.
85. Ортағасырлық ғибадатхана сұлбасын салу.
86. Василий Блаженный соборы.
87. Италияндық палаццоның негізгі белгілерін атау.
88. Өз қалаңызда тарихи қалыптасқан сәулеттің стильдік бағытына сипаттама беру, тарихқа тән имараттарды атау.
89. Заманауи қала ортасының экологиялық проблемалары туралы әңгімелеу.
90. Заманауи сәулеттің стильдік бағыттары туралы әңгімелеу.

3-ТАРАУ

СТУДЕНТТЕРДІҢ ӨЗДІК ЖҰМЫСЫ

3.1. ӨЗ БЕТІМЕН ОҚУҒА АРНАЛҒАН РЕФЕРАТ ТАҚЫРЫПТАРЫ

1. Б.з.д. VІ-VІV ғасырлардағы Ежелгі Парсы сәулеті.
2. Б.з.д. III-VII ғасырлардағы Ежелгі Иран сәулеті.
3. IX-XVI ғасырлардағы Болгария сәулеті.
4. XI-XVI ғасырлардағы Сербия және Македония сәулеті.
5. XI-XVI ғасырлардағы Албания және Румыния сәулеті.
6. IV-VI ғасырлардағы Грузия және Армения сәулеті.
7. VI-XVI ғасырлардағы Араб Халифаты Елдерінің сәулеті.
8. VI-XVI ғасырлардағы Орта Азия сәулеті.
9. X-XIX ғасырлардағы Ауғаныстан сәулеті.
10. XVI-XVIII ғасырлардағы Солтүстік Еуропа (Англия, Германия, Австрия және Нидерланд) елдерінің сәулеті.
11. XVI-XIX ғасыр басындағы Скандинавия елдерінің (Дания, Швеция, Норвегия, Финляндия) сәулеті.
12. XVI-XIX ғасыр басындағы Балтық жағалауындағы халықтар (Латвия, Эстония, Литва) сәулеті.
13. XVI-XIX ғасыр басындағы Орталық Еуропа елдері және Балқан түбегі елдерінің (Чехия, Словакия, Польша, Венгрия, Болгария, Югославия, Греция) сәулеті.
14. XV-XVIII ғасырлардағы Испания және Португалия сәулеті.
15. IV-XV ғасырлардағы Ежелгі Америка сәулеті.
16. XVI-XIX ғасырлардағы Латын Америкасы елдерінің сәулеті.
17. XI-XIX ғасырлардағы Украина, Беларусь, Молдавия сәулеті.
18. Б.з.д. III-XIX ғасырлар басындағы Үнді сәулеті.
19. IX-XVIII ғасырлардағы Үндіқытай және Индонезия елдерінің сәулеті.
20. Б.з.д. III-XVIII ғасырлардағы Непал және Тибет сәулеті.

21. Б.з.д. II мыңжылдық-ХҮІІ ғасырдағы Қытай сәулеті.
22. III-ХІХ ғасырлардағы Корея және Жапония сәулеті.
23. ХІХ ғасырға дейінгі Монғолия және Оңтүстік Сібір халықтарының сәулеті.
24. 1918-1927 жылдардағы қалпына келтіру кезеңіндегі сәулет.

3.2. ТАРАУ МАТЕРИАЛДАРЫ БОЙЫНША БАҚЫЛАУ СҰРАҚТАРЫ

1. Мегалиттік имараттарда көрсетілген ежелгі адамның жүйелі құрылымдық түсінігі қалай қалыптасты?
2. Табиғи құрылыс материалдары және табиғи климаттық жағдай негізінде Мысыр сәулетінің ерекшеліктері қалай қалыптасты?
3. Мысыр пирамидаларының қалыптасу жүйелілігін баяндаңыз.
4. Ежелгі мысырлық ғибадатхананың жоспарлы сұлбасын сипаттаңыз. Ғибадатхананың қандай түрлерін білесіз?
5. Қосөзен сәулетінің қалыптасуына климаттық жағдайлар мен табиғи құрылыс материалдары қалай ықпал етті?
6. Ғимараттың қызып кетуін болдырмас үшін Қосөзенде қандай конструктивтік және жоспарлау тәсілдері пайдаланылды?
7. Зиккурат пішінінің пайда болуы мен дамуын бақылап отырып, оны Мысыр пирамидаларымен салыстырыңыз.
8. Ежелгі Мысыр және Ежелгі Месопатамия сәулетін талдап қорытып, жүйелі құрылымдық және стилистикалық талдау жасаңыз.
9. Ежелгі гректердің наным ел сәулетіне қалай ықпал етті?
10. Грек ордерлерін құру және қолдану ерекшеліктері неде? До-рика ордерінің ерекшеліктерін талдаңыз.
11. Ежелгі грек ғибадатханаларының кеңістіктік шешімінің эволюциялық қатарын құрыңыз.
12. Ежелгі грек тұрғын үйінің қалыптасу үдерісіндегі өзгерістерді бақылаңыз.
13. Ежелгі Грекияның қоғамдық имараттарының ерекшеліктері неде?

14. Грек полисіне тән орталықтардың қала құрылыстық функционалды түрлері қандай? «Гипподамова» жүйесі дегеніміз не?
15. Ежелгі Рим сәулетінің көркем-стильдік өзгешелігін қандай техникалық алғышарттар қамтамасыз етті?
16. Ежелгі Грекия мен Римнің Қоғамдық имарат түрлерінің айырмашылығы қандай?
17. Базилик дегеніміз не? Оның пайда болу себептері мен конструктивтік ерекшеліктері.
18. Византиялық сәулеттің қалыптасуына қандай әлеуметтік-экономикалық факторлар ықпал етті?
19. Византия ғибадатханаларының төрт негізгі түрін атаңыз. Олардың Еуропа елдерінде тарауын бақылаңыз.
20. Төрттаған-күмбезді жүйе дегеніміз не?
21. Ортағасырлық еуропалық қаланың пайда болуы мен қалыптасуын сипаттаңыз. Орталық қала қалай қалыптасты? Қала алаңдарының түрлерін атаңыз.
22. Роман сәулетінің конструктивтік және жоспарлау ерекшеліктерін көрсетіңіз.
23. Ерте роман сәулетінен бастап кейінгі готикаға дейін аражабын конструкциясының даму жүйелілігін сипаттаңыз.
24. Италияның роман сәулетінің басқа елдер сәулетінен айырмашылығы неде? (Мысалы Пизадағы Собор алаңы).
25. Палаццоға тән негізгі белгілерді атаңыз. Римдегі әулие Петр соборы құрылысының кезеңдерін бақылаңыз.
27. Кейінгі Қайта өрлеу дәуірі сәулетінің ерекшеліктері неден көрінді? Барокко және классицизм стильдерінің пайда болу алғышарттары қандай?
28. «Тамаша қалалар» салу ұстанымдарын көрсетіңіз.
29. Қайта өрлеу дәуірінің сәулетші-теоретиктерін және олардың жұмыстарын атаңыз.
30. ХҮІ, ХҮІІ, ХҮІІІ және ХІХ ғ. басындағы Франция сәулетінің ерекшеліктеріне сипаттама беріңіз.
31. Сәулеттік стилистиканың қалыптасуына қандай жаңа құрылыс материалдары мен ғимарат типологиясы қандай ықпал етті?

32. XIX ғ. соңы-XX ғ. басында Батыс Еуропа және АҚШ-та қала құрылыстық жұмыстардың негізгі ұстанымдарына сипаттама беріңіз.
33. XII-XIV ғасырлардағы орыс меншікті княздықтарының сәулетінде қандай конструктивтік және стильдік мектептер қалыптасты?
34. Нерлидегі Покров ғибадатханасын мысалға ала отырып, Владимир-Суздальск княздығы сәулетінің ерекшеліктеріне сипаттама беріңіз.
35. Мәскеу княздығында сәулет мектебінің қалыптасу үдерісін бақылаңыз.
36. Мәскеу Кремлінің негізгі қалыптасу кезеңдерін атаңыз.
37. Орыстың ағаш сәулетінің жүйелі құрылымдық және стилистикалық ерекшеліктерін көрсетіңіз.
38. Петров дәуірі сәулетінің конструктивтік және көркемдік ерекшеліктері неде?
39. Орыс бароккосының батыс еуропалықтан айырмашылығы неде?
40. Мәскеулік және петерборлық классицизмнің айырмашылығы қандай?
41. XVIII-XIX ғасырлардағы орыс сәулетінің негізгі стилистикалық даму кезеңдеріне сипаттама беріңіз.
42. Орыстың сәулеттік ансамбльдерінің қала құрылыстық құндылықтарын сипаттаңыз, мысалы: Сарай алаңы, Петербордағы Александрийск театры, Мәскеудегі Театр алаңы.
43. XX ғасыр басындағы орыс сәулетінің ерекшеліктері неде?
44. XX ғасырдың 20-жылдарында кеңестік сәулетте қандай жетекші шығармашылық бағыттар қалыптасты?
45. Соғыс алдындағы кеңестік сәулетте монументализм мен декоративизм тенденцияларының күшеюін бақылаңыз.
46. Қазіргі сәулетте конструктивизмнің қандай идеялары дамыды?
47. Капиталистік елдердің қазіргі сәулетіндегі ұлттық ерекшеліктер қалай көрінді?
48. Ле Корбзье, Ф. Л. Райт, К. Танге жұмыстарының шығармашылық бағытына қысқаша сипаттама беріңіз.

49. Ресей сәулетінде қалпына келтіру кезеңіне сипаттама беріңіз.
50. Қазіргі кезеңде сәулеттің дамуына ықпал ететін экологиялық факторларды қарастырыңыз.
51. Қазіргі кезеңде сәулеттің стильдік бағытының ерекшеліктерін бақылаңыз.
52. Өз қалаңыздың сәулетінде қандай стильдерді айқындауға болады?

4-ТАРАУ

ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛДЕР

Дөңгелек үстелдер өткізу студенттердің білімін белсендіру және зерттеу жұмыстарының элементтерін енгізуді қамтитын оқытудың бір түрі болып табылады.

Дөңгелек үстелдерді ұйымдастыру «Сәулет тарихы» пәнінің материалын ғана емес, сонымен қатар сәулеттік жобалау, қалпына келтіру сияқты сәулет циклінің басқа да пәндерін қамти отырып, ұсынылатын тақырып бойынша терең талдау жүргізуге мүмкіндік береді.

Дөңгелек үстелдер өткізу үдерісінде әртүрлі тарихи дәуірдің мәдени дәстүрлерін эмоционалды-эстетикалық қабылдауды қалыптастыру және эстетикалық тұжырымдамаларды салыстырудың негізгі тәсілдерімен танысу міндеттері шешіледі.

Дөңгелек үстелдер өткізу әртүрлі құрылымдық формаларды пайдалануды болжайды:

- дөңгелек үстелге қатысушылар студенттер мен жетекші оқытушылар болып табылады;
- дөңгелек үстелге қатысушылар студенттер, оқытушылар және маман-практиктер болып табылады;
- Дөңгелек үстелге қатысушылар студенттер, арнайы пәндердің оқытушылары және мәдени және әлеуметтік қызмет саласының өкілдері болып табылады.

1-ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ

Тақырыбы: «Сәулет – әлем шежіресі»

Мақсаты:

- Ежелгі Греция және Ежелгі Мысырдың мәдени дәстүрлерін салыстыру;
- Сәулеттік жобалау туралы жалпы түсінік алу.

Қатысушылар: студенттер, пән оқытушылары.

Дайындық кезең:

1. «Ежелгі Грекия сәулеті және өнері», «Ежелгі Мысыр сәулеті және өнері».
2. «Тапсырыс берушілерге» арналған костюмдер дайындау (мысырлықтар және гректер).

Дөңгелек үстел өткізу кезеңдері.

1. Оқытушының кіріспе сөзі.
2. «Сарапшылар» тобын таңдау.
3. Екі шығармашылық шеберхана ұйымдастыру: грек және мысырлық.
4. «Тапсырыс берушілердің» құрылыс орны, тапсырыс берушілердің әлеуметтік жағдайы, отбасының демографиялық құрамы, бөлмелер жиынтығы және ішкі безендіруді көрсете отырып жобалауға тапсырыс беруі.
5. «Жобалаушылардың» жұмысы. Әр топ жұпқа бөлінеді және төмендегіні дайындайды:
 - телімнің бас жоспары;
 - үй жоспары;
 - үй кесігі;
 - үй қасбеті;
 - конструктивтік шешім;
 - үй интерьері.
6. «Жобалаушылар» тобының дайын жобаны беруі – таңдап алынған шешім негіздемесімен жоба идеясын баяндау.
7. Топ мүшелерімен (өзіндік талдау) және олардың бәсекелестерімен жобаны талқылауы.
8. Ұсынылған жобаларды «сарапшылардың» және «тапсырыс берушілердің» бағалауы.
9. «Жобалау» нәтижелерін салыстыру, тарихи, сәулеттік және көркемдік дәлелсіздіктерді айқындау.
10. Жүргізушінің (оқытушының) қорытынды сөзі, алынған нәтижелер, қорытындыларды қорытып талдау.

2-ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ

Тақырыбы: «Өз қалаңызды қалпына келтіру мәселелері»

Мақсаты:

- өз қалаңыздың сәулет тарихын зерттеу;
- қаланың сәулеттік мұрасына талдау жасау;
- өз қалаңыз бен облысыңыздың сәулет ескерткіштері және сәулет-тарихи кешендерін бағалау;
- қалада қалпын келтіру жұмыстарын жүргізу әдістемесімен танысу.

Қатысушылар: бір-екі топтың студенттері, арнайы пәндердің оқытушылары, жетекші сәулетшілер мен қаланы қалпына келтірушілер.

Дайындық кезеңі.

1. Өз қалаңыздың сәулет және тарихи ескерткіштерімен танысу (экскурсия) және тарих пен сәулет ескерткіштері бойынша баяндама дайындау.
2. Көрнекі құрал дайындау: фотосуреттер, қаланы қалыптастырудың әртүрлі кезеңдеріне жоспарлар.

Дөңгелек үстел өткізу кезеңдері.

1. «Өткенсіз бүгінгі жоқ». Жүргізушінің кіріспе сөзі.
2. «Ресейдің тарихи мұрасын сақтау мәселелері». «Қалпына келтіру» мамандануы бойынша оқытушы сөзі.
3. «Сәулет ескерткіштерін сақтау және қалпына келтірудің техникалық мәселелері». ЖОО «Сәулеттік жобалау негіздері» кафедрасы оқытушысының сөзі.
4. «Қала құрылысын қалпына келтіру мәселелері». Студенттердің сөзі.
5. «Қала көшелері». Студенттердің баяндамалары.
6. «Алаңдар мен қала құрылыстарының жүйесін қалыптастыру». Студенттердің баяндамалары.
7. «Өлшем практикасы – ғимараттарды қалпына келтіруде жоба алды зерттеу жүргізу әдісі ретінде». 3-курс студентінің сөзі.
8. Баяндамаларды талқылау және қалпына келтіруші-мамандардың сөзі.
9. «Қазіргі кезеңде қалпына келтіру мәселелері». Қалпына келтіру мәселелерімен айналысатын арнайы шеберхананың жетекші сәулетшісінің сөзі.

10. «Қазіргі өмір жағдайындағы сәулет ескерткіштері». Жобалау институтының бас сәулетшісінің сөзі.
11. «Сәулет ансамбльдерін қалпына келтіру (атауы)». Қалпына келтіру шеберханасының жетекші сәулетшісінің сөзі.
12. Сөйлеген сөздерді талқылау.
13. Қорытынды. Қалада қалпына келтіру жұмыстарын жүргізудің жалпы тұжырымдамасын жасау.
14. Жүргізуші қорытындысы.

3-ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ

- Тақырыбы:* «Орыс мәдениеті руханилығының қайта дамуы»
- Мақсаты:*
- орыс сәулеті мен мәдениетінің эмоционалды-эстетикалық түйсігін қалыптастыру;
 - «мәдениет», «руханилық» ұғымдарымен танысу және оларды қазіргі өмірде іске асыру;
 - мәдениет және сәулет ескерткіштерінің қазіргі адам сана-сезіміне ықпалын талдау;
- Қатысушылар:* екі-үш топтың студенттері, арнайы және жалпы білім беретін пәндердің оқытушылары, мәдениет және өнер қызметкерлері, діни қызметкерлер.

Дайындық кезеңі

1. Студенттердің сәнді-қолданбалы өнер көрмесін дайындау.
2. «Ресей менің жүрегімде» натюрморттар көрмесін ұйымдастыру.
3. «Орыс иконасы» стендін безендіру.

Дөңгелек үстел өткізу кезеңдері:

1. «Ресей – біздің Отанымыз». Жүргізуші сөзі.
2. «Руханилық» түсінігі және қазіргі әлемдегі «мәдениет».
3. «Ресей руханилығы». Кітапхана қызметкерінің сөзі.
5. «Қазіргі әлемде руханилыққа орын бар ма?». Студенттердің сөзі.
6. «Орыс иконасы орыс руханилығының, мәдениеттің символы ретінде». Діни қызметкердің сөзі.

7. «Орыс классикасы туындыларында орыс мінезі және руханилық». Кітапхана қызметкерінің сөзі.
8. «Ресей мәдени мұрасының қайта дамуы». Сурет галереясы қызметкерінің сөзі.
9. «Пензадағы қалпына келтіру жұмыстарын жүргізу». Арнайы шеберхана немесе жобалау институтының бас сәулетшісінің сөзі.
10. «Орыс мәдениеті руханилығының қайта дамуы қайдан көрінеді?». Студенттердің сөзі.
11. «Біздің әр қайсымыздағы руханилық. Қайта өрлеуді өзіңнен баста». Діни қызметкердің сөзі.
12. Жүргізушінің қорытынды сөзі. «Ресей менің жүрегімде» на-
тюрморттар конкурсын талдау.

ТЕРМИН СӨЗДЕРГЕ ТҮСІНІК

Абак (абака) – капитель (әсембаған), бағананың жоғарғы бөлігі; шеті тік немесе иілген, кескіні төртбұрышты тақта.

Абсида – апсида деген сөзді қараңыз.

Агора – антикалық Грекиядағы қала алаңы.

Айван – тоғыспамен жабылған, ашық галерея немесе портал (бетше босаға) түріндегі кеңістік (Шығыстың ортағасырлық сәулетінде).

Академизм – өткеннің канондары (қағидалары) мен үлгілерін тарататын шығармашылық бағыт.

Акант – акант шөпті өсімдігінің стильге келтірілген жапырақтар түріндегі коринф капителинің (әсембағанының) сәнді элементі.

Акведук (арна көпір) – көпір түріндегі инженерлік имарат; су құбырын жол, жыра, өзен арқылы салу.

Акрополь – ежелгі грек қаласының бекітілген биік бөлігі.

Амфир – XIX ғасырдың алғашқы он жылдығындағы кейінгі классицизмнің алуан түрлілігі; жалпы шешімдердің мақсатты монументтілігімен және сәнділігімен, сондай-ақ бөлшектерінің салтанаттылығымен сипатталады (стильге келтірілген қанық әскери атрибутика: әскери қару-жарак, ту, тәж және т.б.).

Амфипростиль – бас және артқы қасбетінде төрт бағаналы дінмандайшасы бар қабырғалы конструкциялы шағын тікбұрышты ежелгі грек ғибадатханасы.

Амфитеатр – көрермендер орны жартылай шеңбер, шеңбер немесе эллипспен, қатарлары орталықтан шалғайға көтеріле орналасқан ашық театр.

Ансамбль – ғимарат, имарат, ландшафт және т.б. қандай да бір белгілі сұлбасы бойынша кеңістікте орналасқан үйлесімді бірлік.

Ант (сәнжақтау) – тікбұрышты ғимараттың бойлық қабырғасының ашық кесігі.

Антаблемент (сәнмандайша) – бағаналарда жатқан ордерлік жүйедегі ғимараттың жоғарғы бөлігі; үш элементтен тұрады: архитрав (көтергіш арқалық), әшекейбедер (қосымша арқалықтар қатары) және ернеу (қалқалы тақта).

Антресоль – бөлменің жоғарғы жарты қабаты,

Анфилада – есіктері бір осьте орналасқан, өзара қосылған бөлмелер немесе аулалар қатары.

Апсида – жартылай тоғыспа немесе жартылай күмбезбен жабылған ғимарат немесе қабырғадағы шығыңқы жер (жартылай шеңбер, төртбұрышты немесе көп бұрышты пішінді).

Арка (доға) – қабырғадағы екі тіреу немесе ойық (терезе, есік, қақпа) арасындағы аралықтың қисық сызықты (жартылай циркульдi арка, садақша арка, жебе тәріздес арка) аражабыны.

Аркада (доғатізбек) – бағаналар немесе бағандарға тірелген пішіні мен өлшемі бірдей аркалар қатары.

Аркатура (қатардоға) – аспа, кронштейн немесе бағана-жауырындық қабырғаға тірелген аркада (доғатізбек) түріндегі сәнді белдеу.

Аркбутан (кермедоға) - бас астаукеңістіктің тоғыспа тірегін сыртқы тіреу бағандарға – «қарсыкермеге» апаратын арқалық-тоғыспалы готикалық конструктивті жүйе элементі.

Архитектоника – ғимарат немесе имараттың конструктивтік жүйесінің көркемдік көрсетілген жұмысы.

Архитрав – сәнмандайшаның төменгі бөлігі, тірек-арқалық ордерлік конструктивтік жүйедегі негізгі арқалық.

Атрий, атриум (түндікті аула) – ұстынтізбекпен немесе доғатізбекпен жиі қоршалатын ашық аула; антикалық тұрғын үйдегі жарықтандыру үшін (компливиум) шатырында саңылауы бар орталық бөлме.

Аттик – имараттың бас ернеуінен жоғары орналасқан қабырға немесе қабат.

База – 1) негіздеме; 2) тірек-арқалық конструктивтік жүйеде тіреудің төменгі бөлігі (бағаналар, жауырындық қабырғалар).

Базилика – іші бағаналардың бойлық қатарымен бірнеше (3/5) бөлікке (астаукеңістік) бөлінген, жеке аражабыны бар,

антикалықта – қоғамдық, орта ғасырда – діни тікбұрышты ғимарат; готика ғибадатханасының прототипі.

Балюстра (тізбек қоршау) – шиыршық түріндегі ионика әсембағанының бүйір жақ бөлігі.

Балюстрада – балкондар, галереялар, баспалдақтар, төбелерді қоршау түрі: жоғарғы жағынан перилалармен байланысты әшекейлі бағаншалар қатары.

Балясина (бунактіреу) – балюстрададағы әшекейлі бағанаша.

Барабан – тоғыспалар мен тартпалы аркаларға тірелген ғимараттың көп қырлы немесе цилиндр бөлігі (әдетте терезелері бар) және күмбезді жабын негіздемесі ретінде қолданылады.

Барельеф (оймабедер) – әшекейлі бөлік жазықтығынан жартылай шығып тұратын жазық мүсін түрі.

Бельведер – ғимарат үстіндегі алаң немесе қоршаған жерді шолуға арналған биік жерде жеке тұрған құрылыс.

Бочка (күбі) – жабын түрі: «шатыржалы» көтеріңкі жартылай цилиндр (Ресей, XVII-XVIII ғасырлар).

Венец (тәж) – дінгекті конструкциядағы бөрененің бір қатары.

Вилла – саябағы бар қала сыртындағы үй.

Волюта – 1) ионика және коринф әсембағанының элементі: шиыршық тәрізді бұрама түрінде; 2) барка ғимараттардың әсем элементі.

Врубка (шабынды) – бөренелерді қосу тәсілі: табанға (қалдықсыз), оймаға (қалдықпен).

Выпуски (жеңсырық) – жабындар, пішендер, галереялар, қанатаршаларды ұстап тұруға арналған дінгектен шығарылған бөрене ұштары.

Галерея – бір немесе екі жағы ашық жабылған кеңістік: ғимараттарды, театрдың жоғарғы қабатын біріктіреді.

Гипостиль (гипостиль зал) – аражабыны бірнеше ұстынға орнатылған зал.

Глава (күмбездас) – дулыға, буылтық, конус түріндегі күмбездің сыртқы пішіні.

Гульбище – негізгі дінгекке жанасқан немесе оны қоршаған галерея.

Гурт (тіреуіш) – төрттағанды тоғыспа қабырғаларын бекітетін конструктивтік-сәнді тартым (аркаларда – жонылған сыналы тастар түрінде; тоғыспа немесе ғимарат қасбеттерінде – қандай да бір әшекейлі пішін түрінде).

Диптер (қостізбе бағанды ғибадатхана) – периметрі бойынша екі қатар бағанамен қоршалған антикалық ғибадатхана.

Дольмен – қабырғаларға қойылған және тақтамен жабылған 2 немесе бірнеше тақта түріндегі мегалит сәулетінің нысаны.

Донжон (қарауылмұнара) – қорғанды дұшпандар қоршап алғанда баспана болатын, ортағасырлық қорғандағы берік мұнара.

Закомара (жиек) – пішіні жағынан аражабын тоғыспасының кескініне сәйкес төрттағанды-күмбезді ғибадатхананың сыртқы қабырға бөлігін аяқтау.

Звонница (қоңырау ілетін күмбезді мұнара) – қоңырау ілетін, үстінде ойықтары бар, қабырға түрінде немесе ғибадатхана ғимараты не жеке тұрған мұнара түріндегі ежелгі орыс сәулетіндегі шіркеу мұнарасы.

Зиккурат – көп қабатты сатылы діни пирамида.

Интерколумний (бағанааралық) – антикалық сәулетте бағаналар арасындағы аралық.

Иониктер – ионика және коринф ордерлеріндегі жұмыртқа тәрізді өрнекті мотивтер.

Кампанила (қоңыраумұнара) – жеке тұрған мұнара-шіркеу мұнарасы (итальяндық сәулетте XX-XVII ғасырлар).

Капитель (әсембаған) – антаблементтен бағанаға ауыспалы тіреу элемент болатын бағананың жоғарғы бөлігі.

Карниз (ернеу) – 1) «антаблементтің» жоғарғы бөлігі; 2) қабырғаны жауыннан қорғайтын және төбенің төменгі тіреуі ретінде қолданылатын көлденең шығыңқы тақта түріндегі ғимарат қабырғасының аяқталған бөлігі.

Кессон (тіктөбейық) – төбе немесе тоғыспадағы тікбұрышты немесе төртбұрышты пішіндегі шағын шұңқыр.

Клеть – тікбұрышты ағаш дiңгек.

Козырек (күнқағар) – қандай да бір ойық (есік, терезе) үстіндегі шағын қалқа.

Кокошник – 1) әйелдердің дәстүрлі бас киіміне ұқсас жабынның сәнді элементі; 2) жиек түрінде кейде ұшы үшкір болып келетін шіркеу қабырғаларының сәнді етіп аяқталуы.

Конек (шатыржал) – сәнді безендірілген көлденең қабырғамен аяқталған жабынның екі құлааманың жапсары.

Консоль (аспа) – балкондар мен ернеулерге арналған қабырғадан шығып тұратын арқалықтың бөлігі немесе қабырғаға арнайы енгізілген қысқа арқалық.

Контрфорс (қарсыкерме) – «кермедоға» арқылы көлденең жүктемені тікелей немесе тоғыспадан қабылдайтын еңсіз көлденең қабырға.

Кремль – камал қабырғалар және мұнаралармен қоршалған ежелгі орыс қалаларының орталық бөлігі.

Кромлех – мегалиттік сәулет нысанының түрі: шеңбермен, шиыршықпен орналасқан арқалықтармен жабылған тас бағандар тобы.

Кронштейн – шығыңқы сырғауыл немесе арқалық пішінді қабырғаға немесе тіреуге басқа бөлшектерді бекітуге арналған шиыршық бұрамалы бар пішінделген аспалы тіреу бөлшек.

Купол (күмбез) – жартылай сфера басқа айналым фигурасы түріндегі (эллипс, парабола және т.б.) ғимарат төбесінің дөңгелек немесе көп бұрышты етіп аяқталуы.

Курватура (әсеміндеме) – антикалық ордердің «стилобат», «антаблемент», «бағаналарында» қабылдау кезінде олардың тура жолдығының оптикалық бұрмалануын жоюға арналған тура сызықты элементтердің арнайы жасалған қисықтығы.

Курдонер – негізгі корпус және бүйірлік қосалқы үйлерден түзілген сарайдың, үй-жайдың, оңаша үйдің салтанатты ауласы.

Курица (айырбақан) – шегесіз жабын элементі: төбе сырғауылдарында іліп алу үшін ілмек ретінде қолданылатын тамырлардың бірінен тарамдалған шырша оқпаны.

Лежень (жатқызба) – еден немесе төбе конструкциясындағы көлденең сырғауыл.

Лемех (кертпеш тақтайша) – сопақ имек тақтайша түріндегі ағаш сәулетшілікте ғибадатхана күмбездері шатырларының жабын элементі.

- Лопатка (жауырындық)** – ішкі қабырға жалғасы болып табылатын ғимарат қабырғасының сыртқы жағындағы жазық тік шығыңқы жер (төрттаған күмбезді жүйе).
- Луковица (бадана)** – пияздың басына ұқсас, шар тәрізі, ғимарат (көбінесе, ғибадатхана) күмбезі.
- Люнет (маңдайша)** – еденнен біршама көтеріңкі, қабырғадағы арка ойығы: оған терезе немесе мүсін, өрнек орналастыру үшін.
- Маскарон (бүркемеөрнек)** – адамның бет әлпеті немесе жануар басының мүсіндік бейнесі түрінде сәулеттегі сәнді элемент.
- Машикули** – ортағасырлық сәулетшілікте «атыс ойығы» бар қамал қабырға немесе мұнараның жоғарғы бөлігіндегі аспалы шығыңқы жер.
- Мезонин (үстіңгі қоспаяй)** – шағын үйдің негізгі бөлігі үстіндегі тұрғын қондырма.
- Метоп (өрнектас)** – дорика ордері эшекейбедерінің бөлігі: бедермен немесе өрнекпен жиі безендірілген екі үшжолалық өрнек арасын толтыратын аралық, әдетте төртбұрышты болып келетін тақта.
- Модерн** – еуропалық сәулеттегі шығармашылық бағыт: пішіндердің мүсінділігімен, өнер синтезімен, классикалық сәулеттен бас тартумен сипатталады.
- Модернизм** – қандай да бір жаңартпаны сипаттайтын ұғым; антонимі – «классика».
- Моноптер (шеңберлі ғибадатхана)** – дөңгелек пішінді антикалық ғибадатхана.
- Наличник (жақтау)** – терезе немесе есік ойығының жақтаушасы, сәнді элемент.
- Наос (целла)** – антикалық ғибадатхананың бас бөлмесі.
- Нартекс** – ғибадатханаға жіберілмейтін тұлғаларға арналған ғибадатханадағы батыс притвор.
- Некрополь** – мемориалдық мазар.
- Нервюра (эшекейқабырға)** – готикалық тоғыспа немесе күмбездің пішінделген қабырғасы; тоғыспа қабырғаларын бекітетін жонылған сына тастардан жасалған арка.

- Неф (астаукеністік)** – тіреу қатарлары арасында немесе тіреу және қабырға қатарлары арасында жасалған галерея түріндегі базилика кеңістігінің бөлігі.
- Облом (бүйірқиынды)** – сәулеттегі сәнді элемент – шығынқы іргеде, ернеуде, белдеуде, тартымда, маңдайша қабырғаларда, аркаларда және т.б.
- Одейон** – Ежелгі Грекиядағы әртістер мен ділмәрлар өнер көрсететін дөңгелек, қоғамдық ғимарат.
- Ордер** – 1) тәртіп; 2) тіреу-арқалықты конструктивтік жүйеде бөлшектер мен элементтердің өзара орналасуының белгілі тәртібі және олардың көркемдік көрнісінің сипаты.
- Орхестра** – әртістер немесе музыканттарға, құрметті көрермендерге арналған дөңгелек алаң.
- Охлупень (жалбөрене)** – ағаш сәулеттегі ғимарат шатыржалы: жабынның жоғарғы жігін қорғайтын төменгі бөліктегі науасы бар бөрене.
- Палаццо** – Қайта өрлеу кезеңіндегі Италия қалаларындағы сарай: ішкі ашық ауласы бар үш қабатты ғимарат.
- Пандус (көлбеуше)** – еңіс жазықтық түріндегі тік коммуникация (жаяу жүргінші немесе көлікке арналған).
- Парапет (жиекқабырға)** – аласа қоршау қабырға: баспалдақтар, төбелер, террасалар және т.б.
- Парус (желкен)** – ғимараттың тікбұрышты негіздемесінен оның күмбезді жабынына ұласатын сфералық үшбұрыш пішініндегі күмбезді конструкция элементі; арқалықты-аспалы; арқалы-тоғыспалы.
- Пассаж (жабынды жәрмеңкежай)** – орталық бөлігі әйнектелген жабын болып табылатын, ал жан жағында қандай да бір операциялар өндірісіне арналған қабаттар орналасқан (сауда, банк) ғимарат түрі.
- Пастада** – ежелгі грек сәулетінде бір жағынан ашылатын бөлме (көбінесе ішкі аулаға).
- Периптер (айнала ұстынды жай)** – антикалық ғибадатхана түрі: периметрі бойынша ұстынтізбекпен қоршалған.

- Перистиль (бағанды ғимарат)** – барлық жағынан ұстынтізбекпен қоршалған кеңістік (тұрғын үй немесе қоғамдық ғимараттың ішкі ауласы).
- Перспективалық портал (бетше босаға)** – кемерлермен тарылып, аласа аркалар қатарымен жабылған роман сәулетінде ғимаратқа кіреберіс есік.
- Пилон (қақпабағана)** – кіреберістер мен қақпалардың жан-жағында тұрған тіреу (төртбұрышты, үшбұрышты немесе күрделі пішіндегі).
- Пилястра (жауырындық қабырға)** – ұстын немесе қақпабағананың жартысындай қабырғадағы жазық шығыңқы жер.
- Пинакль (мұнараша)** – өрнекті сүйірқадалармен тұратын үшкір сәнді пирамидалы мұнаралар түріндегі готика имараттарындағы қарсыкермелердің аяқталуы.
- Плафон (әшекейтөбе)** – көбінесе, көркем безендірілген төбенің сыртқы беті: сылақнақыштармен, жапсырмалармен, таскестемен және т.б.
- Плинфа (жалпақкірпіш)** – көлемі 40-50 x 40-50 x 4-5 см., Византия және Ежелгі орыс сәулетіндегі жазық төртбұрышты «кірпіш».
- Подий (нар)** – бір немесе барлық жағынан саты тәрізді есігі бар, Ежелгі Римдегі ғимарат табаны (көбінесе, ғибадатхана).
- Подклет (сенек)** – ортағасырлық орыс сәулетіндегі ғимараттың төменгі шаруашылық қабаты.
- Полис** – Ежелгі Грекиядағы қала-мемлекет.
- Полотенце (кисть, ветриница)** – жапсарды жауып тұратын ойып жасалған тақта.
- Полуколонна (жартыбағана)** – оқпаны қабырғадан жартылай шығып тұратын бағана.
- Портал (бетше босаға)** – ғимараттың монументті есігі.
- Портик (дінмаңдайша)** – сәнмаңдайшамен немесе маңдайша қабырғасы бар сәнмаңдайшамен жабылған ұстынтізбек.
- Посад** – кремль, монастырдың қамал қабырғасы сыртында орналасқан елдімекен бөлігі.
- Прируб (кеспек)** – негізгі дінгек (ағаш сәулетінде).

- Притвор (нартекс)** – ғибадатханаға кіреберіс есік (ғибадатханаға кіруге құқығы жоқ дінге сенгендерге арналған).
- Причелина** – тақтай жабын төбе сырғауылдарының шетжақтарын жауып тұратын ағаш имараттары мандайша қабырғаларындағы тақтайша.
- Простиль (бағанамандайша)** – бас қасбетте бағаналы діңмандайшасы бар антикалық ғибадатхана.
- Пропилеи (салтанатты қақпа)** – қалаға, акропольге кіреберістеги монументті қақпа.
- Псевдопериптер (жалған айнала ұстынды жай)** – тек бас қасбетте ғана бағаналы діңмандайшасы бар, ал қалғанында жартылай бағаналары бар антикалық ғибадатхана.
- Пьедестал** – бағана, мүсін, сауыт және т.б. орнатуға арналған негіз.
- Пята (табан)** – арқа немесе тоғыспаны сүйейтін негіз.
- Пятерик (бестік)** – бес негізгі қабырғадан тұратын діңгекті екі бөлмелі ауыл үйі.
- Ретикулат** – ежелгі римдік сәулетте бетон қабырғаларды торлыжүйелі конструктивтік қаптау.
- Ригель (беларқа)** – арқалық, сызықтық көтергіш элемент, тұтас немесе керегеторлы болып келеді, тіреулерді, бағаналарды біріктіреді, жүгіртпелерді, такталардың тіреуі ретінде қолданылады.
- Ризалит** – қасбеттің негізгі сызығының сыртына шығып тұратын ғимарат бөлігі; орталық, шетжақ.
- Роза (раушан)** – жұқа тас жақтауы және түрлі түсті (витражды) әйнегі бар үлкен шеңбер ойықтар түріндегі готика соборында терезе түрі.
- Розетка** – стильді гүл түріндегі өрнек (кескіндемелік немесе мүсіндік).
- Рокайль** – «рококо» стиліне тән элемент, стильді қабыршақ түріндегі өрнек (кескіндемелік немесе мүсіндік).
- Рококо (рокайль)** – XVIII ғ. бірінші жартысында сәулеттегі шығармашылық бағыт, интерьерлердің түс-әсем сәнділігінде пайда болған «барокко» стилінің соңғы даму сатысы.

- Ростральная колонна (кеметұмсық бағана)** – кеме тұмсығы бейнеленген жеке тұрған бағана.
- Ротонда (дөңгелекотау)** – көбінесе күмбезбен жабылған дөңгелек имарат.
- Руст (қашаутас)** – дөрекі қашалған тас қабырғамен өңделген қабырғадағы жеке төртбұрыш.
- Рустика (қашаутас қабырға)** – қабырғаны дөрекі немесе дөңес текшетаспен өңдеу тәсілі немесе оны бедерлі етіп қалау.
- Сандрик (мандайша кенере)** – кейде мандайша қабырғамен аяқталатын терезе немесе есік ойығы үстіндегі ернеу.
- Свод (тоғыспа)** – қисық сызықты кескіннің аражабын немесе жабын түрі: сүйір, цилиндр, қорапты, айналы, төрттаған, желкенді және т.б.
- Синтез** – қандай да бір элементтердің бір тұтасқа бірігуі (ойша немесе нақты).
- Слега (төбе сырғауылдары)** – жабын астындағы конструкцияда көлденең элемент ретінде пайдаланылатын жұқа бөрене.
- Смальта** – «дақты» әйнекті қайнату жолымен дайындалатын түрлі түсті мөлдір емес әйнек; «таскестенің» негізгі құралы.
- Средокрестие (ортакеңістік)** – базиликада бойлық астау кеңістік пен көлденең кеңістіктің қиылысы.
- Сруб (дінгек)** – төртбұрышты бөрене тәждерінен орындалған имарат.
- Стереобат (үйтұғыр)** – ғибадатхана немесе басқа монументті ғимараттың сатылы негіздемесі.
- Стиль** – белгілер, қағидалар, тәсілдер жиынтығы.
- Стоя (бағанды қасбет)** – ежелгі грек сәулетіндегі діңмайша немесе ұстынтізбек.
- Таберна** – Ежелгі Римдегі сауда және қолөнер орталығы.
- Таблинум (түкпіржай)** – атрий түкпірінде орналасқан ежелгі римдік түндікті аулалы үйдегі бөлме.
- Тектоника (жүйелі құрылым)** – беріктік пен орнықтылықты қамтамасыз ететін, сондай-ақ ғимараттың осы сапасын көрнекі көрсететін, ғимарат элементтерінің өзара орналасуы.

- Толос** – күмбезбен жабылған дөңгелек ғимарат (антика дәуірінің).
- Травея (тоғыскеңістік)** – төрттаған тоғыспамен жабылған готика соборының кеңістіктік ұяшығы.
- Трансепт (көлденең кеңістік)** – готика немесе төрттаған-күмбезді конструктивтік жүйе ғибадатханаларында негізгіге көлденең тұрған астаукеңістік.
- Триглиф (үшжолалық өрнек)** – дорика ордері әшекейбедерінің бөлшегі.
- Трифорий (үшдоғалмұнара)** – ортаңғы астаукеңістікке үш немесе екі аркалы ойықтармен ашылған, готика соборларындағы жоғарғы шетжақ галерея.
- Фахверк (керегетірек)** – ортағасырлық тұрғын үйлердің қаңқасы (көбінесе, ағаш).
- Фиал (өрнекті сүйірқада)** – қарсыкермелерді аяқтайтын мұнарашалар (готика соборы конструкциясында) әшекейлі шатырұш.
- Филенка (жиектеме)** – қандай да бір жиектемемен шектелген шағын жазық: есік, қабырға.
- Флигель (қосалқы үй)** – ғимараттың бүйір жағынан жапсыра салынған үй немесе үлкен үйдің ауласындағы жеке тұрған шағын тұрғын құрылыс.
- Фолос (толос)** – «күмбезбен» жабылған дөңгелек ғимарат (антика дәуірінде).
- Форум** – Ежелгі Римдегі монументті алаң, қоғамдық өмір орталығы.
- Фриз (әшекейбедер)** – ордерлік ғимараттағы «сәнмандайшаның» ортаңғы бөлігі: қабырғадағы таспалы композиция.
- Фронтон (мандайша қабырға)** – бүйір жақтан төбенің екі еңісімен немесе негіздеменің ернеуімен шектелген ғимарат, дінмандайша, ұстынтізбек қасбетінің үшбұрышты болып аяқталуы.
- Целла** – құдай мүсіні орналасқан антикалық ғибадатхананың ішкі бөлмесі.
- Цемянка (қышұн)** – ұнтақталған кірпіш қоспасымен әктас ерітіндісі.
- Четверик (төртқырлық)** – төрт қабырғадағы ағаш діңгек.
- Шпиль (шатырұш)** – ғимараттың үшкір конус тәрізді аяқталуы.

Щипец (қасбетмаңдайлық ернеу) – ернеу тартымы жоқ, оны ғимарат қабырғасымен бөліп тұратын маңдайша қабырға.

Экседра (демалысжай) – қабырға бойында орналасқан жартылай шеңбер қуыс.

Эмпоры (маңдайшалық кеңістік) – роман және готика ғибадатханаларындағы маңдайшалық кеңістіктер.

Энтазис (күмпиме) – антикалық сәулетте негіздемеден 1/3 биіктікте бағананың жуандауы.

Эркер – әдетте, инсоляцияны жақсартуға арналған қабырға қырынан шығарылған интерьер бөлігі.

Эхин (шеңберше) – абака тірелген жастық түріндегі әсембаған бөлігі.

ӘДЕБИЕТ

Негізгі әдебиет:

- Ткачев В. Н. История архитектуры – М.: Высшая школа, 1987.
- Всеобщая история архитектуры (под ред. Б. П. Михайлова), т. 1–2-М., 1963.
- Гуляницкий Н. Ф. История архитектуры. Архитектура гражданских и промышленных зданий пяти томах. Том 1. – М.: Стройиздат, 1984.
- Михайлов Б. П. Архитектура гражданских и промышленных зданий. – т. 1. История архитектуры. – М.: Высшая школа, 1967.

Қосымша әдебиет:

- Анисимов А. Н., Гумилев Л. Н. и др. Искусство стран Востока. – М.: Просвещение, 1986.
- Архитектурный фестиваль Зодчество 1993 – 2002. Юбилейный каталог. – М.: Профи – Графика, 2002; Асеев Ю. С. Архитектура Киева. – Киев: Бушвельник, 1982; Афанасьев В. К., Луконин В. Г., Померанцева Н. А. Искусство Древнего Востока. МИИ. – М.: Искусство, 1975; Барановский Г. В. Архитектурная энциклопедия XIX века. – т. 1. Архитектура исповеданий. – Санкт-Петербург: Строитель, 1902.
- Бархин М. Г. Архитектура и человек. – М., 1979; Бофилл Р. Пространство для жизни. Пер. с фр. – М.: Стройиздат, 1993.
- Борисов Е., Стернин Г. Русский модерн. – М.: Галарт, 1998; Былинкин Н., Калмыкова В., Рябушин А. История советской архитектуры (1917 – 1954 гг.). – М.: Стройиздат, 1985; Вагнер Г. К. Старые русские города. Справочник-путеводитель. – М.: Искусство, 1980.
- Виноградова Н.А., Николаев Н.С. Искусство стран Дальнего Востока. МИИ. – М.: Искусство, 1979; Гольдштейн А.Ф. Зодчество. – М., 1980.

- Губарева М. В., Низовский А. Ю. 100 великих храмов мира. – М.: Вече, 2000. Гутнов А.Э. Мир архитектуры. – М.: Молодая гвардия, 1985.
- Дженкс Ч. Деконструкция. Прелести отсутствия. – М., 1991.
- Дмитриева Н. А., Виноградова Н. А. Искусство Древнего мира. – М.: Детская литература, 1989.
- Зодчество 2003. XI международный фестиваль. Каталог. – М., 2003.
- Иконников А. В. Архитектура Москвы. XX век. – М.: Московский рабочий, 1984.
- Иконников А. В. Зарубежная архитектура от «новой архитектуры» до постмодернизма. – М.: Стройиздат, 1982.
- Иконников А. В. Историзм в архитектуре. – М.: Стройиздат, 1997.
- Ильин М. А., Моисеева Т.В. Москва и Подмосковье. Справочник-путеводитель. – М.: Искусство, 1979.
- Ионина Н. А. 100 великих дворцов мира. – М.: Вече, 2001.
- Ионина Н. А. 100 великих чудес света. – М.: Вече, 2001.
- Кириченко Е. И. Дореволюционные проекты Московского метро// Архитектура и строительство Москвы, 1995, № 5, стр. 43-48; Курбатов В. В. Советская архитектура. – М.: Просвещение, 1988; Лебедев Ю. С. Архитектура и бионика. – М., 1977.
- Любимов Л. Д. Искусство Западной Европы. – М.: Просвещение, 1982.
- Любимов Л. Д. Искусство Древней Руси. – М.: Просвещение, 1980.
- Маклакова Т. Г. Архитектура двадцатого века. – М.: Издательство Ассоциации строительных вузов, 2000.
- Моде Хейнц. Искусство Южной и Юго-Восточной Азии. МИИ. – М.: Искусство, 1977.
- Нефедов В. А. Архитектурная форма в поисках свободы //Форма, Весна - Санкт-Петербург 2001, стр. 10-23.
- Нефедов В. А. Ландшафтный дизайн и устойчивость среды. – Санкт-Петербург, 2002.
- Новиков А. А. Игры с «трансформерами»// Форма - Весна - Санкт-Петербург, 2001.
- Ополовников А. В. Русь Деревянная. – М.: Детская литература, 1981; Пилявский В. И. История русской архитектуры. – М., 1984; Популярная художественная энциклопедия: Архитектура. Живо-

пись. Скульптура. И др. В 2-х томах. Том 1-2. – М.: Сов. Энциклопедия, 1986.

Рябушин А. В., Шишкина И. В. Советская архитектура. – М.: Стройиздат, 1984.

Салин Д.К. 100 великих архитекторов. – М.: Вече, 2000.

Сидорова Н. А. Афины. – М.: Искусство, 1984.

Соколов Г. И. Акрополь в Афинах. – М.: Просвещение, 1967;

Станькова Я., Пехарь И. Тысячелетнее развитие архитектуры. Пер. с чеш. – М.: Стройиздат, 1987.

Таклепоровский В. Русские архитекторы. – М.: Детгиз, 1953;

Теплов Т. Основы архитектуры. – М.: Стройиздат, 1989; Тильпе Т. Л. Основы архитектуры. – М.: Высшая школа, 1984; Тяжелов В. Н. Искусство средних веков. МИИ. – М.: Искусство, 1974.

Фремpton К. Современная архитектура. (пер. с англ.) – М.: Стройиздат, 1990.

МАЗМҰНЫ

1-тарау

ДӘРІСТІК КУРС

КІРІСПЕ	7
1.1. АДАМНЫҢ СӘУЛЕТТІК ҚЫЗМЕТІНІҢ ПАЙДА БОЛУЫ.....	8
1.1.1-тақырып. Б.з.д. 2 мыңжылдықтарға дейінгі кезеңде алғашқы тектоникалық ұғымдар мен эстетикалық қатынастардың қалыптасуы.....	8
Палеолит	8
Ориньяк-Солютре кезеңі	9
Мадлен мәдениеті	9
Мезолит	10
Неолит	11
Қола дәуірі.....	12
Мегалиттік имараттардың түрлері.....	12
Темір дәуірі.....	14
1.2. ЕЖЕЛГІ ДҮНИЕ МЕМЛЕКЕТТЕРІНІҢ СӘУЛЕТІ.....	14
1.2.1-тақырып. б.з.д. XXVIII - I ғасырлардағы Ежелгі Мысыр сәулеті	14
Династиялыққа дейінгі және архаикалық кезеңдер	15
Ежелгі патшалық.....	16
Орта патшалық	20
Жаңа патшалық	23
Кейінгі патшалық және эллинистік Мысыр сәулеті.....	27
1.2.2-тақырып. б.з.д. XXIV-VII ғасырлардағы Қосөзен және б.з.д. VIII-VII ғасырлардағы Ежелгі Иран сәулеті.....	28
Шумер-Аккад кезеңі	28
Вавилон кезеңі.....	30
Ассирия кезеңі	30
Жаңа Вавилон империясы.....	32
Ежелгі Иран сәулеті (б.з.д. VIII ғ.-б.з. VII ғ.)	33
1.2.3-тақырып. Ежелгі Үнді (б.з.д. XXIII-V ғ.)Ежелгі Қытай (б.з.д. XI ғ.-III ғ.)Орталық және Оңтүстік Америка (б.з.д. VIII ғ.-XV ғ.) сәулеті	34

Ежелгі Қытай сәулеті (б.з.д. XI ғ.-III ғ.).....	34
Орталық және Оңтүстік Америка (б.з.д. VIII ғ.-XV ғ.) сәулеті..	34
1.2.4-тақырып. Эгей (Крит-Микен)әлемінің сәулеті (б.з.д. XXX-XXII ғ.)	35
Троя кезеңі	35
Крит (Миноя) мәдениеті	36
Микен мәдениеті.....	38
1.3. АНТИКАЛЫҚ СӘУЛЕТ	41
1.3.1-тақырып. б.з.д. XII – б.з. I ғасырлардағы Ежелгі Грекия сәулеті	41
Гомер кезеңінің сәулеті	41
Архаикалық кезең сәулеті	42
Классика кезеңінің сәулеті	46
Эллинистік кезең сәулеті.....	55
1.3.2-тақырып. Ежелгі Рим сәулеті б.з.д. VIII-V ғ.....	57
Этрус-архаикалық кезең.....	58
Рим республикасының сәулеті	59
Рим империясының сәулеті	64
Пантеон Сәулетшісі – Апполодор Дамасский (27-125 ж.)	68
Ыдырау кезеңіндегі Рим империясының сәулеті	69
1.4. ОРТАҒАСЫРЛЫҚ ЕУРОПА СӘУЛЕТІ МЕН ӨНЕРІ	74
1.4.1-тақырып. V-XV ғасырлардағы Византия, VII-XV ғасырлардағы Балқан және Дунай жағалауындағы елдер сәулеті.....	74
Византия сәулеті.....	74
VII-XV ғасырлардағы Балқан және Дунай жағалауындағы елдер сәулеті	81
1.4.2-тақырып. V-XII ғасырлардағы Романдық кезеңге дейінгі және Романдық кезең сәулеті	81
Роман кезеңіне дейінгі және Роман кезеңдері.....	82
Еуропа елдерінде роман сәулетінің ерекшеліктері.....	86
Франция.....	86
Англия.....	87
Испания және Португалия	87
Германия	87
Италия	87
1.4.3-тақырып. XV ғасырдағы Батыс Еуропа елдерінің сәулеті мен өнері. Готикалық кезең	90

Еуропа елдерінде готика сәулетінің ерекшеліктері.....	97
1.5. АЗИЯ ЖӘНЕ СОЛТҮСТІК АФРИКА ЕЛДЕРІНІҢ ОРТАҒАСЫРЛЫҚ СӘУЛЕТІ	100
1.5.1-тақырып. VII-XVIII ғасырлардағы Араб халифаты, Иран және Түркия сәулеті	100
Араб халифатының сәулеті	100
Иран сәулеті.....	105
Түркия сәулеті.....	106
1.5.2-тақырып. б.з.д. III ғ.-XIX ғасырдың басындағы Үнді және Оңтүстік-Шығыс Азия сәулеті	106
1.5.3-тақырып. III-XIX ғасырлардағы Қытай және Жапония сәулеті	107
1.6. ҚАЙТА ӨРЛЕУ ДӘУІРІНІҢ СӘУЛЕТІ	108
1.6.1-тақырып. XV-XVI ғасырлардағы Италияда Қайта өрлеу дәуірінің сәулеті	108
Италияда Ерте Қайта өрлеу дәуірі	108
Жоғары Қайта өрлеу дәуірі	113
Кейінгі Қайта өрлеу дәуірі	118
1.6.2-тақырып. XV-XVII ғасырлардағы Еуропаның басқа елдерінде Қайта өрлеу дәуірінің сәулеті (<i>Тақырып өз бетімен оқу үшін ұсынылады</i>)	123
1.7. БАРОККО ЖӘНЕ КЛАССИЦИЗМ СӘУЛЕТІ	124
1.7.1. XVII-XVIII ғасырлардағы Италия сәулеті.....	124
Италиядағы ерте барокко	125
Италиядағы кемеліне жеткен барокко	126
1.7.2-тақырып. XVII ғасырдың ортасы-XIX ғ. басындағы Франция сәулеті	128
XVII ғасырдағы Франция сәулеті (барокко және классицизм).....	128
XVIII ғасырдағы Франция сәулеті (рококо және классицизм).....	131
XIX ғасырдың басында Франция сәулеті (Ампир және эkleктика).....	133
1.7.3-тақырып. XVII-XIX ғасырдың басындағы Англия, Голландия, Бельгия, Германия және Австрия сәулеті ...	134

1.7.4-тақырып. XVII-XIX ғасырлардағы Испания, Португалия және Латын Америка елдерінің сәулеті.....	135
1.8. ЭКЛЕКТИЗМ КЕЗЕҢІНДЕГІ СӘУЛЕТ ЖӘНЕ ЖАҢА СТИЛЬДІК БАҒЫТТАРДЫ ІЗДЕУ	136
1.8.1-тақырып. XIX ғасырдың ортасы -XX ғасырдың басындағы Батыс Еуропа елдерінің сәулеті.....	136
Эклектизм.....	139
Модерн	140
Функционализм	142
1.8.2-тақырып. XIX ғасырдың ортасы – XX ғасырдың басындағы АҚШ сәулеті.....	145
1.9 XX ғ.-XXI ғ. БАСЫНДАҒЫ ЕУРОПА ЖӘНЕ СОЛТҮСТІК АМЕРИКА ЕЛДЕРІНІҢ СӘУЛЕТІ МЕН ӨНЕРІ.....	148
1.9.1. 1920-1940 жылдардағы Еуропа және Солтүстік Америка елдерінің сәулеті мен өнері	148
1.9.2. XX ғасырдың ортасы – XX ғасырдың соңындағы әлем елдерінің сәулеті	151
1.9.3. XX ғасыр соңы – XXI ғасырбасындағы әлем елдерінің сәулеті	163
1.10. ОРЫС СӘУЛЕТІНІҢ ТАРИХЫ	167
1.10.1-тақырып. Орыс сәулетінің басталуы.....	167
1.10.2-тақырып. X-XI ғасырлардағы Киев Русінің сәулеті мен өнері.....	169
1.10.3-тақырып. XII-XV ғасырлардағы феодалдық бытыраңқылық кезеңіндегі орыс сәулеті мен өнері	174
Владимир-Суздаль княздығының сәулет мектебі	174
Новгород княздығының сәулет мектебі.....	180
XIV ғ.-XV ғ. басындағы Мәскеу княздығының сәулеті	186
1.10.4-тақырып. XV ғ.-XVIII ғасыр басындағы Орыс мемлекетінің сәулеті.	194
Кремль соборлары	196
XV-XVII ғасырлардағы Кремлдің азаматтық құрылысы	201
XVI ғасырдағы Орыс сәулеті.....	202
XVII ғасырдағы орыс сәулеті.....	205

1.10.5. XVIII ғ. бірінші жартысындағы Ресей империясының сәулеті Петр дәуірінің сәулеті	212
Петропавл қамалы.....	213
Ресейдегі кемеліне жеткен барокко сәулеті XVIII ғасырдың ортасы	218
1.10.6. тақырып. XVIII ғасырдың екінші жартысы-XIX ғасырдың 30-жылдарындағы Ресей империясының сәулеті	224
Орыс классицизмінің сәулеті	224
Петербор мектебінің ерте классицизмі	225
Петербор мектебінің жарасымды классицизмі.....	226
Петербор мектебінің кемеліне жеткен классицизмі	230
Мәскеу классицизмі	240
Мәскеу мектебінің ерте классицизмі	241
Мәскеу мектебінің жарасымды классицизмі.....	243
Мәскеу мектебінің кейінгі классицизмі.....	247
1.10.7-тақырып. 1830-1917 жылдардағы Ресей сәулеті мен өнері.....	250
Эклектика	252
Модерн	257
1.11-тақырып. Кеңестік кезеңнің сәулеті мен өнері	260
1.11.1-тақырып. XX ғасырдың 20-жылдары – 30-жылдардың басындағы кеңестік сәулет және өнер ..	262
1.11.2-тақырып. Соғысқа дейінгі кезеңдегі КСРО сәулеті мен өнері (1933-1941 ж.).....	268
1.11.3-тақырып. 1945-1950 жылдардың басындағы қалпына келтіру кезеңінің кеңестік сәулеті	273
1.11.4-тақырып. 1950 жылдың екінші жартысы - 1991 жылғы КСРО сәулеті.....	276
1.12. XX ғ. екінші жартысы – XXI ғ. басындағы Ресей сәулетінің мәселелері	284
Қазіргі қала құрылысы проблемалары.....	286

2-тарау

Студенттердің білімін бақылау	306
-------------------------------------	-----

3-тарау	
Студенттердің өздік жұмысы.....	341
4-тарау	
Дөңгелек үстелдер.....	346
Термин сөздерге түсінік.....	351
Әдебиет.....	363

Н.В. БИРЮКОВА

СӘУЛЕТ ТАРИХЫ

Оқулық

Басуға қол қойылған күні 30.06.2014 ж.

Қағазы офсеттік. Қаріп түрі «Times New Roman».

Пішімі $60 \times 90^{1/16}$. Шартты баспа табағы 23,25.

Таралымы: мемлекеттік тапсырыс бойынша – 800 дана.

Тапсырыс №

Тапсырыс берушінің файлдарынан Қазақстан Республикасы

«Полиграфкомбинат» ЖШС-нде басылды.

050002, Алматы қаласы, М. Мақатаев көшесі, 41.